*Енді еркіндік заман жоқ,*
*Дұшпанның құрған торы бар.*
*Ендігі жүрген жігіттің*
*Маңдайында соры бар.*

**Шортанбай Қанайұлы**

*Дүниенің қызығында кім?*
*Еркін ұшар қауіпсіз,*
*Сауысқан, құзғын, қарғалар.*
*Көрсең бұлбұл – сұңқарды,*
*Шыға алмай тордан зар қылар.*
*Қызығында дүниенің,*
*Санасыз, ойсыз жамандар,*
*Һеш нәрседен хабарсыз,*
*Саңлауы жоқ надандар.*

*Қасіретінде дүниенің,*
*Жақсы біткен жүреді.*
*Таршылық пен тұтқынды,*
*Қайда болсын көреді.*
*Елім үшін күйдім деп,*
*Неге болсын көнеді.*
*Осындайын заңдардың,*
*Өзі үшін туды деп.*
*Біздің үшін күйді деп,*
*Қадірін қашан біледі?!*

**Мұхамедияр Нұрекенов**

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.
# ҚИЯНАТҚА ҚАРСЫЛЫҚ

АСТАНА, 2022

**ӘОЖ _____**
**КБЖ _____**
**С _____**

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның тапсырмаларына сәйкес жарияланды (2021 жылғы 16 қыркүйектегі Мемлекеттік комиссия отырысы хаттамасының 1.4-тармағы, 2022 жылғы 7 сәуірдегі Мемлекеттік комиссия отырысы хаттамасының 2.2-тармағы).

«XX ғ. 20-50 жылдардағы Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін және ақтау үрдістері: бірыңғай деректер базасын құру» OR11465470 бағдарламасын іске асыру аясында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесі баспадан шығаруға ұсынған.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасының «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.

*Ғылыми редактор:*
Әнес Ғ., филология ғылымдарының докторы, профессор
*Пікір жазғандар:*
Балтабаева К.Н., тарих ғылымдарының кандидаты
Тілеубаев Ш.Б., тарих ғылымдарының кандидаты

Жалпы редакциясын басқарған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның төрағасы **Е.Т. Қарин.**

*Редакциялық алқа:*
С. Нурбек, Б. Әбдіғалиұлы, Е.А. Әбіл, К.Н. Балтабаева, И.Ш. Борчашвили, Л.А. Гривенная, А.Ж. Ильяс, З.Е. Кабульдинов, Д. Қамзабекұлы, Г.В. Кан, С.А. Касымов, М.К. Койгелдиев, Г.К. Кокебаева, М.М. Козыбаева, А.С. Мусагалиева, З.Г. Сактаганова, А.А. Сарым

**С Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века).** Т. 3. Ахмет Байтұрсынұлы. Қиянатқа қарсылық. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: М. Қойгелдиев (жауапты ред.), З. Мырзатаева / Жалпы редакциясын басқарған **Е.Т. Қарин.** – Астана, 2022. – 436 б.

Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың басындағы жаңа тұрпаттағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының бастау көзінде тұрып, оның мақсат-мұратын анықтап, кең өріс алуына зор ықпал жасап, ең соңында сәтсіз аяқталып, жеңіліске ұшыраған қозғалыс құсалығының уын ішкен жетекші тұлғаларының қатарында болды.

Көпшілік қауымның назарына ұсынылып отырған құжаттар жинағында ұлы ағартушы және қайраткер тұлғаның қауіпті кезеңдегі ұлтының болашағы үшін арпалысты ақтық күресін куәландыратын құжаттық материалдар қамтылды. Материалдар хронологиялық тұрғыдан, яғни Ахаңның өмір жолындағы тарихи кезеңдердің ерекшеліктерін мүмкін болғанша ашып көрсету тұрғысынан орналастырылды.

Жинақтағы құжаттық материалдардың біраз бөлігі алғаш рет жарияланып отыр. Жинақ зерттеуші-мамандарға және кең оқырмандар қауымына арналған.

**ISBN _____**

**ӘОЖ _____**
**КБЖ _____**

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
© Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның Жобалық офисі
©ТОО «Литера-М»

# АЛҒЫСӨЗ

Ағымдағы 2022 жылы өткен ғасырдың басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының негізін қалаушылардың бірі, ұлы ойшыл-ғалым және мемлекет қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлына 150 жыл толады. Бұл шара халықаралық деңгейде аталып өтілуде. Соңғы ширек ғасырдағы өзгерістер көрсетіп отырғанындай, халықтың, оның зиялыларының, әсіресе жас ұрпақтың Алаш қозғалысы мен оның қайраткерлеріне деген ықылас-ынтасы ерекше. Қоғамның осы көңіл-күйінен-ақ Алаш қайраткерлері күн тәртібіне шығарып, оларды іске асыруға өмірін арнаған қоғамдық мәселелердің бүгінгі күні де өзектілігін жоймай, тіптен заман сұранысына лайық жаңа мазмұн-сипатқа ие болғандығы ақиқатқа айналып отыр.

Жинақты құрастырушылар құжаттық материалдарды беруде жүйелеудің тақырыптық-хронологиялық принципіне сүйенді, сонымен қатар тарихи кезеңнің түрлі иірімдерін тура жеткізетін аса маңызды мәліметтерді логикалық дәйектілікпен орналастыруды жөн санады. Жинақ Қазақстан КП ОК - нің 1988 жылғы 20 желтоқсандағы «Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынұлы және Жүсіпбек Аймауытұлының мұрасы туралы» қаулысымен ашылады. Бұл қаулы кезінде негізсіз саяси репрессия құрбаны болған алғашқы ұлттық зиялылар буынының қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметін ақтау ісін бастап берген қадам ретінде қабылданды.

Содан бергі уақытта ғасыр басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысын бастап, оған белсенді ат салысқан қайраткерлердің қызметіне байланысты архив құжаттарының басым бөлігі ғылыми айналымға тартылып, ал олардың шығармашылық мұрасы кітап түрінде жарық көруде. Бұл жағдайды ұлт ұстазы, ұлы мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының мұрасына да байланысты айтқан жөн.

А. Байтұрсынұлының өмір жолынан және шығармашылықтағы қызметінен мынадай кезеңдерді байқауға болады:

1872-1905 жж. – қайраткердің тұлға ретінде қалыптасу және кәсіби білім алу жолындағы кезең.

1905-1909 жж. – Қарқаралы қаласындағы ұстаздық қызметі.

1910-1918 жж. – 1910 жылы абақтыдан шыққан соң Орынбор қаласына жер аударылып, 1913 жылдан бастап «Қазақ» газетін шығарып, белсенді саяси-публицистикалық және ағартушылық қызметте өткен жылдары.

1919-1929 жж. – советтік билік жүйесінде үкімет мүшесі және ғылыми-педагогикалық қызмет атқарған жылдары.

1929-1937 жж. – әділетсіз саяси қудалауға түсіп, шығармашылықтан, қоғамдық қызметтен аласталған кезеңі.

Жинақ құрастырушылары қайраткердің өмір жолына және шығармашылығына қатысты құжаттық материалдарды орналастыруда осы хронологиялық кезеңдерді негізге алып, көпсалалы қызметінің негізгі бағыттары мен мазмұнын ашуға күш салды.

Жоғарыда көрсетілген кезеңдерге қатысты ғылыми талдаулар мен ой-тұжырымдар жинаққа берілген профессор М. Қойгелдиевтің кіріспе мақаласында баяндалды.

«А. Байтұрсынов. Өмірдерек» аталатын алғашқы бөлімде қайраткердің өз қолымен даярлаған өмірбаяны (мұражай үйіндегі қордан алынған), сондай-ақ шығармашылықтағы идеялас, замандас інілері Міржақып Дулатовтың және Мұхтар Әуезовтың өмірбаяндық очерктері, әулеттік шежіресі берілді.

«1905-1909 жж. Қарқаралы кезеңі» аталатын екінші бөлімде ҚР ОМА

қорынан алынған А. Байтұрсынұлының және басқа алаштық қайраткерлердің қатысуымен даярланып, жаңа тұрпаттағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының алғашқы құжаттарының бірі саналатын Қарқаралы арыз-тілегі берілді. Осы бөлімде қайраткердің 1909-1910 жж. сот ісіне қатысты Ресей Федерациясының Мемлекеттік архиві қорынан алынған құжаттық материалдар орналастырылды.

*1913-1916 жж. Орынборлық кезең. «Қазақ» газетінің шығарушысы* аталатын үшінші бөлім екі тараудан, яғни: 1) Орынбор облыстық мемлекеттік архивінен алынған «Қазақ» газетінің қызметіне қатысты мемлекеттік бақылау органдарына тиесілі құжаттық материалдардан және 2) «Қазақ» газетін шығарушы редактордың саяси ұстанымын көрсететін публицистикалық мақалалардан.

*«1917-1918 жылдардағы қоғамдық-саяси өзгерістер тұсында* аталатын төртінші бөлімде, қатарында Ахмет Байтұрсынұлы бар алаштық қайраткерлердің қазақ мемлекеттілігін жаңғырту жолындағы жанкешті қызметін көрсететін материалдар берілді. Бұл бөлімде Ресей мемлекеттік тарихи архивінің тақырыпқа қатысты № 1291 қорынан, Ресей Федерациясының мемлекеттік архивінің № 667 және 1318 қорларынан, Қазақстан Республикасының Президенті архивінің № 811 қорынан, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің № 17 және 19 қорларынан алынған құжаттық материалдар орналастырылды.

*«Ұлттық даму жолы үшін күресте* аталатын бесінші бөлімде Ахмет Байтұрсынұлының идеялас серіктерімен бірге советтік федерация ауқымында шынайы ұлттық автономия алу үшін жүргізген арпалысты күресін көрсететін фактілік дереккөздері жинақталды. Мұнда Республикалық архив қорларындағы құжаттық материалдармен қатар Ресей мемлекеттік саяси-әлеуметтік тарих архивіндегі тақырыпқа қатысты сирек кездесетін материалдар берілді.

*«Азаттық қозғалыс басшыларының өзара хат алысулары* аталатын алтыншы бөлімде саяси қудалаудағы алаштық зиялылардың өзара жазысқан хаттары жинақталды.

*«Репрессия және ақтау»* аталатын соңғы жетінші тарауға ҚР Президенті архивінен, Ресей Федерациясының мемлекеттік архивінен алынған қайраткерді ақтау ісіне қатысты құжаттық материалдар енгізілді.

Құрастырушылар ұжымы жинақты даярлауда архивтік деректердің түпнұсқасын пайдалануға басымдық берді. Осы ретте кітапқа материалдар жинау барысында көрсеткен аса маңызды қолдауы үшін Ресей Федерациясы мемлекеттік архиві, Ресей мемлекеттік тарихи архиві, Ресей мемлекеттік саяси-әлеуметтік тарих архиві, Орынбор облыстық мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасы Президентінің архиві, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві қызметкерлеріне үлкен ризашылығын білдіреді.

Құжаттар жинағын даярлау барысында Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің аға ғылыми қызметкері Е.В. Чиликованың және осы архивтің ғылыми қызметкері Р.М. Мырзақұлованың, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының докторанты М.Р. Сатенованың атқарған қызметін атап айтқан жөн.

Жинақтың құрастырушылар ұжымы кітапқа енген құжаттық материалдарды архив қорларынан жинап, баспаға даярлау ісінде көрсеткен демеушілік қолдауы үшін ұлт тарихының жанашыры Таңсыққожин Дәулет Байжұмаұлына тәңір жарылқасын айтады.

Жинақ Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия жұмысы аясында жарық көрді.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. ҚИЯНАТҚА ҚАРСЫЛЫҚ

1933 жылы ақпанның суық аязында Архангельскіде абақтыда отырған Ахмет Байтұрсынұлы саяси қуғындағы зиялыларға көмек қорының басшысы Екатерина Павловна Пешковаға жолдаған өтініш-хатында «Мен қазақ халқын ағарту жолында 34 жыл бойы қызмет атқарған педагогпын, менің бұл қызметім ағартушылық қызметке қажет ғасырлар бойы қалыптасқан даярлығы бар басқа мәдениетті елдердің педагогтарының қызметінен мүлдем бөлек жағдайда өтті. 1905 жылғы революцияға дейін қазақ тілінде жазуға, оқуға, білім алуға рұқсат берілмеді, сондықтан да бұл тілде ағартушылық қызметті жүргізуге мүмкіндік туғызатын қарапайым даярлық та болған жоқ, яғни оның алфавиті, орфографиясы, грамматикасы, тіл теориясы, оқулықтары, баспа әдебиеті, газеттері болған емес. Маған осылардың бәрін жаңадан жасауға және негіздеуге тура келді, өйткені 1905 ж. соң тілге берілген еркіндік менің шығармашылықтағы қуатты шағыма тұс келген еді.

Мен ағартушылықты қоғамдық-мәдени, публицистикалық, әдеби қызметпен байланыстырған педагогпын, сондай-ақ езгіге түскен ұлттың перзенті ретінде қызметімді белгілі бір идеямен – қазақ халқын күрес арқылы, ұлттың мәдениетін және сана-сезімін көтеру арқылы билік құрған жүйеден құтқару идеясымен ұштастырдым. Сол үшін де патшалық тұсында түрмеде отыруға, жер аударуды бастан өткеруге тура келді. Мен, қоғамдық дамуда артта қалған ұлттың ұлы ретінде құлшына жұмыс істедім, қазақ халқын ағарту ісіне бар күшім мен қабілетімді, тіптен денсаулығымды сарқа еңбек еттім. Енді міне тағдырдың жазуымен қазақ халқына атқарған осы еңбегімнің өтеуіне қартайған шағымда (62 жастамын) 20 ай түрмеде, 22 ай концлагерьде жүрмін» [1], – деп жазды.

Бұл хаттан мынадай екі жағдайды анық байқауға болар еді және оларды күрескер тұлға анық білдіріп те отыр. Біріншіден, азаматтық ұстанымы және кәсібі тұрғысынан ол ең әуелде ағартушы екендігін, сондай-ақ бұл қызметін туған халқына арнағандығын, екіншіден, осы қызметі үшін бұрынғы патшалық және жаңа советтік биліктер жүйесінен қуғын-сүргін көріп келе жатқандығын жеткізуі еді. Сонымен бірге бұл арада, әрине, мынадай бір жағдайды да ескерген артық емес. Ол қайраткердің өзі өмір сүрген кезеңде қазақ қоғамында қалыптасқан жағдайға байланысты ағартушылық және шығармашылық қызметін туған елін әділетсіз отарлық жүйеден құтқару ісімен, яғни саяси қызметпен байланыстыруға мәжбүр болғандығын білдіруі еді. Қорыта айтқанда, хаттағы орталық идея ол, әрине, азаттық идеясы, өз ретінде бұл идеяға екі жүйенің де, патшалық және советтік, қарсы болғандығын автордың зор өкінішпен жеткізуі еді.

А. Байтұрсынұлының Е.П. Пешковаға жазған хаты XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының өмірі мен қызметін, олар көтерген идеяны тура түсінудің кілті десе де болады. Бұл идея сондай-ақ барлық азат өмір үшін күрес жолында тұрған халықтардың зиялыларына ортақ, түсінікті идея болатын. Азаттық идеясы ұлт зиялыларына әділетсіз және күші басым жүйемен ақтық күресте оларға күш-қуат, сенім берді. Өз ретінде ұлт зиялылары бұл идеяны халық арасына жайды, сол арқылы оны материалдық күшке айналдырды.

Азаттық идеясының түпкі мақсаты ұлтқа саяси тәуелсіздік әперу, яғни оның ұлттық мемлекеттілігін жаңғырту. Мемлекеттілік бұл осы кезеңдегі ұлттық бастаушы топтың кәусар арманы. Осы арада мынадай сауалдың тууы әбден мүмкін.

Жайлы, жетімді өмірді аңсамайтын ел болмайды. Елдің бұл тілегін білдіретін ұлттың оқыған, көзі ашық жетекші тобы – ұлт зиялылары. Адами көзқарас

тұрғысынан алғанда бәрі дұрыс сияқты. Ұлт оқығандарының дұрыс жолда тұрғандығына шек келтірудің өзі қисынсыз болар еді.

Осы ретте мынадай толық негізді сұрау туындайды: Ұлт зиялыларының бұл әрекетіне биліктегі саяси жүйе түсіністікпен қарай алды ма? Бұл сұрауға берілетін негізді жауап биліктегі жүйенің қандай ұстанымда тұрғандығының өлшемі еді.

А. Байтұрсынұлы және патшалық режим. Біздің қолымызда ССРО Бас Прокуратурасына тиесілі қордан алынған құжат. Ол Ресей Федерациясының мемлекеттік архивінде (ГАРФ) сақтаулы [2].

Іске байланысты берілген мәліметтен оның 1909 жылы, яғни патшалық билік тұсында полиция департаменті тарапынан ашылғанын аңғаруға болады. 39 беттен тұратын бұл істе 1909 жылдың 26 июлінен келесі 1910 жылдың 6 мартына дейінгі аралықтағы Ахмет Байтұрсынұлының сот ісіне қатысты құжаттық материалдар тіркелген. Тіркелген құжаттардан патшалық әкімшіліктің архив ісін жүргізуде жоғарғы мәдениет қалыптастырғанын байқауға болады.

Істегі материалдар қамауға алынған А. Байтұрсынұлы туралы мәлімет берілетін анкетадан басталады. Советтік кезеңге тиесілі тергеу материалдары да осы тәртіпті еске салады. Тергеу ісі бойынша тіркелген құжаттық материалдар осы анкетадан басталады. Бұл арада екі жүйедегі саяси полиция қызметі арасындағы сабақтастық қатаң түрде сақталғандығы байқалады. Сонымен анкетадағы мәліметтер бойынша патшалық полиция органы қамауға алған Ахмет Байтұрсынұлы кім?

Айыпталушы ретінде жауапқа тартылған қырғыз (қазақ – авт.) Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов Қарқаралы қаласындағы орыс-қырғыз училищесінің бұрынғы меңгерушісі. Қамауға алынған кісі туралы алғашқы мәлімет «Лит.А» деген белгімен 1909 ж. № 226. 11 июльде берілген.

Туған уақыты: 1873 жылдың 5 сентябрі.

Туған жері: Тосын болысы Торғай облысы.

Діні: магометандық, яғни мұсылман. Тегі: Қырғыз (қазақ – авт.)

Халқы: Торғай облысының қазағы

Азаматтығы: орыстық.

Тұрған мекені: Қарқаралы қаласы Семей облысы.

Тіркелген жері: Торғай облысы Торғай уезі.

Кәсібі: мұғалім. Табыс көзі: жеке еңбегі.

Отбасы жағдайы: зайыбы – Бадри-Сафа Мұхаммед Садыққызы Қарқаралы қаласының тұрғыны. Қызметі жоқ. Балалары жоқ.

Туыстық байланысы: анасы – Күнші, бауырлары: Қали 41 ж., Хакімжан 40 ж., Махмұд 36 ж. Байтұрсыновтар Торғай уезі Торғай облысында тұрады. Мал шаруасымен айналысады. Қарындасы – Зибиш Бисалы Баясыловқа тұрмысқа шыққан, Торғай уезінде мал шаруасында.

Ата-анасының далалықтарға тән шаруасы бар.

Анкетада тергеудегі кісінің білім алған орны туралы сауал бар. Берілген жауапта 1886 жылы Торғайдағы 2 кластық орыс-қазақ училищесіне оқуға түсіп, онда 5 жыл болып, 1891 жылы толық курсын аяқтап шыққандығы, тура сол жылы Орынбордағы мұғалімдер мектебіне оқуға қабылданып, оның да толық курсын 1895 жылы аяқтап шыққандығы туралы мәлімет берілген.

Кімнің есебінен білім алды деген сауалға «Шаңырақ басынан жиналған салық есебінен» деген жауап бар. Ахаң ата-анасы арқылы алған діни сеніміне үлкен ыждағаттықпен қараған. Жеңіл болмаған өмір жолында ислам дінінің негізгі талаптарын орындауға ден қойған. Мәселен, сүйікті жары Александра Ивановна анамыз Ахаңды сыйлағандықтан болса керек мұсылмандыққа өтіп, мешітке барып

Бәдрисафа Мұхаммед Садыққызы есімін алған. Отбасында мұсылмандық талаптары қатаң сақталған. Ахаң тіптен ауыр жағдайда лагерьде жүріп те ораза ұстаған. Ол жөнінде өмірлік досы Әлекеңе (Ә. Бөкейхановқа) жазған.

Қандай негізде жауапқа тартылды деген сауалға: «Қарқаралы уездік бастығы жүргізген тергеу ісі бойынша Ахмет Байтұрсынов қазақтар арасында сепараттық мазмұнда үкіметке қарсы үгіт жүргізген, сондай-ақ (жер аударылған қазақ Ақпаевты қайтару туралы) арыз-хат даярлап, оған қол жинаған.

Қарқаралы қаласында 1909 жылы 1 июль күні үйінде тінту жүргізіліп, тұтқынға алынған.

Тінту кезінде көзге түсерлік не алынды деген сұрауға: «қылмысқа лайық ештеңе де көзге түспеді» деген жазу жазылған.

Осы арада мынадай бір детальға көңіл аударуға тура келеді. Ахаңды июльдің бірінде қамауға алады да, тергеу жұмысын июльдің 16-нда бастайды, яғни жарты ай абақтыда ұстаған соң. Бұл, әрине, полицейлік режим тарапынан тұтқынға алынған тұлғаны сындыру, оған жасалған рухани қысымның түрі еді. Тұтқынға алынған тұлғаға байланысты тура осы қысым түрін кейін патшалық режимнің орнына келген советтік саяси полиция органдары да іске асырды. Бұл екі режим арасындағы өзара сабақтастықтың нақты көрінісі болатын.

№ 261 анкетаны Омбы жандарм басқармасы бастығының көмекшісі ротмистр Левановский қолын қойып бекіткен. Күні 1909 ж. 26 июлі [2, 3–4 об. пп.].

Сонымен, анкетадағы мәліметтерден байқағанымыздай Ахаң орыс-қазақ училищесінде бес жыл оқып, артын ала білімін Орынбордағы мұғалімдер мектебінде жалғастырып, мұғалім деген мамандық алумен аяқтайды. Оқуын аяқтағанда ол 22 жастағы жігіт еді. Ұлы дарын иесін осы алған білімі елін зор азаттық және теңдік үшін күрес жолына бастап шығуға негіз болды.

Анкетада берілген мәліметтерден көңіл аударуға лайық келесі мәселе, әрине, Ахаңды полиция департаментінің қандай себеппен қамауға алғандығы болса керек. Бұл сауалға байланысты тергеуші анкетада А. Байтұрсынұлы «қазақ арасында сепараттық мазмұнда үкіметке қарсы үгіт жүргізді» деген түсінік берген. Бірақ кейінгі күндері тергеу жүргізуші жаққа бұл аргумент жетімсіз көрінген сияқты. Сол 1909 жылғы 2 желтоқсанда, яғни бес айдан соң ротмистр Левановский «А. Байтұрсынов 1905 жылдан бастап қазақ арасында қылмысты үндеу таратып, қазақтарды салық төлемеуге, қоныс аудара келгендерге жер бермеуге және басшыларға бағынбауға шақырды» деген айыптаулар қосады [2, 33, 38 пп.].

Сонымен, жандарм тарапынан қамауға алынған А. Байтұрсынұлына таңылған алғашқы кінә міне осы мазмұнда болды.

Осы арада Ахмет Байтұрсынұлы және оның серіктері тарапынан саяси билікке қарсы аталған әркеттер орын алды ма? деген сауалдың тууы, әрине, толық негізді.

Қазақ жерінде Ресей билігінің беделі болды ма? Отандық тарихнамада ұлт басшыларының патшалық, оның орнына келген советтік жүйелер жағдайында ұлттың болмыс-бірегейлігін сақтауға байланысты ел арасында жүргізген үгіт-насихат жұмысына жете көңіл аударылмады. Ұлттық басшылықты биліктің елге қиянатына қарсылық көрсете алмаған әлеуметтік топ ретінде көрсету ұстанымы байқалды. Бұл тарихи шындыққа сәйкес келмейтін баяндау еді. Тарихи фактілердің көрсетуіне қарағанда ұлт оқығандары ресейлік биліктің көпе-көрнеу зорлыққа көшкендігін көре отырып елді қарсылық көрсетуге үндегені рас болатын. Ал бұл қарсылық халыққа оның ауыр жағдайын түсіндіруден, қиянатқа нақты әрекетпен жауап беруге шақырудан басталған-тын.

Өз ретінде бұл мәселені орыс билігінің қазақ даласында беделі болды ма?

деген сауалға жауап іздеуден бастаған жөн. Орыс билігінің қазақ даласында беделі ешуақытта болған емес. Бұл арада оны ежіктеп санап жатпай, мынадай екі себебіне ғана тоқталу жеткілікті.

Біріншіден, орыс әкімшілігінің қазақ халқына жасаған ең үлкен қиянаты оның жер саясатынан көрініс тапты. Орыс билігі өзінің тойымсыз және әділетсіз мазмұнын қазақ жеріне байланысты қабылдаған заңдық актілері және соған сүйеніп жүргізген переселен саясаты арқылы танытты. 1868 және 1886 жылдары қабылдаған Ережелері бойынша ол өзін қазақ жерінің жоғарғы иесі жариялады. Бұл іс жүзінде биліктің қазақ жерін конфискілеуі еді. XX ғасырдың басында Переселен мекемесі құрылып, бұл үрдіс барлық қазақ облыстарын қамтыды. Жерді отарлау үрдісінің негізгі күші міндетін үкіметтің қолдауына сүйеніп жаңа қоныс іздеген орыс шаруалары атқарды.

Екіншіден, еуропалық мемлекеттер өз елдерінің экономикалық-әлеуметтік дамуының алғышартын халыққа білім беруден іздестірді. Өзінің ішкі губерниялары-рында көп сатылы білім жүйесін қалыптастыру ісін қолға алған Ресей билігі қазақ сияқты отарлық езгідегі халықты білімсіз, надан күйінде ұстауға мүдделілік танытты. Білімсіз, өз жағдайын жете түсінбеген халықты алдап-арбап басқару оған жеңіл көрінді. Ел ішіндегі бірен-саран ескі жүйедегі медресе-мектептерден жалпы қоғамға пайда жоқтың қасында болды. Жаңа жадидтік бағдарламаға сүйенген мектептерді ашуға тыйым салынды, түрлі кедергілер қойылды. Қазақ тілінде мектеп ашып, бала оқытуға ешқандай да заңдық, материалдық және басқа негіздер жасалынбады. Жоғарыда А. Байтұрсынұлының Е.П. Пешковаға жазған хатында көрсетілгендей «қазақ тілінде жазуға, оқуға, білім алуға рұқсат берілмеді, сондықтан да бұл тілде ағартушылық қызметті жүргізуге мүмкіндік беретін қарапайым даярлық та болған жоқ, яғни оның алфавиті, орфографиясы, грамматикасы, тіл теориясы, оқулықтары, баспа әдебиеті, газеттері болған емес».

Қорыта айтқанда, қазақ жерінде қалыптасқан ресейлік билік жүйесі отаршыл мазмұндағы жүйе болды, ол жергілікті халықты мәжбүрлеу арқылы өз тіліне және заңына бағындыруды көздеді.

Міне осындай қалыптасқан жағдайда қазақ зиялыларына, оның Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсынұлы бастаған отаршыл билікке қарсы күрес жолын ұстанған бөлігіне ел арасында түсіндіру жұмысын жүргізуден басқа амал қалған жоқ еді.

*Қарсылықтағы зиялылардың жүргізген үгіт-насихат қызметі*

Алғашқы буын ұлт зиялыларының қазақ қоғамына алып келген жаңалықтарының бірі – саяси үгіт-насихат жұмысы болды. Омбы жандарм басқармасы бастығының көмекшісі ротмистр Леваневский 1909 жылы желтоқсанда «Совершенно секретно» деген 495-рет санымен Ахмет Байтұрсынұлының үкіметке қарсы қызметіне байланысты полиция департаментіне 23 беттен тұратын анықтама түсіреді [2, 21–32 пп.]. Бас прокуратураның архивіндегі А. Байтұрсынұлының ісінде сақтаулы бұл анықтамадан ротмистр Леваневскийдің арнайы тапсырмамен жылға жуық (мүмкін одан да көп – авт.) уақытта Ахаңның және оның мүдделес достарының ел арасындағы қызметіне байланысты үлкен ыждағаттылықпен түрлі фактілер жинап, ол фактілерді билік ұстанымы тұрғысынан қорытып, полиция департаментіне жеткізуге тырысқандығы байқалады. Бұл құжаттағы негізгі ой, әрине, А. Байтұрсынұлы мен оның серіктерінің қазақ қоғамы арасында жүргізген үгіт-насихат жұмысының мазмұны, сондай-ақ бұл қызметке ел арасында тартылған тұлғалардың кімдер екендігі туралы мәлімет еді.

Ротмистр Леваневский қаламынан туған бұл құжат зерттеуші үшін маңызды. Зерделі зерттеуші ротмистр даярлаған анықтамамен мұқият танысып шығып,

ұлт қайраткерімен күрес ісінде патшалық және советтік жүйелер арасындағы сабақтастықты барлық параметрлер бойынша жазбай тани алады. Сонымен, осы және басқа құжаттарда баяндалған фактілік материалдар арқылы тарихи кезеңдегі ұлт зиялыларының үгіт-насихат жұмысына үңіліп көрейік.

Қазақ қоғамында зиялылар енгізген күрес құралы ретінде үгіт-насихат қызметінің өмірге келуі орыс-жапон соғысында (1904 ж.) орыс әскерінің жеңіліс табуымен, сондай-ақ 1905 жылғы революциялық қозғалыстың күш алуымен бір мезгілде жүрді. Жапондармен соғыста орыс әскерінің жеңіліс табуы қазақ қоғамында орыс билігінің қадірінің түсуіне алып келсе, патшаның 1905 жылы 18 ақпан қаулысы мен 17 қазанда Ресей азаматтарына өз пікірін білдіруіне байланысты саяси құқық сыйлайтындығы туралы манифестке қол қоюы ұлт оқығандары арасында толқу туғызып, үміт отын жаққандай болды.

Біз бұл арада, әсіресе, соңғы екі құжатты еске алуымыздың мынадай себебі бар. Ресейлік билікке (патшалық және советтік) соңынан жаныштап басу үшін, алдымен халықты оятып алу дәстүрге айналған. Осы жолы да тура солай болды. Бұл тақырыпқа біз кейінгі талдауларда, өз ретіне қарай, тағы да оралатын боламыз.

Қазақ қоғамын отарлаушы билікке қарсылық көрсетуге шақырып, ашық үгіт-насихат жұмысын бастаған тұлға Жақып Ақбаев болды. Ол 1905 жылы қарашаның алғашқы күндерінің бірінде Павлодардағы базар алаңында қала тұрғындары мен қырдан келген қазақтар қатынасқан шеруде сөз сөйлеп, патшалықтың әділетсіз отарлау саясатын ымырасыз сынға алып, қоғамды оған мойынсұнбауға шақырады. Ал оның Павлодардан Қарқаралыға бет алуы жол-жөнекей үгіт сапарына айналады. Ж. Ақбаевтың Қарқаралыда өзінің келуіне байланысты ұйымдастырылған шеруде сөйлеген сөзіне байланысты Семей губернаторының полиция департаментіне берген мәліметінде Ж. Ақбаевтың қазақтарды «билікке бағынбауға, даладағы орыс стражниктерін жазалауға шақырып, Ұлы мәртебелі Императордың атына қорлау сөздер» айтқаны туралы баяндалады.

Билікке қарсы бұл ашық саяси ұстанымы үшін Ж. Ақбаев 1909 жылы Жетісу облысы Қапал қаласына жер аударылды.

Ротмистр Леваневский анықтамасында А. Байтұрсынұлына байланысты тергеу ісінің басталуына түрткі салған Ж. Ақбаевты жер аударудан қайтару туралы Қарқаралыда арыз-хаттың ұйымдастырылуы болғандығын, ал бұл құжатты даярлаушы ретінде күдіктің А. Байтұрсынұлына түскендігін жеткізген. «Қарқаралы уезі бастығының куәлардан тергеуі арқылы, сондай-ақ өзімнің құпия тексеру барысында алған мәліметтеріме қарағанда Байтұрсынов 1905 жылдан бері, – деп жазды ол, қырғыздар арасында салық төлемеуге, қоныс аудара келгендерге жер бермеуге және басшы қызметкерлерге бағынбауға шақырған үндеулер таратқан».

Анықтамада баяндалған фактілерге қарағанда Ахаң 1905 жылы жалпы империя көлемінде қоғамның көңіл-күйінде қалыптасқан жағдайға сүйене отырып, ел ішіне шығып беделді тұлғалармен, болыс басқарушыларымен әңгіме–кеңестер өткізген. Бұл істе оған Кент болысының басқарушысы Кәрібай Матаев, бұрынғы Қу болысының басқарушысы, кейін кәсіпкерлікке көшкен Хасен Ақаев және басқа ел ішіндегі сауатты әрі белсенді адамдар көмекке келген. Мәселен, Қу болысының бұрынғы басқарушысы болған Хасен Ақаевтың ұйымдастыруымен уездегі болыс басқарушыларының жиналысы өтіп, онда елде қалыптасқан жағдайға байланысты сол кезеңдегі Қарқаралыдағы 2 кластық орыс-қырғыз училищесінің директоры А. Байтұрсынұлымен кездесу өткізіледі. Сол жиналыста сөйлеген Ахаңның сөзінің мазмұнын Леваневский Ақшатау болысының басқарушысы Амантай Адамбаевтың және Ақсары болысының құрметті ақсақалы, 74 жастағы Мыңғырбай Байдәулетовтың

баяндауы бойынша береді. Бұл арада, әрине, жиналысқа қатысқандардың айтқанын жеткізіп отырған жандарм мекемесінің офицері екендігін есте ұстаған жөн.

Сонымен, Амантай Адамбаевтың айтқаны: «1905 жылға дейін дала халқы тыныш өмір сүрді, ал осы жылдың соңында Қарқаралыға Жақып Ақбаев келіп, қазақтарға басқа мемлекеттердегі жұрт еркін өмір сүруде, оларды бастықтары ықтырмайды, сендер де бастықтардан қорыққанды қойыңдар, олардың бұйрықтарын орындай берменңдер, салық төлеменңдер» деді, Байтұрсыновтың да сөйлеген сөздері қамауға алынғанға дейін осы рухта айтылды. Мәселен, ол бір сөзінде мынаны айтты: қазіргі уақытта социал-демократиялық партияның ұстанымы үстем түсуде, соған байланысты сіздер сұрағандарыңызды ала аласыздар. Орыс патшасы бұрынғыдай бұйыра алмайды, ол соншалықты әлді емес. Сіздер тура түсініңіздер, деп жалғастырды сөзін Байтұрсынов, егер орыс патшасы бұрынғыдай қуатты болса Мемлекеттік думаны шақырмаған болар еді, сол сияқты ол «17 қазан Манифесін» де өз қалауымен беріп отырған жоқ, халықтың талабын орындауға мәжбүр. Орыс патшасынан сол бұрынғыдай қорқа берудің қажеті жоқ, оның сүйенгені қазіргі уақытта орыс-казактар ғана. Салық төлеу міндетті емес. Ресейде орыс шаруаларының мойнында төленбеген салық миллиондап саналады, оларға ештеңе де істей алмай отыр, өйткені олар қорқақ емес, ал сендер бастық десе қорқасыңдар. Отырықшы өмірге өтіп, поселке құрмаңдар. Поселке құрсаңдар сендерді орыс дініне өткізу жеңілдейді, онда жан басына 10 рубльден салық төлейтін боласыңдар, сендерден солдатқа адам алатын болады. Ал егер күшпен отырған жерлеріңді тартып ала бастаса, онда Қытайға немесе Ауғанстанға көшіңдер.

Жақып Ақбаевты жер аударудан қайтару туралы арыздың алғашқы нұсқасын жазған Байтұрсынов... Байтұрсынов бір сөзінде қазақ халқы арасындағы еңбегі құрметті жалғыз адам, ол – Әлихан Бөкейханов, ал бірақ ол қазіргі уақытта қиын жағдайда[1*], көмекке мұқтаж. Соған байланысты әрбір болыс басқарушысы жылда, салықты жинап өткізер алдында, Әлихан Бөкейхановқа 50 рубльден жіберіп отырған болса, сонда ол үкіметтің саясатын түсіндіруге арналған газет шығара алатын еді, сондай-ақ Мемлекеттік Дума мүшелерінен адам тауып, қазақ халқының мүддесін қорғау жолдарын қарастырған болар еді.

Байтұрсыновтың осы ұсыныстарын іске асыруды қолға алған Кент болысының басқарушысы Кәрібай Матаев осы жылдың шілдесінде болыстарды аралап шықты, ал бірақ болыс басқарушылары, маған жеткен мәліметтерге қарағанда, бұл ұсынысқа келіспеген. Бөкейхановқа байланысты Байтұрсынов осы жылдың қаңтарында Қарқаралы қаласында өткен болыс басқарушылары қатынасқан жиналыста да айтты. Байтұрсыновтың барлық сөйлеген сөздерін мен өзім де тыңдадым, басқа да қазақтардан естідім. Қу болысының Болыс басқарушысы туралы айтарым, ол Ақбаевты айдаудан қайтару туралы арызға қол қоюды ұйымдастырды. Егер Ақбаев қайтып келетін болса жұртқа көмектесетін болады деді. Байтұрсыновтың пікірлесі Ақшатау болысының қазағы Бодаубек Райымбеков. Ол да Байтұрсынов айтқан пікірді қыр қазағы арасында таратушылардың қатарында, қазақтарға ел аралауға шыққан бастықтарға лау бермеуге шақырады, үкіметке қарсы мазмұндағы кеңестер береді» [2, 21–22 об. пп.].

Мыңғырбай Байдәулетов берген көрсетулерінде 1907 және 1908 жылдары Қарқаралыдағы орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі Ахмет Байтұрсыновпен болған кездесулерде шамамен Амантай Адамбаев баяндаған тақырып бағытында сөз болғандығын айтады.

---

*[1*] Қиын жағдайда деп Ә. Бөкейхановтың қазақ жерінен тыс өңірге (Ресейдің Самара қаласына) жер аударылғанына меңзеп отыр.*

М. Байдәулетов та, Ахаңның ел арасындағы ең сенімді де жақын адамдарының бірі Қу болысының қазағы Хасен Ақаев болғандығын, оның ел арасында үгіт-насихат жұмысын өрістетуге белсенді түрде атсалысқандығын, осы жұмысқа өзін, яғни Мыңғырбайды да тартып, Ақбаев пен Байтұрсыновқа көмектесуге шақырғандығын, бірақ өзінің мұндай көмек беруден бас тартқандығын жеткізеді.

Мыңғырбай Байтұрсынов арқылы Ә. Бөкейхановтан арасында «Выборг манифесті» бар хат-хабарлар келіп тұратындығын, оларды Байтұрсынов ел арасында тарату үшін Хасен Ақаевқа жеткізетіндігін, өкіметтің берген түрлі өкімдеріне наразы қазақтар түгелдей Байтұрсыновқа кеңес алуға баратындығын, міне осы Ақбаев пен Байтұрсыновтың үгіт-насихатының нәтижесінде қазақтардың билікке бағынудан қалғандығын, мұндай наразылықтың сұлтан Кенесары Қасымов заманынан бергі уақытта байқалмағандығын баяндайды.

Ротмистр Леваневский Мыңғырбайдың берген «мәліметіне» сүйеніп ел арасындағы А.Байтұрсыновтың үгіт-насихат жұмысын жүргізушілердің аты-жөнін атайды. Ақшатау болысынан Бодаубек Райымбеков, Кент болысынан Ахмет Райымбеков, Берқара болысынан Ыбырай Ақбаев, Тоқырауын болысынан Смақан Бөкейханов, сондай-ақ орыс-қазақ училищесінің барлық оқушылары осы Байтұрсынов пікірін таратушылар екен. Бұл қатарға ол сондай-ақ Ақсу болысындағы № 8 ауылдан Налысұршан Қойбасовты, Нұғман Шұңғылтаевты, Мұқшын Торбақтаевты, Ысқақ Нұрпейісовты қосып, бұлар Ақбаев пен Байтұрсыновты қаржылай қолдап отырғандықтарын жазады [2, 22 об. – 24 пп.].

Ротмистр Леваневскийдің пікірінше, сол тұстағы қазақ қоғамы үшін күн тәртібіндегі ең өзекті мәселе ол переселен мәселесі болған. Үгіт-насихат жүргізушілердің назары осы тақырыпқа бөлініп, қазақ қоғамының ұстанымын қалыптастыруға арналған.

Байтұрсынов пен оның осы ұстанымдағы серіктері переселен мәселесін жоғарыда баяндалған мазмұнда көтеріп, қазақтардың отырықшы тұрмысқа көшуіне үлкен кедергі жасап отыр. Кең және құпия түрде жүргізілген барлау материалдарына, куәлік бергендердің көрсетуіне қарағанда жүргізілген үгіт жұмыстарының нәтижесінде отырықшы тұрмысқа өтуге және осы бағыттағы өкіметтің шараларына қарсылық халықтың санасына әбден сіңірілген. А. Байтұрсынов пен оның серіктерінің өкіметтің переселен саясатына байланысты жүргізген үгіт жұмысы отарлаушы жүйенің жүрегіне оқтай қадалған еді. Өйткені орталықтағы биліктің мақсаты қазақтарды тез арада ес жидырмай отырықшы тұрмысқа өткізу арқылы біраз жерді босатып алып, оларға ішкі Ресейден орыс шаруаларын көшіріп әкеліп қоныстандыру, сөйтіп болашақта қазақ жерінде сандық тұрғыдан күш алу еді.

Осымен бірге ротмистр полиция департаментіне даярлаған есебінде қазақ қоғамында орыс билігіне наразылықтың күшейе түскендігіне, тәртіп сақшыларын (стражниктерді) ұру, өкімет адамдарына өрескел мінез көрсету жиілегендігін және басқа жағымсыз көріністердің көбейіп кеткендігіне, кейінгі уақытта, мәселен, ел арасына шыққан билік өкілдеріне ауыл және болыс басшылары тарапынан көлік беру қиындай түскендігіне көңіл аударады.

Мәліметінің соңын ротмистр Леваневский «Қарқаралы қаласынан оңтүстік бағытта Балқаш көліне дейін мыңдаған шақырым жол жүріп, елдің ең алыс түкпіріндегі елді мекендерге соғып байқағаным қырда орыс билігінің беделі мүлдем жоқ, ал орыс шенеунігі қазақтардың қолындағы қуыршақ дәрежесінде» деген оймен тұжырымдайды. Міне осы көңіл-күйді ел арасында орнықтыру ісінде Ахмет Байтұрсынұлы мен Жақып Ақбаевтың бастауымен жүргізіліп отырған мақсатты үгіт-насихат жұмысының рөлі ерекше екендігіне назар аударады. Сондағы айтпақ ойы, әрине, қазақ жеріндегі орыс билігінің рөлі мен ықпалын күшейте түсу маңызды болмақ.

Жалпы ротмистр Леваневскийдің ұсыныстары жерде қалған жоқ. Қазақ даласындағы орыс билігін нығайта түсудің бірден-бір тура жолы ол билікке қарсы тұлғаларды қазақ қоғамынан аластау, яғни оларға байланысты жер аудару шарасын қолдану болды.

Абай және әдебиеттегі бірегейлік пен сабақтастық. 1909 жылы, яғни Ахаңның абақтыға жабылатын жылы баспадан үш кітап жарық көрді. Олар Абай Құнанбайұлының өлеңдер жинағы (Петербург), Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысалы» (Петербург) және Міржақып Дулатұлының «Оян, қазағы» (Уфа). Бұл қазақ руханияты тарихындағы ерекше бір құбылыс еді. Өйткені бұл үш кітап ұлт өмірінде сілкініс тудырып, ұлтқа, оның бастаушы тобына сенім берді, ұлттық сананы жаңа сапаға көтерді.

Ахаң Абайдың шығармаларымен 1903 жылы танысады. 1913 жылы өзі басқаратын «Қазақ» газетіне «Қазақтың бас ақыны» аталатын мақала жариялап, онда «Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ. Бетін түзеп, жөн сілтеген кісілерге де, сілтеген жолды лақпай тұп-тура тапқан адамға да қазақ балалары талай алғыс берер» [3], – деген тұжырымды айтты.

Осы ретте Абай шығармаларындағы Ахаң мен оның замандастарына ой салған негізгі нәрсе не еді? деген сауалға жауапты ең алдымен қазақ қоғамына байланысты Абай айтқан сыннан іздеген жөн болмақ. Сондай-ақ сын есіктен ентелеп еніп келе жатқан жаңа заманға ұлтты бейімдеуге, сол арқылы оның елдік болмысын, түп қазығын сақтауға бағытталған сын еді. Ұлт өміріне айтылған сын Абай шығармашылығының өзекті жібі. Бұл тұрғыдан алғанда да ол қазақ қоғамдық ойына сырттан келген қондырма элемент емес, нағыз қайталанбас төл тума еді.

Абай тақырыбы, яғни ұлы ойшыл күн тәртібіне қойған қоғамдық мәселеге деген көзқарас бұл ұлт үшін, оның шығармашылықтағы тобы үшін әр қашанда кемелдіктің өлшемі мен көрінісі болды. Бұл пікір XX ғасыр басындағы ұлт оқығандарына да байланысты айтылады. Бұдан жүз жыл бұрын қалыптасқан бұл рухани құбылыс бүгін де өз күшін жойған жоқ, іргелі дәстүрге айналды.

Абай тұлғасы мен оның мұрасын тура түсіну үшін тарихи таным, және көзқарас қажет. Яғни Абай шығармашылығын ол өмір сүрген тарихи уақыт және ортамен тығыз байланыста ғана қарап тура түсінуге болады.

Ал, Абай XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген тұлға, оның кемел шығармашылыққа ден қойған мезгілі осы жүзжылдықтың соңғы ширегіне тұс келеді.

Тарихи тұрғыдан алғанда Абайдың алдында қоғамдық ойда «Зар заман» атанған кезеңнің Шортанбай, Мұрат және Дулат сияқты өкілдері тұрса, соңында Алаш қозғалысына белсенді атсалысқан Ахмет, Міржақып, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Омар Қараш бастаған шоғыр тұр.

Абайдың тұлғасы мен шығармашылығын осы аталған қоғамдық ой арнасы мен ағымында ғана тура түсініп бағалауға болады.

«Зар заман» мектебі ақындары жырлаған ойдың өзегі империялық биліктің құзырына өткен атамекенді, жермен бірге көзден ұшқан саяси еркіндікті жоқтау. Саяси тәуелділіктің бұғауы алқымына бата бастаған қоғамның рухани күйінің көтеріңкі болмайтындығы белгілі.

Шортанбай, Дулат, Мұрат шығармашылығында бұлыңғыр болса да сол кездегі отарға айналған Қазақстан үшін шарасыздықтың не екендігін түйсіну бар. Патшалық билік ендігі уақытта Бұқар заманындағыдай беймәлім, бұлыңғыр емес, көзбен көріп, жүрекпен сезінуге боларлық нақты, шындыққа айналған күш. Оған

қарсы тұрарлық елдің халі де жоқ, ауызбірлік кеткен, өзара алауыздық үстемдік алған, елдің атқамінер «жақсылары» аға сұлтандық, болыстыққа таласып, «алтын тұғыры ағашқа» айналып, «қан шықса, елін жұлмалар, қасқырменен аралас» халге жеткен. Қолға қылыш, найза алып, атқа отырып, батырлық құрар, Мағжан айтқандай «ер заманы» (XVIII ғ.) өткен. Соны түйсінген Шортанбай ақын «енді еркіндік заман жоқ, дұшпанның құрған торы бар, Ендігі жүрген жігіттің, маңдайында соры бар», – деп зарлады.

«Зар заман» ойшылдары елден береке мен бірліктің кету себебін жалпыелдік мүддені аяқ асты еткен қазақ ұлықтарынан, ел арасы ұсақ дау-жанжалмен күн көруге ойысқан, сұлтандардан көрді. Яғни елдің болашағын ақылды да айлалы билеуші топтың мақсатты қызметімен байланыстырды.

Жалпы алғанда «Зар заман» мектебі XIX ғ. алғашқы жартысы мен орта тұсындағы қазақ өмірінің көркем ойдағы құр шағылысы ғана болып қойған жоқ, сонымен бірге оның терең дағдарысқа ұшырағандығының да көрінісі болды. «Зар заман» – өзін-өзі басқару мүмкіндігінен айрылған халықты тірелген тығырықтан жол тауып, алып шыға алатын күштің өз ішінде жоқ екендігін терең сезінген көңілдің күйі.

Исатай Тайманұлы, Жоламан Тіленшіұлы, Кенесары Қасымұлы бастаған азаттық үшін қозғалыстардың жеңіліс табуы қазақ қоғамдық ойындағы дағдарысты тереңдете түсті.

Қазақ елінің еңсесін басқан міне осындай ауыр кезеңде Шыңғыстаудан шыққан күңіреніс пен үміт аралас Абай үні қазақ сахарасын аралап кетті.

Мың жылдық алып бәйтеректің құнарлы топырақта ғана тамыр жая алатындығы сияқты, Абай сияқты кемел ой иесінің де бой көрсетуі XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі рухани жаңғыруды аңсаған қазақ қоғамында ғана мүмкін еді. Басқаша айтқанда, қазақ аталатын ұлттың, қалыптасқан мәдениеттің соған дейін қорланып қалған мұңы мен шері, арманы мен мақсат-мүддесі, үміті мен күдігі Абай болып сөйледі, Абай өлеңдері мен қара сөздері арқылы сыртқа жанартау болып атылды. Бұл тұрғыдан алғанда Абай жинақы, нышанды құбылыс. Ол бір Алланың қолдауымен XVIII және XIX ғасырдың қаһарлы сынынан аман-есен өтіп, олардан да күрделі XX ғасырдың табалдырығына аман-есен жеткен қазақ деген ұлттың рухани болмысын ымырасыз талдауға алып, сынап-мінеуге хақылы тұлға дәрежесіне көтерілген, яғни болашақтан үміті зор, бірақ оған даярлығы аз, бойында күш-қуаты мол, бірақ оны орнымен жұмсауға олақ халықтың қиын-қыстау сәтінде жанашыр ұстазы болып сөйлеген тұлға.

Кезінде, идеологиялық ұстанымдарға сәйкес Абай тұлғасы мен мұрасын қазақ қоғамына қарсы қоя отырып талдау үрдісі үстем алды. Мұндай мақсатты ұстаным өз нәтижесін берді де. Қазақ өмірі, қазақ ортасы мен ақын тұлғасы, ақын мұрасы арасында алшақтық, сәйкессіздік өмірге келді. Абайдың XIX ғасырдың соңындағы қазақ қоғамындағы қалыпты жағдайға саналы түрде қарсы шыққан тұлға екендігін баса айта отырып, сонымен бірге біз көп жағдайда бұл ұлы ойшылдың бар болмысымен сол кезеңдегі қазақы тұрмыстың, оның мәдениеті мен қоғамдық ойының жинақы көрінісі болғандығын ескере бермедік. Басқаша айтқанда, Абай қазақ жұртына Батыс пен Шығыстың әдебиеті арқылы келген қондырғы элемент (маргинал) емес, Абай қазақ топырағынан бой көтерген, оның отына күйіп, суығына тоңуға даяр толық табиғи төл тума құбылыс еді.

Абай қазақ тарихындағы алғашқы ұлт ақыны. Ол рулық немесе жүздік мүддеден алыс кеткен, тіпті оған қарсы құбылыс. Оның ұлтшылдығы XVIII ғасырдағы Бұхардан да, XIX ғасырдағы ұлы шоғыр – Мұрат, Дулат, Шортанбайдан анық. Абай

деңгейінде қазақ халқының ұлттық болмысы мен табиғатын дәл де терең ашқан басқа талантты табу қиын. Бұл біріншіден. Екіншіден, Абай отарлық тәуелділік кезеңіндегі қазақ қоғамының ұлттық трагедиясын ашық жария етіп, сол арқылы соңына ерген зерделі жас ұрпаққа жол көрсетіп, жалпы ұлттың ұстазы дәрежесінде мойындалған тарихи тұлға болды.

Кеңестік кезеңге тән әдебиетте Абайдың ел басқару ісіндегі белсенді қызметі, осы бағыттағы ізденістері жөнінде мардымды мәлімет берілмеді. Бұл ресми идеологиялық ұстаным тудырған жағдай еді.

Архив құжаттарының көрсетуіне қарағанда Абай Құнанбайұлы саналы 18 жылын ел басқару ісіне арнап, оның 12 жылында болыс, 6 жылында би болып, ғұмырын әр қилы айтыс-тартысқа толы оқиғалар толқынында өткізеді [4].

Ұлы ақынның турашылдығы мен ел мүддесіне қатысты мәселелерде өз жауларымен ымырасыздығы оған ұзақ мерзім істі болуына да негіз болды. Бұл егес үзіліп-созыла келе 1903 жылы 25 көкекте ақын үйіне жүргізілген полицейлік тінтумен аяқталады. Тінтуге себепші болған жағдай билік тарапынан белгілі тұлғаға көрсетілген саяси сенімсіздік еді [4, 44–65 б.].

Абайға «Почетный Киргиз» («Құметті қырғыз») атағын беріп, 3 разрядтағы кафтан (1876) кигізіп, аңшы мылтығымен (1890) марапаттаған үкімет [4, 42 б.] енді осы факті арқылы ақынға ешуақытта сенбейтіндігін де білдірген еді.

Ақынның ел басқару ісіне араласуы, белгілі дәрежеде, өз замандасы, ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың 1862 жылы Атбасар округінің аға сұлтаны қызметіне дауысқа түсіп, «өз өнегесімен жерлестеріне білімді сұлтан-правительдің» қаншалықты пайдалы болатындығын» дәлелдеуге тырысқандығын еріксіз еске салады [5]. Яғни, Абай отаршыл билік жүйесі мен халықтың ара-қатынасын сырттай бақылау арқылы емес, басқарушы билікке тікелей араласа жүріп көзімен көрді, сыншыл ой елегінен өткізіп, таныды. Оның мемлекеттік басқару ісіне араласуы ұлттық қоғамдық ойдың жаңа сапаға көтерілуіне негіз болды.

Абай сол тарихи мезгілдегі патшалық сайлау жүйесінің қазақ қоғамы үшін аса зиянды індетке айналғандығын, қазақ халқын «бұзықшылыққа тартып, жылдан-жылға төмендетіп бара жатқанын» көріп, одан құтылмай ел ісінің оңбайтындығын терең ұғынды.

Басқаша айтқанда, Абай отаршыл биліктің бұрыннан келе жатқан ұлттық мінез және болмыстағы кемшіліктерді тереңдетіп жібергенін көзімен көріп, бұл процесті жанымен сезінді. Ақынның қара сөздерінде бұл дағдарыстық құбылыстың нақты көрінісі берілген.

Он төртінші сөзінде ол: «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап бере алмайды. Рахымдылық, мейірбандылық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да игі іс тілемек бұлар жүрек ісі...

Жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі бәлеге, жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?» [6], – деген негізді тұжырымға келеді.

Абай талдауынан өтпеген, Абай сынына ілінбеген қазақ қоғамында әлеуметтік топ жоқ десе де болады.

Жиырма екінші сөзінде ол: «Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлейін деп ойладым.

Байды қадірлейін десең бай жоқ. Бай болса өз басының, өз малының еркі өзінде болмас па еді? Ешбір байдың өз малының еркі өзінде жоқ...

Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп. Біреу бір пайдама келтірем деп мырза болыпжүр...

Болыс пен биді құрметтейін десең, құдай берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ...

...Жә, кімді сүйдің, кімнің тілеуін тіледің? ... ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момындарды аямасаң, соның тілеуін тілемесең болмайды. Сонан басқаны таба алмадым [6, 170–171 б.], – деп күрсінеді.

Жоғарыда айтылғандай, Абайды түсіну, Абайдың сыны мен мұңын сол дәреже деңгейде қабылдап, қорыту қазақ зиялылары мен қауымына жеңілге түскен жоқ.

...Кезінде, яғни өткен ғасырдың 50-60 жылдары мектепте оқып жүргенде бағдарламаға сәйкес Абайды біз де оқыдық. Оқыту әдісі де, ұстазымыздың шеберлігінде мін болған жоқ. Бірақ, біз Абайды сол кезден бастап-ақ тура түсіне бастадық деп айта алмаймын. Шынын айтқанда ұлы ойшыл бізден тым алыс еді. Өйткені сол тұстағы мектеп бағдарламасындағы ойшыл ақын Абай алды мен артында ешкім жоқ, қайырсыз, қатал сахарада жалғыз қалып, сары уайымға шегілген шерменде жан еді.

Кейін барып түсінгеніміздей, бұл тарихи және ғылыми шындықтан мүлдем алшақ, бірақ партиялық идеологияға тиімді Абай болатын. Олай болса тарихи, ғылыми шындық қайда, шын Абай кім?

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында, яғни отарлық езгі мен ортағасырлық надандық екі жағынан бірдей езген қоғам жағдайында өмір сүрген ұлы ойшылдың алдында Шортанбай, Дулат, Мұрат сияқты алыптар артында Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Омар Қараш сияқты «Азаттықтың алтын айына қол сермеп», сол жолда мерт болған алаштық қасиетті буын бар еді.

Қорыта айтқанда, қазақ қоғамдық ойына Абайдың ізін ала келген ұрпақ ұлы ақынның перзенті Әбдірахманмен замандас «жаңа жолдың басшысы», қайғы-қасіретке бой алдырудан халықтың халінің өзгермесін терең түсінген, түсініп сапалы іс-әрекетке көшкен ұрпақ болатын. Іс-әрекетті бұлар да ағартушылықтан бастады. Олардың ағартушылығы халыққа, оның болашағына кәміл сенген, сондықтан да, алдымен оның өзін оятуды мақсат тұтқан ағартушылық болды. Соның нәтижесінде өмірге ұлт-азаттық идеологиясы келді, ұлттық мемлекеттікті қалпына келтіру ісі қолға алынды, осы мұратты көздеген Алаш қозғалысы нақты күшке айналды.

Ә. Бөкейханов әлі жарық көріп үлгірмеген Абайдың қолжазбаларымен танысып, ақын шығармаларын 1903 жылдан бастап-ақ қазақ қоғамдық ойының жетістігі есебінде орыс оқырмандарына таныстыра бастайды. Ол жөнінде белгілі зерттеуші Қ. Мұхаметқанов «Абайдың көзі тірісінде оны орыстың оқырман қауымына тұңғыш рет таныстырған адам Әлихан Бөкейханов» [7], – деп әбден орынды жазды.

Абай қайтыс болған соң Ә. Бөкейханұлы алдымен «Семипалатинский листок» (1905), содан кейін орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің жазбаларында арнайы мақала жариялап, онда ақын шығармалары қазақ елінің мақтанышы болып табылатындығын айтып «еще не было киргизского поэта, так возвысившего духовное творчество народа, как Абай» [8], – деп жазды.

Ә. Бөкейханұлы Абай шығармаларының тұңғыш рет Петербургтен кітап болып шығуына да тікелей мұрындық болды. Бұл жөнінде өзі: *«1904 жылы Абай марқұмның өлеңін кітап қылып басыңдар деп, балаларына хат жаздым.*

*1905 жылғы апрель аяғында Кәкітай Абайдың қолжазба кітабын алып, Омбыдағы маған келді. 1905 жылы жазғытұры саясат ісі қалай болғанын біздің «Қазақтың» оқушылары біледі. Кәкітай біздің үйде бірер жұмадай жатты. Абай,*

*Пушкин, Лермонтов сөздерін бірге оқып, мәз-мейрам болдық. Анық таныстық»* [9], – деп жазды.

Бұл істе Ә. Бөкейханұлының атқарған қызметі туралы М. Дулатұлы 1914 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай» атты мақаласында: *«1909 жылы Абайдың балалары һәм інілерінің ризалығы һәм Әлиханның ыждаһатымен Абай кітабы Петербургте Бураганский баспаханасында басылып шықты. Бұл күні қолымыздағы кітап сол бірінші баспасы»* [10], – деп жазды.

Абайды А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлы да өздеріне ұстаз тұтты. А. Байтұрсынұлы 1904 жылдың күзінде Абаймен танысу үшін ақынның еліне баруды жоспарлайды, бірақ ұлы ойшылдың сол жылғы маусымда опат болуына байланысты бұл мақсаты іске аспай қалады.

Ә. Бөкейханұлының Абайдың туыс-шәкірттері Кәкітай және Көкбаймен арақатынасы өте жылы болды. Сол жайдан хабар беретін мынадай бір фактіні ғана келтіре кетейік. 1909 жылы Кәкітай мен Шәкәрім Ә. Бөкейхановқа хат жазып, онда ішкі Россиядан келген шаруаларға жер үлесін беретін переселен мекемесінің Құнанбай тұқымының ата қонысы Қарауылға да жеткенін айтып, *«Не айтасың, ата қоныс, кір жуып, кіндік кескен Қарауыл өзені мұжыққа кетіп барады, 15-тен жер ал дейді, аламыз ба?» деп ақыл сұрайды. Оған Әлекең «Жерің кетсін. Құнанбай баласы Тобықтыға мұрындық болды деген атқа қаларсың, не болса да жұртпен бірге көр. Жұрт шаруасы қағазбен 15-ті алғанменен егінге айналмас. Тәмам қазақ Құнанбай баласына еріп қалған, артынан еріп 15-ке құл болса, мал баққан шаруаға зиян болар»* деп жауап береді. Әлекеңнің кеңесін орындап Құнанбай тұқымы Қарауылдан айрылды [11].

Саяси мәдениеті мен белсенділігі жоғары болған Құнанбай тұқымы әрқашанда ұлт-азаттық қозғалыс жағында болды, оған қолдау жасап отырды. 1906 жылы маусым айында Семей қаласында Мемлекеттік Думаға депутат сайлауға жиналған қазақ сайлаушыларының жиналысы өтеді. Оған 150-ден астам адам қатынасып, сөзді Ә.Бөкейханұлы бастап, ол жиналыста отырғандарды кадеттер партиясының бағдарламасымен таныстырып, отырғандар осы партияға қосылу турасында қаулы қабылдайды. Жарыссөзде Абайдың немере інісі Шәкәрім де сөз алады. Бұл 1905 жылдан бастап жаңа кезеңге өткен ұлт-азаттық қозғалыстың саяси күресте кадеттер партиясының соңынан ергендігінің бір көрінісі еді.

1917 жылы патшалық билік құлағаннан кейінгі айларда облыстық және жалпықазақ съездері өтіп, жаңа жағдайда қазақ қоғамының алдында тұрған міндеттерді айқындайды. Осы съездерге Шәкәріммен бірге Абайдың ұлы Тұрағұл да белсенді түрде атсалысады. Мәселен, ол екінші жалпықазақ съезінің (Орынбор, желтоқсан) шешімі бойынша Алашорда үкіметінің атынан Сырдария қазақтарының съезіне қатынасады (1918, қаңтар). Шәкәрім мен Тұрағұл жергілікті болыстық және уездік Қазақ комитеттерінің де жұмысына белсенді түрде араласады. Осы қызметі үшін де олардың кейінірек ОГПУ-дің назарына ілінгені тарихи шындық. Шәкәрім мен Тұрағұлдың тағдырын Кәкітайдың ұлы Даниял Ысқақұлы да бөлісті.

Қорыта айтқанда, міне осы жоғарыда келтірілген фактілер Абай феноменін терең тарихи контексте, тарихи сабақтастықта ғана тура түсінуге болатындығын көрсетсе керек.

Жер аудару. Жаңа сападағы азаттық үшін күрес басшыларын қамауға алу ісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтан басталды. Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланған ол «Выборг манифесі» аталған наразылық құжатына басқа да жүзден астам депутаттармен бірге қол қойғаны үшін Семей абақтысына қамауға алынып, одан шыққан бетте ішкі Ресейдегі Самара қаласына жер аударылады.

Осы мезгілден бастап үкімет орындары қазақ азаттық қозғалысын әлсірету және бастаушысыз қалдыруды көздеп, оның белсенді қайраткерлерін қазақ облыстарынан тыс аудандарға жер аудару тәжірибесін қолданды.

Жүргізген үгіт-насихат жұмысы үшін Жақып Ақбаевтың жер аударылғаны туралы айтылды. Ендігі кезек Қарқаралыдағы 2 кластық орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі Ахмет Байтұрсынұлынікі еді. А. Байтұрсынұлының ісі 1910 жылы ақпанда Ішкі Істер Министрлігінің Ерекше Кеңесінде қаралып, оған екі жылға дала өлкесінде, Жетісу және Торғай облыстарында тұруға тыйым салынады. Осы шешімнен соң Ахаң өз еркімен Орынбор қаласын таңдап алады.

А. Байтұрсынұлын қолдап, онымен бірлікте билікке қарсы үгіт жұмысын жүргізді деген Қарқаралы уезінің тағы жеті азаматы, яғни Смахан Бөкейханов, Ыбырай Ақбаев, Хасен Ақаев, Ахмет Райымбеков, Бодаубек Райымбеков, Асылбек Сүлейменов және Смайыл Бәйтенов 1910 жылдың наурызынан бастап, келесі жылдың 16 сәуірінде елге қайтуға рұқсат берген министрдің жарлығы шыққанға дейін Том губерниясында тұрады [12, 167–168 бб.].

Бұдан бұрын ел арасында ислам дінінің ұстанымын қорғап үгіт жүргізгендіктері үшін Науан хазірет (Наурызбай Таласов) пен Шаймерден Қощығұлов 1903–1905 жж. аралығында Иркутскі губерниясында жер айдауда болып қайтты. Тура осы мезгілде, яғни 1903 жылы дін тақырыбында үндеу қағаздар таратты деген кінә тағылып, Көкшетау уезінің тұрғындары Мұқаш Қадыров 2 жылға Зайсан уезіне, ал Сексенбай Төленкинов 2 жылға Өскемен уезіне жер аударылды [13].

Әрине, азаттық қозғалыс басшылары мен белсенділерін жазалау шаралары мұнымен аяқталған жоқ-тын. Мұндай жазалау шаралары басқа да тұлғаларға байланысты басқа да өңірлерде жүріп жатты. Метрополия бұл өңірде өз мақсатына жету үшін қандай қатал шара болмасын қолдануға даяр тұрды. Отарлаушы билік кімдерді не үшін жазаға тартқанын жақсы түсінді. Мұны екінші, яғни жазаланушы жақ та білді.

Араша түскендер. Қандай заман және тәртіпте болмасын әділетсіздік салтанат құрып, шаңырақ иесі абақтыға жабылғанда, бұл жағдайдың азабын шегетін алдымен отбасы мүшелері, отағасының жары. Ахаңның жары Бәдрисафа Байтұрсынова далалық облыстардың генерал-губернаторына «белгісіз себептермен абақтыға жабылған» [2, 16-п.] күйеуінің ісі бойынша тергеу жұмысын тездетіп, оның кінәлі екендігі дәлелденбеген жағдайда босатуын өтініп арыз жазады. Мұндай арыздағы өтінішті жауапсыз қалдыру жандарм орындарына тән мінез еді.

Мұндай жағдайда Ахаңа көмекке келетін досы Әлекең, Әлихан Бөкейханов еді. Екі жүйеде де солай болды. Әлекеңнің дамылсыз ізденісінің нәтижесінде Петербургте шығатын «Современное слово» газетінде «Киргизский народный поэт в тюрьме» атты мақала жарық көреді. Мақаланы «Русские ведомости» және «Волость» газеттері көшіріп басады.

Көлемі тұрғысынан шағын бұл мақала сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамының өз болмысын, бірегейлігін сақтау үшін жүргізген арпалысты күресінің айшықты бір көрінісі болумен қатар, ресейлік қоғамда қазақ сияқты халықтың азаттық үшін күресіне түсінушілікпен қарап, оған көмекке келуге даяр демократиялық элементтердің бар екендігінің де айғағы болды. Осы жағдайды ескере отырып, тарихи факті ретінде мақаланы түпнұсқа тілінде бергенді жөн көрдік.

«Киргизский народный поэт в тюрьме. Из Семипалатинска.

В здешней тюрьме томится 5-й месяц Ахмед Байтурсунов, талантливый киргизский поэт. В 1900 г. он издал книгу «Крык–Мысал» – сорок басен, перевод в стихах 40 басен Крылова. Книга отпечатана в Академии наук. Ахмед Байтурсунов состоял заведующим русско-киргизскою школою в Каркаралах.

Преступления Байтурсунова, изложенныя в отношении семипалатинского губернатора г-на Тройницкого на имя попечителя Западно-Сибирского округа, таковы:

1) минувшей зимою ученики русско-киргизской школы подрались с одним сартом жителем города;

2) в школе нет русских учеников;

3) в 1905 г. принимал участие в делах киргиз, когда они подавали петицию Государю;

4) знакомство с членом I Государственной думы г. Букейхановым и выборщиком Акбаевым;

5) во время русско-японской войны не обнаружил патриотизма. Уволенный от службы Байтурсунов поехал к попечителю. Выслушав объяснение, попечитель обещал ему возвратить старую должность.

Но когда это стало известно семипалатинскому губернатору, Байтурсунов был 1 июля арестован, причем его уже обвиняют в пропаганде среди киргиз сепаратизме и неплатежа податей.

Байтурсунов сидит 5-й месяц. Не предъявляют ему обвинения и не освобождают его. Прошение его на имя губернатора остаются без ответа» [2, Л.11].

Өз ретінде айта кеткен жөн, ротмистр Леваневский анықтамасында Ахаңа «айыптау 16 июльде жария етілді, ал Байтұрсынов болса маған жақында бұл берілгенді айыптау емес, жала жабу деп санайтындығын мәлімдеді» [2, 31 об. п.], – деп жазды.

Ә. Бөкейханов Ахаңды осы жолы абақтыдан шығарып алу ісіне көп үлес қосқан тұлға, Мемлекеттік Думадағы сібірлік депутат Николай Лукич Скалозубов болғандығын айтады. Тура осындай қызметті Қарқаралылық сотталған жеті азаматты айдаудан қайтаруға байланысты Н.Л. Скалозубовпен бірге жүріп атқарған тағы бір сібірлік депутат Михаил Александрович Дзюбинский еді. Әлекең Н.Л. Скалозубовтың өмірден озуына байланысты «Қазақ» газетіне жазған қазанамасында: «1910 жылы біздің Қарқаралыдан Хасен, Ыбырай, Смахан, Бодаубек, Ахмет Райымбек баласы, Асылбек Сүлейменов екі жылға жер аударылды. Жазықтары: бірі менімен бір туысқан, бірі Жақыппен бір туысқан, бірі Ахмет Байтұрсынұлының өлеңін айтқан, өзгелері осылармен таныс. Осы жігіттер күні толмай үйлеріне қайтты. Столыпинге неше қайтара барып, байды сөзге түсіріп, осы алты (алтау емес, жетеу, бұл арада Смайыл Байтенов аталмаған – авт.) жігіттің қайтуына көп қызметін өткізген Г.Совет члені Л.Н. Толстой досы Михаил Александрович пен Н.Л. Скалозубов болатын» [12, 174 б.], – деп жазды.

Бөлімге қорытынды. Мұхтар Әуезов Ахаңның шығармашылығына байланысты «жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды» деген ойды, әрине, сол тұстағы ұлт өмірінде қалыптасқан тарихи жағдайға сүйеніп айтты. Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың басында тұйыққа келіп тірелген қазақ қоғамдық өмірінің сұранысына жауап ретінде күрес кеңістігіне көтерілген Ә. Бөкейханов бастаған зиялылар тобының басында тұрды. Ал бұл буын қазақ өмірі үшін шын мәнінде реформаторлар буыны еді. Өйткені бұл буын бір шындықты жақсы және соңына жете түсінді. Ол орыс билігінің өзгерістерге аса мұқтаж кезеңге қадам басқан қазақ ұлтының еркі мен ішкі сұраныстарына жауап бере алмайтындығы еді. Ұлт алдында енді не істеу керек? деген сауал тұрды. Олар қазақ қоғамына қажет өзгерістерді ресейлік өлшем арқылы емес, қазақ шындығы мен оның мүмкіндігін негізге алып анықтауды жөн көрді. Қазақ қоғамының қандай бағытта және мазмұнда өзгеруі сол қоғамның өзінің ішкі мәселесі екендігін, ал отарлық тәуелділіктен құтылу күн тәртібінде тұрған өзгерістің алғы шарты екендігін жақсы түсінді.

Міне осы өмірлік сұранысқа бейімделіп, ұлтқа қызмет жасау жолына түскен әдебиетке ең алдымен мынадай екі міндетті өз мойнына алуға тура келді. Біріншіден, қоғам ретінде өзінің түпкілікті міндеттерінен алыста, ұйқыда жатқан ұлтты оятып, оның күрескерлік санасына түрткі салып, оқу және білім жолына бағыттау еді. Екіншіден, бұл кезеңдегі әдебиет басым бөлігі сауатсыз, қараңғы елдің сыншысы ғана емес, сонымен бірге ұстазы да болуға тиіс еді. А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлының «Қырық мысалы», «Масасы» мен «Оян, қазағы» осы үрдістен шыққан шығармалар екендігін өмір көрсетті. Бір ғажабы сол, Ресей шындығы ұлт өмірінің ендігі бағыт-бағдарын анықтаған бұл кітаптардың жарыққа шығуына жол ашты да, артын ала ұлт өмірінде бағдарламалық рөл атқарған кітаптарға зиянды идея көзі ретінде қарап, ал олардың авторларының ағартушылық қызметіне теріс көзқарас танытты. Басқаша айтқанда, билік соңынан аяусыз жаншып басу үшін, қазақ қоғамын алдымен оятып алуды қалыпты жағдай санады, бұл мінезін метрополиялық өкімет кейінгі кезеңдерде де қайталады. Қазақ қоғамының Ресей құрамындағы өмірінен алатын бір сабағы осы.

## Қорғансыздың күні. Советтік кезең

*Мәселен, Ахмет Байтұрсын мен Шолпан*
*(өзбек ақыны – авт.) ұлттық әдебиетіміздің*
*ең үздік тұлғалары. Олардың шығармаларынан*
*біз орыс тепкісінде қысым көрген тіліміз бен*
*әдебиетіміздің өлмес, өшпес өміршең қуатын көреміз.*
**М. Шоқай**

1919 жылдың көктемінде А. Байтұрсынұлы Мәскеудегі Совет басшылығымен жолығып, Алашорда үкіметінің империядағы жаңа билікпен ымыраға келуге даяр екендігін білдірді. Азамат соғысынан аяғын алып шыға алмай қиналыста жүрген советтік билік қазақ ұлт-азаттық қозғалысы басшылары тарапынан жасалынған бұл ұсынысты ризашылықпен қарсы алды. Мәскеулік басшылық ендігі уақытта алашордалықтарды өзіне жау санамайтындығын оларға амнистия жариялау арқылы білдірді. 1919 жылдың 10 шілдесінде Совет үкіметінің басшысы В.И. Ленин Қазақ өлкесін уақытша басқаратын революциялық комитет туралы ережеге қол қойды. А.Байтұрсынұлы осы революциялық комитеттің басшысының орынбасары болып тағайындалды. Бұл акті өз ретінде В.И. Ленин басқарған совет үкіметінің қазақ ұлт-азаттық қозғалысын іс жүзінде де (де-факто) және заң жүзінде де (де-юре) мойындағандығының айғағы болатын.

Әлем алдында өзін капиталистік және империялық езгідегі халықтарға азаттық беруші билік ретінде жариялаған үкіметтің тура осы кезеңде басқа шешім қабылдауға мүмкіндігі де жоқ-тын. Қазақ қоғамымен өзара қатынас жолына түсуге мәжбүр болған совет өкіметі А. Байтұрсынұлына бұл істе стратегиялық тұлға ретінде қарады және онымен осы ұстаным тұрғысынан қатынас орнатты. Біздің бұл пікіріміздің дұрыстығын сол тұстағы үкіметтің ұлт істері бойынша комиссары И. Сталиннің 1919 жылы шілдеде білдірген мына сөзінен анық аңғаруға болатын еді: «В Оргбюро ЦК Елене Стасовой. Мое мнение таково, что Байтурсунов должен остаться в ревкоме. Я его не считал и не считаю революционером – коммунистом или сочувствующим, тем не менее его в ревкоме необходимо» [14].

### *А. Байтұрсынұлы және Совет өкіметі*

Біздің қолымызда ССРО Бас прокуратурасына тиесілі архив қорынан алынған құжат [15]. Арнайы папкаға тігілген құжаттар топтамасы 1959 жылдың 13 наурызы

мен 1988 жылдың 30 тамызы аралығында Ахмет Байтұрсынұлын ақтау ісіне (реабилитация) байланысты жүргізілген түрлі қағаздардан тұрады. Ақтау процесінің отыз жылға созылғандығын ескерсек, Ахаңның совет өкіметі алдында жасаған «қылмысы» соншалықты ауыр екен деп топшылауға болады. Осы ретте тарихи фактілер не дейді?

Істегі құжаттар Ахаңның өзінен үлкен ағасы Қалидың қызы Сәкен Бектемісованың 1959 жылы 15 ақпанда ССРО-ның Бас прокурорының атына А. Байтұрсынұлының ісін қарап, егер онда қылмыс құрамы болмаса заңдық тұрғыдан ақтау туралы шешім қабылдауын өтінген.

С. Бектемісова шағым-хатында «Октябрь революциясына дейін менің ағайым Орынбор қаласында шығып тұрған «Қазақ» газетінің шығарушысы болды, сол кезде ол қазақ халқын патшалыққа қарсылыққа шақырған «Қырық мысал», «Маса» және басқа кең танылған шығармаларын жариялады.

Қазақстанда совет өкіметі орнаған соң ағайым халық ағарту саласында қызмет жасап, алдымен Орынбор қаласындағы Қазақ халық ағарту институтында оқытушы, сонан соң Қазақ мемлекеттік университетінде және басқа Қазақстанның жоғары оқу орындарында жұмыс істеді», – деп көрсетті [15, 1-п.].

С. Бектемісова сондай-ақ арызында Ахаңның революциялық өзгерістерге дейін-ақ қазақ халқының азаттығы мен өркендеуіне тер төгіп, күш салғанын, сондықтан да «ол қазақ халқының мүддесіне қарсы қылмыс жасады» деген пікірге ешқандай да сене алмайтындығын, яғни ол қателікпен репрессия құрбаны болғандығын, соған байланысты басқа да ақталған адал тұлғалар қатарында ақталуға тиіс екендігін талап етті...

Советтік кезеңдегі қызметі туралы толық мәліметті Ахаңның өзі де 1929 жылы 12 мамырда жазған ғұмырнамасында береді. Осы арада мынадай жағдайға көңіл аударған артық емес. Ғұмырнамалық құжатты мұқият оқи отырып қайраткердің өмір жолынан өмірлік қажеттіліктен туындаған жүйелілікті жеңіл байқауға болады. Бұл ретте оның 1917 жылғы октябрь төңкерісіне дейінгі өмірінде халыққа арнап көркем шығарма жазу және аудармашылық, қазақ тілі бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу (фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан), қазақ алфавитін реформалау, тұңғыш жалпы ұлттық «Қазақ» газетін тұрақты түрде революциялық өзгерістерге дейін шығарып тұру, осы басылым арқылы азаттық идеологиясын қалыптастыру сияқты ағартушылық және шығармашылық қызметі басымдық алды. Сонымен бірге ол жоғарыда баяндағандай, ағартушылық қызметті нақты саяси-практикалық қызметпен де ұштастырып, халық арасында жүргізген үгіт-насихат қызметі үшін Орынбор қаласына жер аударылды.

1917–1921 жылдары Ахаңның өмір жолы жалпы елдегі саяси өзгерістермен тығыз байланысты жүрді. Сондықтан да қалыптасқан жағдайға байланысты оның қызметінде саяси-практикалық бағыт басымдық алды. Басқаша болуы мүмкін емес-тін. Ел тағдырына тікелей қатынасы бар өзгерістер жүріп жатқанда Ахаң сияқты белсенді тұлғаның ол өзгерістерден сырт қалуы, әрине, қисынсыз болар еді.

1916–1917 жылдардағы ел өміріндегі аласапыран өзгерістерді Ахаң басқаратын «Қазақ» газетіндегі күнделікті ел өміріндегі оқиғалардың шежіресіндей болған материалдарсыз тура түсіну мүмкін емес. Мәселе мынада. Бүкіл империя өмірі ауыр да қауіпті өзгерістер арнасына түсіп, әркім өз басын арашалау қамына кіріскен жағдайда Ахаң басқарған басылым бүкіл ұлт өміріне жөн сілтейтін орталыққа айналды. Әлихан Бөкейханов бастаған саяси басшылық газет төңірегіне топтасып, ел өмірін мүмкін болғанша белгілі бір ағымда ұстауға күш салды. Өйткені патша өкіметі сияқты оның орнына келген Уақытша өкімет те қазақ халқының ішкі өмірінен мүлдем хабарсыз, одан алыста тұрған билік жүйесі еді.

Осы ретте Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұлының 1905 жылдан бастап жалпы ұлттық газет шығару әрекеті бірден-бір дұрыс шешім болғандығы, әсіресе, осы 1916–1917 жж. аласапыран тұсында анық байқалды. Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда осы тар жол, тайғақ кешу тұсындағы «Қазақ» газетінің ұлт өмірін ұйымдастыру ісінде атқарған қызметі баға жеткісіз, ешуақытта ұмытылуға тиіс емес, қайталанбайтын, ерекше іс болатын. Мұны сол тұстағы ел бастаған ұлт зиялылары жақсы білді, өкінішке орай, ол туралы арнайы пікір білдіріп, кейінгіге жазып қалдыруға большевиктік ылаң мүмкіндік бермеді. Большевиктік идеологиямен ере келген берекесіздік ұлттың жадын лайлап, адастырды, олар қолындағы мемлекеттік билікті пайдаланып ұлт үшін жасалынған орынды құндылықтарды «орынсыз» зиянды қызмет ретінде көрсетуге күш салды.

Большевизм билікке келген бірінші күннен бастап елді оның бастаушы саяси тобынан ажыратып алуға, сөйтіп халықты тек өзіне қаратып, айтқанын істетіп, айдауында жүретін тобырға айналдыруға тырысты. Бұл ретте большевизм ұлт өміріне қарсы дүлей күш болатын, оны саяси тәжірибесіздігіне байланысты ұлттың өзі де түсіне алмады. Ұлт өмірін тура түсініп, оған басшылық жасау ісінде большевиктер алаштық топ деңгейінде емес-тін. Бұл кемшілігін тура түсініп, алаштықтармен өзара ымыраға келіп, қазақ өмірін тура жолға салуға олардың білімі де, ішкі мәдениеті де, ел басқару ісіндегі тәжірибесі де жетпеді. Бұған қосымша, В.И. Ленин бастаған саяси партияда жергілікті ұлттық саяси күштерге байланысты біржақты, тар ұстаным басымдық алды, олардың түсінігінде қазақ сияқты халықтың бастаушы тобында елеуге тұрарлық пайдалы идеяның болуы да мүмкін емес-тін. Басқаша айтқанда, большевизм ұлт мәселесінде тәкаппарлық ұстанымындағы ағым болып шықты.

Сонымен Ахаңның советтік билік тұсындағы қызметі қалай жүрді, осы тақырыпқа тоқталайық. Жоғарыда аталған ғұмырнамасында ол «Орынбор қаласында 1917 жылдың 5–13 желтоқсан күндері болып өткен Жалпықазақ съезінің шешіміне сәйкес 1918 жылдан бастап мен Орталық Қазақ Үкіметі «Алашорданың» жанындағы оқулықтар даярлауға құрылған Комиссияда жұмыс істеуге тиіс едім, бірақ сол уақытта қалыптасқан жағдайға байланысты ондай жұмыспен шұғылдануға мүмкіндік болмады. 18-нші жылдың басынан 19-ншы жылдың басына дейін мен «Алашорда» ұйымында жұмыс істедім.

19-ншы жылдың екінші жартысынан 20-ншы жылдың соңына дейін Қазақ Өлкелік Әскери-Революциялық Комитеті құрамында оның мүшесі ретінде қызмет атқардым. Әскери-Революциялық Комитеттің мүшесі бола жүріп 20-ншы жылдан мен өзімнің лингвистикалық жұмысымды жандандыра бастадым, ал 21 жылдан тек лингвистикалық ғана емес, оқу-педагогикалық жұмысты да қатар жүргізіп, Қазақстанда жауапты қызметтер атқардым: әуелде оқу-ағарту ісі бойынша Халық Комиссары, сонан соң оның орынбасары, сонан соң Академиялық орталықтың төрағасы, одан ары Академиялық орталық комиссиясының мүшесі, ең соңында, Қазақ оқу-ағарту комиссариаты жанында ғылыми методист қызметін атқардым. 21 жылдан 28 жылға дейін мен қазақ тілінен, қазақ әдебиетінен және мәдениет тарихынан Қазақ халық-ағарту институтында, одан тыс 1926 және 1928 жылдар аралығында, ҚазМУ-не ауысқанға дейін Ташкенттегі Қазақ педагогикалық жоғары оқу орнында қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті қызметінде болдым.

1928 жылдың 1-нші октябрінен Қазақ оқу-ағарту комиссариаты мені Қазақ мемлекеттік университетіне қазақ тілі кафедрасы бойынша профессорлық қызметке шақырды, ол жөнінде аталған комиссариатпен айырықша келісім жасалған», – деп жазды.

Сонымен, байқағанымыздай Ахаңның өзі жазған ғұмырнамада оның советтік кезеңдегі өмір жолы жетерліктей анық баяндалған.

Көз жүгіртіп қарап шыққан кісіге Ахаңның бұл жүріп өткен жолы біркелкі тиянақты болып көрінуі әбден ықтимал. Ал шын мәнінде бұл кезең Ахаң үшін, жалпы алаштық буын үшін қандай асқақ, үмітке толы кезең болса, тура сондай тауы шағылып, үміт-тілегі үзілгендей ауыр күй кешті.

1920 жылы 15 сәуірде «Известия киргизского края» газеті Ахаңның коммунистік партия қатарына кіру туралы РК(б)П Орынбор Комитетіне жазған мәлімдемесін жариялайды. Мәлімдеме оның «ғасырлар бойы қанаудағы қазақ халқын азат ету жолын ұзақ уақыт іздеумен жүріп мынадай сенімге келдім» деген сөздерімен басталады.

Одан әрі Ахаң не себепті коммунистік партия қатарына кіру туралы шешім қабылдағанын түсіндіреді. Осы ретте 1) тәуелсіздік алған қазақ халқы бақытқа тек адамзаттың басқа да қанаудағы бөлігімен бірге ғана жете алады, яғни әлемдік революцияда, әлемдік федерацияда және 2) бұл мақсатты өзінің тікелей міндеті санап және оны белгілі дәрежеде таптар мен ұлттарды азат ету түрінде іске асыра бастаған интернационалшыл коммунистік партиядан басқа ешкім де атқара алмайды деген ойын білдіреді. Одан әрі Ахаң бұл мақсатқа жетудің өтпелі кезеңінде адамзаттың еңбекші бұқара бөлігінің саяси және экономикалық диктатурасының қажет екендігін, өз ретінде ол билік түріне адамзаттың еңбекші бұқарасы саналы түрде қолдау көрсетіп, оның төңірегіне топтасуы қажеттігін, мұндай ұстанымның қазақ халқына қанауға түскен халық ретінде пайдалы екендігін, сондай-ақ ұлтаралық қатынасқа байланысты РК(б)П-ның, ж. Лениннің көзқарасы егер ол өмірде тура іске асырылатын болса онда қазақ ұлтының да мүддесі орындалатын болады деген тұжырымын баяндап, осы себепті коммунистік партия құрамына ену туралы шешім қабылдағандығын мәлімдейді [16].

«Известия киргизского края» газеті осы санында «Заявление т. Ахмета Байтурсунова» деген атпен Ахаңның мәлімдемесіне қосымша түсінік хат жариялап, онда «Ахмет Байтұрсынов жолдасты бүкіл дала біледі. Әрбір қазақ өз халқының көсемінің, ірі қоғам қайраткерінің және әдебиетшісінің атын естіген. Қазақ халқының соңғы онжылдықтардағы саяси қозғалысы қоғамдық ойының өсуі бүтіндей Байтұрсыновтың есімімен тығыз байланысты» [16], – деп жазды.

Аталған басылым бетінде жарық көрген бұл түсінік хаттан большевиктер билігінің А. Байтұрсынұлының қазақ халқының өмірінде, оның азаттық үшін қозғалыс жолында алатын орнын жақсы білгендігін аңғару мүлдем қиынға түспейді. Хаттың соңында «Байтұрсынов ж. коммунистік партия құрамына енуі қазақ арасындағы қызметіміздің ірі жеңістерінің бірі» деген тұжырым жасалынады.

Ахаң бұл мәлімдемесін 1920 жылы 4 сәуірде жария етті. Бұл оның Алашорда басшылығының шешімімен Мәскеуге келіп, советтік басшылықпен және оның қызметімен танысып, Қазақ революциялық комитетінің құрамында Орынбор қаласында (сол кездегі астаналық қала – авт.) басшылық қызметте жүрген шағы болатын. Кейін ол (1929 ж.) бұл шешімі туралы берген көрсетуінде «1920 жылы Фрунзе Орынборда жұмыс істейтін, ол маған БК(б)П қатарына кіруді ұсынды. Сәл кейінірек осы ұсыныс Седельников ж. тарапынан да айтылды. Мен бұл ұсыныстарды ой таразысынан өткізіп, партия қатарына кіру туралы шешім қабылдадым», – деген ойын білдіреді.

Бірақ Ахаң келесі 1921 жылы партияға мүшелікке кандидаттықтан шығып қалады. Бұл жағдайды ол аталған көрсетуінде мынадай себеппен түсіндіреді: «Партияға мүшеліктен 1921 жылы тазарту барысында пассивтік ұстанымым үшін

шығарылдым. Менің бұл кездегі белсенділігімнің төмендігі мынадай жағдайға байланысты болды: мен ғылыми жұмысқа ден қойдым, соған байланысты партия жиналыстарына қатынасқан жоқпын, жалпы саясатқа аз уақыт бөлетін болдым, өйткені тіл мен қазақ әдебиетіне қатысты ғылыми жұмысымды негізгі міндетім санадым, мен үшін онсыз ағартушылық жұмыс жүргізу туралы ойлаудың өзі мүмкін емес-тін» [17].

Ахаң партиядан шығып қалуын ОГПУ тергеушісіне осындай себеппен түсіндіреді. Істің шын мәнісіне келсек мәселе баяндалған себептен анағұрлым тереңірек жағдайға байланысты еді. Анығырақ айтқанда, Ахаңның большевиктер билігінен көңілінің қала бастауында болатын. Енді осы жағдайға тоқталайық.

*Ахмет Байтұрсынұлының советтік биліктен неге көңілі қалды?*

Бұл арада мынадай жағдайды ескерген жөн. Большевиктер орнатқан диктатуралық билікке күмәндана қарау, алғашқы эйфория өткен соң зиялылар қауымының үлкен бөлігіне тән құбылыс болды. Бұл жағдайды байқаған В.И. Ленин большевиктер билігіне бағынғысы келмеген зиялыларды шетелге жер аудару туралы шешім қабылдайды [18]. Өзінің бұл көңіл-күйін ол сондай-ақ Ф.Э. Дзержинский мен И.В. Сталинге де білдіреді.

Партия қатарына кіруге арыз берген А. Байтұрсынұлының да өзара қабыса бермейтін екі ұдай пікірдің мазасын алғанын аңғаруға болады. Бір жағынан оған үкімет басшысы В.И. Ленин мен орталық билік орындарының қазақ сияқты отарлық езгіде болып келген халыққа көмек қолын созуға даяр екендігі байқалғандай көрінді. Сонымен бірге, екінші жақтан, орталық үкімет шешімдері мен нақты әрекеттерінде бұл ойды жоққа шығаратындай фактілер де аз емес-тін.

Жалпы бұл мезгілдегі орталық биліктің ұлт саясатында түсініксіз жағдайлар мен қайшылықты көріністер жеткілікті еді. Орталық үкімет жанынан құрылған Ұлт істері бойынша Комиссариатты И. Сталин басқарды. Ол В.И. Ленин басқарған үкіметтегі ұлтаралық қатынастар бойынша негізгі маман саналды. Ал И. Сталиннің, мәселен, қазақ және басқа Орта Азия халықтары туралы түсінігі өте қарабайыр деңгейде еді.

Бұл мәселеге байланысты ол В.И. Лениннің көңіл-күйін жақсы біле отырып, кез-келген мәселеде таптық көзқарасты алға шығарып, ұлттар өміріне қатысты істерді кейінге ығыстыруды ұмытпады. Ұлт істері бойынша комиссарға ұлт мәселесі күш алған өрттей көрініп, оны мүмкін болғанша тезірек сөндіру жолдарын қарастырып, өзі қажет санаған сәттерде әкімшілік әдістерге барып отырды. Комиссариаттың бұл жұмыс ерекшеліктерін дәл байқаған Заки Валидов «Орталық Комитетте Шығыс халықтары өміріне қатысты қажет құжаттарды даярлату үшін Мәскеуге шығыс ұлттары арасынан совет азаматтары жеткізілетін», – деп жазды. Бұл ойын ұштай түсіп ол Ресей құрамындағы халықтардың қорланып қалған мәселелерін шешу туралы мәселе көтергеннен гөрі «Ресей Коммунистік партиясымен алыстағы Азия және Африка елдеріндегі халықтарды құтқару туралы сөйлесу жеңілірек» [19] еді деген пікірі арқылы орталық билікте қалыптасқан жағдайды тура жеткізуге тырысқандығы байқалады.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін мынадай бір фактіге көңіл аударайық. Жоғарыда айтылғандай Совет үкіметі жанынан Ұлт істері бойынша комиссариат құрылып, оның 18 секциясының бірі «қырғыз секциясы» аталды. Оған жетекшілікке Қазақстаннан Мұхамедиар Тұнғачин шақырылды. Басқа емес, тура М. Тұнғачиннің шақырылуы, әрине, кездейсоқ оқиға емес-тін.

Дерек көздерінің көрсетуіне қарағанда Ұлт істері бойынша комиссар И. Сталин советтік биліктің алғашқы күнінен бастап-ақ оған белсенді түрде қарсы тұрған

қазақ ұлт-азаттық қозғалысының басшылары туралы біраз мәлімет жинастырғандығы байқалады. Бұл істе оған ескі патшалық құпия полицияның қызметкерлері мен олар берген мәліметтің көмекке келгендігі хақ. Мәселен, 1917 жылғы революциялық өзгерістерге дейін қазақ қоғамындағы азаттық қозғалысқа ешқандай да қатынасы жоқ, тіптен оның жетекші тұлғаларымен араздықта болған Әліби Жангелдиннің Торғай облысына Ә. Бөкейхановтың орнына комиссарлық қызметке бекітілуі соның көрінісі еді. И. Сталин ашықтан-ашық жаңа орныға бастаған билік жүйесіне соған дейінгі азаттық қозғалысқа қарсы әрекетімен көзге түскен тұлғаларды тартуға көшті.

Өз кезегінде Ә. Жангелдин Торғайдан өзінің комиссарлық қызметке кіріскендігі туралы И. Сталинге хабарлап, осы хабарында өзіне көмекшілік қызметке М. Тұнғачинді алғандығын мәлімдейді. Ізін ала, яғни 1918 жылы Мәскеуде Ұлт істері бойынша Халық Комиссариаты жанынан «Қырғыз секциясын» құру туралы шешім қабылданғанда, бұл секцияның меңгерушісі қызметіне М. Тұнғачинді ұсынады.

Ал осы М. Тұнғачин кім еді? Архив деректерінің көрсетуіне қарағанда, ол 1905 жылы Қазан қаласындағы мұғалімдер семинариясын бітірген [20] соң ұзақ жылдар бойы (1917 ж. өзгерістерге дейін) Орынбор қаласындағы генерал-губернатор кеңсесі жанындағы татар және қазақ басылымдарының цензоры қызметін атқарған. Цензордың міндеті жоғарғы билік орындарына (ең алдымен генерал-губернатор мен ішкі істер министрлігіне – авт.) татар және қазақ тілді басылымдарда билікке қарсы ұстанымда жарық көрген материалдар туралы мәлімет жеткізіп тұру болған. Яғни ол атқаратын қызметінің табиғи ерекшелігі тұрғысынан құпия полицияның қызметіне жақын тұрды.

1917 жылы патшалық билік құлаған соң 1–2 сәуір күндері Орынбор қаласында болып өткен Торғай облысы қазақтарының съезінде оған қатынасуға келген М. Тұнғачиннің облыс губернаторы Эверсманмен бірге залдан кетірілуі оның осы құпия қызметіне берілген баға еді [12, 302 б.].

Қорыта айтқанда, әлгінде ғана орнаған жаңа советтік биліктің Ә. Жангелдин мен М. Тұнғачинді өзіне тартып, оларға сенім артуы қазақ ұлт-азаттық қозғалысы басшыларын терең ойда қалдырған еді. Ендігі уақытта советтік басшылықтың қазақ даласына байланысты бұл ұстанымының астарын тура түсіну азаттық қозғалыстың бағыт-бағдарын анықтау үшін аса қажет еді. А. Байтұрсынұлының Мәскеуге жаңа билік басшыларымен келіссөзге аттануының бірден-бір себебі осы жағдайға байланысты болатын.

Совет үкіметінің қазақ ұлт-азаттық қозғалысына қатынасы 1919 жылы 10 шілдеде РСФСР ХКК декретімен құрылған Қазақ революциялық комитетінің құрамынан да анық байқалды. Оның төрағасы болып С.С. Пестковский бекітілді. Ол В.И. Лениннің сенімді адамдарының бірі болатын, ал бірақ соған дейін қазақ жеріне аяғы тимеген, қазақ қоғамын тек картадан ғана көрген, ал оның өмірінен мүлдем хабарсыз адам-тын. Ал қалған алтаудың үшеуінің (Ә. Жангелдин, М. Тұнғачин, Б. Қаратаев) қазақ азаттық қозғалысына ешқандай да қатынасы жоқ, тіптен белгілі дәрежеде оған қарсы әрекеттерімен танылған адамдар-тын.

Осы ретте Ревком мүшесі Бақытжан Бисалыұлы Қаратаев туралы бірекі ауыз сөз. Патшалық кезеңде патшашыл, советтік кезең келгенде «мен өмір бойы жасырын большевик болып жүрдім» деген Б. Қаратаев та сын сәттерде өзін ұлт мүддесінен алыс тұрғандығын танытып жүргендердің бірі болды.

Осы аталған тұлғаларға байланысты кезінде М. Шоқай «бұл тағайындаулар совет өкіметінің қазақ елін басқару ісінде алған саяси бағытына байланысты тым көп нәрсені аңғартатын еді... Ендігі уақытта иллюзияға орын қалған жоқ-тын» [21], – деп жазды.

Басқаша айтқанда, осы аталған тұлғаларға сүйене отырып советтік орталық тезірек қазақ азаттық қозғалысын басып тастауға асықты.

Большевиктік басшылықтың бұл саяси ұстанымы, әрине, оның жалпы қазақ еліне қатысты ұстанымының жинақы көрінісі еді. В.И. Ленин мен оның серіктері үшін бірінші кезекте тұрған мәселе өздері пролетариат диктатурасы атаған билікті аман алып қалу болды. Ал өздеріне бейтаныс империяның алыс түкпіріндегі қазақ азаттық қозғалысы олар үшін тіптен Польша немесе Финляндия мәселесі де емес, сондай-ақ «оқшау және дербес мәнге ие мәселе де емес», яғни бар болғаны «пролетарлық революция туралы мәселенің бөлігі» ғана еді.

Анығырақ айтқанда, большевизмнің теориялық негізін қалаушылар Ресей империясындағы ұлт-азаттық қозғалыстарды метрополиядағы революциялық процестің бөлігі, оған тәуелді резервтік күш ретінде бағалады. Соған байланысты совет үкіметінің ұлт мәселесіне қатысты Ресей халықтарының құқы туралы декларациядан басқа бағдарламалық құжаты да жоқ-тын. Үкімет басшысы В.И. Лениннің 1920 жылы III Коммунистік Интернационалдың II съезіне даярлық барысында жазған «Первоначальный набросок тезисов по национальному и колониальному вопросам» аталатын еңбегі осы жағдайдың көрінісі еді. Революция көсемі бұл тезистерін партия және совет қайраткерлеріне таратып, олардан мәселеге қатысты пікір білдірулерін өтінді.

Түркістандық қайраткерлермен бірге бұл сұранысқа жауап жазудың өзектілігін Ахаң да тура түсініп, бір жауапқа басқа да тұлғалармен бірге қол қойып, ал екіншісін жеке өз атынан жолдады.

Өз атынан совет басшысына жазған хатында ол, біріншіден, қазақ өлкесінде жаңа билік жүйесін құруға жіберген орталықтың өкілінде белгілі бір ұстанымның жоқтығын, өйткені ондай ұстаным орталық биліктің өзінде жоқ екендігін, екіншіден, соған байланысты орталық биліктің өкілдері мен жергілікті халықтың арасында өзара сенімнің болмай тұрғандығын, жергілікті халық жаңа орнаған билікті ескі орыс билігі есебінде қабылдап отырғандығын, ал ескі билік пен қазақ арасында ешқашанда өзара сенім болмағандығын жазды. Олай болса не істеу керек?

Бұл сауалға Ахаң «қазақтарда елдің сеніміне ие болған зиялылар тобы бар, олардың қателесуі немесе адасуы мүмкін, ал бірақ олар өз халқын саналы түрде ешқандай да жеке бас мүддесі және пайдасы үшін сатпайды» деген жауабын айтты. Басқаша айтқанда, бұл қазақ жеріндегі билікті сол елдің соған дейінгі патшалық билікпен ұлт-азаттық күресін бастап келген ұлттық зиялылар тобына беруді талап етудің өзі еді. Ахаңның В.И. Лениннің ұлттардың өздерін өзі билеуі туралы айтқан пікіріне жауап ретіндегі ұсынысы осы еді.

Хатта айтылған екінші пікір мынадай еді: осы уақытқа дейін батыс елдеріндегі капиталистік, рыноктық қатынастардың күш алуына шикізат көзі және арзан жұмыс күші орнында қызмет жасап келген Шығысқа ендігі уақытта Еуропадағы революцияны жасауға және оны күшейте түсу үшін пайдалануға болатын тәуелді тобыр ретінде қарауға болмайды, яғни ұлт-азаттық қозғалыстарға әлемдік пролетарлық революцияның қосымша күш қоры (резерві) ретінде қарау қателік, Коммунистік Интернационал ұлт-азаттық қозғалыстарды дербес мәнге ие күш ретінде мойындауға тиіс.

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының басшыларының атынан А. Байтұрсынұлының қойған бұл талаптарына Совет үкіметінің басшысы жауап берді ме? Өкінішке орай, бермеді, бере де алмайтын еді. Өйткені екі жақтың мүдделері өзара тым алшақ еді. В.И. Ленин және советтік басшылық үшін пролетариат диктатурасы мен Ресейдің мемлекеттік мүддесі қалған мүдделерден жоғары тұрды.

Жаңа билік басшыларының бұл ұстанымы олардың алғашқы қадамынан-ақ анық байқалған болатын. Бүкіл империя көлеміндегі күрделі қоғамдық өмірді бір ғана тапаралық күрес тұрғысынан ғана түсіндіріп, кез-келген мәселені шешуге келгенде осы ұстанымға басымдық берген большевиктік өкіметтің 1917 жылы ұлттық басшылықтың жігерлі де батыл қызметінің нәтижесі ретінде өмірге келіп, ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту ісімен аяқталуға тиіс болған Қазақ комитеттерін советтерге, Алаш партиясын большевиктер партиясына, ал Алашорда өкіметін Кеңес өкіметіне балама құрылымдар ретінде қарастырып, ешқандай да өзара түсінісуге, ымыраға бармастан, оларды «буржуазиялық құрылымдар» ретінде жою жолына түскені ұлтты өзін-өзі басқару мүмкіндігінен айырып оны жаңа өкіметке тәуелді етудің, ал азаттық қозғалыс басшылығының еңбегі мен ұстанымын жоққа шығарудың, басқаша айтқанда, ұлыдержавалық ұстанымның көрінісі еді.

Сонымен, ұлттық саяси бастаушы топтың жүргізген күресі олар күткендей нәтиже бермеді. Ал бұл күрестің қорытындысын шығарған патша өкіметі емес-тін, жаңа өкімет, яғни совет өкіметі болды. Сол арқылы ол өзінің отаршылдық, ұлыдержавалық бет-бейнесін танытты.

### *А. Байтұрсынұлы: қазақтар үшін коммунизм идеясы «жат қонақ» есебінде*

1921 жылы қарашада Ахаң коммунистік партия қатарынан шығарылғандығы туралы хабар алады. Мұндай шешімге негіз болған: 1-ден, оның партия жиналыстарына қатыспауы, 2-ден, мүшелік жарнаны өз уақытында төлемеуі және 3-ден Алашорда ұйымында болғандығы екен [22].

Архив қорында Ахаңның осы жағдайға байланысты партиялық тазарту комиссиясының атына жазған мәлімдемесі тіркелген. Құжатта Ахаң губерниялық тазарту комиссиясының өзін партия қатарынан шығару туралы шешімімен келісе алмайтындығын білдіріп, уәждерін келтірген. Қайраткердің сол тарихи кезеңдегі саяси ұстанымы мен көзқарасына тікелей қатынасы бар бұл құжатқа тоқталу артық емес. Өйткені онда сол тұстағы қазақ өміріне қатысты өзара үйлесімсіз екі көзқарастың қақтығысы орын алғандығын байқауға болады.

Үйлесімсіздік ең алдымен екі жақтың өкімет түріне байланысты көзқарасының өзгешелігінен туындайды. Қазақ қоғамы үшін өкімет ортақ ұлттық мүдде төңірегіне елдегі барлық әлеуметтік топтар мен күштерді жұмылдыра алатын ұйытқы элемент міндетін атқаруға тиіс еді. Бұл сол уақытқа дейін отарлық езгіде болып келген ұлтқа қорланып қалған түрлі экономикалық, саяси және әлеуметтік мәселелерді жалпыдемократиялық тұрғыдан шешудің жалғыз тура жолы еді. Сондықтан да, қазақ азаттық қозғалысынан ұлттық мүддені қорғау арнасынан шығып, одан өз ішінде таптық-әлеуметтік жіктелу жолына түсуді талап ету, бұл оны алдымен әлсіретіп, сонан соң біртіндеп жоюдың өзі болатын. Бұл, әрине, асыра сілтеушілік емес-тін, дәлірек айтқанда, империя құрамындағы ұлт-азаттық қозғалысқа саналы түрде жасалынған қиянат еді. Оны В.И. Ленин мен И.В. Сталин білмеді емес, білді, көре тұрып, көрмегендей сыңай танытты. Революциялық өзгерістер тұсында орын алуы мүмкін «ауытқудың» көрінісі ретінде бағалады.

Мәскеулік басшылық әуелде Ресейдегі социалистік революцияның еуропалық елдерде өз жалғасын табатындығына, бұл процесте капиталистік қанаудағы Шығыстан қолдау алатындығына сенді. Бірақ өмір басқа жағдайды көрсетті. Ресейдегі пролетарлық революция еуропалық елдерде жалғасын табады деген пікір негізсіз болып шықты, ал «ұйқыдан оянған шығыстың» бұқарасының Ресей пролетариатының соңынан еріп, өзінің таптық мүддесін қорғауға көтерілуі де аңызға жақын бірдеңе еді. Соған байланысты большевиктік басшылыққа

ендігі уақытта социалистік құрылыстың бір ғана елде жеңе алуы мүмкін деген жаңа теориялық ұстанымға көшуіне тура келген. Қалыптасқан жаңа жағдайда большевиктік басшылық үшін Ресейдің мемлекеттік тұтастығын сақтап, оны нығайту ісі алдыңғы орынға шықты. Өз кезегінде бұл межеге Орталық Мәскеулік билікті күшейте түсу арқылы ғана жету мүмкін еді. Ендігі уақытта қазақ сияқты халықтардың өзін-өзі басқару идеясының ресейлік ұлыдержавалық мүддемен қайшылыққа келмеуі тіптен де мүмкін емес-тін.

Мәскеулік орталық, ұлт саясатының тізгінін қолында ұстаған И. Сталин қазақ, татар және басқа халықтардың басшылығынан ұлттардың өздерін-өзі басқару идеясынан бас тартуларын талап етті. Бұл азаттық және еркін даму платформасында тұрған ұлт қайраткерлерінен іс жүзінде идеялық қарусыздануды талап етудің өзі еді. 1923 жылы 9-12 маусым күндері Мәскеуде РК(б)П ОК ұлт республикалары мен облыстарының жауапты қызметкерлерімен өткізілген төртінші кеңесі осы ұстанымның нақты көрінісі болды [23]. Орталықтағы басшылықтың ұстанымындағы бұл өзгерісті дәл байқаған Ахаң арнайы мақала жазып, онда қазақ қаламгерлерінің ұлтшылдық ұстанымы қандай себептерге байланысты өмірге келгендігіне тоқталып:

«Қазақ қалам қайраткерлері қайдан туған, қашан шыққан деп сұрау қойылса, жауап қиын емес.

1) Қазақ қалам қайраткерлері орыстан қорлық көрген, тайақ жеген, орыстың табанында езілген жұрттан туған.

2) Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қиын қыстау зар заман түсіп, үстін торлап, қайғы бұлты қаптаған шақта шыққан» екендігін ескертіп, енді міне жаңа совет заманында «қазақтың ісіне қатыспақ түгіл қарасын көрмеген, атын есітпеген жат жұрттың адамдары» қазақ үшін, «ұлт үшін қызмет қылған, қиналған адамдарға «жұртшыл», «ұлтшыл» деген таңба» басатын болды. «Қазақтың көрген қорлығын, зорлығын айтатын адам болса, ауызға қағып, сөйлетпейтін болды. Қазақ өзгеріс үшін құрбан болса, несі құрайды деуші болса, арқаға қағып, дұрыс пікір осы» дейтіндер шыққандығын факті ретінде келтіріп, мұндай жағдайда ұлт қаламгерлерінің ұстанатын бағыт-бағдарына тоқталып:

«Қалам қайраткерлері – жолын тастап, көрінген жолаушыға ере беретін бұралқы ит емес... Қазақ мәдениеті қасындағы жұрттардан кем екенін біле тұра, қазақты жемтік есебінде жей бер деп қазақ азаматтары тастай ала ма? Оны қазақ азаматтары істей алмайды. Олай болса, бауырмал десін, қазақшыл десін, оған құлақ ауыртып ауырламасқа керек» [24], – деп жазды.

Азаттық қозғалыстың мүддесіне байланысты Мәскеулік орталық биліктің аяқ алысын мұқият сараптаудан өткізіп отырған Ахаңның төзімін тауысқан жағдай түрік халықтарының әліпбиін латын графикасына көшіру туралы шешім болды. Бұл тақырып алдымен 1924 жылы 12 маусым күні Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде талқыға түсіп, съез тұтыныста жүрген араб графикасындағы әліпбиді латын әліпбиіне ауыстыруды орынсыз деп табады [25].

Латын әліпбиіне көшу туралы мәселе мұнымен аяқталған жоқ-тын. Мәскеулік орталықтың тікелей тапсырмасымен бұл мәселе 1926 жылы 24 ақпан және 5 наурыз аралығында Баку шаһарында өткен түркологтардың бірінші жалпыодақтық съезінде арнайы күн тәртібіне қойылады. Съезге А. Байтұрсынұлы одаққа белгілі түрколог ретінде шақырылып, Қазақстаннан барған ғалымдар тобын басқарып барды. Қазақстандық делегация мына құрамда болды: А. Байтұрсынұлы (жетекші), Е. Омарұлы, Б. Сүлейұлы және Бай - Сейдуәлі Әзиз.

Съез А. Байтұрсынұлының ғалым және ірі қайраткер тұлға ретінде абыройының халықаралық деңгейде аса биіктен көрінген сәтінің айғағы болды. Оның Ахундов,

Бартольд, Ольденбург және Самойлович сияқты аса беделді ғалымдармен бірге съезд президиумына сайлануы, баяндамасы мен жарыссөзде айтқан пікірлерінің зор ықыласпен қабылдануы, сондай-ақ президиум атынан қорытынды сөзбен сөйлеуі осы ойдың көрінісі еді. Ахаң бірнеше комиссияның, солардың арасында, мәселен Ә. Науаидың 500 жылдығын атап өтуге байланысты құрылған комиссияның құрамына енгізілді.

Осы арада ескерерлік жағдай, Қазақстаннан барған делегация түркі халықтарының латын алфавитіне көшуіне ашық қарсылық танытқан жалғыз делегация болды. Сонымен бірге бұл арада мынадай жағдайды ескерген жөн. Бұл уақытқа дейін латын алфавитін Азербайжан республикасы қабылдап, белсенділік танытқан еді. Бұл мәселеге қатысты ортақ шешімге келу туралы түркологтар съезінің Бакуде өткізілуі осы жағдайға байланысты болатын.

Съездің күн тәртібіне негізгі мәселе ретінде одақтағы түрік тілді халықтарды ортақ алфавитке, яғни латын алфавитіне көшіру мәселесінің қойылуының астарында, әрине, саяси мақсаттар жатты. Түркі этносы сан жағынан одақта екінші орында тұрды, сондай-ақ саяси және экономикалық салмағы тұрғысынан да алдыңғы қатарда болды. Түркі факторы И. Сталин басқарған орталық үшін ең жайсыз факторлардың бірі еді. Сондықтан да түрік халықтарын латын алфавитіне көшіру, біріншіден, оларды бір орталықтан басқару ісін жеңілдету үшін қажет болса, екіншіден, болашақта кириллицаға көшіру ісін жеңілдетудің қамы-тын.

А. Байтұрсынұлының және ол бастаған делегацияның (Е. Омаров және Б. Сүлеев) араб алфавитіндегі жаңа емлені қорғап сөйлеп, басқалардан бөлек ұстаным танытуы негізсіз емес-тін. Мәселе мынада. Ахмет Байтұрсынұлы жасаған жаңа емле, ғасыр басында қазақ тілінде миллиондаған тиражбен жарық көрген кітаптар арқылы тұңғыш жалпыұлттық басылым «Қазақ» газеті арқылы айналымға түсіп, бүкіл ел болып қабыл алған ұлттың әдеби жазба тілінің үлгісі еді, сондай-ақ ол ғасыр басындағы ұлт мәдениетінің ең ұлы жетістігі-тін. Тура осы тарихи кезеңде А. Байтұрсынұлы даярлаған емлеге сүйенген қазақ тілі ұлттық сананы оятушы, ұлттық ұюға негіз болған құралға айналып үлгерген еді. Міне осы жағдайды ешқандай да есепке алмастан араб алфавиті негізінде қалыптасқан емлені тастап латын графикасына көшуді талап ету бұл ұлттың руханиятына ашықтан-ашық жасалған қиянаттың өзі болатын.

Большевиктер партиясының Қазақстандағы алғашқы басшыларының бірі А.Д. Авдеев «біз мұнда келгенде Алашордадан тараған рух анық сезіліп тұрды» [12, 103 б.] деген ойды айтқан еді. Ал осы алашордадан тараған ықпалдың екі тіреуі бар-тын: олар қазақ жері мен қазақ тілі еді.

А. Байтұрсынұлы Бакудегі съез мінберіне төрт рет көтеріліп, одақ құрамындағы қазақ және басқа түрік халықтарына алфавит ауыстырып, латын графикасына көшуге ешқандай да төтенше жағдай жоқ екендігін дәлелдеуге күш салды. Бұл ретте ол татарстандық ғалым Шараф Ғалымжанның съезде сөз «әліп-би қалау» мәселесі емес, «әліп-би алмастыру» мәселесі, «әліп-би қалау» деген мен «әліп-би алмастыру» деген екі ұстанымның айырмашылығына көңіл аударып, түрік жұрттары үшін «қашан және қандай жағдайда алфавитті өзгерту туралы мәселе қойылмақ?» деген сұрау қойып, оған «түрік жұрттары – тұтынып отырған әліп-биі бар жұрттар. Көбінің әліп-биімен байласқан әдебиеті, мәдениеті бар», – деген жауабын айтып, соңында «бірақ құрылтай дүкенін жасаушылардың қолында болғандықтан, күн бұрын қолайлап бәрін икемдеп қойғандықтан, қазанның құлағы қазаншының қалаған жерінен шықты: «Латын әліп-биінің артықтығына құрылтайдың көзі жетті», – деген тұжырымын білдіреді [26, 298 б.].

Съезден оралған соң «Жаңа мектеп» аталатын басылымда жариялаған есебінде Ахаң қазақ тарапынан барған делегацияның ұстанымына байланысты мынадай ойды айтты: «біздер мәдениет жүзінде кейін қалған жұрт болғандықтан, мәдениет қуатымыз да, мал қуатымыз да шағын, сол шағын қуатымызды қазірде өте-мөте керек нәрселерге ғана жұмсап жатырмыз. Қазіргі бізге өте-мөте керек нәрсе оқу кітаптары. Бар күшімізді соған салып жатырмыз. Басқа керек нәрселер де толып жатыр; оларды қоя тұрып, өте керегін істеп жатырмыз. Қаріп жағынан өте-мөте керек болып қысып тұрған мұқтаждық жоқ. Осы құрылтайда айтылған пән пәтуаларынша ең жақсы емле де, ең жақсы әліп-би де біздікі болып шықты. Емле мен әліпби жағына келгенде, біз орыстан да, немістен де, француздан да, ағылшындардан да алда тұрғанымыз мәлім болды. Аз ғана күшімізді озған үстіне озамыз деп, озып тұрған жерімізге жұмсауымыз керек. Бізге жаны ашитындар қаріп тауып береміз демей, мектептерімізді бұзау мен қозы алатын үйлерде пысынатпай, соларға үй салып берсе екен делінді» [26, 299 б.].

Съезде сөйлеген сөздерінде Ахаң отаршыл және зорлықшыл елдердің өздеріне тәуелді елдерге жасап отырған қиянатын ашық айтуды өз міндетіне алғандығын анық байқатқан еді. А. Байтұрсынұлы съезде кезекті сөйлеген сөзін терминология мәселесіне, анығырақ айтқанда қазақ тілінде термин жасау ісіне, оның принциптеріне тоқталып, бүгінде өз өзектілігін жоймаған мынадай мәселеге көңіл аударды.

Ахаң сөзінде «бүгінгі мәдениет тек бір ғана ұлттың немесе нәсілдің жасаған жетістігі емес, ол жалпы адамзат еңбегінің жемісі», халықтардың мәдениет саласындағы өзара ықпалдастығы да табиғи, үзіліссіз жүріп отыратын процесс, ал бұл ықпалдастық жағымды және қолайлы жағдайда ғана іске аспақ, өкінішке орай, Ресейдегі орыс және түрік халықтарының арасында өзара мәдени қатынасқа жағымды жағдай жасалынбады, орыс үкіметі өзге халықтарға байланысты кемсінту, орыстандыру, шоқындыру саясатын жүргізді.

Орыс халқының мәдениетімен өзара ықпалдастыққа түсу бұл сол халықтан алдыңғы ұғымдар мен идеяларды да қабылдау дегенді білдіреді. Ал ол үшін ана тілінің сөз қоры, әрине, жетімсіз. Жаңа советтік жағдайда жаңа сұраныстарға байланысты ана тілінің әдебиет, ғылым және саясат тілі ретінде тынымсыз өсу, өзгеру жолына түсуіне тура келеді. Мұндай тынымсыз өзгеріс және өсу жолына ол қолайлы жағдай және қолдау жасалынғанда ғана түсе алады. Ондай мүмкіндік болмаған күнде ана тілі үстем мәдениет пен тілге тәуелді, күнделікті отбасы, ошақ қасы тіл дәрежесінде қала бермек. Яғни тілдің лексикалық қоры, мүмкіндігі тарыла түспек.

Съездің төрағасы қортынды сөзді А. Байтұрсынұлына береді. А. Байтұрсынұлы: «Съезде біз түрік халықтарының ояну, өрлеу арнасына түскеніне көз жеткіздік... Ғылым мен білімнің мақсаты адамның азабын жеңілдету, өмірдегі игіліктерді молайтып, оны адамға жағымды ету. Осының бәрі мәдениет жетістіктері аталады, ал осы мәдениет жетістіктері барлық адамзаттың мақсатты қызметінің жемісі екендігі мәлім, солай бола тұрып ол мәдениет жетістіктері барлық адамзатқа бірдей тең түрде қызмет жасамай отыр, өйткені ол игіліктер империалистердің, капиталистердің, отаршылдардың қолында. Бүгінгі жағымды ғылым мен жетілген техника табиғатты неғұрлым толығырақ қанауға қызмет етумен бірге, сол табиғаттың бір бөлігі адамды адаммен қанауға қызмет жасауда. Бүгінгі адамзат өзін жоғарғы мәдениет иесі ретінде тәкаппарлық танытып, алғашқы қауымдық адамнан ұзай түсіп, білімі молайып, идеясы кеңейіп, техникалық тұрғыдан жетіле түскенімен, оның ішкі табиғаты өзгеріссіз қалып отыр. Керісінше, мәдениет адамның ең төменгі

сезімдеріне қуат беріп, оларға жамылғы міндетін атқаруда... Теория белгілі бір бағытта ілгері кетсе, практика мүлдем басқа нәтиже беруде, соның нәтижесінде өмірде әділетсіздік және ұйымдасқан екіжүзділік кең өріс алды. Жарық дүниеде емдеуге мұқтаж бір үйлесімсіздік болып жатқанын бәрі де сезгендей еді. Ең құдіретті деген ақыл иелері бұл дертке ем іздеді, бірақ оны таба алмай қиналды. Соған байланысты түрлі ағымдағы ойлар дүниеге келді. Сондай әрекеттің бірі социализмді орнатуды көздейтін Ұлы Орыс Революциясы. Социализм қоғам ісін үйлестірудің ең жоғарғы түрі және ол өте жоғарғы мәдениетті талап етеді. Оған апаратын жалғыз тура жол әділеттілік.

...Ал әділеттілік бұл жайылған дастархан бетіндегі түрлі тағамдар емес, әркім өз қалағанын алып қанағаттанатын. Әділеттілік басқаның құқына деген құрметті білмейді, өйткені табиғатта күш қана билік құрады. Ал күш билік құрған жерде әділеттілік болмайды. Дегенмен, табиғаттың күшін белгілі бір дәрежеге дейін ретке келтіретін, сабасына түсіретін тағы бір күш бар, ол күш – мәдениет күші. Әділеттілікті жасайтын адам. Адам әділеттілікке мәдениеттерді теңестіру арқылы ғана жетеді. Мәдениеттер теңдігі сатылмайды немесе сыйлыққа берілмейді, ол қажымай-талмай жасаған еңбектің нәтижесі есебінде келмек. Өмір қайыр-садақа бермейді, өмір көш соңында қалғандарға демеу жасап, күтіп тұрмайды» [27].

Ахаңның Бакудегі түркологтар съезінде сөйлеген сөзі бар болғаны 13 жылда (осы съезде сөйлеген сөзінде атаған уақыты – авт.) қазақ ұлтының басын біріктіріп, ел екендігін білдіру ісінде ерекше қызмет жасаған ана тілінің өзі даярлаған алғашқы ғылыми емлесін жанұшыра қорғауы болды. Ұлы ойшыл-қайраткердің Ресей империясындағы беделді деген ғалымдар бас қосқан үлкен аудитория алдында мұндай қадамға баруға толық моральдық құқы бар-тын. Бұл оның империялық зорлыққа, яғни советтік билік жүйесінің өсу жолында тұрған ұлттық санаға жасап отырған қиянатына алаңсыз ашық қарсылық көрсетуі болды.

А. Байтұрсынұлының түрколотар съезінде сөйлеген сөзі билік тарапынан түрік халықтарын латын алфавитін қабылдауға қарсылық көрсетуге шақырғандай қабылданды. Қазақ қайраткерінің жаңа өкіметтің империя құрамындағы түрік халықтарына жасап отырған қиянатын ашық айтып, оған қарсылық көрсетуге үндеуі сталиндік басшылыққа, әрине, ұнамады. Мұндай қарсылықты А. Байтұрсынұлы 1924 жылы қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде, сондай-ақ 1925 жылы Пішпекте болып өткен қырғыз елінің ағарту қызметкерлерінің бірінші съезінде де ашық білдірген еді. Соңғы жиынды сөйлеген сөзінде ол мынадай ойды айтты: «...культура есть видоизменение эксплуатации. Это видно из того, что и теперь Англия и Америка, как самые культурные страны, эксплуатируют отсталые нации. Это общий закон природы, и в отношении развития они идут впереди.

Народность, которая могла бороться, идет вперед, может создать высокую культуру. Мы же не могли этого сделать и отстали... Москва, Компартия конкурируют с другими странами, но мы всегда остаемся в хвосте. Победителями в борьбе могут выходить те, кто способен совершенствоваться, а для того чтобы быть способным, нужно быть культурным, технически вооруженным...

К нам, беспартийным, Советская власть относится с недоверием, но мы не дураки, чтобы не оценить значения Советской власти, дающей нам возможность проявить себя» [28].

Жалпы Баку съезі Ахмет Байтұрсынұлына Совет өкіметіне қатысты ұстанымын біржола анықтау сәті болды. Бұл жолы ол биліктің еліне өз тағдырын өзіне шешу мүмкіндігін бермейтіндігіне көзі жете түскен еді. Қайраткердің бұл жолғы жеңілісі Алашорда үкіметін құру әрекетінен (1917–1919) кейінгі екінші жеңілісі-тін.

«Байтұрсынов коммунист болған емес, болмайды да» деген пікірдегі сталиндік билік араға 3 жыл 3 ай салып оны қамауға алды. Қайраткердің ендігі өмірі рухани күйзелісте, қуғын-сүргін жағдайда өтті.

*Ескертулер*


1. Кеңестік идеология жасырған ақиқат // Жас Алаш. – 2016 ж. 29 қыркүйек.
2. Государственный архив Росийской Федерации (ГАРФ) 7-қ.,109-т., 2881-іс.
3. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. 1-т., – Алматы, 2013. – 144 б.
Төртінші, газета – халықтың даушысы. Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтар газета арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шұқытпасқа тырысады.

Халыққа газетаның осындай пайдалы қызметтері бар екендігін білген жұрттар газетаны киетін киімі, ішетін тамағы, үстіндегі үйінен соңғы керек нәрсеге санайды. Газетаның пайдасын білімді, өнерлі халықтар көбірек біледі. Сондықтан неғұрлым білімді, өнерлі халық болса, соғұрлым газета, журналдары көп. Оны мынадан байқауға болады.

1909 ж. санаққа қарағанда, Америкада шығатын газета һәм журналдың есімі – 12 435, Франсияда – 8940, Германияда –8000, Италияда – 3120, Русияда – 2058 екен. Ең білімді һәм һөнерлі халық Америка, сол Америкада газета мен журнал бәрінен де көп. Америкада «Сон» деген газетаның үйі 23 қабат, биіктігі 61 сажен. Ондай үйдің бағасы әлденеше миллион боларға керек. Неге десең, ол үй тұрған қалада үй орнының жері ғана 2-3 млн сом тұрады.

Газетаны жұрт керек қылмаса, миллиондап капитал ол үшін жұмсамас еді. Осылардың бәрі де газета керек нәрсе екендігін көрсетеді.

1907 ж. санаққа қарасақ, Русияда сол жылы 2173 есімді газета һәм журналдар

шыққан екен. Оның 1396 орыс тілінде, 867 басқа тілде. Сол 867 ішінде біздің татар қандастарымыздың 30 шамалы газета, журналдары болды. Бізде біреу де болмады. Онан бері 5 жыл өтті. Сол 5 жылдың ішінде газета, журналдардың саны бұрынғыдан да өсті. Біз де құр қалғанымыз жоқ: «Айқап» журналы шықты. Ол бұрынғыдан гөрі жақсырақ болса, ілгері басқанымыздың белгісі. Бірақ бір адым ілгері басып, сонымен тұрып қалсақ, онымен алысқа ұзай алмаймыз. Ілгері басқанның үстіне ілгері басарға керек. Озғандарға жету керек, жеткендеріміздің озу керек. Дүниенің төріне тырмысқандар төрден орын алып жатыр. Тырмыспағандар есікте қалып жатыр. Есікте қалмай, төрге тырмысалық. Басқалар төрге қалай бара жатқанына қарап, біз де солардың істегенін істейік.

Басқалардың заманға қарай етіп жатқан амалын көруімізге газета-журналдар керек.

«Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар» деген нақыл бар. Бұзуға құдіреті келетін сөздің, түзеуге құдіреті келеді. Сөз – қару, бұны бұзуға жұмсасақ, бұзады, түзеуге жұмсасақ, түзейді. Сөзін жұртты түзеуге жұмсай бастаған жұрттың өзі түзеуге бет алғанын көріп тұрмыз. Алыстан іздемей, жақыннан-ақ алайық. Күні кеше өзімізбен шамалас, қатар халық татар қандастарымыз, сөзін жұртты түзеуге жұмсай бастап еді, түзеліп ілгері зарығып бара жатыр. Орысша оқығаннан басқа, жастарыңды оқытып, көздеріңді ашып отырған татар.

Бұл – татардың бізден ілгері кеткендігі. Олар бізден емес, біз олардан үйреніп жатқанымыз білім дәрежесінде біздің төмендігімізді көрсетті.

Ал Алаштың азаматтары! Ақсақ қойдай басқадан кейін қалғанымыз ба? Жоқ, қалмас амалын іздеп қамданамыз ба? Қалмаймыз десең, қарап жатпалық. Көп істе көп болып жабылайық! Саңлаулы, саналы халық азаматтары көмек етіп, күш қосып демер деген үміт зор. Қолымнан не келеді деп қорынбаңдар! Ұлтыңа қызмет етуге ниет болса, жұмыс табылғандай. Көп жұмыстың ішінде ауыры да, жеңілі де болады. Қазақтың бітіп, тынып тұрған нәрсесі жоқ. Һәркім әлінен келер жұмысын алсын. Жадымызда болсын! Аз нәрсе көпке себеп болмақшы. Сол демеу, зорға сүйеу болады. Ұлыө іс ұсақтан ұлғаяды. Кірпіш зор емес, қаласаң қандай зор үй шығады. Шөпшектеп жиып, шөмеледей илеу істейтін құмырсқаны көрмейміз бе? Ұлығ іс ұсақ істен құралып, зор болатындығын осылардан аңғаруға болады.

Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетамыздың есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген ұранымыздың ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десеңдер, азаматтар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, өмір қысқа, қолдан келгенін өмір жеткенінше істеп кетелік. Малша оттап, асап ішіп, халық үшін қам қылмай, қарын тойғанына мәз болып, мал өліміне күлмейік.

Миллет халін ойымызға алып, қызмет етуді мойнымызға алып, талаптанған бір ісіміз. Құдай сәтін салғай, «әмин» деп қол жайып, «әуп» деп күш қосып, «Алла» деп іске кіріселік!

*Қазақ, 1913, № 1.*

## № 106
## Оренбург, 10 феурал

«Қазақтың» бастапқы нөмірінде төңіректе түнерген бұлттар көрінеді дедік. Ол айтқанымыз түнеріп шыққан бұлт секілді «Мынау қалай болар» деп, кісіге ой түсіретін нәрселер еді. Отбасының уайымын қойып, жұрт басының қайғысын ойласақ, ой түсіретін нәрселер һәр тараптан көрінеді. Қалыпты шаруамыз өзгеріліп, қалпымыз да өзгерілейін деп тұр. Қалпымыз өзгеленсе қалай болатынымыз белгісіз, іргеміз тұтас ыдырамай, бірыңғай жатқан халық едік. Енді арамызға бөтендер келіп кірісейін деп тұр.

Бөтендер кіріскенде халіміз қандай болар? Тарих жолына қарағанда келімсек жұрт күшті болса, тұрғын жұрт аяқасты болып, азып-тозып жоғалмақшы. Тұрғын жұрт күшті болса, келімсек жұрт сіңіп, тұрғын жұрттың торына түсіп, бөтендігі жоғалмақшы. Екеуі де тең болса, бір-бірінен кем болмай, біріне-бірі жем болмай қатар тұрып күнелтіп, һәр қайсысы өз алдына ұлт болып тұрмақ.

Қазақ енді бірыңғай, іргесі тұтас қалпында, бұл күйінде тұра алмайды. Егін шығатын жерге егіншілер келіп орнап жатыр, мал бағатын жерге мал өсірушілерді алып келіп орналастырмақшы, балығы бар жерге балықшыларды қондырмақшы. Қысқасы, ол жолмен, бұл жолмен болсын қазақ арасына бөтен жұрттар кірейін деп тұр.

Істің бәрі жалғыз-ақ тамақ асырап, күн көруге қалса, өз бетінен күн көре алмаса, өзге жұрттың есігінде жүріп, малайлықпен тамақ асырап, қазақ тіршілік етер еді ғой. Біз қазақ тіршілігін ойланып, қалай болар деп қам қылатын тіршілігіміз – ол тіршілік емес. Қазақ деген қашаннан өз алдына ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға шейін тұтас тұрған халық едік. Арамызға һәр түрлі жұрт кіріскенде, солармен қатар, атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра алармыз ба? Осы – бізді төсекте дөңбекшітіп, ұйқымызды бұзатын нәрсе. Басқа жұртпен араласқанда өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиеті) бар жұрттар ғана тұрады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы һеш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміз, дін де сақталу қамын қатар ойлау керек. Қазақтың осы күнгі ісінің бетіне қарағанда һәм мұнан былай ісіміздің беті осы болса, қазақ тілі азып, жоғалуға ықтимал. Біз келімсек жұрттан кем болмас үшін оқымай тұра алмаймыз. Оқымасақ басқалармен қатар тіршілік ете алмайтынымыз сүттей ақ, күндей жарық. Оқығанда ісіміз осы халінде болса, тіліміздің азып, жоғалуы да анық.

Қазақтың балалары қалай оқып жүр? Елде оқыса, он жыл оқып хат жазуды білмейтін ескі жолмен оқиды. Шаһарда оқыса иә сарт, иә ноғай медреселерінде оқиды. Орыс оқуында оқитыны орысша кітап үйрену, орысша жазу. Қазақша көбі оқып та, жаза да білмейді. Мұсылман медреселерінде оқығандардың естігені әдеби тілмен жазған кітап, жазғанда да сол кітаптардың тіліне салып еліктеу. Ол әдеби тіл деген қандай тіл? Араб, парсы сөздері көп кіріскен тіл. Неғұрлым араби, парси сөздері көп қосылса, неғұрлым қара халық түсінуге ауыр, хатта тіпті түсінбейтін болса, соғұрлым әдебиірек болады деп тұтынған жолдан шыққан тіл. Бұл тіл халықтан тумаған, жаны жоқ тіл. Мұсылманша оқығандарымыз әдеби тілмен сөйлейміз, әдеби тілмен жазамыз, қазақша жазсақ әдеби болмайды деп қазақ тілімен жазуға ұялады, қорынады. Орысша оқығандарымыз қазақ тілімен пікірімізді

толық айта алмаймыз, жетпейді, орысша жазғанымыз оңай дейді. Қысқасы, орысша, мұсылманша оқығандарымыз қазақ тілімен жазуға қорынып, біреуі орысша жазады, біреуі әдеби тілмен жазады.

Бұлардың өз тілінен қорынып, жерінетін себебі не? Менің ойлауымша, бұл ғадеттенуден, біреуі орысша оқып, бірі әдеби тілмен оқып, қазақша жазу ғадетінде болмағандық. Ғадетте жоқ нәрсе қалыптан тысқары болып, басында ерсі көрінеді. Қазақ тілімен жазу ғадетінде болмаған соң, орысша һәм мұсылманша оқығандарымыз қорынады. Бір-біріне жазған хаттарын да қазақша жазбайды. Бұлай істеулері ұнамды емес. Бірақ қазақ балаларын аталары осы күнгі оқытуына қарағанда «Бұл неге солай?!» деп ғажаптанар да іс емес. Сегіз-тоғыз жасынан оқуға түссе, оқыған тілі басқа болса, оқитын кітабы басқа тілде болса, жазғанда сол кітаптардан үлгі алып жазса, олар қайдан қазақша жазуға ғадеттенер? Мұнан бұлай да осы бетімізбен жүре берсек, ықтисадта қазақ тілі азып-тозып, бірте-бірте тұтынудан шығып, әуелі қазақша жазу ұят көрінер, сонан соң қазақша сөйлеу ұят көрінер, онан әрі не болары белгілі. Оқыған жастарымыз қазақ тілінен жиренсе, қарттарымыз мың жасауға болмаса, қазақ тіліне жан сақтайтын орын жоқ. Сондықтан бұлтақтамай осы бастан істің бетін тура жіберу үшін анықтап ашатын нәрсе мынау: Қазақ тілін сақтау керек пе? Болмаса орысша болсын, басқаша болсын сөйлесуге жараған соң бәрі тіл ғой, қазақ тілі жоғалса жоғала берсін дейміз бе?

Біздің газетамыздың таңбасы «Қазақ», иәғни қазақтығымызды сақтау. Қазақтық, әрине, аты мен тілі жоғалмаса сақталады.

Бұл айтқанымыз орысша иә басқаша оқымасын деген емес, орысша тілді де білу керек, бірақ өз тілінен жиренбеске керек деген сөз. Тұтынбаған нәрсе жоғалады. Он жыл, он бес жыл еңбек етіп, қиналып орыс иәки әдеби тілді үйрендерге өз тілімен жазуды үйрену қиын деп һешкім айта алмас. Орысша білудің де, әдеби тілді білудің де орындары бар: біздің қарауымызша оларды өз орындарына жұмсау тиіс. Ақырында айтатынымыз: әдеби тілді сүйетін бауырларымызға газетаны қазақтың қара тілімен жазғанымыз ұнамсыз көрінсе, ол кемшілігімізге кешу өтінеміз. Жұрт үшін шығарылған нәрсе жұртқа жақын болуы тиіс. Аспандағанмен, жерден алыс кете алмаспыз, артылдық дегенмен, елден алыс кете алмаспыз.

*Қазақ, 1913, № 2.*

## № 107
## Құрметті бас жазушы!

Біздің жұртқа газетаның артықша мұқтаждығы һәманнан тысқары екендігі кімге болса да анық белгілі. Соның үшін Оренбургтағы «Қазақ» атты газета шықпақшы болды деген хабар құлағымызға тиіп, біз, Петербурдағы қазақтар, қуанышымыз қойнымызға сыймай, осы хат арқылы өзіміздің, жұртымыздың ғадеті бойынша «Қазақтың» қадамы қайырлы, бауы берік, өмір жасы ұзақ болып, мақсұтқа жетпегіне тілектестігімізді білдіреміз.

Біздің қазақ халқы ғылым, һөнері аз болған соң дүниенің айласына келгенде басқа, өзінен һөнері артық халықтан күші кем болып, олардай тіршілік амалын істей алмай, олардың айтқанын істеп, айдағанына жүретұғын қара табан құлы сияқты болып жүр.

Жаңа шыққан газета, жылқының жас құлынындай нашар болады, сол құлынды ақыл иесі қандай қылып ауыздандырып, аяқтандырып тәрбиелесе, біз де жаңа туған

«Қазақ» газетамызды қолымыздан келгенінше тәрбиелейік. Құлынды көнген кісі зарар таппаса «Қазақты» күткен біз де пайдадан басқа һешбір зарар таппаспыз.

Біз, Петербургте тұрған 6–7 қазақ баласы, һәр қайсымыз һәр жақтан, һәр рудан екенбіз. Бірақ түп қанымыз бір болған соң ойымыз да, мақсұтымыз да бір болып, біреуіміздің қуаныш, қайғымыз бәріміздікіндегідей көрініп, қолдарымыз азырақ жұмыстан босағандай болса, көрісіп сөйлеспесек көңіліміз орнына түспейді.

Қазақ халқы алтау, жетеу ғана емес, 6-7 млн деп айтылады. Мұндай көп жұрт көзбен көрісіп, ауызба-ауыз сөйлесе алмайды. Бірақ жаңа туған «Қазақты» бір жағадан бас, бір ауыздан сөз шығарып, жас та болса бастай көріп, халық ортасына «Қазақшы» қылып, һәркім шын көңілімен батасын беріп, халінше не көмегі де болса тигізіп тұрса, біздің мұңды жұртымыздың мұңдасып, бірінің хал-жайын бірі біліп тұруына да «Қазақтың» жәрдемі аз тимес еді деп ойлаймыз.

Біздің тағы да айтатұғын бір қолқамыз мынау: «Қазаққа» қаламменен жәрдем беретұғын мұсылманша оқыған құрбыларымыз бір нәрсе жазғанда басқа араб, парсы, ноғай қандастарымыздың сөздерін, орысша оқығандарымыз орыс иәки басқа Еуропа жұртының тілдерін орынсыз көп кірістірмей, өзіміздің қазақтың нағыз қара тілімен жазып тұрса, «Қазақ» қалың жұртымыздың оқып тұруына оңай, түсінімді болар еді. Соның үшін құрметті бас жазушы да мұны һәр қашан назарына алып жүрсе екен деп тілейміз.

**Батырша Сұлтангерей баласы Есімханов,**
**Сейілбек Мейрамұлы Жанайдаров,**
**Ыдырыс Оразалы баласы,**
**Ғұсман Жанабек баласы,**
**Мұқыш Бөштаев,**
**Мұстафа Шоқай баласы**

*Қазақ, 1913, № 5.*

## № 108
## «Қазақ» құтты болсын!

Дүниеге келді бізден бір талапты ұл,
Ер жетсе, бар қазақтың басшысы бұл.
Бөгеттен, ауру-сырқау аман сақтап,
А, Құдай! Құтты өмірлі, бақытты қыл!
Үмітті Орынбордан бала туды,
Қолына жарық сәуле ала туды.
Мақсаты қараңғыда жүрген халқын
Ойлайды тура жолға қаратуды.
Күтіп ем, туа ма деп көзім сүзіп,
Бұл кезде кетіп едім, күдер үзіп.
Хабарын «Уақыт»-тан білгеннен соң,
Тірілді өлген үміт, қаным қызып.
Көп қайғы болды бүгін ұмытылғандай,
Бейнеттен бір зор ауыр құтылғандай.
Жақындап жан шығарға шөлдегенде,
Құмартқан сусын бейне жұтылғандай.
Қайғысыз жас жігіттей бола қалдым,
5–6 подписшикті тауып алдым.

Бір тамшы қарлығаштың суындай ғып,
Алуға жылдық «Қазақ» ақша салдым.
Табармын шамам келсе тағы жолдас,
Қам қылмай қартайдым деп жатып болмас.
Үмітті жаңа туған жас баланы,
Ағайын қырғыз-қазақ түгел қолдас!
Ойлама газет бізге не керек деп,
Газетсіз ел жаны жоқ, өлгенге есеп!
Көл болар, көп түкірсе деген пәни,
Кетпей ме бір тоқтыны қасқыр да жеп? ...

**Ш.Х.**

*Қазақ, 1913, № 5.*

## № 109
## 5 мың десиатина жер

Русияда құрт ауруға қарсы қару ететін жәмиғат (обшество) бар. Құрт аурулыларды дала қымызымен емдеу үшін қазақ жерінен қымызхана ашпақшы болған. Қымызханаға керек 5 мың десиатина жерді хүкімет тарапынан сұрап алмақшы болған. Бұл алатын жері Бершүгір стансасының қасындағы Ырғыз уезінің Шеңгел болысының қарамағындағы қазақтар пайдасындағы жер. Өткен жаз землемер шығып, жерді өлшеп, бороздасын тартып алуға әбден даярлап қойса керек. Бұл 5 мың десиатина жерде 13 үйдің қыстауы бар, басқа қазақтардың жайлауы бар. Ол қазақтар жерін алғанына риза ма, жоқ па, беймәлім. Бұл жер мұжықтарға алынған секілді зорлықпен алынып жатқан шығар. Қазақтың жерін басқалар талап алып жатыр деп біздің де талау жолымен алғанымыз лайықсыз. «Басқалардан қазақтың жері жылдан-жылға тарылып жатқанда біз де бір жағынан жармалап жер аламыз дегеніміз жарамайды» – деп, жәмиғаттың кей ағзалары қазақ жерін алуды мақұл көрмеген. Бұл мақұл көрмеген жағы Мәскеудегі жәмиғаттың бас соуетіне қазақ жерін алу лайық емес дегендігін білдірген. Жерді алу-алмасы талас болған соң, қай жағының сөзі дұрыс екендігін ашу үшін Мәскеудегі бас соует тарапынан Орынборға бір адам келген. Осы марттың 6-да Орынбордағы ағзалардың жиылысы болды. Ішінде Мәскеуден келген адам да болды. Осы жер туралы сөз болатын болған соң мен де барып едім. 5 мың десиатинаны алу-алмас турасында көп сөздер сөйленді. Біреулері бұл жерді алу керек, мұнан қазаққа пайда болмаса зарар жоқ деді. Біреулері алмасқа керек, қазақтың іске асатын жақсы жерлерін мұжыққа беріп құртып жатыр, оның үстіне біз секілді жәмиғаттар келіп тағы алса, қазаққа не қалады деді. Ақырында көптің пікірі жерді алуға айналды. Мәскеуден келген адам бұлардың сөзін тыңдап болып айтты: «Сіздердің пікірлеріңізді естіп болдым. Майдың 13-де бұл турасында айтылған пікірді Мәскеу соуетінің жиылысына саламын. Мен жалғыз-ақ біле алмай тұрғаным, бұл жер турасында қазақ пікірлері. Жері алынатын қазақтардың пікірін білсем екен» –деді. Орынборда «Қазақ» газетасы бар екен, сол арқылы сұрап білуге болмас па екен деді. Газета арқылы сұрау керектігін мен де қуаттап, қазақтардан сұрап, олардың газетамызға жіберген пікірлерін Мәскеу соуетіне жеткізу міндетін мойнына алдым.

13 майға шейін бұл турасындағы пікірлер Мәскеу правлениесіне барып, даяр болып тұрарға керек. Сонда қаралып, һәркімнің пікірі саналып, жерді алар-алмас мәселе бекіп, тәмам болады.

Енді біздің өтінетініміз, сол Бершүгір ыстансиасының жанындағы алуға ыңғайлап қойған жерде 13 үйдің қыстауы болса, қыстап һәм жайлап отырған

қазақтар сол жерді алуға риза ма, жоқ па? Осыны солар бізге білдірсе екен. Білдіргенде сенімді һәм қуатты болуы үшін 13 үйдің адамдары тегіс қол қойып иә таңбаларын салып, ауылнай, би иәки болыс секілді адамдардың бірі мөрін басып жіберсе екен.

Және де пікірлерін жіберетін адамдардың есіне салатындарымыз мынау: бұл қымызхана салынғанда қазаққа болатын пайдасы қанша, зарары қанша екенін салыстырып, өлшеп, жерді беру-бермес пікірді соған тіреп айтарға керек.

Пайдасы, зарары қанша екенін мұнан байқауға болады: қымызхана жүз ауруға шамаланып жасалады. Олай болғанда жүз аурулы адамдар қымыз ішіп жатуы ықтимал.

Жүз ауруды бағатын доктор, фелшерлері болмақшы. Ол қымызхана үйлерін жуып, тазартып тұратын жұмыскерлер болмақшы. Ауруларға һәм оларды бағатындарға қымыз керек. Ет керек. Олардың бәрін қазақтан алмақшы. Олай болғанда биесі барлар 5 мың десиатина жерге биесін бағып, сүтін сатпақшы. Қойқозысы барлар қойын-қозысын сатпақшы. Малы жоқтар жұмыскер болып, жалданып мал таппақшы. Бұл кәсіп жағынан қазаққа боларлық пайдасы. Мұнан басқа пайдасы болуға ықтимал жақын жердегі қазақтардың ауруларына. Құрт аурулы иә басқа аурулы адамдарға жақын жерден дәрігерлер табылып тұрмақшы, мұның бәрі пайдалы жағы.

Енді зарарлы жағын алалық. Қазаққа мұнан зарар болады, егер де қыстауы бар қазақтардың қыстап отырған жері жақсы, шаруаға қолайлы болып, көшіргендегі алатын жері бұрынғы жерінен төмен болса, екінші, бұған кететін жайлаулық жерлер суы тұшшы, шөбі мол жайлауға қымбат жер болса һәм оны жайлап жүрген елдердің мұнан басқа қолайлы жайлаулары болмаса. Үшінші, ақша табуға қызығып құлындарын қатырып, биелерін жүдетіп, қыс күні қырып алып жүрсе. Мұнан басқа қандай зарары болар. Қазақтың өздері шамалап білер. Біз сырттан қараған боларлық зарарларын һәм пайдасын айтамыз.

Және де айтатынымыз бұл жер басқа осындай нәрселерге, болмаса мұжыққа алынбайтын жер. Қазақ риза болмаса, жоғарыда айтылған жәмиғат халықты ренжітіп, зорлықпен жер алмайды. Бұл жәмиғаттың ішінде сендердің ризалығыңды керек қылатын адамдар көп.

**Ахмет Байтұрсынов**

*Қазақ, 1913, № 6.*

## № 110
## Қазақ жайы

Ілгергі нөмірлерде Европа, Азия патшаларының жайынан һәм Русияның ішкі, тысқы істерінің жайынан қысқа-қысқа сөйлеп, аз да болса мәлімет бергеннен кейін, енді қазақ істері жайынан сөйлемекпіз.

Қазақтың кемтігі, керегі көп, кемтігін толтырып, керегін табуға істегені аз болған жоқ. Біздің керегіміздің көбі бұрынғы күйімізде болмаған, осы күнгі жайымызға қарай керек болып тұрған нәрселер. Бұрын бізге ғылым да, һөнер де қажет емес еді. Кең далада еркін жүріп, еркін тұрып, мал бағып, бар керегіміз малдан табылып, басқа нәрселерді керек қыла қоймаушы едік. Заманында сол қалпымыз жайлы да, жақсы да еді. Заман қазір де сол қалыпты болса, қазаққа ғылым, һөнер керек болмас еді. Адам ғылым мен һөнер үшін жаратылған емес, ғылым мен һөнер адам үшін шыққан, адамның өзі тіршілігіне керек болған кезде

ойлап тапқан нәрселер. Не нәрсені де болса адам керегі болса іздеп жоқтайды, қажеті жоқ нәрсені кісі жоқтамайды.

Бұрынғы күйімізде бізге оқудың тіпті керегі жоқ еді. Дүниемізге керек еді деуге – керегіміздің көбі, мәселен, тамақ, киім, үй бәрі малдан табылушы еді. Олай болғанда күнелтуімізге оқудың қажеті жоқ еді.

Басқа жұмыстарға керек болды деуге бұл күнгідей уездни, крестиански нашалниктерге, мировой судиа, окружни сот, губернатор, министр, сенатқа арыз беру қазақта жоқ еді. Ісі бар адам ауыл ақсақалына айтушы еді. Онан асса биге түсуші еді. Биден асса ханға барушы еді. Олардың бәрі де арызыңды қағазға жазбасаң һәм орысша жазбасаң алмаймыз демеуші еді. Һәркім арызын өзі айтып, өзі сөйлесіп, бітіп, айтылғаннан тану-таю жоқ еді. Тану жоқ болған соң, книгаға тіркеудің де қажеті жоқ еді.

Книгасын қолға алып, қай жағынан мол түсер деп, жалақтап біреудің ажарына, біреудің ақшасына сатылып, билік айтатын осы күнгі «Торсық емген топыраш» топас народный судиалар ол заманда жоқ еді. Табынан талассыз озып шыққан һәр елдің білімді көсем һәм шешен билері болушы еді. Олардың билігіне книгаға жазылмаса да жұрт тоқтаушы еді. Жазу-сызусыз жұмыс бітетін болған соң билерге де, биге жүгінушілерге де оқи иә жаза білудің қажеті жоқ еді.

Қазақтың дүниесіне керек емес оқудың ақыретіне де керегі аз еді. Неге десең ол күндегі қазақтар намаздың сабағын білмей: «Ақ қойдың келдесі, қара қойдың келдесі, мен Құдайдың пендесі» деп намаз оқыса да, олардың жүректері осы күнгі он қабат орап басына қазандай сәлде салып, көзін сүзіп, көлгірсіп отырған молдалардың көбінің жүрегінен таза еді. Құлшылық қабыл болуына таза жүректен артық нәрсе жоқ.

Қазаққа оқудың керегі жоқ кезде һөнердің де керегі аз еді. Өздеріне керек һөнерді білетін адамдары араларында болушы еді. Үйшісі, ұстасы, етікшісі, ершісі өзінде еді. Сауық үшін керек һөнерлерден де қазақ құр алақан емес еді. Ақыны, шешені, әншісі, күйшісі өзінде еді.

Қазаққа қыстың қысаңдығы болғанмен, жазы жайлы мейрам есебінде өтуші еді. Қар кетіп, көк шыққан соң, қазақтың ағы молайып, астананың қазаны құрылып, ел тойынып, еңсесі көтеріліп, қыстың қысқаны тез ұмыт болушы еді.

Онан әрі қымыз шығып, ел жайлауға көшіп, мейрам қызығы басталып, түйелері боздап, жылқылары кісінеп, сиырлары мөңіреп, қойлары маңырап, бәрі оркестрше үн қосып, ел музыкалатып келіп қонған секілді болушы еді. Шалғынды жерге үй тігіп, салқын үйде сапырулы сары қымызды ішіп, түк жұмыс жоқ, бейнеттен азат шаһар адамдарына мейрамда іздесе табылмайтын райысты қазақ үйінде отырып көруші еді.

Ол заман қазақтың көбінен өтті. Өтпегендерден енді өтеді. Қазақ сол күйін ғылымды, һөнерлі жұрттың кент қалыбының қандайына да болса, өз еркімен сатпас еді. Ол қалыбынан қазақ амалсыз айырылайын деп тұр. Бұрынғыдай кең даланы қазақ жалғыз меншіктеп отырған жоқ, басқалар да келіп тығылды. Басқалармен араласу енді көбейді һәм жылдан-жылға көбейіп барады. Олармен араласқан соң, біздің бұрын керек қылмаған нәрселеріміз енді керек бола бастады һәм жылдан-жылға керегі білінер. Өзгелерден кем болмай тең боламын деген жұрт қатарынан қалмасқа тырысады. Тең болмағанда адам болсын, жұрт болсын білімі, һөнерімен тең болады, қалыспаймын дегенде осыларымен қалыспасқа тырысады.

Тіршілік – бәсеке, жарыс, дүние – бәйге үлестіруші. Озғанға қарай бәйге береді. Жарыстың алды боп келген бәйгенің алдын алады, ортасы боп келген ортасын алады, соңында қалған бәйгеден тіпті құр қалады. Дүниенің ісі осылай болған соң адамнан адам, жұрттан жұрт, ұлттан ұлт озсам дейді. Озғанның ісі қай орында

да болса, үстін тосып, қалғанның ісін баспақшы. Ғылымы, һөнерімен асқандар білімсіз, һөнерсіздер білімімен жығып, аяғына баспақшы. Малымен асқандар байлығымен қамыттап жұмысына жекпекші.

Біз өзімізбен болып, басылып бара жатқанымызды, батып бара жатқанымызды байқамай, батып болған соң бірақ білетін көрінеміз. Бізде ғылым жоқ, һөнер жоқ, кәсіп жоқ. Бұлардың бұрын жоқтығы керегі болмағаннан еді, енді де керек емес пе? Бұларды енді керек қылмасақ, күн бұрын өзімізді, Құдайға айтқан малды, басқалардың есігіне арнап қою керек. Оқымаған, һөнерсіз, кәсіпке айыбы жоқ адам басқаларға жалданған малайлықтан басқа неге жарайды? Өзінде ғылым жоқ, һөнер жоқ, кәсіп жоқ жұрттың да өзге ғылымды, һөнерді, кәсіпшіл жұртқа малайлыққа жалданғаннан басқа қолынан келері жоқ. Оның шет жағасын байқаған адамдар көріп те отыр. Неге басқалардан қазақ есігінде жүріп малай болушылар аз, басқалардың есігінде қазақтан жалшылықта жүрушілер көп. Бұл басқалардың ісінің үстемдігін көрсетеді. Осыған осы бастан көз салып, ойланарға керек. Бұл жеңіл жылы қарап, көздің қырын салып қана өтетін емес, көп тоқтап қарап, мықтап ойланатын нәрсе. «Басыңның сауында бер садақасын, ұшалмас салсаң бүркіт томағасын» дегендей, бәледен басқа келмей тұрғанда сақтанбасақ, томаға киілген соң, жөн тауып ұшу қиын болар.

Біз осы уақытта тайғақ кешу, тар жолда тұрмыз. Мұнан аман өтсек, жұрт болғанымыз, Алаштың азаматы көптеп-көлемдеп ақылын қосып, білімін біріктіріп, ұлтын кешуден аман өткізуге жол көрсететін жері осы. Білгенін айтып, қолдан келгенін істеп, жұртын сүйемелеп, тар жерден аман өткізуге қайрат қылатын да кез осы.

Бізде негізгі бір зор адасқандық: өз ісімізді өзіміз жай жатып сұрай берерлік дейміз де, сұрай береміз. Сұрағанын алмақ түгіл, қазақ әлі алдырумен келеді. «Жығылған күреске тоймас» деген, алмаса да қазақ сұрауын қоймайды. Сұрауда да фарқ бар екенін есіне де алмайды. Бір сұрау бар, ол есікте тұрып, еңкейіп бас ұрып, жыламсырап, аяныш түсіріп, көңілін жібіту жөнмен сұрау. Бұл қайыршылардың сұрауы, оған ойланбай, қамданбай осал-оңтай нәрсе, тиын-сиын бере салады. Бұл елеусіз сұрау. Екінші түрлі сұрау бар – ол төрде отырып, төбесін тік ұстап, қадіріне сүйеніп сұрау. Бұл елеулі сұрау. Бұлай сұрағанның қолқасы ескерусіз жерде қала қоймайды. Сұрағанын береді, бермесе де ойланып қиналады.

Қазақтың сұрауы бұл екі сұраудың қай түрі екенін өздері біледі. Біздің айтатынымыз: «Қазақтың сұраудан арманы да жоқ, сұрағаннан алғаны да жоқ. Сонда да әлі сұрасақ молығар едің» деп қамдануда.

Сұрағаннан молықса, қайыршылары молығар еді. Қайыршылдықтан байығандар бек сирек. Есіктен есікке жүріп қайыршылықпен күнелткен тіршілік қандай, өз бетінен кәсіп қып, мал жиып, өз еңбегімен күн көрген тіршілік қандай? Қайыршылықпен күн көремін деген оңбайтын адамның ісі, сұраумен молығамыз деген оңбайтын жұрттың ісі.

Біз осы күнге шейін сұраумен келдік, берер деген үмітті бақтық. Сұрағанымыз көп, алғанымыз қанша, есепке салып байқау керек емес пе? Сұрауымыз көп болып, алғанымыз жоқ болса, сұрауда не мағына бар? Өзгеге сенбей, өлмес жағымызды өзіміз көздеп ойланып, қамдану керек емес пе? Жоқ әлде болса сұрауымыз жетпеген жері бар десек, толықтырып сұралық.

Сұрағанымыз қанша, сұрағаннан алғанымыз бар ма, сұралмай тағы қалғанымыз бар ма, білу үшін кейінгі нөмірлерде соның жайын жазып өтпекпіз. Сонан соң сұралмай қалған мынадай нәрсе бар екен десек, сұрау жайын кеңесерміз. Сұралмай қалғанымыз жоқ екен. Сұрасақ та бермейді екен, сұрағаннан һеш нәрсе өнбейді екен десек, өнбейтін істі қуып, өзге жолын қарастырып, ақылдасуымыз тиіс емес пе?

*Қазақ, 1913, № 10.*

## № 111
## Жер мәселесі

Ол күнде қазақтың қажеті һәм кемшілігі қай жағынан болса да көп, солардың арасында ең бірінші – жер мәселесі. Біз бұл туралы мұнан бұрын жазған жоқ едік. Жазбағанда, ұмытып кеткендіктен, иәки керексіз деп білгендіктен емес, һәркім жер деген сөзді жеңіл түсініп жүрген секілді. Бұл терең ойлап, тексере қарайтын іс. Бұл күнде һәркім өз істеген ісін ұнатып жүр. Қала салғандар қала болуды, қала болмағандар көшпелілікті мақтап жүр. Көлденең ақылшылар жай ақылға салып қала болған жұрт қандай, болмаған жұрт қандай, қазақ қала болмаса, бар жақсы жерінен айырылып қалды. Сондықтан осы күні өздері жер кестіріп, қала болу керек деді. Осы айтқандардың бірі де қазақ жері турасында толымды дәлел келтіріп, қазақтың халін һәм жерінің жайын жете білгендігін көрсеткен жоқ. Екі жылдан бері «Айқап» журналы қазақ қала болу керек деп жазды. Қала болған қазақ оған қарап қала болған жоқ. Болмаған жұрт артық қобалжыған жоқ. Егер біздің газетамыз әлгі айтылған екі ақылдың бірін айтқанда, қазақтың сүттей ұйып тыңдай қоюына біздің де көзіміз жетпейді. Сөйтсе де істің асылын түсіндіру, түйінін шешу бір басқа, сол түсіндірген нәрсені орындау басқа. Біздің мақсұтымыз, жер хақындағы ойымызды бастан-аяқ түгел баяндап жазбақ һәм жазылған сөзді бекітетін толымды дәлелдер көрсетпек. Біздің жер хақында жазуға асықпай жатқанымыз да сол, оқушыларымыздың есінде болсын.

Басқарма

*Қазақ, 1913, № 10.*

## № 112
## Білім жарысы

Білімді жұрттарда білім жарысы деген болады. Ол жарыста бәйгеге қосылатындар білімділер, һөнерлілер. Оларға бәйге тігіп, жарыстыратындар бай адамдар иә обшестволар. Бәйге тігу, жарыс істеу біздің қазақтарда да бар. Қазақта бай адамдар иә қуаныш нәрсеге той істеп, ат шаптырады, иә өлген адамына ас беріп, ат шаптырады. Байлығына қарай, адамдығына қарай іс пен тойдың үлкені де, кішісі де болады. Зорлығы бәйгеге тіккен малынан көрі шақырған елдердің санынан, сойылған малынан байқалады.

Тойдан көбіне ас зор болады. Асқа сойылған малды, шай-қантына шығатын пұлды, ішілетін қымызды, тігілетін бәйгені ақшаға аударып есептегенде, зор астарға талай мың жұмсалады. Соның бәрі жұрт жиылып, бір-екі күн ішіп, жеп кету үшін істеледі. Не жұртқа келер онан пайда жоқ, не ас берушіге тиер сауап жоқ, құр далаға кеткен бір мал болады да қалады. Ақылдың әуенімен сынағанда, істің шын мағынасы босқа мал шашу болып шығады. Ат шаптырып, ас берді деген бес-он жылға ат қалады. Қазақ жомарттығының түрі һәм оның ақырғы тиімі осы.

Білімді жұрттардың білім жарысына келсек, оның мағынасы да, көздеген мақсұты да басқа. Ол бірнеше болыс ел жиып, бір-екі күн дуылдап, ет жеп, қымыз ішіп кету үшін ғана жасалмайды, бүтін ұлт иә дүниядағы бүтін жұрт үшін һәм көпке қаларлық іс үшін істеледі. Дүнияда күн көріп, тіршілік етудің ауырын жеңілту үшін, жеңілін рахатқа айналдыру үшін істеледі. Неше түрлі ғылым, һөнер бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рахатын молайту үшін шығарған нәрселер. Ғылым, һөнер артылған сайын дүнияда бейнет кемімекші. Осыған ақылы

жетіп, ісі өнген жұрттар ғылым мен һөнерді бірден-бірге асыруға тырысады. Асыру үшін һәркім істер істейді. Сол істердің бірі – білім жарысы.

Білім жарысы деген мынау: бай адам пәлен мың сом ақшаны бәйгеге тігеді де мәлім етеді: «Осы ақшаны пәлендей іс істеген кісі алады деп. Мысалы, пәлен ауруға ем тапқан, иә пәлен ғылымнан иәки һөнерден жаңа жол тапқан, иә пәлен турасында жазып кітап шығарған адамдарға беріледі» – дейді.

Ал бәйге тігілді. Енді ат жарысы болса, һәркім атын жаратып бәйгеге қосар еді. Білім жарысы болған соң, білімділер бәйгеге қосылады. Бәйгеден дәмесі бар білім жүйріктері бірінен-бірі озуға жүйріктігін аяп қалмайды. Тап дегенді табуға ойланады, істе дегенді істеуге қарманады. Ақырында һәркім істегенін, тапқанын сынға жібереді.

Сыншылары ғылым ордасында тұрған білімді ғалым адамдар болады. Бұлар қарап, сынап бәйге кеседі. Еуропада мысалы Нобелевски білім жарысы бар. Бұл жарыста бәйгені ғылым ауданында иә әдебиет ауданында еңбек етіп озған адам иә соғысқа қарсы һәм халық арасын жақындастыруға пікір жайған адамдар алмақшы.

Жылда Рождество мейрамының алдында швед жұртының астанасы Стокголм шаһарында білім жарысынан озғандарға бәйге аталады. Өткен 1912 ж. Нобел бәйгелерін алған адамдар: 1) инженер Дален ғалым хүкіметтен көрсеткен үздік біліміне алды; 2) Профессор Каррел дәрігерліктен көрсеткен үздік біліміне алды; 3) неміс жұртының атақты драма жазғыш жүйрігі Кауфман әдебиет жүзінде үздік біліміне алды; 4) Сабатие һәм; 5) Гриниер француз ғалымдары ғылым химиядан көрсеткен үздік білімдеріне алды.

Осылардың һәм басқалардың жылда озғанда алатын бәйгелері шведтің Нобел деген бір инженерінің білім бәйгесіне деп шығарған 18 млн ақшасы.

Осындай жұртқа пайдалы үлгі аларлық жақсы істі жұрттың құлағына салып, біздің айтайын деп отырғанымыз мынау: білім жарысын істеу һәр жұрттың қолынан келетін іс. Істейін десе қазақтың да қолынан келеді. Еуропадай зор істеуге болмаса, бойымызға шағындап, «сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі» дегендей етіп істеуге болады. Еуропада ғылым, һөнер толық. Қазақта олардың жұрнағы да жоқ. Олар асқанның үстіне асыру үшін істеп отыр, біздер жұрнағы болу үшін істеу керек. Мың жылқысы бар байлар, оның үстіне мал іздегенде бір аты жоқ жарлы мал іздемей қарап отыруы дұрыс па? Ғылым, һөнер турасында біздің жайымызда сол жарлының халі секілді. Ғылымның жаңа жолын табуға іздемек түгіл, тапқан ғылымға қолымызды жеткізерлік бізде һеш нәрсе жоқ.

Жұртқа ғылым үйренумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына әуелі оқу үйренетін орындар сайлы болу керек, екінші білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсұтқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білім жарысы.

Білім жарысының басқадан артық бір жері мынау: бұған шығарған ақша далаға кетпей, көздеген мақсұтқа тура тиеді. Егін салсаң, шықпай қалып босқа шығындау ықтимал. Мал жисаң, өліп қалып босқа шығындау ықтимал. Білім бәйгесінен пайда болмаса, шығын болмайды. Пайдасы боларлық істі істемей, бәйгеге һешкім қол созбайды. Солай болған соң, бұған шығарған ақша босқа кетуге тіпті орын жоқ.

Еуропа байлары мұндай іске ақшасын басы бүтін қиып, жомарттық етеді. Ақшасын пайда қылып, сонымен малын көбейтуге шығармайды, әуелден-ақ жұрт үшін, көп үшін қайтпас қайыр құрбаным деп шығарады. Біздің қазақ байларында Еуропа байларындай мол байлық жоқ, аз байлықпен халінше жомарттық қылатын байлар қазақта аз-жоқтың қасында. Біреудің малы көп болса да, саңылауы жоқ болады. Жұрт ісіне жаны ашып, жұрт намысына қаны қызатын қазақта адамдар

аз болады. Себебі жұрт жұмысы деген қазақтың ғадетінде болған емес. Өзге жұрттан оңаша жұрт қазақ басқа халықтармен бәсекелесіп жарысқа түскен жоқ. Сондықтан жұрт жұмысы, ұлт намысы деген сөз қазақтың көбіне түсініксіз нәрсе. Отбасына келерлік бәле болмаса, жұрт басына келерлік бәлені ойлап, уайымдамайды. Қуанышы, қайғысы отбасынан аспайды.

Ұлт намысы дегенді қазақтың көбі екі ауылдың, екі таптың, иә екі рудың намысы деп ұғады.

Басқадан кемшілік көрсе намыстанбайды, кектемейді, бір-бірінен кемшілік көрсе, кегін жібермейді: ауылын шауып, адамдарын сабаса, жауын мұқатып, мақсұтына жетіп болғаны. Халықтың көбі сондай болған соң, сол көптің ішіндегі байлар қайда барсын?! Сондықтан қазақ байлары білім бәйгесіне ақшасын Еуропа байларындай басы бүтін бере алмайды. Еуропаша істе деп айтуға аузымыз бара алмайды. Осыны есімізге алып, Еуропа үлгісін, қазақтың мүшесіне лайықтап, артығын мінеп, қазақ байларының алдына саламыз.

Қазақ байлары білім бәйгесіне ақшасын басы бүтін шығармасын, өзіне қайтаратын етіп бәйгеге тіксін. Оны былай етуге болады. Жоғарыда айтылды: білім жарысы қазақ арасына білім тарататын кітаптар шығаруға болсын деп. Білім туралы болады. Білімнің һәр түрін бірдей жақсы білетін адамдар аз болады. Бір түрін жақсы білетіндердің табылуы қиын емес. Докторлық ғылымын оқығандар денсаулық жайынан керек кітаптар жазуға мүмкін нәрсе. Шаруа жайын оқығандар шаруа жайынан қазаққа керек жақсы кітаптар жазуға мүмкін нәрсе. Оқыту жайын жақсы білетіндер мектеп кітаптарын жақсылап шығаруға мүмкін нәрсе. Әдебиет ауданында жүйріктер халықтың қалпын түзетуге керек, бір жақсы романдар уа ғейри сондай сөздер шығаруға мүмкін нәрсе.

Осындай кітаптарға бәйге тігілсе, ол бәйге нағыз жақсы шығарған кітаптарға ғана берілсе, тігілген бәйгеге қарай, бәйге берілген кітапты бір иә екі рет бай бастырып, ақшасын өндіріп алатын болса, сонан кейінгі бастырулары жазушының өз еркіне берілсе, осы шартпен білім жарысы істелсе, әуелі бәйге тігуге жомарттық көп керек болмас еді. Неге десең, сауда өтіп, жақсы деп бәйге берілген кітап өтпей қалады деп қауіптенуге орын жоқ. Екінші, жазушыға да қолайлы. Шығарған кітабы жақсы болса, еңбегіне тиісті даяр ақшаны алып, онан әрі тағы жақсы кітап шығаруға кірісер еді. Еңбегіне ақысы татымды болған соң, ол өзін сол жұмысқа алаңсыз шегер еді. Һәр жерден сондай жазушылар шықса, білім жұмысын айдап, алға бастырмай қоймас еді.

Бәйге тігушіге де, бәйге алушыға да тынышты, жұрттың білім турасындағы істерін алға сүйреуге қолайлы һәм нағыз керек жолдың бірі біздің ойымызша осы. Бұған басқалар һәм байлар, не айтасыздар?

*Қазақ, 1913, № 16.*

## № 113
## Бас қосу турасында

Бас қосу керек деген мәселені жыл басында «Айқап» журналы қозғап еді. Сол «Айқаптың» 10-шы нөмірінде Р. Мәрсеков мырза да бас қосу керек дейді. Темір уезінен үш кісі: Жұбакін Тілеубергенов, Омарғали Хангерейұғлы, Сәуірбай Тоқбайұғлы бас қосу турасындағы пікірлерін жазып «Қазаққа» басуға жіберіпті. Олар да «бас қосу керек» дейді. Біз бұл турадағы басқалардың пікірін басудан бұрын өз пікірімізді айтып өтуді мақұл көрдік.

Бас қосуды біз де керек нәрсе дейміз. Керек болса да «бас қосалық» деп айта

алмаймыз. Кейбір істі істеу керек бола тұра, істеуге болмайды. Бас қосу қазір сондай істің бірі. Істейміз деп бастасақ, онан келтірер пайдамыздан зарарымыз он есе зор болуы ықтимал. Министрдің кешегі бұйрығы естеріңізде бар ма? Қазаққа қандай ілтипат бөлген? Бас қосу жұмысын қалай қарамақшы?

Мұны ескеру керек емес пе? Бас қосудың орнына басымызды сақтарға орын таба алмай жүрмелік. От пен суды қазақ тілсіз жау дейді. Оларға қосарлық үшінші тілсіз жау бар. Оны да ойлау керек.

Біз кірсіз пікір, таза амалмен жұмыс істеу үшін, мысалы, мұң-мұқтаждарымызды кеңесіп, дертімізге ем қарап, ісімізге жөн қарап, жоғымызды іздеуге, барымызды сақтауға ақылдасу үшін жиыламыз дейміз. Басқалар оған не мағына беріп, не көзбен қарар? Өзгелер бас қосуымызға сенімсіз көзбен қарайтын болса, оларға көмекші өзімізден табылар. Ағашты кесетін балта, балтаның сабы ағаш. Соның мысалы басқа нәрселерде де бар. Адал кәсіппен күн көре алмайтын, иә арам жемесе, басы ауыратын иттер қай жерде де болса табылады. Айтпағанды айтты деп, етпегенді етті деп, оттайтын хайуандар әсіресе біздің қазақта көп. Былтыр ноғайларға жұмысымыз түсіп барғанымызда: «Орынборда 5-6 қазақ бар. Оның жартысы шағымшы, тыңшы» – деп бізді ұялтқан. Оны айтқан ноғайдың ортан қолдай адамының бірі. Білмей, сезбей, босқа айтар ма? 1907 ж. Надаров шыққан кеңесте де, онан соң Қарқаралы істерінде иттік қылған қазақтар болмады ма? Осының бәрін көре, біле тұрып, хүкіметтің сенбестік көңілін байқап тұрып, бас қосалық деп едік деп, әуелі сұрап, рұқсат алуымыз қиын. Екінші тыныш отырып, тыңғылықты жұмыс істеп, аман елге қайтуы екіталай. Қайтса да, қарақшылы түйедей болып қайтуында шек жоқ.

Қане! Осыған ерік етіп жиылатын қазақ табыңдаршы. Хәкімдер шақырса, таласып барар. Ол шақыруда қорқыныш жоқ, біздер шақырсақ әлде не істейін деп жүр деп, қорқа соғады. Өзі үркіп тұрған жұртты үркітуге ықтималы бар кезде бас қостырамыз деп әлдеқалай бола қалса, онан соң ондай жұмыстан бездіріп алып жүрмелік. Нақ осы кез бас қосу қанша керек болғанмен бас қосуға қолайлы кез емес.

Біз шаруа кеңесіне жиылсақ та құбыжығы бар шығар деп сенімсіз көзбен қарайтын кез. Солай болған соң, бас қосуға рұқсат берсе де, кеңесті орыс тілінде құру керек деп шарт қоюға ықтимал. Орысша пікірін түгел айта алатын қазақтар жиылса жақсы. Ондай қазақтар келе алмаса, тілсіз кеңес қалай құралмақшы. Орысша білетін қазақтардың әуелде бірі болмаса, көбі қызметте, ат секілді арқандаулы. Қазығынан босанып келе алар ма?

Іске қарасақ, оның түрі әсіресе орысша білетін қазақтарды керек қылатын көрінеді. Жиылғандар құр сан көбейту емес, жұмыс істей білетін, жол айтып, жөн сілтеуге жарайтын білімді көсемдер болмақ керек. Жалғыз қазақ қалпы емес, басқа жұрттардың да жайы-күйімен таныс, басқа жұрттардың ісінен үлгі табарлық мағлұматы мол кісілер болуы тиісті. Ондай адамдар оқыған адамдардан шықпақшы. Білімнің тарауы, саласы көп. Солардың бір тарауын жақсылап жете білген адамдардан сиезде ең аз болғанда бір-бірден адам боларға керек. Мысалы, иурист, дәрігер, мал дәрігері, инженер, агроном, техниктер, ушителдер, мұғалімдер. Бұлардың мұғалімдерден басқалары орысша оқығаннан табылмақшы. Бұлар бас қосуға келе алар ма? Олардың келуіне қазіргі күйде ерік пен жомарттық қабат керек.

Ал бұлар келе алмады. Көбі оқымаған жабайы қазақтан жиылады, ішінде бірен-саран оқығандары, білімділері болды. Олардан оқымағандары істеуге керек жұмыс бар екенін, іздеуге тиісті жоқ бар екенін білді де, бет-бетіне елдеріне

тарасты. Мұнан һеш нәрсе һөнер ме? Жұмыс қолға алып істесе бітпекші, жоқ артынан қалмай іздесе табылмақшы. Айтқан-айтқан жерде қалып, үйлеріне барып тыңқиып-тыңқиып жатып алса, жұмыс өзінен-өзі істеле ме? Сиезге жиылған адамдар елге қайтқанда сиезде керек деген жұмысты қолға алып, тастамай істеп, басқаларға басшылық етіп өнеге көрсететін болса екен. Сонда сиезден мағына шығар.

Ол болмаса құр сиезде жиылып «анау керек, мынау керек, олай ету, былай ету тиісті» дегеннен һеш нәрсе өнбейді. Халықтың ісі машинаның тетігі емес, бұрап қалса басқа жөнге түсетін. Жұрт жұмысы құмырсқаның илеуіндегі жұмыс сияқты. Құмырсқаша жабыла, тынбай істесең өнеді. Бірі оны, бірі мұны істеп, илеуде қарап тұрған құмырсқа болмайды. Жұрт жұмысын да солай істесе алға басады. Һәр құмырсқа бәріне керек илеудің өсуі үшін күші жетіп көтерген шөпшегін апарып салады. Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет етеміз деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып толықпақшы. Қазақтың іс қолынан келмейтіндеріне сөз жоқ, іс қолынан келетіндері де қарап жатыр.

Осы күні қазаққа керек нәрсенің көбі һәркімге-ақ мағұлым. Қазаққа не керек екенін білмегеннен істей алмай тұрған адам жоқ. Қазақ керегін айтып жатыр һәм айтылар да. Жұртқа керегін білетіндер көп, істейтіндер аз. Білушілеріміз білгенімен қоймай, істеуге кіріссе екен. Білушілеріміз істеуші болса, оларды көріп өзгелер де істер еді. Сөйтіп көсемдер көбейсе, ерушілер де көбейер еді.

Біреу жұмыс қыламын десем, тұрған жерім жаман дейді, біреу маңайымдағы елім жаман дейді. Бұлардың бәрі де бос сөз. Абақтыдан жайсыз орын жоқ. Онда да отырып жұмыс істеуге болады.

Расын айтқанда, біздің қазақ балаларының жұрт жұмысын істеу ғадетінде жоқ. Карта ойынына жұмсағанымызды қызықтырақ көреміз. Сондықтан ойыншымыз көп, жұмысшымыз аз.

Сөздің қысқарып тынарында айтатыным: бас қосуға бұл күнде қолайсыз шақ. Оны басқа кезге қарата тұру керек. Қазақтың керегін өзге жолмен сөйлесе тұралық бұрынғыдай емес, қазақта қазірінде бір журнал, бір газета бар. Сыйғанынша солар арқылы кеңеселік, сыймағанын хатпен сөйлесуге де болады. Сиезде сөйлесіп кеңескенмен де түбі барып істеушілерге тіреледі. Ісімізді істеушілер, жоғымызды іздеушілер көбейсе ойлаған пікір, көздеген мақсұт жан бітіп тірілмекші. Һәркім қолдан келгенін сұр сақтап, түбінде үйіп-төгіп бір молықтырамын демей, аз-көбіне қарамай істей беруге ғадеттенсе екен. Қазақ керегінің көбі һәркімге-ақ мағлұм ғой. Біз кейін қалған халық алға басып, жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек.

Менің сиез турасындағы бұл сөзім көбіне құр тартыншақтық, сары уайым болып көрінер. Солай көрінсе де, уайым сол. Айтқанымды тексеріп, адасқанымды көрсетіп, бас қосу мәселесін қайта қорғап басшылық ететіндер болса, қосшылық етіп, көмегінде болуға мен даяр.

*Қазақ, 1913, № 18.*

## № 114
## Көшпелі һәм отырықшы норма

Біздің басқармамызға һәр жақтан хабарлар келеді: «Қай нормамен жер алғанымыз жағымды?» – деп. «Біреулеріміз көшпелі норма көп болған соң, мұны алғанымызды жағымды көреміз. Екіншілеріміз отырықшы норма түпкілікті дегенге оны алғанымызды қолайлаймыз. Соңғыларымыздың сөзін переселен шеноуниктері де қуаттайды» – деген хаттар көптеп-ақ келіп жатыр. Бірақ біз жер сөзін ашып айтарлық қолайлы мезгілге қаратып жүр едік.

Бұл мәселе турасында қазақтың білемін деген адамдарының пікірлері екіге бөлінуші еді. Бірі – отырықшы норманы ұнатушы еді. Отырықшы нормамен де болса жер алып қалғанымыз дұрыс. Жақсы жерді алып кетіп, жаман жерге қамалып қаламыз деген пікір. Бұл пікірді ұнатушылар жұртқа басшы болу үшін әуелі өздері отырықшы норманы қабыл етіп, жер алды. Жұрт тоғытатын қой секілді. Серкесі суға түссе, топырлап бәрі тоғытқа түседі. Атақты, біледі деп жүрген адамдар алып жатқан соң, ол білмей алып жатқан жоқ шығар деп, отырықшы норма сұраушы қазақтар көбейді. Сол жылы-ақ переселен праулениесінің хабарына қарағанда, отырықшы нормамен жер сұраушы қазақтардың саны Торғай мен Орал облыстарында 16 мың 441 үйге толып қалған. Оның 11 мың 490 үйі Орал қазақтары. Осы пікірді қазақтың орысша, мұсылманша оқыған жастарының көбі қуаттады. Бұлар қуаттағанда көбінесе шаруадан бөтен жағын ойлап қуаттады. Мәселен, қазақ отырықшы нормамен жер алып, қала салып отырса, қазақ арасына ғылым, һөнер таралуына жақсы болады деген ой. Бұл пікірдің дұрыс-бұрысы тағы бірде айтылар. Енді екінші пікірге түселік.

Екінші пікір – қазақ отырықшы нормамен күн көре алмайды дейді. Қазақтың жеріне келіп мұжықтар күн көре алмай, көбіне патшалықтың асырауымен ғана жан сақтап отыр. Қазақ жерінде отырықшы норманы алу керек нағыз жері жақсы қазақтар, иә жерді арықпен суаратын қазақтар, иә жаман патшалықтан асырар деп дәме қылатын қазақтар. Ондай жері жоқ қазақтар, иә олай дәмелі болмайтын қазақтар отырықшы нормамен күн көре алмайды. Онымен жер алдым деп жаман атты болғанша, қарап отырған жақсы дейді. Бұл пікірді қуаттаушылар айтушы еді: «Отырықшы норма қазақ сонымен күн көреді деп көзі жеткендіктен шығарған норма емес, қазақтың жерін көбірек алу үшін шығарған һәм көбірек алғанда қазақтың ырзалығымен алдық деп көрсету үшін шығарған норма» – деп.

Осы екі пікірдің бастапқысын көбі қолайлылап, соңғысын әншейін наразылықпен айтатынға санаңқырайтын еді.

Өткен 11 июнде Думада айтылған сөздерден мағлұм болды: қай пікірдің дұрыс-бұрысы. Депутаттар қазақ жерлері жолсыз алынып жатыр дегенде, переселен упраулениесінің бастығы Глинка қазақ жерін жолмен алып жатқандығын көрсетуге отырықшы норманы қазаққа не үшін шығарғандарын жасырмай, ашып айтып берді. Ол айтты: «Біздің қазақ турасында істеп отырған ісіміз жолды. Біздің жолымыз екеу-ақ. Бірі қазақтан артық жерді алу, екіншісі қазаққа тиісті жер беріп, орналастыру. Қазақтың артық жерін алып жатырмыз, артық жерді алсын деген закон бойынша. Қазаққа жер беріп, орналастырып жатырмыз өздерінің тілегі бойынша. Қазаққа істеп отырған жолсыздық емес ебіміз, әдісіміз бар: қазаққа тиісті жер беріп орналастыру турасында Думаға закон жобасын кіргізбей отырмыз. Кіргізбей тұрғанымыздың мәнісі мынау: көшпелі қалпында жер беріп орналастырсақ, қазаққа көп жер тиеді. Артыларлық жер аз болмақшы. Оны Дума арқылы законмен бекітіп, қазаққа берген соң, ала алмаймыз. Қазақ жері қазақтан

көп артылып қалу үшін, иәғни переселендерге қазақтан жерді көбірек алу үшін біз әдіс істеп отырмыз. Әдіс қылу жолсыздық емес, ептілік. Біз министр соуетінен ептілік етуге рұқсат алып, қазақты ебімізге түсіруге қайырмалап едік, топ-тобымен топырлап түсіп жатыр. Ол істеген ебіміз мынау еді. Қазаққа отырықшы болып жер алуға риза болсаңдар, сендерге де мұжықпен қатар 15 десиатинадан еркек басына жер береміз дедік. Айтуымыз-ақ мұң екен, қазақтар отырықшы нормамен жер бер деп жабыла сұрап жатыр. Өткен жылда отырықшы нормамен қазақтарға 700 мың десиатина жер бердік...».

Міне, переселен упраулениесінің министрден соңғы бастығының сөзі. Бұл құпиялап қана досына айтқан сөзі емес, Государственни Думада күллі депутаттардың алдында айтқан сөз. Мұның айтқанын шылғи өтірік деп айта алмаймыз.

Жоғарыдағы сөздің қорытқандағы қысқасы мынау: переселен упраулениесі қазақ жерін жолмен алып жатқан болады. Артық жерді алсын деген закон бар. Қазақтан жер көп алынып жатқаны – ол қазақтың өзінің тілегі бойынша болып жатыр. Қазақтан отырықшы нормамен жер алушы неғұрлым көбірек болса, соғұрлым жер көбірек артылмақшы һәм переселендерге көбірек алынбақшы.

Отырықшы норманы қазаққа не үшін шығарғандығын, отырықшы нормамен қазақтар жер алғанын переселен шеноуниктері не үшін қуаттайтындығын қазақтарға түсіну енді қиын болмас шығар. «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас» деген. Тісі шыққан адамдарға айтылып отырған сөз ғой. Переселен шенеуніктері алушы, қазақтар беруші. Алушыға көп алғаны жағымды, берушіге аз бергені жағымды. Қазақ әуелден осыны ойлау керек еді. Олар өзіне жағымды жағын көздегенде, қазақтар да өзіне жағымды жағын көздеу тиіс. Құр пәленше пәлен етіп жатыр деген дақпыртқа жүгірмей, істің түбінен ойлау керек. Көшпелі һәм отырықшы норма турасында біздің естіген, білгеніміз осы. Ендігісін өздерің білесіңдер. Отырықшы нормамен күн көрерлік болсын, болмасын отандас орыстарымызға қарасалық десеңдер, отырықшы нормамен алып, жерлеріңді орысқа көбірек қалдырыңдар. Жоқ оны алып күн көре алмаспыз десеңдер, көшпелі нормасын алыңдар. Берушіге бес көп, алушыға алты аз. Жағымдысын ойлаңдар.

Біздің мұнан соң айтатынымыз, қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңыздар. Адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс етіңдер.

Екінші, қазақтың байлары, күштілері! Жарлы-жақыбай, нашарларыңды жермен теңгеріңіздер. Бір асауға да болса құлдық дейтіндер көбінесе солардан болады. Үшінші, алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай, түзу істеңдер. Сендер адассаңдар, арттарыңнан Алаш адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар.

*Қазақ, 1913, № 20.*

## № 115
## Оқыту жайынан

Тahир Жомартбаев сұрайды: «Әуелі қазақша оқытуға керек кітаптар даяр ма? Даяр болмаса, ноғайша кітаптарды аламыз ба? Олардың қайсысы жақсы?» – деп. Екінші: «Ноғайлардың тәртіпті мектептерінде тұтынып жүрген програмаларын сол күйінде аламыз ба? Иәки қазаққа лайықтап ыңғайлаймыз ба?» – деп.

Бұл күнде қазақша оқуда кемшілік көп. Әуелі, оқу құралы, кітаптар жоқ. Ноғайша оқу құралдары қазаққа үйлеспейді. Екінші, қазақ мектебіне түзелген програма жоқ. Онсыз оқу бір жөннен шықпайды. Үшінші, бала оқыту ғылымынан хабардар мұғалімдер аз.

Осы үш кемшіліктің үшеуі де есімізден тастамай, ойлап жүрген нәрселердің ең басы. Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді. Оқу ісін түзеуге көп нәрсе керек. Оның бізде бұл күнде бірі де жоқ. Ай мен күндей һаммаға бірдей, білім – көп ортасындағы мүлік. Онан сыбаға ала алғандар алып жатыр. Ала алмағандар құр қалып жатыр. Сол құр қалып отырғанның бірі – біздің қазақ. Құр қалғанын қазақтың өзі де сезіп, баласын оқытуға, білім үйретуге ықылассыз емес, бірақ жаңадан басталған жұмыс тәртіпке түсе алмай жатыр. «Қос жүре түзелер» деген, түбінде түзелмей қалмас, түзетуге жұрт азаматы қам қылса. Оқуды керек қыла бастағаны, жұртқа ес кіре бастағаны. Халықтың есі енуі баланың есі енуі сияқты бірте-бірте ақырындап болмақшы. Аспанда құстай ұшып жүрген, теңізде балықтай жүзіп жүрген, жылдық жерден сағатта хабар алып, жүз шақырым жерлерден ауызба-ауыз сөйлесіп отырған жұрттар сол күйге бірден емес, бірте-бірте жеткен. Барамын деген жерге бетің түзу болса, тоқтамасаң барасың. Жұрт жұмысы да беті түзу болса аз-аздан ілгері басқызып, оны қозғаушылар болса, көңілдегі жеріне жетеді. Сол жұрт ісінің бірі – оқу. Оқуды керек қылмай жүрген қазақтар оқу керек нәрсе екенін бұл күнде білмей тұрған жоқ, бірақ оқудың жөнді болатын мәнісін, ретін білмейді. Көбіне оқиды деген құр аты болса, соған қанағаттанады. Қалай оқытып, не білдіріп жатқанымен жұмысы жоқ. Екі жыл, үш жыл оқып хат танымаса да, баланың ата-анасы ойына кіріп шықпайды.

Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі: бірі – ақшаға, бірі – құралға, бірі – мұғалім. Осы үш тіреуі бірдей тең болса оқу қисаңдамай, ауытқымай түзу жүреді. Ол үшеуі тең болмағандағы оқу жұмысы аумалы жүк сияқты орнықсыз. Жүгі аумалы көштің жүрісі оңбайды. Орнықты оқу болмаса, қалт-қалт етіп оқытқан оқу-білім үйретіп жарытпайды. Жоғарғы айтылған оқу жұмысының үш тіреуі де біздің қазақта бұл күнде сау емес. Бірақ бірте-бірте сайлы болып жөнделер деп үміт етеміз.

Әуелгі тіреу – ақша. Ол жұрттан шықпақ. Қазақ оқу керек екенін біле бастады. Баласын оқытпайын дейтін қазақ жоқ. Бірақ жұрт баласын жұрттық қылып, жұрт үстінен оқитын дәрежеге қазақ әлі жеткен жоқ. Һәркім өз баласының ғана оқығанын ойлайды. Һәр баланың басын қосып құраса, бәрі жұрт баласы болатындығын, ол жұрт баласын оқыту жұрт міндеті екендігін айыратын ес қазаққа әлі кірген жоқ. Мұны білерлік қазаққа ес кіргенше, оқудың ақша жақ тіреуі орнықты болмайды. Екінші тіреуі – оқуға керек құралдар. Ол құралдардың ішінде ең қымбаты оқу кітаптары. Оқу құралдары сайлы болмаса, оның ішінде оқу кітаптары оңды болмаса оқу да оңды болмайды. Шеберге аспап серік, мұғалімге құрал серік. Аспапсыз шеберлер һеш нәрсе істей алмайды, құралсыз мұғалімдер бала оқыта алмайды.

Сондықтан қазақта оқу құралы кітаптар болмаса, ноғай кітаптарымен оқытпасқа шара жоқ. Қазақ балаларын ноғай кітаптарымен оқытуда қолайсыздық кемшілік көп, бірақ амалсыз ол кемшіліктермен келісеміз. Ноғай кітаптарымен оқытқан соң, олардың програмаларын алмасқа да болмайды. Програмасын қазаққа ыңғайлаумен, қазақша құралдар сай болмаған соң, програма бір жаққа, оқуы екінші жаққа, екеуі екі жаққа кетеді. Програмада керек деген нәрселердің бәрі болмаса да, көбі оқу құралдарынан табыларға керек. Ноғайдың тәртіпті мектебіндегі програмасын ала тұратын болған соң, оқу кітаптарын да сол тәртіпті мектептерінен аларға тиіс.

Оқудың үшінші жағының тіреуі – мұғалім. Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді. Басқа жағының кемшілігі болса, мұғалімнің жақсылығы жабады, білдірмейді. Мұғалім нашар болса сайлы мектепте отырып сабақ бере алмайды. Мұғалімдік оңай нәрсе емес. Тәртіппен жасалған оқу құралдарымен оқытуға,

тәртіппен оқыта білетін мұғалім керек. Оны білмейтін мұғалімдер тәртіппен жасалған құралдар орнында тұтынады. Усул, усулды құралдарды біз сияқтысы тұтынса, усулды құрал шығаруда не мағына бар. Усулды құралдар балаларға оқуды жеңілдету үшін шығарылады. Оқыту жайын білетін мұғалімдерге тәртіпті құралдармен оқытқанда өзіне де, балаларға да оқыту жұмысы оңай болып, екі жағы да қиналмайды. Оқыта білмейтін мұғалімдер оқу жұмысының салмағын балаға ғана артып, өзі «әй, оқыңдар!» деп тыныш отырады. Ондай оқу мұғалімге тыныш екені рас, бірақ оқудағы мақсұт нәрсе мұғалімнің тыныштығы емес, балалардың білім үйренуі ғой. Оқыта білмейтін мұғалімдердің белгісі осы: «Әй, оқыңдар!». Бұлардан балалар білім үйреніп жарымайды. Бұлардан басқа усул жәдид мұғалімдері бар. Бұлардың өздері де екі түрлі оқытады: біреулері усул мәдие, біреулері усул саутие жолымен, бұл екеуінің жақсысы усул саутие жолы. Оны бірақ жақсы білетін мұғалімдер аз. Сондықтан көбі усул мәдиеменен оқытатындар да оқуы екі түрлі басталды. Біреулері төте хәріптен бастайды. Біреулері дыбыспен жаттықтырғаннан кейін балаларға хәріп көрсетеді. Бұл екеуінің афдалы дыбыспен жаттықтырғаннан соң хәріп көрсету, усул саутие тәртібінің негізі дыбыспен жаттықтыру. Оны дұрыстап, орнықты етіп істегеннен кейін, онан арғы оқу, жазу жұмысының бәріне сол тіреу болады. Бірақ қазіргі бір зор кемшілік мұғалімдердің көбі дыбыспен жаттықтыру жөнін білмейді. Білмеген соң онан қашады. Төтелеп хәріптен бастағанын оңай көреді. Онысы дұрыс емес. Рас, дыбыспен жаттықтыруға білім көбірек керек, ондық оқу, жазу жұмысына онан келетін жеңілдік көп. Мұғалімдердің көбіндегі кемшілік қазақ сөзіндегі дыбысты айыра білмейтіндік. Ол кемшілік түзелместей нәрсе емес. Оны жоғалту оңай. Ол жоғалмай тұрғанда усул саутие жолымен, әсіресе дыбыспен жаттықтырып бала оқыту қиын. Сондықтан мұғалімдер қазақ тіліндегі дыбысты жақсы білерге керек. Оны өздері сөзді айыра-айыра үйренуге болады. Онымен біле алмағандары білетіндерден үйрену. Ол үшін көп болса бірер жеті бөлер.

Сөздің тұрар жері мынау: қазақ мектебінде оқытылатын қазақ тілінде әліпбилерден басқа қазір кітап жоқ. Бірақ олардың бәрі де болады. Қазақ мектебіне оқу үшін жылдық болуы қолайлы. Сол үшін жылға керек кітаптар шығуына талап етіп жатқан адамдар бар. Олар шыққанша мұғалімдер де өз тарапындағы кемістік жерлерін толықтыруға қам қыларға керек. Екінші, мұғалім алатын қазақтар жоғарғы айтылған түріне қарай мұғалім аларға керек. Өзі тыныш отырып, «Әй, оқыңдар!» деген мұғалімдерге жоламасқа керек. Олардан балалар һеш білім үйренбейді. Оқырлық шағы заиғ кетеді. Олардан басқа мұғалімдердің арасында таңдау усул саутие, оның ішінде де дыбыспен жаттықтыра білетін мұғалімдерге түсерге керек. Усул саутиелік табылмаса, усул мәдиеліктерді алу керек. Жақсы мұғалім табылғаннан кейін мектепке керек құралдардың бәрін сайлап беру тиіс. Дүкенсіз ұста һеш нәрсе істей алмайды. Мұғалімдер де қандай жақсы болғанмен, құралсыз балаларды оқыта алмайды.

*Қазақ, 1913, № 29.*

## № 116
## Жауап хат

**Құрметті Жаһаншаһ мырза!**

Сіздің де, біздің де ойлағанымыз қазақтың азып-тозбас қамы. Сіздің де, біздің де ниетіміз қазақ азып-тозбасына қызмет ету. Тілегіміз қазақ халқы басқа халықтармен қатар жұрт қалпында ғұмыр шегуге, басқаларға теңелсе екен деген. Сол үшін һәркім білгенін, қолынан келгенін істеп жатыр. Сіз сиез жасаймын деп жатырсыз. Біздер «домострой»* кәкір-шүкірді қазақшаға аударып, арзан рисалелер жазып, газета-мазета шығарған болып тырбаңдап жатырмыз. Соның бәрін қазақтың көзі ашылып, көкірегіне сәуле кіруіне себепкер бола ма деп істеп жатырмыз. Орыстың мақалы айтқандай, «О жұмаққа барғым келсе де күнәларым жібермейді» деп, қазақ үстіне о жұмақты бір күнде-ақ орнатқым келеді, бірақ қолымнан келмейді. Арзан рисалелермен қазақ жұмысы бітті деп, «гүл жастанып» көсіліп рахаттанып қарап жатқаным жоқ, білгенімше, қолымнан келгенімше істеп жатырмын. Бірақ олақ іс істеп жүргеніміз зор іс істеп жатқан сізге айып көрінетін шығар. Бай жарлының кедейлігін бетіне басады. Іскер жалқаудың жалқаулығын бетіне басады. Өзіңіз қымбат рисале жазған соң, арзан рисале жазғанымды бетіме басып отырсыз. Өзіңіз күндіз дамыл, түнде ұйқы көрмей, жұрт жұмысында жүрген соң, менің «гүл жастанып», көсіліп рахатта жатқанымды бетіме басып отырсыз. Өзіңіз буыныңыз өсіп, бұғанаңыз қатып, ер жетіп, есіңіз кіріп, ақылыңыз толысқан соң, емшек табы ернінен кетпеген шәкірттердің балалығын бетіне басып отырсыз. Өзіңіз шеноуниктің жылтыр түйме, жанқылшын, жұрт үшін құрбан қылып, шеноуниктігін алып отырған адамдардың шеноуниктігін бетіне басып отырсыз. Көкіректі керіп, көкке қарап көпіріп, көпіре һәркім-ақ сөйлер. Бірақ маңызы қанша? Мағынасы не? «Домострой» переводы арзан рисаледе аю маймылға айтқан екен:

«Маймылжан, біразырақ етсең төзім,
Менің бар жалғыз ауыз айтар сөзім.
Әуре боп бәлелерің санағанша,
Абайлап қарашы әуел өзіңе-өзің!» – деп.

Кекесін сөйлеп кеміткендей асқан-тасқан һеш нәрсе жоқ. Қай-қайсымыздың да істеген ісіміз шамалы ғой. Бай кедейді кекетсе, байып отырып етуші еді. Сұм аңлауға күлсе, сұмдығын асырып отырып күлуші еді. Іскер жалқауды кемітсе, ісін асырып отырып кемітуші еді. Олай болғанда арзан рисале жазушыға қымбат рисале жазған адам күлу тиіс еді. Сіздің не жөнмен кекесін сөйлеп, кемітіп отырғаныңыздың мәнісін біле алмадым.

Жұрт алдындағы адамшылық борышымыз: һәркім білгенін, қолдан келгенін істеу емес пе? Жұрттың һәр жұмысының һәр түрлі орыны бар емес пе? Олар үшін һәр нәрсе өз орнында керек емес пе? Рисале-мірсале, газета-мазета, шәкірт-мәкірт – бәрі де өз орнында керек емес пе? Шәкірттерден, біздерден ғали тахсыл алған сіздің біліміңіз көп шығар, бірақ бір кісі қанша білімді болғанымен жұрт жұмысының бәрін істей алмайды ғой. Сіз иурист (адуокат), мен ушител, һәр қайсымыз өз орнымызда керекпіз. Һәр қайсымыз арнап үйренген, иә жаттығып істеген ісімізге шеберміз. Онан басқа іске һәркім ортақ. Сондай істің бірі – сиез. Сиез жалғыз иуристің иәки ушителдің арнаулы жұмысы емес. Көп ортасындағы жұмыс. Ол турада һәркім пікірін айтса, «жермен түстің» деп, иурист те, ушител де айта алмайды. Олай болғанда тарылып, таусылып сөз айтқандай һеш нәрсе жоқ еді.

Мен сиез турасында жазғанда сіздің ойлаған сиезіңіздің үстінен түсе алмадым. Олай болғаны сиездің түрліше болатындығынан. Сиездің бір түрі: жұрт жұмысын

түзеуге қызмет ететін адамдар ақылдасып, бір бағытпен (бір жөнмен) жұмыс істеу үшін бас қосу. Оған жиылған адамдар бас қосқанда ұнатқан жөнмен еліне барып, басқаларына басшылық етіп іс қылмақшы. Екінші түрі: өзін ілтипатқа алмай, сөзіне құлақ салмай қомсынғандарға жұрт қомақты екендігін білдіріп, бейіл көрсетуге бас қосады. Үшінші түрі: жұрт жұмысының кемшілік жағын қалай түзетсе жақсы болатын жайын ойлаған адамдар ақылдасып, ойласып, болашақ іске проекті (жоба) жасап, жұрт алдына салып, ұнатса батасын алып, жолға жіберуге бас қосу. Пәлендей сиез жасаймыз деп жазылмаған соң, менің ойыма келгені сиездің үш түрінің бастапқысы болады. Басқа түрлері болмас деп ойлағаным: серкесі суға түссе серпіле қашатын қойлар зорлап салмаса, тоқтыға түспейді. Сол сияқты күйде тұрғанда бейіл көрсететін сиез жасайды деп ойлауға һешбір орын жоқ. Үшінші түрі болар деп ойламағаным: қазақ ісінің жайынан пәленшелердің даярланып жасап қойған доклад (жұрт алдына салатын) бәрі бар деп естілмеуші еді. Сіздің сиезіңіз хатыңыздың сөзіне қарағанда: қазақтың ысходтары, шрезвышайни сиездері сияқты иәки губернатор, генерал-губернаторлардың жасаған сиездердей болмақшы. Бұлай болады деп сиезді жекілдету үшін айтатын шығарсыз, он облыстың қазағынан болыс басына екеуден шақырған сиез ысход, иә шрезвышайни сиездей болмас. Ең жеңіл болғанда генерал сиездеріндей болар. Генерал сиездері қазақтың не игілігіне болып, не керегі алып, не кемтігі толғанымен білмеймін. Ол заман қазақтың көңілін аулап, ауанына қарап іс ететін заман еді. Крижановски, Кауфман, Колпаковски заманы тай ноқталаған секілді іс қылатын заман. Ноқталағанша һәм ноқталағаннан кейінгі істелетін істер басқа-басқа. Ол кездегі сиезді қазақтың сөзі тыңдаулы, тілегі қабыл шығар, ол заман мен бұл заман бір емес. Сондықтан ертедегі емес, жақындағы болған генерал сиездері қазаққа қанша жағымды-жағымсыз болғанына қарау керек емес пе? 1907 ж. Дала уәлаятының генерал-губернаторы Надаров сиез жасады. Сол сиезде қазақтың осы күнгі керек деп отырған нәрселерінің бәрі болмаса да бірсыпырасы-ақ айтылды. Бірақ бұ күнге шейін қазақтың сұрағанынан қолына тиген һеш нәрсе жоқ. Жұрттың көбі ойлап жүр: қазақ тілегі хүкіметтің құлағына тимей жатыр, хүкімет қазақтың мұңын білмей жатыр деп. Олай ойлау қата. Керегін қазақтың өзі қандай білсе, хүкімет һәм сондай біледі, қазақтың тілегін хүкімет бермей тұрмау білмегеннен емес, беруші мен алушының есебі тура келмегеннен. Алушы да, беруші де һәр қайсысы өзіне жұғымды жағын көздейді, қазақтың ақысы ауысып отырған жалғыз хүкімет бар ма? Қазақты кім жем қылмай отыр? Қазақтың ақысы қазақпен араласқан жұрттың бәріне де ауысып жатыр.

**(Былайғысы бар)**
**Ахмет**

*Қазақ, 1913, № 30.*

## № 117
## Жауап хат

**(Басы 30-ншы нөмірде)**

Қазақ өзі теңеліп ақысын ауыстырмайтын дәрежеге жеткенше қазаққа қай жағынан да болса теңдік жоқ. Жұрт қолы теңдікке теңелсе жетеді. Жұрт азаматының жұмысы жұрты теңеліп теңдікке жетер ме деген үмітпен істеледі. Жұрт теңелуіне көп жұмыс, көп уақыт керек. Жасаймыз деген сиез сол көп жұмыстың бірі. Көбі ойлайды сиез болса қазақтың қажетінің бәрі болмаса да, көбі сонымен табылып, қазақтың қолы дегеніне жетіп қалады деп.

Сиез болатын, жұртқа керек нәрселер сөйленетін, тілегіміз мынау деп

тапсырылатын, керегімізді айтып, тілегімізді сұрап жұмыс істеуге келдік деп, еліне барып сиезшілер жататын, һешкім қозғап әурелемейтін тыныш орын таптым деп, ышкафтың бір бұрышынан орын алып, олардың тілегі жататын. Бұл сөз сиез жасау керек емес, сиез пайдасыз деген емес. Сиез керек жұмыс, пайдалы жұмыс. Бірақ сиездегі тілек ышкафтың бұрышында жатса пайда жоқ. Қазақ – жоқшы, жоғын іздеген қуғыншы. Қуғыншы қандай болса, мал қайтпақшы?

Сиез турасында айрық сөз «Қыр баласы», Бөкейханов һәм менен ғана шығып тұрған көрінеді. Басқалардың бәрі жаны түскен пышақтай жалаңдап, даяр тұрған көрінеді. Біздер сиез пайдасыз жұмыс демейміз һәм дегеніміз жоқ. Бірақ министр бұйрығын көріп қалай болар деп мен әуелі сақтық жағын айттым, екінші – сиезді тоқтата тұрып, сиезде кеңеске түсетін нәрселерді газета, журнал арқылы, оған сыймаса хат арқылы ақылдасалық дедім. Олай болса дегеніміз сиезге шақырған адамдар тойға шақырған секілді болмай, сиездегі жұмысқа күтініп келсін деген ой еді. Қазір де сайланған, күтінген һеш нәрсе жоқтығын «Қыр баласы», Бөкейхан да айтты. Он облыс қазақтан жиылатын сиез ауылнай болыс сайлауындай болады деп сіз жеңіл қарағанмен, ондай жеңіл бола қоймас. Қазақта кемшілігі мол істер толып жатыр. Солардың түзеліп, оңдалуына жасалатын сиез болса, һәр қайсысына жоба жасалып, жол белгіленіп даяр болып келмесе сиездің аз уақыты оның бәріне жетер ме?

Жоба жасап, жол белгілеген докладтарыңыз даяр болса, сақтанарлық қауіп жоқ болса тоқтатып кейінге қалдыруға жөн жоқ. Даяр тұрған нәрсеге не даярлану керек. Ал сиезді жасалық!

Жұбакін мырзаның айтуына қарағанда Орал облысы даяр көрінеді. Басқа жерлер де сондай даяр шығар. Ол мырзаның айтуынша, қисық сөйлеп алауыздық қылып, жұрттың шырқын, ұйымын бұзып тұрған «Қыр баласы», Бөкейханов һәм мен болсам керек. Дәлелсіз, дәнемесіз ол мырзаның қисық дегені қисық болып, дұрыс дегені дұрыс болатын болса, оған айтар не сөз бар?

Біздің сиез турасында айтқан пікіріміз, ойым бұзар сөз болып жорылатын болса, жұрттың бәрі де Жұбакін мырзаның сөзін айтып тұрса, көптің дегенімен болайық. Солай болмағанда жұрт сиез жасап, тілегенін алып, дегеніне жетіп, қарық болып қалатын еді деген түбінде зор өкініш болар. Біздің ойлағанымыз жұрт сиезге күтінусіз шығар, жұрт күтінсін, даярлансын деген еді. Жұрт күтініп даяр тұрса жұрттың біздің ойлаған жеріміздеп шыға алғаны, біз жұрт жайын білмегеніміз. Талпынып тұрған жұртты тартыншақтық етіп тоқтатқан, әрине дұрыс емес. Жұрт даяр болса, сиез басшылары бастаңыздар, біз де қостап, қолдан келген көмегімізді аямаймыз.

Шеттеп жүрген біз болсақ, қосылдық, енді алалық жоқ. Жалғыз-ақ айтатын сөз мынау: құр аты сиез болмай, сиез сияқты болсын. Қазақ сиез жасады деген соң, сиезде сөйлескен сөзімізге хүкімет құлағын сала ма, салмай ма (ол былай тұрсын), қазақ сиезінде не сөйленді екен деп хүкіметтен басқалардың құлақ салатыны болар. Сиезде де білгір сөзі уақыты дәлелсіз құр мынау былай, анау ондай десек, мұның дәлелі қайда демей ме. Сондықтан даярмыз деген мырзалардың дайындығын: ат ерттетіп, киімін киіп тойға жүруге дайындаған даярланыс емес, сиезге алып келіп салатын дәлелді докладтары даяр деп ұғамыз (түсінеміз).

**Ахмет**

**P.S.** Бұл хат Жаһаншаның «Айқаптың» 13,14,15-ші нөмірлерінде жазылған хатына жауап.

*Қазақ, 1913, № 31.*

## № 118
## «Қазақ» газетасына көмек

10-15 ноиабрде Верхни Орал уезінде Наследниски деген қалада жылдық жәрмеңке болды. Мұнда Қостанай уезінен 4-5 болыс елдің қазағы келді. Көзі ашық, ел намысы бар мырзалар бас қосқан жерде «Қазақ» газетасына мына кісілер көмек берді.

Жетіқара болысынан: Мақан Сұлтан баласы – 5 сом, Қажы Өтебай қажы Қондыбай баласы – 10 сом, упрауител Ахмет қажы Қондыбай баласы – 10 сом, Сейітжан қажы Қондыбай баласы – 10 сом, Байғоныс Баймыш баласы – 10 сом, Шора Жақсыбай баласы – 3 сом, Бермұхаммет Баймұхаммет баласы – 3 сом, Әлмен Асан баласы – 3 сом, Тәуке Өтеп баласы – 3 сом, Ғабдулла Айдік баласы – 3 сом, Елеу Өтеп баласы – 2 сом, Тыным Айбат баласы – 1 сом, Бекей Байтақ баласы – 1 сом, Көздібай Есен баласы – 1 сом, Васили Федоровиш Сонин – 1 сом, Жүсіп Бәймен баласы – 3 сом, Садық Сансызбай баласы – 3 сом, Жолмұхаммет Мыңдыбай баласы – 1 сом, Мұхаметшаһ Иаһудин – 3 сом, Құттық Көпжасар баласы – 1 сом, Жолмұхаммет Меңдыбай баласы – 1 сом, Бермұхаммет Мырзабек баласы – 3 сом, Аймұхаммет Машке баласы – 2 сом, Сары Төлебай баласы – 3 сом, Әмірғали Саңқай баласы – 1 сом, Ерғали Қара баласы – жарты сом, Атай Қара баласы – 1 сом, Мұқатай Әмір баласы – 1 сом, Өтеулі Үстемір баласы – 20 тиын. Аққарға болысынан: Сағымбай болыс – 3 сом, Есенбай Сүттібай баласы –5 сом, Қажы Әбдірақым Сарт баласы – 1 сом, Бекназар Рысмұхаммет баласы – 1 сом, Битөлеу Дүйсен баласы – 1 сом, Көбен Боранғұл баласы – жарты сом, Шайман Балқұбай баласы – 2 сом, Ағыбай Байбағыс баласы – 1 сом, Тоқа Дүйсен баласы – 1 сом, тағы да – 2 сом 66 тиын, Жылқора елінен Ақатай болыс арқылы – 7 сом 85 тиын. Бәрі – 115 сом 71 тиын.

**Досмайыл қажы Қашқынбай баласы**

«Қазақ»: басшылық етуші ақсақал Досмайыл қажыға һәм қадірі алхал жұрт ісіне көмек беруші мырзаларға рахмет.

*Қазақ, 1913, № 40.*

## № 119
## Саматовқа жәрдем

Мұхтар Саматовқа Семейдегі Әбдірахман Жүсіпұғлынан – 2 сом келді, бұрынғыларымен бәрі – 114 сом болды.

*Қазақ, 1913, № 42.*

## № 120
## Алаш азаматтарына

Халықтың мәдениет жолында ілгері басып, ел қатарынан қалмасына себепші болатын нәрселердің бірі баспасөз, иәғни газета, журнал, кітаптар екендігі шексіз. Олардың басылып шығып, жұртқа таралуына пұл керектігі де шексіз. Баспасөздің әуелі керектігін түсініп білу қажет, екінші білгеннен кейін баспасөзбен жұрттың пайдалану жағын ойлап іс қылу керек. Басқа жұрттарға қарасақ, олар мұндай істерді екі түрлі жолмен жүргізіп жатыр. Бір жолы – пұл міндетін пұлы барлар

алып, жазу міндетін қалам ұстаушылар алып, істеп жатқан жол. Екінші жолы – баспасөзбен халықтың пайдалануын ойлаған адамдар көп суммасы болмаған соң, аз суммаларын құрастырып жиып, біріктіріп, күштерін қосып, серіктесіп іс қылып жатыр.

Әуелгі жолмен іс жүргізуге пұл міндетін көтерерлік қазақтан байлар шықпайды. Үш жылдан берлі «Айқап» журналы шығып тұр, бір жылға жақын «Қазақ» газетасы шығып тұр. Бұлардың екеуінің басындағы кісілер газета мен журнал ісіне оңашаланып шықпай, бағасы басқа қызметке байлаулы күйінде іс жүргізіп отыр. Газетаға оңашаланып шығайын десе салмақ газетаға түседі, оны көтеретін газетада пұлдылардың салып отырған сомалары жоқ. Байлар жомарттық қылмады деп қарап отыруға бола ма? Екінші жолмен іс жүргізуге ойлап тұрмыз. Қазақта кесек сома шығарарлық байлар аз болғанмен аз сомасымен, адамгершілігімен серіктікке жарайтын азаматтар аз емес. Сондықтан «Азамат серіктігін» ашып, «Қазақ» газетасын мұнан былай Алаш азаматтарының серіктесіп қосылған пұлымен жүргізбекшіміз.

«Азамат серіктігінің» мақсұты жоғарыдағыда айтылған жұртқа керек жұмыстар, иәғни газета, журнал шығармақ, кітаптар бастырмақ. Олардың ішінде қазіргі бас мақсұты «Қазақ» газетасының аяғын нық бастырып, жүргізіп жібермек. Онан басқаларын кезінде шамамызға қарай көрмек. Серіктікке кіретін азаматтарға лайықтағанымыз ер басына жүз сом. Біздің қазіргі істеп тұрған һәм мұнан бұлай істейміз деп ойлап тұрған істеріміздің мәнісін түсінбейтін қара шаруа байлар көп екенін, көңіл жетсе пұлы жетпейтін азаматтар да көп екенін һәм бұл серіктікке олардың біреулері түсінбегендіктен, екіншілері қолы қысқалықтан кіре алмайтындығын білеміз. Бұлардан басқа да түсінікті байлар, жүз сомға қолы қысқалық қылмайтын азаматтар қазақта аз емес. «Азамат серіктігіне» жалғыз байлықпен емес, азаматтықпен көбі кіріседі деп үміт етеміз. Жүз сомын азамат жарнасына қосқанда қолы қалтылдап, осы ақшам қайда кетпекші деп, сенімсіздік қылатын адамдарға кіріспе дейміз. Екінші, осы жүз сомнан пайда болса, жақсы. Олай болмаса, шығын болады ғой деп, ауырсынатын адамдарға кіріспе дейміз. Бұл серіктік сендер осы кәсіпке кіріссеңдер ақшаларың өсіп, жүз сомдарыңмен байып қазақ боласыңдар деп алдарыңа салып отырған серіктік емес, олай түсінетін адамдар да ойланып кірісерге керек. Ондай серіктікті көздеушілерге көпестердің, кәсіпшілердің серіктігі бар.

«Азамат серіктігінің» бас мақсұты – ақша өсіріп серіктестерді байыту емес, істеген істің жұртқа пайдалы болуы. Ақша жағына сол пайдалы істерді істеуге, күш, қуат болуға қажет нәрсе мағынасында қаралады. Жоғарыда айтылған халыққа пайдалы істерді істеп жүргізуге адам керек болса, ақша да керек. Адам да, ақша да бірдей сай болса, іс сайлы күйінде жақсы жүрмекші. Бір жағының кемшілігі істің барша жағына кемшілік келтіреді. Сондықтан «Азамат серіктігі» ақшасының мол болу жағын да ескермекші. Олай болған соң бұл серіктікке жарна салушылар жарнамыз өспейді деп те үмітсіз болмақшы керек. Қысқасынан айтқанда, жарна салушы азаматтар жүз сомын жұрт үшін көп ортасына салып, пайдасы болса пайдасын көппен бірдей алармын деп, залал болса залалға көппен бірдей қалармын деп «Азамат серіктігіне» осылай ойлауға жарайтын адамдар кіреді һәм серіктікке жарамды. Олай ойлай алмайтындар кірмей-ақ қойсын. Бұл серіктіктің купес серіктігі емес, кәсіпші серіктігі емес, «Азамат серіктігі». Бұған кіретін адамдар жұрт жұмысы турасында жалғыз ақшасымен серіктес болмай, көңілмен, ниетімен де серіктес болуы қажет.

Ашушылар:
**Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов**

*Қазақ, 1913, № 42.*

## № 121
## Саматовқа жәрдем

Мұхтар Саматовқа Шалқардағы Ермұхамет Сатыбалдыұғлынан 3 сом келді, бұрынғыларымен бәрі 117 сом болды.

*Қазақ, 1913, № 43.*

## № 122
## Саматовқа жәрдем

Мұхтар Саматовқа Қарқаралыда Ержан Аймановтан 1 сом келді, бұрынғыларымен бәрі 118 сом болды.

*Қазақ, 1913, № 44*

## № 123
## Орынбор. 9-шы ғинуар

«Қазақ» газетасы көздеген мақсұтына жету үшін шыққаннан бері күш-қуатын жұмсады және жұмсамақшы. Бір жылдың ішінде «Қазақта» қаламымен қызмет еткен және мұнан бұлай да пайдалы қызметтері үміт етіліп, Алашқа аты білінген білімді азаматтар: Ахмет Байтұрсынов, Ғалихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, доктор Әбубәкір Алдияров, доктор Арғынғазы Поштаев, доктор Халел Досмұхамедов, доктор Дәулетшаһ Күсепғалиев, доктор Бенъкевеч, присиаженни повереннi Райымжан Мәрсеков, инженер Мұхаметжан Тынышбаев, қазақшыл Хасан Али, студент Есенғали Қасаболатов, шежіре Шаһкәрім Құдайберді, Әбділғазиз Мұса, Ғұмар Қарашев, Жұмағали Тілеулин һәм басқалары.

«Қазақ» газетасын 10 облысқа қараған кигіз туырлықты қазақ байдың баласынан 1913 ж. ішінде алдырып тұрғандардың есебі мынау:

1) Торғай облысы – 694
2) Семей облысы – 612
3) Ақмола облысы – 586
4) Сырдария облысы – 327
5) Орал облысы – 301
6) Жетісу облысы – 157
7) Ішкі ордалық – 136
8) Ферған облысы – 30
9) Самарқан облысы – 8
10) Закаспи облысы – 5

Өзге жерлерден:

1) Орынбор шаһары – 37
2) Уфа шаһары – 14
3) Қазан шаһары – 13
4) Қытай қазағы – 10
5) Петербург шаһары – 9
6) Түркия қазағы – 5
7) Мәскеу шаһары – 3
8) Томскі шаһары – 3

9) және басқа шаһарлар – 57

Бәрі – 3007.

«Қазақ» газетасының мақсұты қазақ-қырғызға қызмет және басшылық ету болғандықтан, Алаштың ардақты азаматтарынан өтінеміз, 1914 ж. қарсы бұрынғы жазылғандардың мезгілі толса жаңадан жазылуларын һәм бұрын тіпті жазылмағандардың газетамызды енді алдырып танысуларын.

Газетаның жылдық бағасы 3 сом. Жарты жылдығы 1 сом 75 тиын.

Адресіміз: Оренбург, Редакция газеты «Казак».

**Басқарма**

*Қазақ, 1914, № 45.*

## № 124
## Жер жұмысына дін жұмысын қыстырмалау

Қазақты отырықшы қылғанда христиан дінін түбінде қабыл етерлік жағы да көзделсін деген сиез жиылысы ұнатып, жер министрі қабылдаған бір істі өткен нөмірде «Уақыт» газетасынан көшіріп бастық.

Сенод мақсұты табылу үшін: әуелі, қазақтарды мұжықтармен біріктіре отырғызу керек, екінші, қазақ саны орыс санының жартысынан аспасқа керек. Солай істесе орыстардың қазақтардан саны басым болмақ. Саны басым болса орыстардың сөзі де, тіршілік ісі де басым болып, қазақтар христиан дінін қабыл етпек.

«Уақыт» газетасы айтады: «Қазақтың отырықшы болғаны хүкіметке пайдалы, қазақтарға зарарсыз іс қой» – деп, бұрын біздер, иәғни ноғай газеталары, «қазақтар, қала болыңдар» деп ақыл беруші едік һәм соңғы жылдарда, әуелі, переселен шенеуніктерінің айтқан ақылы, екінші, ноғай газеталарының берген ақылы, үшінші, қазақ оқығандарының айтқан сөздері қамшы болып, қазақтардың көбі отырықшы болуға сұранып, бірсыпыралары отырықшы боламыз деп мұжық нормасыменен жер кестіріп те алып еді дейді. Мұнан былай біз ноғай газеталары қазақтың жер туралы ісіне тіл қатып, кіріспейміз, өйткені жер жұмысына тиіссіз басқа жұмыс кірісіп тұр – ол миссионерлік жұмысы дейді.

Өлексе табылса, қарғалар, қара құстар табылатыны, ноғай бауырларымыздың газетасының есіне жаңа түскен көрінеді. Сенод айтуынша, қазақ христиан дінін мұжыққа қарап телміргенде қабыл етпек. Оны құр ойларымен бал ашып, айтып отырған жоқ, іс жүзінен көріп айтып отыр. Алтай және қазақ миссиасының 1893 ж. отшетында* айтады: «1893 ж. қазақтан шоқынған еркек-әйелі бар 69 кісі. Христиан дінін оңай қабыл еткіштер жарлылар. Қалың қазақтың ішінен шығып, қалаларға келіп малайлыққа жалданғандар. Бұлар бірте-бірте орыс тілін біліп, орыстың ғұрпымен, дінімен танысады. Сонан соң христиан дініне икемдеп бұрмалаушы әуел бастап тұрған қожалары болады» – деп.

«Новое время» газетасының 643-нші нөмірінде «С.Р.»-да соны жазады. Ол жазады: «Біздің миссионерлеріміздің шоқындыратындары қазақтың сорлылары, жарлылары, өз жұртының ішінде теңдікке қолы жетпей, малайлықта жүріп, жарық сәуле көрмегендер, жаңа дінге кіріп, жаңа дін қарындас тауып жақсылыққа қолымыз жетер ме деп дәмелі болатындар» – деп. 1892-нші жылғы Қоянның ашаршылығында Қостанай уезінде бір ауыл қазақ шоқынып кеткен жоқ па? Бай қазақта бір адам шоқынды деп миссионерлер де, газеталар да жазған емес. Сондықтан Алекторов айтқан: «Миссионерлер пәлен етіп жатыр деп, газеталар жар қылады. Ондағы шоқындырдық деп мәз болатындары өңшең тамағын асырай алмай есікте жүрген

малайлар. Жоқшылықтың зарынан неге де болса, көнетін шарасыздар. Миссионерлер қазақтың ішіндегі қарны тоқ, қадірлі адамдардан шоқындырса екен. Оларды шоқындыру жарлыдан гөрі қиынырақ болар, оның есесіне шоқындырдық деп мақтануға сыйымдырақ болар» – деп.

Осылардың бәрі де жарлы қазақты шоқындыру оңай, бай қазақты шоқындыру қиын екендігін көрсетеді және Сенодтың: қазақ күні мұжыққа түссе, христиан дінін қабыл етеді деп топшылауы құр оймен бал ашу еместігін көрсетеді. Қазаққа мал бағуды тастап, 15 десиатинадан жер алып, қала бол дегендер: әуелі, переселен шенеуніктері, екінші, ноғай бауырларымыздың газеталары, үшінші қазақтың оқығандарының кейбіреулері. Переселен шенеуніктері қазаққа қала бол дегенде, қала болып 15-тен жер алса, жер көбірек артылады, көбірек артса, жерді көбірек алып, жеген нанын ақтамақ үшін қазаққа қала болыңдар деп ақыл берді. Оларға қазақтың күл болғаны, бұл болғаны бір есеп. Ноғай бауырларымыздың газеталары қазақ жерінің жайын жақсы білмегендіктен переселен шенеуніктерінің сөзін қостап кетті, олар ойлады: қазақ 15-тен жер алмаса, құрып жоқ болады да, 15-тен жер алса, мәдениет туын тіккен жұрттың бірі болады деп. Бұл қазақ жерінің жайын жақсы білмегендік. Қазақ жерінде мал бағумен күн көре алмайтын болса, 15-тен жер алып, егін салумен де күн көре алмайды. Жаманнан жақсыға түсуде мағына бар. Жаманнан жаманға түсуде не мағына? 15 десиатинамен күн көреді деушілер иә өздері қазақ жерін білмейтіндер, иә біле тұра басқаларды адастыру ниетіндегілер. Туралығын айтатын адамдардың қазақ жерін білетіндері қазақ даласы малдың жері дейді; «Шудалы түйе, жабағылы қойдың жері», – деп профессор Верпер айтады; «Көктің дымын жерге түсіру амалын тапқанша, қазақ даласы егін жері бола алмайды» – деп профессор Богданов айтады. Оның айтуынша, қазақты алақандай жерге арқандап отырғызамыз деген адасқандық. Қазақты егінші қылып жарытпас, малынан айырып кедей кебін кигізер* дейді. 1910 ж. Гос. Думада Кавказ депутаты Хайдаров та, Петербург депутаты Милиуков та, қазақ жері турасында сөз болғанда екеуі бірдей айтқан: «Қазақты қала қылып отырғызғандар бағып отырған малынан айырар, мал шаруасының төлеуіне тұрарлық heш нәрсе тауып бере алмас» – деп.

Қазаққа 15-тен жер алып, қала бол деп ақыл беретіндер переселен шенеуніктерінің сөзінен басқалардың да айтқанына құлақ салу тиіс еді. Қазақ жерінде малды тастап, жалғыз егінмен күн көруге болады, 15-тен жер алып, қала бол деп, айтуға біздің аузымыз бармайды. Рас, қазақ жерінің жақсысы да бар екені, бірақ ондай жерлер тіпті аз және ондай жерлердің көбін алып та қойды. Бұл күндегі жақсы деп жүрген жерлерінің жақсылығы шамалы. Ол жерлерден 15 десиатинадан жер алып, қала болып күн көру қиын, бұл күнде қазақ жерінде қазағы бар, орысы бар егін салып байып отырса, оған қарап топшылап, егінмен күн көруге болады деп айтуға болмайды. Жердің қазіргі молшылығында жүздеп, екі жүздеп егін салғандар әрине байыр. Қазақтың да мұжықтың күні 15 десиатинаға түскенде байымақ түгілі күн көретініне көзіміз жетсе, біз де қазақтарға қала бол деп ақыл берер едік. Оған көзіміз жетпейді, 15-тен жер алып, қала болса, кедей болатынына көзіміз жетеді. Жердің молшылығында жан-жағындағы қазақтың жерін еркінше жалдап отырып, мұжықтар егіні шықпаған жылы қазынаға қарап, балапандай аузын ашып, асыра деп шулайды. Сол шулауға қазақ та түседі: егін егу жайын қазақ мұжықтан артық білмейді. Өз ауқатымен тамағын асырай алмай, басқаның қолына қарап телмірсе, қазақ жұмысы біткені. Өлімтік аңдыған қара құс пен қарғалар қазақ үстінде тойын сонда тойлайды.

Қала бол деушілердің көбі: қазақ көшуін қойса, қазақ даласына мәдениет туын тігіп орнар еді дейді. Мәдениет деген жақсы. Бірақ жақсы нәрселердің қолға

түсуі оңай болмайды. Мәдениетке жетіскен жұрттар переселен шенеуніктерінің қала-қала қылып отырғызуымен жетіспеген, кеңінен толғанып бірте-бірте жылжумен жетіскен. Оны еволиутсиа жолы дейді. Қазақ та мәдениетке сол жолмен жетіседі. Оған жалғыз тысқы қалыбын өзгерту шарт емес, іші-тысы бірдей өзгере-өзгере барып жетіседі.

Біз қазаққа 15-тен жер алғызып, мал сатқызып, қала салғызып отыртайық. Қазақтың білетіні мал бағу, шала-шарпы егін егу, сауда істеу, онан басқа білетін һөнер иа кәсібі жоқ. 15 десиатинаға мал жайып мәз бола алмайды, сауданы бәрі тегіс істей алмайды. Олай болса, азы саудагер, көбі егінші болмақ. Егін қазақ жерінде жылда шығып тұрмайды. Бір жыл шықса, бір жыл шықпайды. Тіпті екі жыл, үш жыл, ұдайымен егін шықпайтыны бар. Сонда қазақ немен күн көрер? Малдан айрылса, кәсібінің зоры егін болса, ол егін қазақ жерінде бірде шығып, бірде шықпайтын болса, егін шықпағанда күн көрерлік басқа кәсіп һәм һөнерді қазақ білмесе, қазақ кедей болмай кім кедей болмақшы? Кедей болса малайлыққа жалданудан басқа қолынан келер һөнер тағы жоқ. Һәркімнің есігінде қорлықта жүргенде онда не ұлт намысы, не дін намысы қалар? Миссионер отшеттарында айтылған христиан дінін қабыл еткіш кедейлер мен малайлар сонда көбейер.

Қазаққа қала болсаңдар мәдени жұрт боласыңдар деп ақыл берушілер әуелі қала адамына тиісті кәсіпті үйретіп алып, иәки ғылым, һөнер үйреніп, жаман жерді жақсы жер орнына, аз жерді көп жер орнына тұтынарлық дәрежеге жетіп алып, қала бол десе, оған біз де қол қояр едік. Оны айтпай, переселен шенеуніктері 15-тен жер кесіп беріп, қала-қала қылып отырғызса, мәдени жұрт болып дүрілдеп, кетесіңдер деген сөз: қазақ қазір еуропаша киініп ала қойса, Еуропа адамдарының істегенін істеп кетер еді деген сияқты сөз. Һеш нәрсені үйретпей, еуропаша киіндіріп, Лондон иә Парижге қазақты апарып қоя берсе, тапса малай болар, таппаса аштан өліп қалар. Хүкімет біздің 20 ғ. көшіп жүргенімізден ұялса, бізге жаман жерді жақсы жер орнына тұтынарлық ғылымын үйретіп, білдіріп алып, қала бол десін. Сонда қала болмасақ, біз үшін ұялсын. Оны істемеген хүкімет өзінің істемегенінен ұялмаса, қазақ көшіп жүруінен ұялатын жөні жоқ. Қазақ көшіп жүрсе, еріккеннен көшіп жүрген жоқ, мал баққаннан көшіп жүр. Жері малдың жері болған соң, мал бақпасқа шарасы жоқ. Жаман жерді жақсы жер орнына тұтынарлық амалын тапқанша, қазақ жерінде жалғыз егін кәсібі күн көрерлік сенімді кәсіп деп айтуға болмайды. Олай болса қазақ көшпелі болсын, отырықшы болсын малсыз күн көре алмайды. Мәдени боламын деп 15 десиатина жерге қамалып, малдан айрылып, егінмен күн көре алмай, судың бір жиегінен алыс кетіп, екінші жиегіне жете алмай, суға батқандардың күніне түсіп бітіретініміз аз болар. Мәдени болғың келсе, мал бағудың тоқтаушылығы жоқ. Қала боламын десең, мал бағудың тоқтаушылығы жоқ. Мал баққан Швейсарияның мәдениеттігі һәм қалалары һешкімнен кем емес. Переселен шенеуніктерінен бата алып, 15 десиатинадан жер алса, сонда ғана қала салып, отыруға болады деген қата пікір.

Сенодтың айтып отырғаны: бір қазаққа екі мұжық келсе дегені – бір қазақты екі орыс ұстап отырып шоқындырады деген сөз емес. Тіршілік шаруасы жүзінен қазақ мұжықтан төмен болып әлсіреп барып, христиан дінін қабыл алады дейді. Олай болғанда қазақ жарлы болмас жағын көздеу керек. Қазақ телміріп басқалардың қолына қарайтын күйге жетпеске керек. Оған жетпес үшін оқу-һөнер, кәсіп үйренерге керек. Мәдениетке бірте-бірте сол жолмен жетісерге керек. Оны істеуге мал бағу жағынан оралғы болатын һеш нәрсе жоқ.

Қысқасы: біздің қазақ жерінің жұмысына дін жұмысы қосылуы күтілмеген жұмыс емес. Қазақ ісіне миссионерлік қыстырылмайтын орны қашаннан-ақ аз болатын. Қазақ жарлыланып, жасымаса, миссионерлік һеш нәрсе қыла алмас,

жарлылыққа айналса, айналдырушы көбейетіні шексіз. Жұрттың тірілік күйде иә өлімтік күйде өмір шегуі өзінің жігерінен болады. Сол жігердің өзінде барлығын білгенше, өзі істерлік істі өзгеден күтіп жұрт алаңдайды. Өзгелерден оны жұлып алып, ауызға сала қоятын жемістей көреді. Біздің қазақ осы күнде сол күйде тұр: өзі істейтін істі өзгеден күтеді, өзгелер де ол күйін біліп, қазақ жұмысына әкеліп орынсыз нәрселерді қыстырмалай береді.

Ноғай бауырларымыздың газеталары бұрын қазақтың ол жайын білмей, енді ғана байқап, бұрынғы жөнінен бет бұрып, шықтық деп тұр. «Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң».

*Қазақ, 1914, № 45.*

## № 125
## «Аңдаспаған мәселе» турасында

Ноғай бауырларымыздың газеталарының арасында қазақ жайына көбірек көңіл және орын бөлетін «Уақыт» газетасы.

Қазақ туралы естілген хабарлар, істелген істердің көбі «Уақыт» газетасына басылып және олардың ішіндегі маңыздылары турасында газета пікірінде айтып тұрады. Сондықтан «Қазақ» газетасы қазақ мәселесі турасында «Уақыт» газетасымен бір жөннен сөз шығаруға, арадағы аңдаспаған мәселелерді ашып, саралап, анықтауды өзінің міндетінің бірі деп біледі. Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зоры жер мәселесі. Бұл қазақтың тірі иә өлі болу мәселесі. Бұл турасында түсініп жетпей қаталасып, қазақты теріс жолға салғанымыз, бес миллион адамның обалын мойнымызға жүктегеніміз. Сондықтан бұл турада қазаққа ақыл айтқанымыз: қазақ та және басқалар да қата ұқпастай етіп, анықтап ашып сөйлегеніміз абзал. «Уақыттың» 1397-ші нөмірінде «Ф.К.» әпендінің жазған сөзінде аңдаспай жүрген нәрселердің көбі анықталды, ашылды. Әлде болса бүркеурек, көмескі тұрған бір сауал бар. Соны ашсақ, арадағы аңдаспаған мәселе аңдалып жетер еді. «Уақыт» қала бол дегенде қай түрлі қала болу жайын ашып айтпайды. Ол ашылмаған соң қазақтар қала болуды 15 десиатинадан жер алып, егін нормасымен қала болу деп ұғады. Егерде «Уақыт» 15 десиатинадан жер сұрап алып, егін нормасымен қала болуды айтса, онда азырақ сөйлесуге қажет болады. Олай болмай жердің түріне қарай мал бағарлық жерде мал бағатын, егінге жақсы жерде егін егетін қала болуды айтса, онда олай қала болуды біз де ұнатамыз және «Айқап» журналының 1911 ж. 4-ші нөмірінен бастап айтып және «Қазақ» газетасы жүзінде тұтынып келе жатқан жолымыз. Біз қазаққа қала болма демейміз. Жақсы жеріңе жиылып қалаңды сал, мешітіңді орнат, мектеп-медресеңді аш, рұқсатсыз неге қала болдың деп hешкім айтпайды дейміз. 15 десиатинамен қала боламын десеңдер, күн көре алмайсыңдар дейміз.

Қазақтар және біздер қата аңдамас үшін «Уақыт» газетасынан өтінеміз: қазаққа қала бол дегенде қай түрлі қала болуды айтады. Мүмкін болса, ашып айтса керек.

**А. Б.**

*Қазақ, 1914, № 48.*

## № 126
## 2-ші феурал

1913 ж. 2 феурал «Қазақ» газетасының 1-ші нөмірі шыққан күні. Биылғы 2-ші феурал газетаның бірге толып, екіге аяқ басқан күні. Бұл күні Орынбордағы қазақ жастары басқармаға келіп, басқа жердегі жастар телеграммен құттықтап, газета өмірлі болып, халыққа пайда келтіруіне тілектес көңілдерін білдірді. Баршаларына тәңірі жарылқасын айтамыз.

«Қазақ» газетасы әуелі тез ойланып, тез дүниеге шыққан істің бірі, екінші, пұлмен емес, тәуекелмен бастаған істің бірі. Шығаруға бел байлағанда қолдағы пұлымыз небары 750 сом еді. Халықта баспасөзге аңсаған адамдардың барлығымен газета жүріп кетті. Әйтпесе, 750 сом қаншаға шыдар еді? Дүниеге шығып көрінуі мұң-ақ екен, жұрт жабылып көтермелеп кетті.

Сондықтан бастауға себепкер біздер болсақ та, жүргізуге себепкер болған жұртқа кірген саңылау және сана, иәғни жұрт ішіндегі саңылаулы саналы адамдар. Жұрт азаматтарының бірсыпыралары пұл жағынан, бірсыпыралары қаламмен білім жағынан, бірсыпыралары екі жағынан да жәрдем етті, баршаларына жұрттың тілі болып тұрған «Қазақ» атынан тәңір жарылқасын айтамыз.

Ел адамы түгіл егіздің сыңары бірдей болмайды, ел ішінде не жан жоқ? Газетамызға қастық ойлап, хүкімет алдында қаралауға ойлаған бауырларымыз да болды. Бірақ «Тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жемес» деген, қатын өсек сықылды пыш-пыштаған ұсақ күңкілдер, көптің көмегіндегі жұмысты тоқтатып, елдің ілгері басқан аяғын кейін кетіре алмас. Газета һәм кітап сияқты нәрселер халықтың градуснигі (тамыршысы). Халықтың ішкі сарайы, иәғни сана, саңлауы қандай күйде тұрғанын газета және кітап сияқты нәрселерден байқауға болады. Қазақ жұртын аурулар жайлап, әлін кетірсе де, әрекет аралап, берекесін алса да, жұрт болмай жоғалады деген, ұшқыр философтардың пайғамбарлық дағуалары асығыс қой дейміз. Қазақ тамырын ұстаған газета және кітаптардың айтуына қарағанда, қазақтың тәні азғанмен, жан-жағы үмітсіз еместігі көрініп тұр. Рас, 6 млн қазақтан 3 мың кісі газета алдыруы, иәғни: 2 мың кісіден бір-ақ кісі газета алдырғаны аз. Бірақ аз көбеймекші, кішкене үлкеймекші. Үміт үзіп, қол серпетін күйге қазақ жеткен жоқ. Іс Алаштың азаматтарында. Азаматтар адал көңілмен жұрт жұмысына жабылса, ұлтын лақтырмай тура жолға бастаса, халық өз азаматтарын өз жұмысына керек қылып жұмсауды білсе, қазақ жұрт қатарына кірмей қалмас. Істей білсек, жұрт бізді жұмысына жұмсауды да үйренер. Жұрт жұмыскері болмақта ниеті бар азаматтарға газета мен кітаптардың таралуы анық тәжірибе. Ұнамды істен ұлтымыз қашпайтын сияқты. Жұрттың былай көрінгенін қолымызға қуат, белімізге сүйеу көріп, газетаның екінші жылғы жұмысына екі есе артық жігермен, екі есе жарық үміт сәулесімен қуаныш етіп кірісіп тұрмыз.

*Қазақ, 1914, № 49.*

## № 127
## Емле турасында

Бұл заманда оқу, оқыту жылдан-жыл таррақи етіп, мақсұты ілгері жүру. Һәр жұртта аяғын кере-кере аттап кетіп барады. Һәр жұрт өз тілін, өз емлесін қатарға қосып, өз әдебиетін ілгері жіберуде, ол әдебиеттің ілгері басуы тілдің байлығында. Жалғыз тілдің бай болуы ғана жетпейді, байлығын майданға салып көрсету керек

болады. Біздің қазақ халқы тілі бай, әдебиеті мол болса да, өзіне арнаулы емле, балаларын тәрбие етерлік жөні түзу алифба майданға шыққаны жоқ еді. Заманаңың түрткілеп оятуына да оянушылар аз еді. Ұйқысы сергек Ахмет Байтұрсынов неше жылдан бері ойлап, сынап, жаңа емлемен жазған алифбаны бір жылдан бері майданға қоя бастады. Емле турасында медресе «Ғалиедегі» қазақ шәкірттерінің пікірін білейін деп ойлаған еді. Медреседе қырықтан аса қазақ шәкірттері бар еді, кейбіреулер қабыл етуді қолдап, кейбіреулері бұл емле және алифба мәселесі жеңіл іс емес, біраз мехкеме қылып тексеріп қарайық, не үшін десеңіз заманамызға ұнаулы болып дауам ететін бір іс, ол істің негізді боларлық түрі бар ма, жоқ па? Анықтап көз салу керек, қолдануға лайықты тапсақ, қабыл қылармыз. Кем жері болса, көрсетерміз деген ойда болып қабыл етуге кезінде мойындап жауап бермеген еді. Екі айға жақын талқыға салып, ойлап сынағанның соңында қабыл етуді ұнамды таптық. Бұл Ахмет Байтұрсынов алифбасында кем жері болса болар. Ондай жерлерін тәжірибе иесі елде мұғалім болған шәкірттер өздері бір хатпен жазушыға білдіруге мүмкін. Лайық болған жерде пікірден шығып кетпес. Не үшін десеңіз шәкірттеріміз де, жазушыларымыз да һәр қайсысы ұлт балаларына оқу ісінде ауырлық келтіру, қиын жолға бастау ниетінде емес, бәлки жеңілдік, оңайлату жағында. Аз-маз кем жері болса да, қабыл қылу керек. «Қос жүре түзеледі» деген, бастауында кемдік, қысқалық болса да, жүре жөндігіп кетер. Бірен-саран болса да жолбасшыларымыз көріне бастады. Һәр жерде оқып жүрген азаматтарымыз да бар. Мұнан он жыл бұрынғы шағымыз бен соңғы 4–5 жылды салыстырып қарасақ, арасында көп өзгерістер бар. Бұрын ноғай медреселерінде қазақ шәкірттері жоқ есебінде аз еді, соңғы жылдарда бірте-бірте көбейіп оқу жолына кірісіп жатыр. Жақсы оқып шығып, ұлтына қызмет жолына бел байлап түскендері бар. Сондай талапты азаматтарымыз ұлт баласына қызмет еткелі ниет қылып, оқу құралына ділгір болып шыққанында, жоғын-керегін даярлап қойған Ахмет мырза Байтұрсыновтың оқу құралын қолданып, тәлім жолына кірісуін тілейміз.

Кейбір ұнатпағандар да болар. Бізге әліп, би, ти, си, иәки мұғалім ауал, мұғалім сани жетпей ме деп, үстінен қарағанда жетерлік болса да, терең ойлап қарағанда ұнамсыз талай жерлері бар деп білеміз. Бірнеше миллион қазақ халқы өзімізге белгілі тілде жазылған балаларды тәрбие қыларлық алифба, емле, сарф, тарих, хисаб, жағрафиа секілді өз тілімізде жазылған кітаптың жоқтығы еді. Өздеріміз кемшілік не дәрежеде екендігі ап-ашық көрініп тұр. «Көп жоқтаса, жоқ табылады» деген секілді қазақ ішіне шыққан азаматтар балаларды бір ізбен тәрбие етуге сіздер борыштысыз. Қабыл етуге риза болып қол қойған шәкірттер медресе «Ғалиеде».

**Сәдуақас Жандосов, Ысхақ Заһиров, Абушахме Боқаев,**
**Абдалхамит Молдағалиев, Абдолла Толбаев,**
**Хайралла Ибрахимов, Закир Сералин, Ахмет Маметов,**
**Ерғали Бейсов, Софалла Ғабдолғазизов,**
**Исмаил Тұрсынов, Тажәли Жұмалиев**

**«Қазақ»:** Бұрын «Қазақ» емлесін қабыл еттік деп хат жазған медресе «Ғалиедегі» қазақ шәкірттерінің бұлардан басқа жартысы еді.

*Қазақ, 1914, № 49.*

## № 128
## Губернатор өзгерілуі

Семей губернаторы Тройнитски Тулаға губернатор болып, оның орнына Твер висе-губернаторы Шернитсов деген келмекші.

Тройнитски қазақтың қазақ екендігін ұмыттырмай есіне түсіріп отыратын губернатор еді. С. Сенат пен жер жұмысының бас мехкемесі қазақ пен орыстар ауыл үй қондырып, жақындастырып, дінін, атын жоғалтып, орыс қылып «Сен қазақ, біз орыс» деген сөздер болмас қамын жегенде, губернатор Тройнитски «Сен қазақ, біз орыс, оны ұмытпа деп» қазақтардың есіне салып отыратын еді.

Семей қазақтарының көбіне Тройнитскидің қазақ баласына суық жүзбен қарағаны тынышсыз көрінсе де, бірсыпыраларына жағымсыз да болмап еді. Адал кәсіппен тамағын асырай алмай жүрген бейшаралардың көбіне тамақ асырарлық кәсіп табылып еді. Адал жолмен адамдыққа жете алмай жүргендерге жол табылып еді. Жалған жала, жасырын шағым деген жауыннан соңғы кенедей қаулап, өріп еді. Сондықтан, ойлаймын, Тройнитски сүйінетін де, күйінетін де қазақтар боларға керек деп. Бұл Семей облысының ғана қазақтары туралы айтылған сөз.

Қазақ жұртын түгел алып сөйлегенде, қазақ облыстарына қойылатын губернаторлар туралы екі түрлі пікір бар. Бірі – бүгінгіні ойлағандағы пікір, екіншісі – ертеңгіні ойлағанда айтылатын пікір. Соңғы пікір бойынша, қазақ облыстарында Семейде болған Тройнитски, Торғайда болған Астраховски сияқты губернаторлар бір жағынан қазаққа жайсыз болғанмен, екінші жағынан жағымды болмақшы. Ондай губернаторлар, әуелі, қазақтың қазақ екендігін ұмыттырмай есіне салып отырмақшы, екінші, қазақты қысып, тықсырып, тынышсыз болса, халықтың ұйқысы сергек болмақшы. «Қойға қасқыр шаппаса, қойшы да, қожа да қораға келер қорқынышты ұмытады» дейді. Қазақ жерін мұжыққа бере бастаған соң ғана, қазақ қайда отырғанын біле бастаған. Қазақтың ұйқысы бөлініп, сана түсіп, алдым қалай болар деп, алысқа көз сала бастағаны жерін ала бастағаннан берлі. Сондайдан тәжірибе етіп, бірсыпыра адамдар ойлайды: «Халықты қанша қысқанмен қысылғаннан жаны шықпайды. Қысқан сайын шыныгып халық ширай береді. Ұйықтағандардың ұйқысы ашылып, ой түсуіне ондай губернаторлар себепкер болады. Сондықтан Тройнитски мен Астраховски сықылды губернаторлар қазақ облыстарында болып кеткені де пайдалы» – деп. Бірсыпыралары ол жағының пайдасынан безіп, «ондай губернаторларды көрсетпесін» деп, қолын жайып құдайдан тілек тілейді.

Тройнитски кеткеннен кім сүйініп, кім күйініп жатқанынан хабарым жоқ. Өз басым Тройнитскиге алғыстан басқа һеш нәрсе айтпаймын. Өйткені жалған жала, жасырын шағымға инабат етіп, бұлдаушы болмаса, менің үстімнен жасырын шағым болмас еді. Жасырын шағым болмаса, мен Қарқаралыдан Оренбургқа қуылмас едім. Оренбургқа қуылмасам, Қарқаралыда тұрып, осы істеп отырған ісімді істей алмас едім. Елу-алпыс балаға ғана арнап берген сабақтан алты миллион қазақты алаламай істеп отырған ісімді артығырақ көремін.

**А. Б.**

*Қазақ, 1914, № 50.*

## № 129
## Билік

Қазақ народни сотын құр мазақ үшін сот демесе, сот деп айтарлық емес деп, хүкімет адамдары айтады. Билікті құдай қарғады, билік жұртты бұзды деп, қазақ жамандайды. Екі жақ бірдей жамандап, безерген билік осы күнге шейін жойылмай келе жатқаны, қазақ қалпына қолайлы онан басқа соттың жоқтығынан еді. Мұнан былай хүкімет те қазақ билігін бұл күйінде қоятын емес көрінеді, билікті осы күйінде сақтау керек деп айтарлық бізде де бет жоқ.

Хүкімет тарапынан қазақ билігін өзгерту туралы закон жобасы жасалып, Думаға түспекші деген хабарды газетаға ертерек жазған едік. Ол жоба қазақ сотын өзгерту турасында ма, иә тіпті жою турасында ма? Оншасын анық білмейміз әлі. Бірақ жоба жасалып, қазақ үстінен қарап тұрған мехкемелер пікіріне салуға таратылғаны анық. Хүкімет жасаған жоба қазаққа қолайлы болар-болмасы мәлім емес. Қолайлы болса, құдайдан сұрағанымыз сол. Қолайсыз болса, қазақ соты мынадай болуы тиіс, сонда қолайлы болады деп айтарлық бізде һеш нәрсе жоқ. Бір нәрсені құр ұнамсыз деу аз, оның ұнамдысы мынау деп, бірінің кемшілігін, бірінің артығын көрсету керек қой. Хүкімет жасаған жоба қолайлы-қолайсыз болса да, ризамыз деп отыра береміз бе? Әйтпесе, бұл қолайсыз, қолайлайтынымыз мынау деп көрсетуге қам қылу керек пе? Әрине, қам қылу керек. Неге десеңіз: әуелі, бізге қолайлы сотты өзімізден артық һешкім тауып бере алмас. Екінші, халықтың жол, жора, рәсімінен негіз жасап шығармаған народни сот законы халыққа қонымды, жағымды болмай, пайда орнына зарар келтірмекші. Соның үшін хүкімет жасаған жоба Думаға түсіп, кеңеске салынғанша, біз де жиынып, терініп, өз қолайлағанымыз мынау деп, хүкімет жобасымен қатар кіргізбек тиіс. Бұлай ету үшін, әуелі, қазақ заңында қандай жол, жора, ережелер бар, соларды жию керек. Екінші – соларды қорытып, реттеп, ескіргенін жаңалап, ұнамсызын ажарлап, кем жерлерін толықтырып, өңдеп, тәртіпке салмақ. Үшінші – қандай билер болмақ; олар қалай сайланбақ, жолдан шыққан билерді кім қайырып жолға салмақ. Осы туралы қазақ басқармасына мағлұмат және пікірлер жимақшымыз. Жиылған мағлұмат және пікірлер қорытылғаннан кейін, жұртқа мәлім етіліп, тиісті орнына тапсырылмақшы.

Жол дегеніміз: халықтың қашаннан берлі істеп келе жатқан дағдылы істерінің жолы. Мысалы, қалың беру, үйлендіру, енші алу. Жора дегеніміз: жол бойынша істелетін істің жүйелі қалыбы. Мәселен, ат мінгізу, шапан кигізу, түйе бастаған иә ат бастаған тоғыз тарту.

Ереже дегеніміз: алдағы болашақ іске ынтымақпен жасаған жол-жоба. Жаза – жазықты адамның басына түсетін жаза. Айып – жазықты адамның малына түсетін жаза. Дау-жала екі нәрсе турасына шығады: бірі – адам турасынан, бірі – мал-мүлік турасынан. Би дегеніміз – дау бітіруші. Билік дегеніміз – бидің дауға айтатын бітімі. Бидің айтқан билігі жұрттың тұтынған қалыпты жолына, жорасына дұрыс болса, оған екі жағы да мойын ұсынады, көнеді, дау тынады, бітеді, өшеді. Билік жолсыз болса, дау тынбақ орнына өршиді, өседі. Жолсыз билікті көп көрген жұрттың жолға сүйену, туралық бітім күту иманы жоғалады. Жолсыздыққа көзі де, еті де, беті де үйреніп, жолды мен жолсызды айырмайтын болады. Біздің қазақ билері жолсызбен жүргеніне көп заман болды. Оларды көріп отырған жұрт, жол мен жолсызды айыра алмайтын болып, жол-жорасын жоғалтса, ғажап емес. Сондықтан қазақ жұртының жол-жорасын жиған орыстар қазақта бәрі бірдей тұтынған, қалыпты жол-жора жоқ дейді.

Олай айтатын себептері, соңғы уақытта шариғат, закон қазақ ісіне араласқандықтан және қазақ билері, қазақ жол-жорасына сүйеніп билік айтпағандықтан жораның

көбі ұмытылған, иә һәр жерде һәр түрлі болып өзгерілген. Қазақта тіпті жол-жора болмаған деу қата боларға керек. Қазақта жол-жораны жақсы білетін адамдар жылдан-жылға сиреп барады. Қазақтың орысша, мұсылманша оқыған жастары жол-жора жағын аз біледі. Біздің ойлауымызша, халықтың жол-жорасын жақсы білетіндер және жолдан шығып, жора бұзғандарды тексеріп, билердің айтатын бітім, биліктерін жақсы білетін адамдар бұрынғы билердің билік айтқанын көзімен көрген, иә құлағымен естіген қазақтың қария қарттары, атасы хан болған ханзадалар, атасы би болған бизадалар. Сондықтан бұл туралы толық мағлұмат берер деп, біз білетін адамдардан ойлайтынымыз мыналар: Ахметкерей (Қосуақұғлы), Исмағұл (Төкеұғлы), Еспембет (Зайсандық), Ақтас (Шошақұғлы), Алпысбай (Қалменұғлы), Бірмұхаммед (Қауменұғлы), Бекмұхаммед молла (Сатыпалдыұғлы), Темірәлі (Төрекеұғлы), Қожа Ахмет (Оразайұғлы), Рақымжан (Жайықбайұғлы), Сәдуақас (Мұсаұғлы), Сейіл (Қабақұғлы), Шаһангерей (Бөкеев), Шаһкәрім (Құдайбердіұғлы), Құрбан қажы (Зайсандық), Қорғанбек (Бірімжанұғлы), Камали би (Қызылжарлық), Мұхаммеджан (Ибраһимұғлы), Мағат қажы (Ақайұғлы), Мейрам қажы (Жанайдарұғлы), Нармамбет (Ормамбетұғлы), Жүсіпбек (Басығараұғлы), бұлардан басқа біз білмейтін ақсақалдар да ұлтына керек ұлық іске қариялық білімін айтпай қарап тұрмас деп үміт етеміз.

*Қазақ, 1914, № 52.*

## № 130
## Өлең жыр:
## «Елім-ай!»

Ем табалмай дертіңе мен ертеден,
Сол бір қайғың өзегімді өртеген.
Тырп етпейсің бас көтеріп көрпеден,
Еңсең неге түсті мұнша, елім-ай!

Өткен – сағым, келер алдың – бір мұнар,
Қызылшылсың қызарғанға тым құмар.
Сақтан деген сөзді жан жоқ шын ұғар,
Жемге шапқан, қармақ құрса, елім-ай!

Қандай едің, қара кейін қайрылып!
Қандай едің, тұрсың сонан айрылып.
Мүгедек боп, қос қанатың майрылып,
Өксіп жылап өгей ұлша, елім-ай!

Мұны құр бос өлең десең, өзің біл.
Жұрт болмаймын, өлем десең өзің біл.
Не болса да, көнем десең өзің біл,
Босағада жүрген құлша, елім-ай!

Түзелесің, қашан, жұртым, оңалып?
Тіл алмасаң, кетпеймісің жоғалып.
Қайтер едің, өткен дәурен оралып,
Жылы жүзбен мойнын бұрса, елім-ай!

Сол күніңді көрсем менің арманым,
Жоқтамас ем басқа тілек қалғанын.
Сұм жүрегім селк етпейді жалғанын,
Бұл мінезің бойда тұрса, елім-ай!

**М.Д.**

*Қазақ газеті, 1914, № 52. // «Қазақ» газеті, 1914 ж. 2-басылым. – құрастырушылар С. Смағұлова, Ғ.Анес, Т.Зәмзаева. – Алматы: Арыс, 2018. – 496 б.*

## № 131
## Потанин хаты

**Қымбат досым А.Н.-ұғлы!**

Қарқаралы уезіне менімен жолдас болып барған Уткина ханым қазақ оюларының суретін түсіріп алып келіп еді. Сол ою-өрнектері Томдағы қол һөнері комитетінің мәжілісінде көрсетілді. Комитетте ою музейін иәки хаман ою выстаукасын ашуға сөз бекітілді. Сондай выстаукалармен қазақ халқының, әсіресе қазақ оюларын шығарған қазақ әйелдерінің есіне басқалардың ілтипат назарын сүйкімін түсіруге болар еді деп ойлаймын. Қазақта ою-өрнектер – әйел һөнері, ақындық, домбырашылық – еркек һөнері. Қарқаралыға барғанымнан басымда талай пыландар туып тұр. Мәселен, мұнда қазақ әндерін жиюшы Анухин деген бар. Қазақ әндерін жазып алуға соны Қарқаралыға жіберсек деп тұрмыз. Томскіде қазақ әншілеріне консерт бергізсек (ән салғызсақ) деген де ойымызда бар. Географишеское обшествоның Омскі отделінде қазақ жайынан һәр түрлі мағлұмат жиятын, қазақтың ертегі, өлең және басқа сол сияқты нәрселерін жиятын комиссие ашу мәселесін қозғамақ ойымда бар.

Томскідегі қол һөнерінің комитетінде қазақ музейін ашуға тұрмыз, оған көрсетер көмектерің бар ма деп, музейге керек нәрселерді айтып, сіздің Жақып Ақбаев және Хасен Ақаев достарыңызға хат жаздым. Бұл туралы сізден де көмек болмас па? Көп-көп тәңірі жарылқасын айтар едім, егер де Торғай, Ақмола, Жетісу және басқа облыстардағы көңілдестеріңізге осы іс жайынан хат жазсаңыз және «Қазақ» газетасы арқылы осыны жұртқа жайып, құлақтандырсаңыз. Бұл іс туралы өз пікіріңізді айтып хат жазбағыңызды өтінемін.

**Шын достың Григори Потанин**

**Қазақ:** Мына хатты жұрттың құлағына сал деген соң, жалғыз А. Н.-ұғлына жазған хат болып табылмайды. Қазақ азаматтарының бәріне жазған сөз. Потанин, Михаелис сияқты адамдар таррақи жүзінде бізге пайдалы және бізге сирек келетін адамдар. 79-дағы шал қазақтың ертегісін, өлеңін, әндерін, түрлі ою-өрнектерін жиюды керек қылып жатқаны қазақ жұртын сүйгендіктен істеп жатқан іс. Соның өтінішін орнына келтіруге ниет ете көріңдер деп, көңілдес адамдарының көбіне А. Н.-ұғлы айрықша хаттар жазды және газета арқылы да Алаш азаматтарының құлағына салып отыр.

Ашылмақшы қазақ музейіне керек нәрселер мынау:

**1-ші – ағаш ою.**

Піспектің басы, кереуеттің бет жағы, кебеже, сықырлауық, маңдайша, таяныш.

**2-ші – теріге түр шабу.**

Безеген торсық, шапқан тебінгі, шапқан кісе, оқшантай.

**3-ші – жапсырмалы және бастырмалы ою.**

Сандық қап, туырлық қас, дөдеге, сырмақ, текемет.

**4-ші – тоқу өрнегі.**

Шекпен, тоқыған басқұрлар және басқа құрлар.

**5-ші – кесте өрнектері.**

Жібекпен тіккен жарғақ шалбар кестесі.

Жібек шүберекке тіккен кесте, басқа шүберектерге тіккен кесте, кимешек кестесі, оқа жіппен барқытқа тіккен кесте. Айшық ши.

**6-шы – темірге шапқан ою.**

Ер-тұрман: жүген, құйысқан, өмілдірік, үзеңгі, таралғы тоғалары және басқа сол сияқтылар.

*Қазақ, 1914, № 52.*

## № 132
## Наурыз құтты болсын!

«Наурыз» парсы сөзі. Бұл қазақша айтқанда «жаңа күн» деген сөз. Неліктен бұған жаңа күн деп ат қойған? Һәрбір өткен, кешегі күн, ескі болып, һәрбір үстіміздегі, бүгінгі күн, жаңа болмақшы емес пе? 9-шы март күнін «жаңа күн» деп атаудың мәнісі не? Оның мәнісі мынау:

9-шы мартта түн мен күн теңеледі. Сонан кейін күн ұзарып, жылы бола бастайды. Күн жылыға айналғаны – жазға айналғаны. Сондықтан 9-шы март жаз басы болып табылады. Жаз болса, дүние жаңаланады: ағаш, шөп жасарып, жапырақтанып, гүлденіп, жаңа бұтақтар жаяды, мал, мақлұқтар балалап, төлденіп, жаңа ұрпақтар жаяды. Жылдың төрт тоқсанның ішінде дүниені жасартып, жаңалайтын тоқсаны – жаз.

Сол тоқсанның басы 9-шы март болғандықтан, бұл күн «Наурыз» иәғни «жаңа күн» деп аталады.

Қысқан қыс өтіп, жайлы жаз келгені, адам түгіл қимылдаған, қыбырлаған жанның бәрі мейрам ететін бір мезгіл. Мұны жаңа жылдың басы деп, мейрам ету – дүниедегі нағыз бас ұнамды істердің бірі. Наурызды мейрам етушілер Үндістан, Иран, Ауған, Бұхара, Кауказ, Түркістан һәм біздің қазақ жерінде. Ертерек заманда Наурызды қазақтар тегіс мейрам етуші еді. Бас салып ет асып, бидай көже істеп, атқа мініп ауылдан ауылға жүріп, бірін-бірі құттықтап, көрісіп, асқан еттерін жеп, көжелерін ішіп, Наурыз күнін тәуір шаттықпен өткізуші еді. Бұл заманда Наурызды мейрам етушілер қазақ арасында сиректеп бара жатқан сияқты көрінеді. Басқалар тастамай Наурызды мейрам етіп отырғанда, біздің қазақтың тастайтын жөні жоқ-ақ.

Жаз – қазаққа бір қуанышты шақ. Қыс қайғысын өткізіп, жазға ілініп, көңілдері жадырап, малдары балалап, ірі малға төл қосылып, ауқатының артқаны қазақтың көзіне көрінетін мезгіл – жаз. Қыс бойы көрге қамалғандай, бықырсыған, пысынаған, сасық там үйде тұншыққан қазақ киіз үй тігіп, жазыққа шығып, таза ауаны шөлдегендей құмарланып жұтып, жаны кенеліп, «үһ!» деп, бойын жазатын мезгілі – жаз. Жер көгеріп, мал тойынып, мал тойынса ақ шығып, ел тойынып, қазаққа тоқшылық кіретін мезгіл жаз. Сулар тасып сарқырап, құстар шулап ыңжың болып, түйе боздап, қой маңырап, сиыр мөңіреп, жылқылар шұрқырап кісінеп, қазақтың көңіліне шаттық келтіретін мезгіл – жаз. Сонша сүйінішті, қызықты жақсы мезгілдің басы 9-шы март болса, бұл күнді мейрам етпегенде, қандай күнді қазақ мейрам етер?

Жаңа киім кисе де, жаңа үйге кірсе де құтты болғай деп кірмей ме? Сол «құтты болғайды» жаңа жылға да айтарлық жөні бар емес пе? Жылда 365 күн бар. Ол

бірталай уақыт. Бір айлық сапар шықса да, жолы болып, аман барып, аман қайтқай еді дейміз. Бір жыл адамның өмірі жүзінде – бір жылдық сапар. Бір айлық сапардан бір жылдық сапар кем бе?

Жаңа жыл туған күні бір-бірімізге «құтты болсын» айтуымыз тастарлық ұнамсыз, мағынасыз іс емес.

Жаңа күн, жаңа жыл, жаңа қадам құтты болсын!

*Қазақ, 1914, № 53.*

## № 133
## «Ел» газетасына ыштраф

Петербургта ноғайдың атақты жазушысы Ғыйас Ысхақов шығарып тұрған «Ел» газетасына Петербург шаһар бастығы 16-шы нөмірінде «Бұ да мүмкін бе» деген мақаласы үшін 350 сом ыштраф салып еді, төлей алмаса шығарушысы 9 жұма абақтыға отырғызылады деп. Бұл бұйрықты естірткен соң, Ғыйас әпенді жаңа шығып, әлі әлденбей тұрған газетасының 350 сомын ыштрафқа төлеп күшін кетірмеймін, абақтыға отырып өтеймін деп, «Елдің» 17-ші нөмірінде жазып білдірді. Мұнан кейін иә ақша төлеу, иә отырудың бірін істеуге тақалған соң Ғыйас абақтыға баруға киініп жатқанда, Петербург ноғайлары бір жақтан, Қазан ноғайлары екінші жақтан, Ғыйас отырмасын, ақшасын біз түгел төлейміз деп ақша келтіріп берген. Сонымен Ғыйас абақтыдан құтылды.

Ғыйас ыштраф төлей алмай, абақтыға отырайын деп жатыр деген хабарды естіген соң Финляндияда Таммирфорс шаһарындағы аз ноғайлардың намысы келіп, араларынан шамалары келгенінше 64 сом 25 тиын ақша телеграфпен переуод қылған һәм мынадай бір хат жазған:

«Әдебиетіміздің, тіліміздің атасы ардақты әдип Ғыйас әпенді тағы түрмеге салып шірітуге ұжданымыз разы болмағандықтан һәм оның тірідей қабырда жатқанына жүрегіміз жаралы болатындығын ойлап, аз болса да өзара жәрдем жиып жібердік. Абақтыға асығып кірмесін деп телеграфпен жібердік. Басқа шаһарлардан да аз-көп болса да жәрдем жіберер деп үміт етеміз. Егер жалғыз өзіміздің ғана қолымыздан келсе, һешкімге айтпай-ақ толтырар едік. «Ел» газетасы һәм оның шығарушысы Ғыйастың жолында аянатын һеш нәрсеміз жоқ... Жасасын «Ел!». Жасасын Ғыйас! Жасасын оның жолдастары!...».

Таммирфорс ноғайлары хатының басында «Ғыйас әпендіні тағы түрмеге салып шірітуге ұжданымыз разы болмағандықтан...» деген сөзінің мәнісі: Ғыйас он жылдан бері саяси істерге араласқандығы үшін хүкіметтің суық назарында болып, сонан бергі өмірі абақтыда, айдауда, қашу-пысуда өтті. Соңғы жылдарда ол Архангел губерниасына екі рет айдалды. Былтыр 21-ші феурал манифесті бойынша ғана азат етілді, күзден бері жұмалық «Ел» газетасын шығара бастады. Ғыйас ер жүректі, өткір білімді елші. Ноғайда Исмағұл Ғаспрински мен Ғыйастың аты оқшау тұрады. Ноғай тілін, ноғай әдебиетін көркейткен Ғыйас. Соның үшін ол түрік-татарға ардақты һәм сүйікмді.

Таммирфорс ноғайларының тілектерін біз де текрар етеміз: Жасасын «Ел»! Жасасын Ғыйас! Жасасын оның жолдастары!

**Басқарма**

*Қазақ, 1914, № 53.*

## № 134
## Бұ қалай?

Бақытжан Қаратаев қаласында төрт-бестей-ақ үй қалды, өзге қазақ көшіп кетті деген біз хат алдық. Қаратаевтың тастап кеткен қазақ жері мұжыққа беріліп, енді Бақытжан хахолға ақсақал болады дейді.

Жымпиты, Шілдертіге бас болып Бақытжан 1910-ншы жылы 15-тен жер алғанда бұларға (Бақытжан қаласына) таңдама, жақсы жер, өзгеден артық енші берді деп еді. Жер аяулы жақсы болса, бұл жерден өзгеше енші тисе, халық өзі соқаға құл болса, бұл Бақытжан қаласынан бар қазақ неге үрікті. Бұл хабар рас болса, Бақытжаннан ауған қазақ қайда кетті? Осыны біздің «Қазақ»-қа жазатын тілші табылар ма?

*Қазақ, 1914. // «Қазақ» газеті, 1914 жыл. – Алматы: Арыс, 2018. – 496 бет.*

## № 135
## «Қазақ» һәм жер мәселесі

Газета болған соң оның һәр мәселе турасында ұстаған белгілі жолы болмақшы. Қазақ туралы мәселелердің ең зоры жер, мүфти, билік, мектеп мәселелері. Бұлар туралы «Қазақ» газетасы талай жазса да, әлі тұтынған жолы не екенін түсініп жетпегендер бар көрінеді, мысалы «Айқап» журналы «Қазақ» жер жайынан не істеу керегін ашып жазбайды деп отыр. Біз мүмкін қадарынша ашып жазамыз. Осыған түсінер дейміз. Оған түсінбегендер үшін алысқа кете алмаймыз. Жоғарыда жазылған мәселелердің һәрбірінің жайынан біздің қуаттайтын пікіріміз мынау деп, тағы бір-бір рет айтып өтпекшіміз.

Жер мәселесі туралы «Қазақ» газетасының пікірі қазақ жерін жөнімен, жолымен алу жағында. Жөнімен алу дегеніміз: қазақтың осы күнгі істеп отырған шаруасын, тас-талқан қылып қиратпай алу, иәғни қазақ егінмен күн көріп отырса, егін нормасымен, малмен күн көріп отырса, мал нормасымен қазаққа жер қалдырып, сонан артылғанын алу. Жолымен алу дегеніміз: қазақ жерін алғанда мынадай, мынадай жолмен алу керек деп, переселен шенеуніктері бетімен жайылмас үшін шығарған жаман-жақсы болса да салған жол бар. Переселен шенеуніктері қазақ жерін алғанда сол жолдан шықпай алу тиіс.

Қазақ жерін жөнімен аламыз деп, қазақтың жанын, малын есептеп, норма шығарып отыр. Жолмен аламыз деп 9-шы июннің инструксиасын шығарып отыр. Норма екі түрлі: бірі мал нормасы, екіншісі егін нормасы. Мал нормасы деген: орта ауқатты шаруасы бар қазаққа пәлен десиатина жер керек деп пішкен мөлшер. Орта ауқатты шаруа деген қандай шаруа? Шербина есебінше ондай шаруаның малдан басқа кәсібі жоқ болса, 24 аттық малы боларға керек. 24 аттық мал бар үйлер: кілең жылқы қылып санағанда, 24 ірі жылқысы бар үйлер. Кілең түйе қылып санағанда, 24 ірі түйесі бар үйлер. Кілең сиыр қылып санағанда, 29 ірі сиыры бар үйлер. Кілең қой иә ешкі қылып санағанда, 144 қой иә ешкісі бар үйлер. Ат басына жақсы жерден 6 десиатина, орта жерлерден, нашар жерлерден онан да көп жер керек деп Шербина мөлшер жасап еді.

Ол есеппен қазаққа жер көп қалатын болған соң қайта есеп еткізіп, Шербина нормасын кішірейтіп отыр. Сылтауы: орта шаруасы бар үй 24 аттық малы бар үй емес, 10 ат пен 15 аттың арасындағы шаруасы бар үйлер боларға тиіс. Өйткені қазақ жалғыз ғана мал бағып отырған жоқ. Егін де салып отыр дейді. Осылай есеп етіп, еркегі бар, әйелі бар жан басына нағыз жақсы жерлерден 12 десиатинадан, онан

төменірек жерлерден 15 десиатинадан, 20-дан, 25-тен жер арнап отыр. Бұрынғы Шербина нормасы дұрыс, бұл соңғы жасаған норма дұрыс емес деп, қазақ таласуға жарай ма, жарамай ма, ол басқа сөз. Осы кеміткен аз нормамен егін нормасын, иәғни мұжық нормасын салыстырып қарайық: қазаққа қайсысы қолайлырақ екен. Қазақтың адамдарының санын қосып санап, үйлерінің санына бөлінгенде, иәғни орта санын алғанда үй басына алты жаннан келеді. Оның үшеуі еркек, үшеуі әйел болады. Мал нормасымен жан басына 12 десиатинадан беретін жерден, егін нормасымен ер басына ғана 12 десиатинадан береді, мал нормасы мен жан басына 15 десиатинадан беретін жерден, егін нормасымен ер басына ғана 15 десиатинадан жер береді. Қысқасынан айтқанда, мал нормасының жері егін нормасының жерінен екі есе көп болмақшы. Мысалы, егін нормасымен 3 еркекке 15 десиатинадан санағанда үй басына 45 десиатинадан келсе, мал нормасымен, еркек-әйел, жан басына 15 десиатинадан санағанда, үй басына 15 десиатинадан санағанда, үй басына 90 десиатина келмекші. 45 көп пе, 90 көп пе? Кейбіреулер мал нормасы болса, жаман жер қалдырып, жақсы жерді алмақшы деп біледі. Бұл дұрыс емес. Кілең малға деп шығарған Шербина нормасын, иәғни 24 аттық малды, егін салады деп, 12 аттық малға түсіріп отыр. Ол егінді салуға жақсы жер керек емес пе? Олай болса егін нормасымен жер алмасаң жақсы жеріңді аламыз дегендері жолсыз. Және де осындай малды азайтып норма жасап, қазақты түбінде егіншілікке түсіреміз деп отыр. Олай болса, ер басына 15-тен жақсы жер түпкілігіне деп қалдырулары тиіс һәм солай етіп отырмыз деп жазып та отыр. Егін нормасымен алсақ, жерді оңашалап бір ыңғай аламыз дейтіндер бар. Мұны айтушылар не жөнмен айтатындарын білмейміз. Инструксиа айтылған қазаққа қалдыратын жерлер һәм мұжыққа алынатын жерлер шерез полос болмай, бірыңғай болсын деп. Олай болса, қазақты орынсыз бөліп, орыс арасында қалдыру жолсыз. Ал тіпті қазақ пен орыс жанаспай оңаша жер алады деу, ол да бекер сөз.

Бір болыс елде мың үй болса, үй басына алты адамнан алты мың адамы болады. Алты мың адамға мал нормасы мен 15 десиатинадан 90 мың десиатина жер тиеді. Егін нормасымен 45 мың десиатина жер тиеді. Олай болса, мал нормасымен жер алғанда қазақтан бір жүз үй орысқа жер артылса, егін нормасымен алғанда, қазақтан екі жүз үй орысқа жер артылмақшы. Бұлай болса, егін нормасымен жер алса, қазақ арасына орыс екі есе көп кіріспекші. Переселен шенеуніктері егін нормасымен жер алсаң жеріңді алмаймын, әйтпесе аламын десе, онысы жолсыз. Қазақ һеш нәрсені білмейді деп істеп отырған қиянаты. Законы бар, жолы бар мемлекеттің ішінде отырмыз, жолсыздық істейтін шенеуніктер болса, жолға жүгіну керек демей, зорлығына көн деп қалай айтармыз? Мал нормасын күн көргіш малға есептеп, шығарып отыр. Ол жерден бір қойлық жер ауыстырып жолсыз алса, бір қойын ауыстырып алғанмен бір есеп: бір қойынды біреу ауыстырып алса, іздемейсің бе? Ауысқан малын іздей алмаған адам малға ие бола ала ма? Рас, переселен мехкемесінің бастығы Глинка өткен жаз Думада айтты: «Біз қазақ жері туралы екі жолмен іс қыламыз: бірі закон жолы. Екіншісі еп жолы. Ебімізге көнсе, арамсынбаймыз деп. Ол ебін инструксианың 20-шы пункітін жамылшылап жүргізіп отыр. Бұл пункітте айтқан: қазақ өзі 15-тен жер аламын деп тілесе, тілегін қабыл ету керек деп. Соны жамылшылар қазақтың бәрін де өзі тіледіге келтірмекші. Переселен шенеуніктері қазақтың момын, мұжық басын сол ноқтаға іліктіру үшін: мұжық нормасымен аламын десең жеріңді өзіңе қалдырамын, әйтпесе жеріңді аламын деп, қазақты жарға қамайды. Оларға біздің «Айқап» журналы һәм ноғай бауырларымыздың матбұғаты көмекші болды. Бұлар қазаққа қастық ойлап емес, достық қыламыз деп көмекші болды. «Айқап» істің негізі не екенін түсініп жете алмай қаталасты. Ноғай бауырларымыз қазақтың жер мәселесін жақсы білмегендіктен қаталасты.

Қазақтың жер мәселесін ноғай бауырларымызға жер мәселесі күйінде айтып түсіндіру қиын. Сондықтан қазақ пен ноғай бірдей мәселені мысалға алып айтып көреміз. Алалық, мысалы, транскрипсиа (хәріп) мәселесін. Барша жатқан мұсылман араб хәріпі. Русия мұсылмандарына араб хәріпті тастатып, орыс хәрпін алдырамыз деушілер болды. Оқу министрі инструксиа шығарса, Русиядағы мұсылмандардың мектептерінде оқу араб хәріпімен оқытылсын, өздері тілесе орыс хәріпімен оқуға да рұқсат деп. Оқу министрінің шенеуніктері қазақ һеш нәрсе білмейді деп, қазақтың өзі тіледіге келтірмек үшін сендер орыс хәріпімен оқу үйреніңдер, әйтпесе мектептеріңді жауып, тіпті оқытпай қоямын десе, ноғай бауырларымыз матбұғаты не айтар еді? Қашаннан берлі тұтынып келе жатқан араб хәріпін тастап, орыс хәріпімен болса да оқу үйрену үшін шенеуніктердің айтқанын қылыңдар дер ме еді? Болмаса, мұнысы жолсыз, жолға жүгін дер ме еді. Жер мәселесі хәріп мәселесінен де гөрі салмақтырақ, маңыздырақ мәселе. Хәріп түрін алмастырудан шаруа қалпын алмастыру оңай емес. Салмақты мәселеге салмақпен қарау тиіс шығар дейміз. Қазақ жері туралы «Уақыт», «Тәржіман» газетасы пәлен депті дегенді бізге көрсетеді. Бұл екеуі де мұсылман матбұғаты ғаламында белгілі газеталар. Бұлардың басқа біліміне біздер таласпаймыз, бірақ қазақ жері турасындағы біліміне таласамыз. Ноғай бауырларымыз қазақ жайын қазақтан артық білетін болса, Думада қазақ жайын жақсы білетін депутат жоқ деп біз неге айтып жатырмыз? Думадағы ноғай бауырларымыздың депутаттары қазақ жайын білмейміз деп неге айтып жатыр?

Сөздің қорытуы мынау: осы күні егінмен күн көріп отырған қазақ егін нормасымен жер алсын. Малмен күн көріп отырғандар мал нормасымен жер алу тиіс. Жолсыз бір қойлық жерін ауыстырып алса, бір қойын алғандай іздеу керек. Нормаға ұстап отырған малы сыймайтын болса, инструксианың 7-ші пункітінде айтылған жолға жүгіну керек.

*Қазақ, 1914, № 54.*

## № 136
## «Қазаққа»

2-ші феуралдан бастап қазақтың жалғыз газетасы (журнал мен газета екі басқа нәрсе) «Қазақ» екі жасқа шықты.

«Қазақтың» қайырылып, өткен жасына көз салсақ, үш мыңнан астам оқушы болды. Халықтың һәр түрлі қажеті жазылып, көптің кеңесіне түсті. Һәр түрлі халықтың жайынан мағлұмат берілді. Талай мұң, мүдделеріміздің жөні білінді. Қараңғылық ұйқысынан көз ашып, жылдан-жылға ауырлыққа айналып бара жатқан, тіршілік таласында, қазақ та басқалармен қатар Алаш атын жоғалтпай, тиісті сыбағасын алуға жол сілтелді.

Дәрігерлер ден саулық жайынан білгенін білмейтін бауырларына айтты. Ушителдер оқу, жазу үйрету жұмысын жеңілдету жайынан білгенін айтты. Адуокаттар мәдени қауымдардың қарасына ілігуге білген жөнін сілтеді. Инженерлер қаж жолының ауырлығын кемітуге керек іс жайын айтты. Шаруалар басынан кешірген жақсылық, жамандықтарын, көрген қорлық, зорлықтарын айтып жатты.

Қысқасынан айтқанда: ойдағы, қырдағы, алыстағы, жақындағы қазақтардың бастары құралып, пікірлері қозғалып, ақылдасып, сөйлесіп, кең даланың кеңесі құрылған сияқты болды.

Жетісінде бір шығатын, бір жасар жас «Қазақтың» бетінен осылардың бәріне орын табылды. Осылардың бәрі де ай мен күндей, Алаш ауылына бірдей түсінікті

ана тілмен сөйлейді. Күні кеше, мәдениет заманындағы пікірлерді, істерді, мәдениеттен тысқары жатқан қазақ тілімен айтуға болмайды деп ойлаушы едік. Ойымыз баспасөзіміздің жоқтығының шалығынан болған жаңылыстық екен. Онымыз өзімізді өзіміз білмей нақақ қорлау екен. Олай лақпағызымға себепкер болған нәрсе: қазақтың оқығандарының көбі иә орысша, иә ноғайша оқығандық. Қазақ дыбысын дұрыс жазуға хәріп арнаудың өзі «Қазақ» бетінде қанша сөз болды!

Газета арқасында халқымыздың дағдысында болмаған игі істердің шет-жағасы көріне бастады. Қазақтың қаншасы әлі газета оқымақ түгіл атын да білмейді! Басқа патшалар түгіл, Русиядағы басқа жұрттар түгіл, хатта өз облысы түгіл, өз уезінен басқа жерде қалай тіршілік етіп, қандай өмір кешіріп отырғанын білмейтін бауырларымыз қанша!

Жас «Қазақтың» қадамы қайырлы болып, аяғын тік басып кетуі, газетаның өз сөзіне қарағанда, жұртымыздың көзі ашық, көкірегі саңылаулы адамдарының жеткілікті екендігін көрсетеді. Газета керек деушілер де, ол үшін пұл шығарамыз деушілер де көптен-ақ білінуші еді. Бірақ белсеніп қолға алып, істеп кетуші жоқ еді. Істеуші шығып еді, жолдас та, көмек те табылды: кейі пұлмен, кейі қаламмен, һәркім қолынан келгенінше көтермелеп көмегінде болды. Қазақ баласы «Қазақ» газетасында жазылғанда білмеймін деуге арланатын заманында болмағы көзге елестей бастады.

Мен қазақ әйелі болғандығымнан «Қазақ» газетасының берекелі жұмысын әрі апаруға екінші жылға аяқ басқанына қуаныш етіп, аз ақшамен ауданды ұлтының игілігіне іс бастаушыға, оған жолдас, тілектес болып, көтермелеп көмегінде болған барша бауырларыма, көңіл ризалығын білдіріп, тәңірі жарылқасын айтуды борышым деп білдім. «Қазақтың» шыққан шығысы ұлтын сүйген алаштың ұлына аз ауқатпен зор іске талпынуға өнеге.

Ардақты жас «Қазақ»! Ұйықтағанды оятып, ылаққанның бетін түзеп, мәдени жөн көрсетіп, көсемдік етіп, ұлтының таң жұлдызы, шолпаны болсын деп тілеймін.

Жаңа тума «Азамат серіктігі»: Алаш азаматтарының басын құрап, ұйымдық үлгісі болып, «Қазақты» көркейтуге, онымен бірге қазақ даласын, даланың күллі баласын, үрім-бұтақ, нәсілін көркейтуге себепкер болсын деп тілеймін.

Ал бауырлар! Бүгежектеп, тайсақтауды тастап, жақ-жақ болып таласуды тастап, бір үйлі жандай ұйымдасып, Алаш атына бірігіп, білгеніміз үйретіп, білмегеніміз үйреніп, иін тиесіп, ілгері ұмтылып, ұлтымыздың рухы өсіп, ауқаты артып, күшею жағына күшімізді сарп етелік.

Ескі рәсім салған ауырлықты илеп аз бастан, еркектің серіктігіне жарап, жақсылық, жамандықты бірге атқарып келе жатқан, ақылды, ақ көңіл, көнбіс, кеңшілік, бауырмал қазақ әйелдері, еркекпен қатар білім білсе, ерлер ұлт үшін жүрген жерінде, оларды қалмай қатарында жүріп іс етуге жарар. Сондықтан, жұрттың теңдікке жетуін көздеген ардақты бауырларым, сол жұрттың анасы әйелдердің де ерлерден қалмай, қатарында жұрт ісін етерлік дәрежеге жету жағын да ескерусіз қылмаңыздар!

**Нәзипа**

*Қазақ, 1914, № 56.*

## № 137
## Исмағұл бек Ғаспрински

Русия мұсылмандарының басшысы «Тәржіман» газетасын шығарушы ардақты Исмағұл бек ақсақалдың бұл күнде ауру екендігі өткен жолы жазылып еді. Бұл туралы «Тәржіман» газетасы жазады:

«Бас мұхаririміз Исмағұл Ғаспрински қазір інілерінің халін сұрап бірсыпыра телеграма һәм хаттар келді. Бұлардың һәр қайсысына жауап беріп өту мүмкін болмағандықтан, мұнан кейін жеті сайын газетамызда мағлұмат беріліп тұрады. Бас мұхаririміз Исмағұл бек өткен феурал жұлдызында Петербургта болған бір кешкене жиылыста қатты суық тигізіп алып, Бақшасарайға ауырып қайтқан еді. Келісімен мұндағы докторларға көрінді, бұлар қатты бронхит болған екен деген соң сақтана бастап еді. Жаз жетіп күндер жылына бастаған кезде тіпті жазылып кетер деген үміт бар еді. Бірақ Қырымның жақсы һауасы, шипалы жылылығы пайда бермеді. Иун жұлдызында Петербургта болған мұсылман сиезіне бара алмауы да аурулығынан болған еді. Теңіз һауасымен пайдалану ниетпен иун ақырында Стамбұлға кетті. Мұнан да бір пайдасы болмай Қырымға науқастанып қайтты. Міне сонан, иәғни 7-ші иулден бері сырқаты күшейіп, дауысы қарлығып бітті. Қырымдағы жақсы докторлар шақырылып көрсетілуде кемшілік болмаса да, 40 күннен бері төсек тартып жатыр.

Жаңа арада бірнеше докторлар бірігіп қарағанда, Исмағұл бек душар болған аурудың қорқынышты дәуірі өткендігін білдіріп қуантты. Сөйтсе де бірсыпыра уақыт жатып сақтану тиіс екендігін айтысты. Телеграма һәм хатпен өзінің халін сұраушы достарына һәм тезірек жазылуына тілектес әлеуметке Исмағұл бек «Тәржіман» арқылы тәңірі жарылқасын айтады».

*Қазақ, 1914, № 77.*

## № 138
## Ғаспрински опаты
## 12-ші сентиабр

Қырымда Бақшасарай шаһарынан 12 сентиабрде, «Исмағұл бек Ғаспрински опат, бүгін жамбасы жерге тиеді» деген қайғылы хабар келді. Бұл өкініштi хабар жалғыз Оренбургта ғана емес, бүтін Русия мұсылмандары арасына, онан асса бүтін дүние мұсылмандары арасына тарады. Бұл хабарды естіген адамның көңілі қайғы, көзі жасқа толды. Русиядағы күллі мұсылман халқы бүгін өздерінің мағнауи атасы дәрежесінде болған ұстаздарынан айырылып жетім қалып отыр. Бүгін күллі түрік қауымдары қараңғыда жарық болған жолбасшысынан айырылып дағдарғандай түрі бар. Русия мұсылмандарының басына неше түрлі ауыр күндер туғанда өздеріне тұлға болған бас қалқасын ақырет сапарына жөнелтіп, қабырғасы қайысып отыр.

Исмағұл бек құдіреттері түрік, ұлы түрік еді. Түрік рухының ұлұғ таныса танып, танымаса жоқ, жай құр алақан шығушы еді. Сол кезде Исмағұл бек қолына қалам алып алифба жазды, өзі арнап мектеп ашып, бірнеше балалардың басын құрап тәжірибе-үлгі көрсету үшін мұғалім болды. Сол күннен бастап өршіп көбейген Русия мұсылмандары арасында бес-алты мыңға кісісі еді. Түрік ұранды халықтың бәріне бірдей ұлт көзімен қарап, ол һешбірімізді «атасы басқа, аты қасқа» демеді. Бәріміздің жақсылығымызға сүйінуші, жамандығымызға күйінуші еді, мұқтажымыз болса қайғырып жәрдем қолын созушы еді. «Ғаспрински» деген

атақты, оның 32 жылдан бері тоқтаусыз шығарып тұрған «Тәржіман» газетасын естімеген қазақ баласы аз шығар. Сондықтан біз қазақ баласы түрік ұлтының ұлы адамы дүниядан қайтқанға жалпы жұртпен бірге қайғырамыз, жұрттың бәріне қайырлы болсын айтамыз!

Марқұм Исмағұл бек құдіреттері бүтін түрік ұранды халықтың ең зор тәрбиешісі, ұлы ұстазы еді. Мұнан дәл отыз үш жыл бұрын тәртіпті оқу, тәртіппен оқытудың не екенін білген адам жоқ еді. Бастауыш мектепке төрт-бес жыл жүрген бала ... қағаз жуық тәртібі бастауыш мектептің бәрінің үлгісі Ғаспринski мектебі еді. Бұл күнде төте оқу үшін шығарылған неше түрлі алифба болса, бәрі де үлгіні Ғаспринski шығарған алифбадан алған еді. Бұл күнде он мыңға жуық мұғалімдердің бас ұстазы, жолбасшысы Ғаспринski жанабтары еді.

Исмағұл бек мырза жас өспірім балалар үшін мектеп ашып, алифба шығарса, үлкендер үшін «Тәржіман» шығарушы еді. «Тәржіман» газетасы дәл отыз үш жылдан бері тоқтаусыз шығып, Исмағұл бек жанабтары оның басында тұрып, отыз үш жыл арымай-қажымай үлгі көрсетіп, ақыл беріп, халықтың пікірін ашты. Төрт-бес жылдың ішінде шығып тоқтаған һәм осы күнде шығып тұрған түрікше газета-журналдардың бәрі – «Тәржіманның» балалары. Мұғалім, мектеп, алифба «Тәржіман» арқылы түзу жолға түсіп, Русия мұсылмандарына Ғаспринski жанабтары ұлы ұстаз еді. Сол ұстаз бүгін біздің арамыздан ғайып болды, бірақ оның аты жоғалмас, дүнияда түрік рухы жасағанша жасар.

Ғаспринski жанабтары дүниядан қайтты, бірақ арманда кеткен жоқ, дүнияда айтқаны келіп, айтқаны тиіп тұрды. Еккен еңбегінің жемісі піскенін өз көзімен көріп кетті. Бақытты Ғаспринski!

Ғаспринскидің кім екенін жақындап таныстыру үшін мұнан соң тәржіме халі «Қазақта» жазылады.

*Қазақ, 1914, № 78.*

## № 139
## Көңіл айту

Исмағұл бек Ғаспринski марқұмның опаты турасында Зайсан қазақтарынан басқармаға мынау телеграма келді:

Басшымыз Ғаспринski қайтты деген хабар өзегімізге өрт салды. Алла рахимат етсін!

Қыстаубай Мыңғожин, Шұбар Өтешев, Ақбай, Жайықбай Аманшиндер, Сахари Жабаев, Ғабдізапи Томшин, Құрбанғали Мергенбаев, Әбубәкір Орманбаев, Өмірәлі Өтешев, Лұқман Рахимов, Хитібай Намазов, Тәшен Қиямбеков.

*Қазақ, 1914, № 79.*

## № 140
## Дінмұхамед Әділовке жәрдем

Әділовке деп Халилолла Есімбаев – 1 сом, Қажы Мұкәрім Ширванов – 1 сом 50 тиын берді. Бұрынғыларымен («Қазақ», нөмір 74, 77, 78) бәрі 125 сом 40 тиын болды.

*Қазақ, 1914, № 79.*

## № 141
## Дінмұхамед Әділовке жәрдем

Жаңадан жәрдем берушілер: Есенғали Тұрмұхамедов 3 сом, Досмұхамет Қожабаев 3 сом, Бейсенбай Тыныштықбаев 3 сом, Тілеумұхамет Үмбетов 2 сом, Таймінер Қоқанов 2 сом һәм Жанұзақ Жәнібеков 2 сом. Бұрынғыларымен («Қазақ», нөмір 74, 77, 78, 79) бәрі 140 сом 40 тиын.

*Қазақ, 1914, № 80.*

## № 142
## Исмағұл бек Ғаспрински

*(Опатынан соң)*

Исмағұл мырза Ғаспринскидің опаты бүтін Русия мұсылмандарына жаман әсер етті. Бүтін жұрттың көктегі айы мен күні жоғалғаннан кейін болған жоқ. Естіген жанның бәрі қайғырды. Оның рухына һәр жерде дұғалар оқылды. Дүниенің төрт бұрышынан Бақшасарайға көңіл айту телеграмдары жауды. Мұсылмандар қаламының ұшын көз жасына малып, газета басқармаларына хат жазып, телеграма беріп қайырлы болсын айтысты. Русияға шығатын түрікше газеталардың бәрі де бірнеше күн Ғаспринскиге толы болды. Оның кім екендігі, түрік жұртына қандай іс істеп кеткендігі жазылды. Оның негізгі пікірі, еткен қызметі, қалдырған үлгісі туралы ұзын-ұзын мақалалар басылды һәм қысқаша тәржімә халі жазылды.

«Һәркім өзі шыққан төбесі биік болғанын тілейді» дегендей, мәдени жұрттар өздерінің бас адамын көркейтіп басқа халықтарға таныту үшін һәм өздері мәңгіге шейін ұмытпас үшін дәрежесін көтереді.

Ғаспрински өзінің заманында жалғыз Русия мұсылмандарының ғана емес, бүтін мұсылман дүниесінің ұлы адамы еді. Сөйтсе де опат күніне шейін оның түгел тәржімә халы, түрік рухына еткен қызметтері жазылған кітап жоқ еді. Бұл кемшілік әрине мұсылмандардың ғапілдігінен, мәдениетсіздігінен еді. «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» деген. Енді жұрт қадірін білер, толық тәржіме халі кітап болып шығар деп үміт етеміз.

*[Қазақ, 1914]*

## № 143
## Қысқаша тәржіме халі

Исмағұл мырза Мұстафаұғлы Қырымда 1851 ж. «Ғаспара» деген ауылда туған. Ғаспрински деген фамилиа сонан қалған. Ата-анасы бұрынғы Қырым хандары нәсілінен келген ханзада балалары болған.

Исмағұл мырза алғашқы оқуын ауыл мектебінде оқып, онан кейін Мәскеу гимназиасына барып түскен. Надан жұрт: «Баламыз орысша оқыса, орыс дәмін татса, ойбай орыс болды, енді айырылдық, елден, жұрттан безеді» – деп түсінеді. Орысша оқыған «овтар» шаш өстіреді, мұрт баспайды деп надан қажылар орысша оқығандарды кемсіткісі келеді. Мінікей, түрік ұлтының шын баласы ғана түгіл, мағнауи атасы дәрежесіне жеткен Исмағұл мырза кішкентай кезінде Мәскеуде Катков деген орыстың үйінде пәтер тұрған, неше жыл олармен дәмдес болып

жүрген. Исмағұл мырза ұлтына басшы болу пікірін сол үйінде тұрып тапқан. Иван Катков «М. Ведомости» атты газетаның аса ұлтшыл жазушыларынан болып, ылғи түріктерге тиіп, түрікті қорлап жазады екен. «Атаңа кім тисе, дұшпаның сол» дегендей, һәркім өз ұлтын сүю, өз ұлтына қызмет ету керек екендігін Исмағұл мырза сол Катковтың үйінде жүргенде ұққан.

1870 жж. Түркия қолындағы Крит аралдағы гректер Түркия хүкіметіне қарсы соғыс шығарғанда, Исмағұл мырза Түркия ғаскеріне қосылып дұшпанына қарсы тұруға гимназианы тастап сонда кеткен. Ол кезде жасы 19-да екен.

Терең ойлы, кең пікірлі Исмағұл мырза түбінде жұртқа басшы болғандай, үлгі бергендей кісі болу үшін гимназиада алған біліміне қанағаттанбай, ой-пікірін толықтыру, мағлұматын толықтыру үшін Еуропаға сапар шеккен. Бірнеше жыл Франсияның астанасы Париж шаһарында жатып оқыған. Онан шығып Африкада әл-Жазирада (Алжир), Тунисте, Мысырда, Иранда һәм Түркияда кезіп жүрген. Һәр жерде мұсылмандардың нашарлығын, надандық себепті кемдікте қалғанын, бүтін мұсылман дүниесі түріктен мақрұм жатқанын өз көзімен көрген. 1874 ж. Қырымға қайтып, Бақшасарай шаһарында мұғалім-ушител болып балалар оқыта бастаған.

**(Тағы да бар)**
**Түрік баласы**

*Қазақ, 1914, № 79-80.*

## № 144
## Дінмұхамед Әділовке жәрдем

Жаңадан жәрдем берушілер:
Қарқаралыдан Мұхамедия Оспанов арқылы
1. Мұхамедия Оспанов – 4 сом;
2. Садуақас Шәлімбеков – 3 сом;
3. Мансұр Бекметов – 3 сом;
4. Иусуфбек Асанов – 3 сом;
5. Әміре Аспанов – 2 сом;
6. Андас Ташенов – 1 сом;
7. Кәрімжан Баймұратов – 1 сом;
8. Ержан Айманов – 1 сом;
9. Аманбай Шегіров – 1 сом;
10. Әбет Сембаев – 1 сом;
11. Қасым Баязидов – 50 тиын;
12. Мұстафа Шантин – 50 тиын;
13. Ғадамбану Шантина – 50 тиын;
14. Ж. Бабақов – 25 тиын;
15. Келдібек Бердібаев – 20 тиын;

Бәрі 21 сом 95 тиын.
Ақмоладан Нұржан Шегин арқылы
1. Ысхақ Доғалақов – 3 сом;
2. Нұржан Шегин – 1 сом;
3. Мәнтен Бөлеков – 1 сом;
4. Жаңабай Бейсенбаев – 1 сом;
5. Айқым Жанзақов – 1 сом;

6. Баймұхамет Сүйіндіков – 1 сом;
7. Ғұмар Әбілхайыров – 1 сом;
8. Аббас Мақышев – 1 сом;
9. Кәрім Жақсылықов – 1 сом;
10. Бақытжан Тайсарин – 1 сом;

Бәрі 12 сом.
Қызылжардан Салмақбай Күсемесов арқылы
1. Салмақбай Күсемесов – 5 сом;
2. Ахмет Таткин – 3 сом;
3. Әйкен Текжанов – 2 сом;
4. Қосжан Маубиев – 2 сом;
5. Мәйке Боқаев – 2 сом;
6. Ахмет Сейіпеков – 2 сом;
7. Хұсейін Тілеулин – 1 сом;
8. Мұстафа Макин – 1 сом;
9. Нұрмұхамет Жұмабаев – 1 сом;
10. Есенберді Тақамбетов – 1 сом;
11. Ахмет Сауытбеков – 1 сом;
12. Нығметолла Мірахметов – 1 сом;

Бәрі 22 сом.
Оренбургтағы
1. Сейдәзім Кәдірбаев – 2 сом;
2. Тәпіл Кәдірбаева – 3 сом;
3. Елдес Омаров – 2 сом;

Бәрі 7 сом.
Гимназист Дінмұхамед Әділовке жиылған жәрдем бұрынғыларымен бәрі 203 сом 35 тиын.

*Қазақ, 1914, № 74-82.*

## № 145
## Исмағұл бек Ғаспрински

*(Қысқаша тәржіме халі)*

Иапон соғысынан соң Русия хүкіметі біз Еуропа боламыз деп, Еуропа рәсімінше жұртқа бірқатар теңдік ісіне еркіндік берді. Сол ретпен олқы да болса, жаңа закон шығарды. Жаңа закон бойынша Русияда кітап бастыруға, газета, журнал шығаруға жол ашылды. Осы күнде газета иә журнал шығарамын деген адамға хүкімет тарапынан онша қиыншылық жоқ. Бірақ мұнан отыз үш жыл бұрын мұндай емес еді. Ол күнде сайрағыш бұлбұлдар қамауда, қырағы сұңқарлар торда, жүйрік тұлпарлар матауда еді. Ол күнде һәркімнің қолы байлаулы, ауызына құлып салулы еді. Ол күнде аяғын бір қарыс дұрыс басқан адам жазықты, бір ауыз дұрыс сөз айтқан адам жазалы еді. Ол күнде кітап жазған адам кітабын баспас бұрын Петерборға сензурға жіберіп қарату міндет еді.

Ғазиз ерлердің қаламынан аққан есіл сөздер сензурда айлар, жылдар жатып, қайта қайтып, қайтпаса сол бойымен жоғалып кете беруші еді. Ол күнде хүкімет адамдары Русиядағы мұсылмандарды шапшаң орыс қылудың қамын ойлап жүруші

еді. «М. Ведомости» секілді қара жүз газеталар мұсылмандарды орыс қылудың пыландарын жазып тұрушы еді.

Әне сондай кезде Исмағұл мырза ғайрат қылып, жолын, айыбын тауып «Тәржіман» газетасын шығарған. «Тәржіманға» рұқсат шыққанға шейін екі губернатор, үш министр төңірегінде Исмағұл мырза үш жыл әуре болып жүрген, 4–5 рет Петербургқа барған. Исмағұл мырза бай баласы емес.

Өзінде де байлық жоқ, жарлы бір мұғалім еді, сол қалпымен газетаға рұқсат алу үстіне, оған баспахана ашу, хәріп сатып алу да оңай болмаған шығар.

Ол кезде бұл күндегідей тұс-тұсынан сөз, хабар жазып тұратын тілшілер, жазушылар жоқ, Исмағұл мырза «Тәржіманды» өзі жазған, баспаханада хәріпті өзі тізген, машинада өзі басқан, газетаны өзі бүктеген, шаһардағы алушыларға өзі үлестірген. Сөйтіп, бейнеттеніп жүріп «Тәржіманның» бір жағын орысша, бір жағын түркіше толтырып, жеті сайын шығарып, таратып тұрған.

«Тәржіман» газетасы шыға салысыменен жұрт бәрәк Алла деп көмегін беріп, газетаны алып Исмағұл мырзаны мәз қылды дейсіз бе? Жоқ ... Исмағұл мырза «Тәржіманды» шығарып, онда тәртіпті оқуды жұртқа көрсете бастаған соң алдымен моллалар қарсы түсіп, өзі алмағанымен қоймай газета оқу харам, тәртіппен оқу харам деп жұртты азғырған. Онымен қоймай неше түрлі шанышпа тілмен мырзаны сөккен.

Жігерлі Исмағұл мырза оның бәріне де шыдаған, күліп қараған. Исмағұл мырза өзінің керуен жұлдызы екенін білген, жуырда таң атып, күн шығуына көзі жеткен. Сондықтан өзіне қарсы тұрушыларға үндемей жүре берген. Қай жерде «Тәржіманды» сүймеген, ұнатпаған адам болса оған жібере берген. «Тәржіман» он жыл шыққан соң да алушысы бір мың-ақ болған екен. Әрине табысы шығынына жетпеген. Отбасында күл сабап отырып жұрт газета шығарған кісі ақша жию үшін шығарады-ау дейді. Кітап бастырудың, журнал, газета шығарудың талай бейнеті барын қайдан білсін.

Исмағұл мырза ғайрат етіп, отыз үш жыл «Тәржіман» басынан жылжымай жұртқа көсемдік етті. Мұсылмандарды оқуға, жазуға үйретті. Мектеп ашып берді. Мұғалімдер шығарды, һәр түрлі жәмиғат хейриелер аштырды, тіл һәм әдебиет туғызды, мәңгі бітпес пікір, идейе берді. Русия мұсылмандарын тірі бір ұлт халына қойды, кейінгісін ойлағандай, ілгеріге сын болжағандай ой берді.

Сондықтан Исмағұл мырза түрік ұлтының зор тәрбиешісі, ұғлы ұстазы, ардақты атасы болып дүниядан қайтты.

**Түрік баласы**

*Қазақ, 1914, № 82.*

## № 146
## Дінмұхамед Әділовке жәрдем

Жаңадан жәрдем берушілер:

**Ақмоладан Қыздарбек Қарсақбаев арқылы:**

Қыздарбек Қарсақбаев – 2 сом, Шәкір Бұрнашов (ноғай) – 3 сом, Ұса Беков – 2 сом, Матжан Наурызбеков, Сәрсекей Омаров, Балтабай Байсалбаев, Аймағамбет Нөсершин, Өміржан Қасымов, Өмірбай Өтеубаев, Елемес Өтепбергенов, Рахым Досымбеков, Мақай Мамыров, Нұрмұхамет Забиров (ноғай), Мұстафа Дулеткелдин (ноғай), Ғали Бегішев (ноғай) 1 сомнан. Сүлеймен Маймақов, Керейбай Тойжанов, Зікірия Сатыбаев, Сүлеймен Сатыбаев, Асхат Мыңжасаров, Қадір Бекқұлов (ноғай), Шәкір Бегішев (ноғай), Батыр Маматов (ноғай), Хұсейін Ғабидуллин (ноғай) 50 тиыннан.

Абдолла Иусупов 25 тиын, Шаһмардан Қалмұрзин, Ахмет Байшолақов, Нұқай Мұстафин 20 тиыннан, Жұмажан Ермекбаев – 15 тиын, Науан Сатыбалдин, Сыздық Байдосов, Һешім Байболғанов, Асхақ Қуандықов деген төрт тама жігіт берді 1 сом 20 тиын.

Ақмоланың бірінші бай саудагері қазақ Ақымбай Малдыбаев берді екі тиын. Бәрі 26 сом 55 тиын. Пошта расходын шығарғанда, «Қазақ» басқармасына жіберілді 25 сом 55 тиын.

**Паулодардан А. Б. арқылы:**

Исмағұл Бектеміров – 5 сом, Ахмедолла Барлыбаев – 3 сом, Базылбай Сансызбаев, Жалаледдин Темірбеков 3 сомнан, Елубай Машақов, Сәкіжан Сафарбеков, Сүлеймен Ержанов, Мірсәлім Әпсаламов, Балқия Мұстафин, Ысхақ Рахметов 1 сомнан, Сабыж Боштаев, Тәуірбай Некебаев, Нұрғазы Нұрлыбаев, Ысхақ Жүнісов, Хұсейін Қадірбаев, Сапарғали Мағажанов, Мұқан Мұқышев, Өмірзақ Исмағұлов, Нұрхайдар Оразбеков, Ғабдолла Исмағұлов һәм Әбдірахман Мүшекин 50 тиыннан. Бәрі 34 сом 50 тиын.

Дінмұхамед Әділовке келген жәрдем бұрынғыларымен бәрі 253 сом 40 тиын.

*Қазақ, 1914, № 85.*

## № 147
## Дінмұхамед Әділовке жәрдем

Жаңадан жәрдем берушілер:

**Қызылжардан Ж. Т. арқылы:**

Жұмағали Тілеулин – 3 сом, Ахмет Баржақсин – 2 сом, Ысхақ Құдірет – 1 сом, Хұсейін Қожамбердин – 1 сом, бәрі 7 сом.

**Қосағаштан Иса Тоқтарбеков арқылы:**

Мұғалім Иса Тоқтарбеков – 3 сом 25 тиын, Жүсіп Бұқабай баласы, мұғалім Әбділхамит Ахмедов 3 сомнан, мұғалім Нияз Жантеміров – 2 сом, Бұқар Байғожа баласы, Ақы болыс Бидақан баласы, Сағила Ақы баласы, Батал Ақы баласы, Сақаба Ақы баласы, Расул Ақы баласы, Зияда Сағила баласы, мұғалім Мұтиғолла Есенгелдин, Шәкірт қажы Ғабдолла баласы, Сәлімжан Ғабдолла баласы, Мұхамет қажы Ғабдолла баласы, Мәште Жүрімбай баласы, Ислам Әміре баласы, Зәңгір Әміре баласы, Мөді Құмар баласы, Рақымжан Садық баласы, Хасануддин Шарифуддинов, Зариф Мәстек баласы, Қалбабай Қорабай баласы 1 сомнан, Атшабар Қоқаев – 80 тиын, Х.Ғейнуллин – 60 тиын, Қабы Байғожа баласы, Ғайса Бұқар баласы, Хамит Мәште баласы, Зарқұм Ислам баласы, Мандиқа Тұрлыбаев, Әбіш Мандиқа баласы, Әкәмі Мандиқа баласы, (Исм Ағзам, Шейх Ағзам) Зейноллин балалары, Ғали молда Тәжі баласы, Бекмұхамет молла Исмағұл баласы, Ғабдолла қажы Тұрлыбек баласы, Дүйсеке Сәмеков, Қара Оспан Нұролла баласы, Мұхамади Шағиев, Мұрын Бегімбек баласы, Ғайса Темір баласы, Кәдір Ашубаев, Қайсарбай Бұйдаев, Серікбай Сағынаев һәм Қожан Әмірқан баласы 50 тиыннан, Зейнәлі Әкәмі баласы – 45 тиын, Тақырбай Ыспанқұл баласы, Жүніс Мүке баласы 40 тиыннан, Салих Нұраддинов, Ақтоқал Тілеке баласы 35 тиыннан, Иманқұл Ыстыбаев, Байдәулет Босаға баласы 25 тиыннан, Мұғраж Ислам баласы, Бәжен Сүйінбай баласы, Мәт Байыр баласы, Керейбай Байдәулет баласы, Тұяқбай Сәби баласы, Сәмек қажы Бике баласы, Садық Қоқай баласы, Дүйсен Ыспанқұл баласы, Дәулетбай Шоқа баласы, Мұхаметрахым Ғабдолла баласы, Барақ Жанар баласы 20 тиыннан, Мағауия Мандиқа баласы, Жақып Абрам баласы, Омарбек Шоқа баласы, Құрбанғали Әли баласы, Таласбай Рахымбаев, Матай Үзікбай баласы, Сәдуақас

Есет баласы, Тамим Табиті баласы 15 тиыннан, Мандиқа ақсақалдың екі баласы, Әжіман Құмырсқа баласы 10 тиыннан, Күңпай Тобат баласы – 11 тиын, Ақтайлақ Ақтике баласы – 5 тиын. Осы елдің үлкен бай адамы Манат Шам баласы берді 5 тиын. Бәрі 47 сом 66 тиын.

«Қазақ»: Газетамыздың 74-ші нөмірінде гимназист Дінмұхамед Әділовке мұқтаждығын жазып, өз тұсымыздан шамамызша жәрдем көрсетіп едік. Мұны оқып көрген азаматтар һәр жерден осы балаға жәрдем қолын соза бастап, мінекей аз уақыттың ішінде келген ақша 308 сом 6 тиын болып қалды. Бұл ақша, бүтін қазақ жұртын іске алғанда көп сома болмаса да, мұндай іске мал жұмсап көрмегендігіміздің сүйінбестік іс емес. Һәрбір үлкен іс кішкенеден зораяды, инша Алла күннен-күнге мұндай ізгі жолға бастаған істеріміз дәуірлеп көркейер, біреуден-біреу өнеге алып жақсылыққа жол ашылар. Қарап қалмай жігіттік көрсеткен азаматтарымызға Алла риза болсын! Бұл туралы Дінмұхамед бала да басқармаға хат жазып, гимназиада бір жыл тарықпай оқитын көмек берген ағаларына тәңірі жарылқасын айтып тұр.

Бұл ақша туралы тағы бір сөз. Газетамыздың 81-ші нөмірінде жазылып еді, Воронеж қаласындағы с.-х. институтта Орал облысынан Кәрім Жәленов һәм Халилолла Бәсімов деген екі студент өз күшімен оқып жатыр, бұларға қазынадан стипендиа тимей һәм үйлерінің ауқаты шамалы болғандықтан жәрдемге мұқтаж болып тұр деп. Бұл талапкер екі жасқа да аз көмек болсын деп біз жоғарыдағы 308 сом 6 тиын ақшаны бөлдік: 255 сом 51 тиынды Дінмұхамед Әділовке деп, қалған 52 сом 55 тиынды хақ бөліп екі студентке жібердік. Бұл ақшалар түгел Әділовке жіберілсе де, ептеп ұстағанда оған бір жыл оқуына біз лайықтағаны да жетер, қалғанын екі студентке бергенімізді ақша иелері де теріс көрмес. Мақсұттары кім болса да әйтеуір мұқтаж оқушыларға жәрдем беру еді ғой дедік. Әділов үшін енді жәрдем қабыл етуді тоқтаттық, мұнан кейін де оған аталып келген ақша болса, басқа мұқтаж оқушыларға береміз.

Мынау екі студентке жәрдем жіберген кісі болса, қабыл етіп тапсыруды ауырсынбаймыз, кімнің қанша бергендігін жазып тұрамыз.

*Қазақ, 1914, № 86.*

## № 148
## Тіл-құрал

*(Қазақ тілінің сарфы)*
*Шығарушы – Ахмет Байтұрсынов*

Жаңада ғана Ахмет Байтұрсынов шығарған қазақ тілінің сарфы «Тіл-құрал» басылып шықты.

«Тіл-құрал» туралы жазудан бұрын әуелі қазақ тілі жайынан біраз сөз айтып отыруды тиіс көреміз. Қазақ тілі жайынан газетамызда бұрында сан жазылып еді. Қазақ тілі бай, таза, іргелі жұрт тілі деп бәріміз де айтамыз. Мұны іңкәр қылатынымыз жоқ. Бірақ құр бай, таза деумен ғана тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете алар ма? Қай жұрттың тілі болса да, ту басында біздікі секілді таза да, бай да болған, бірақ олар, көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған. Біздің қазақ тілі бұрын ылғалсыз таза болса да, бұл кезде басқа жұрттармен араласа бастадық. Басқа жұрттардың оқуын оқыдық, бұл кезде шаһар сайын ноғай медреселерінде қанша қазақ баласы оқиды. Бір жағы Бұхар, бір жағы Мекке, Медине, Стамбұлдарда оқып қайтқандарымыз да бар, солардың бәрі елге

ноғайшылап, арабшалап, сартшылап қайтып жүр. Бұлардың сөйлеген сөзінде, жазған хатында шет жұрттардың тілі аңқып тұр. Бұлар елге келіп жас балаларды оқытады сүйтіп шет тілдер елдегі жас балаларға жұғады. Жас балалар келешектегі бір буын халық. Өзімізде жеткілікті оқытушы жоқтықтан, қазақ балаларын оқытып жүрген ноғай мұғалімдер аз ба? Бір ауыз арабша білмейтіндердің көбі осы күнге шейін хатының басына «Һуа[1]* Аллаһ албари, алхату насф ол – малахат...» дарды тізіп қоймай ма. Бұрынғы қазақ арасына тарап жүрген киса-хикайалардың бәрі ноғайша, арабша аралас тілмен жазған. Орысша оқығандарымыздың көбі екі сөздің біріне орысша қатынастыруды үйреніс қылып алған. Осыдан топшылауға болады, таза деген қазақ тілі де күн бұрын сақталуына қам қылмасақ, бірте-бірте бұзылып кететіні. Қазақ тілінің мұндай жолмен бұзылып кетуін көбіміз сезбей де қаламыз. Олай болса, сұралық. Қазақ тілінің таза сақталуына бізде қам қылған кісі бар ма? Болса, ол кім?

Мен өзім медреседе оқымасам да, 1904 ж. бастап ноғай әдебиетін үйренуге әуестендім, сол жылдан бастап «Тәржіман» газетасын, онан кейін шыға бастаған өзге ноғай газеталарын һәм кітаптарын алып, оқитын болдым. Лұғаттан қарап, кісіден сұрап, ноғай тілі, ноғай әдебиетімен таныстым. Бұлар маған сіңді. Бала күнімде оқи-оқи қызығы басылған ескі қисалардан басқа қазақта дәмді, мағыналы кітап болмаған соң, орысшаны бұлай қойғанда мен әлгі үйренген ноғай әдебиетінен ләзат ала бастадым. Ноғай газета, кітаптарында көп ұшырайтын араб, парсыны шын әдеби тіл осы екен деп аңғардым. 1908 ж. «О. қ.» жазып жүргенімде, әлгі «Әдеби тілдерді» неғұрлым көбірек киргізу жағын ескерусіз қалдырмадым. Сол жылдарда Абай кітабы һәм «Қырық мысал» шықты. «Қырық мысалды» көргенімде өзімнен өзім ұялдым. Өзімнің һәм өзім секілділердің адам боп (адасып) жүргенін сонда байқадым.

Мұнан екі жыл бұрын «Қазақ» газетасы шыға бастады. Шын қазақша жазылып, тіл мәселесін қолына алатұғын осы «Қазақ» екенін ешкім бекер дей алмас. Бұл неден? Әрине, шығарушыдан дейміз. Төрт жылдан бері шығып тұрған «Айқап», шығып тоқтаған «Қазақстан» бұл жағын жете ескерген жоқ, кім қалай жазып жіберсе, сол күйінде баса бергенге ұқсайды. Мұны да бекер деушілер көп болмас.

Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері шылғи қазақша жаза бастаған Байтұрсынов қазақ емлесін шығарды, оқу құралдарын жазды. Осы екі жылдың ішінде «Қазақ» газетасының тіл, емле туралы қылған қызметі көзге көрінерлік болды. Екі жылдың ішінде орта есеппен 250 мың да «Қазақ» нөмірі тарады, жаңа емлемен 15-тей кітап шықты, бұлар 45 мың данадай бар. Осының бәрі қазақ арасына тарап жатыр. Бұл емлені тосырқап түсінбейміз. Оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ» емлесін мұсылман медреселерде, орыс школдарындағы шәкірттер, учителдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы «Қазақ» нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екі жылдық қана қызмет. Иншалла, мұнан кейін артпаса, кемімес деген үміт зор.

Әр істің бағыты оң болса ғана ерушісін адастырмайды, өзі қайда бара жатқанын білмейтін адамның етегінен ұстаушылар қайдан жол табады. Жақсыны жақсы, жаманды жаман деу, біреуді асырып мақтаған иа кемсітіп жамандаған болмайды. Олай болса. «қазақ тілінің һәм жазуының таза сақталып, бір белгілі жолға түсуіне бірінші қам қылып қызмет сіңірген, бұл жолда басшылық еткен кім?» деген сұрауға менің жауабым осы жазғандарымнан көрінсе керек. Енді түзу жолға бір түскен соң оқығандарымыздың әрқайсысы таза қазақша сөйлеуге, қазақша жазуға тырыса бастады. Мұның белгісі қазір көп.

[1](Сура Хашур, 24 аят).

Тіл мәселесін бірінші дәрежеге қойған «Қазақ» газетасын өзіміз түгіл, ноғай бауырларымыздың газеталары да байқай бастады. Мысалы, жаңа арада «Тәржіман» газетасы (260 нөмір) «Қайда бара жатырмыз?» деген бір мақаласында: «Қазіргі Русияда шығып жатқан ұлт газеталарымыз, журналдарымыздың бірлі жарымдысын қоспағанда, көбінің қолданып тұрған тілдері татарша ма, түрікше ме, орысша ма, татар эсперантосы ма, не екенін білу қиын, татар-түрік тілінің қағидасына бой сұнбауының үстіне, түрікше-татарша айтуға болатын сөздердің өзін орысшамен айдап кетеді, бұл қайғырарлық хал...» деп ноғай газеталарының әрқайсысынан мысалдар келтіреді. Бұл туралы «Құяш» газетасы (590 нөмір) бір мақала жазып, «Тәржіманның» бұл мақаласы біздің бір жаман жарамыздың аузын ашты, тіл туралы кешілмес зор айыбымызды көрсетті» деп, өз тұсынан тағы мынаны жазады: «Егер орысқа қараған түрік рулары тілдерін орысшамен толтырса, Болғария-Сербиядағыларымыз болғар-серб тілдерімен, Қытайдағыларымыз қытайшамен, Германия, Англия, Франциядағыларымыз неміс, Англия, француз тілімен қатысып бітсе, түбінде бұл түрік тілінен не шықпақшы! «Борышын жасырған төлер, ауруын жасырған өлер» деген мақалды келтіріп, бұл туралы өзінің пікірін айтып келіп, «Құяш»: «Газеталарымыздың көбі таза түрікше жазамыз деп аузы айтса да, мұны істемей жүр, тіл туралы айтқанын орнына келтіруге жиһад қылып тұрған «Тәржіман» мен «Қазақ» газетасы дейді.

Енді «Тіл – құралға» қайталық.

Орысша грамматиканы, арабша наху-сарфты жақсы білетін қазақ баласы жете аңғарып, ақыл таразысына салып, бір-екі рет оқып шықса, бұл кітаптың құнын білер. Үстін қарап, саулатып өте шықса, шытырман тоғайда адасқандай, асылына түсіне алмас деп шамалаймын.

«Тіл – құралдың» артықшылығы: жалпы қағидаларға сүйеніп, белгілі тәртіппен тізіліп, шылғи қазақ тілімен жазылған. Орысша, арабша наху-сарфты жақсы білетіндер тез түсінеді дейтініміз, мұнда наху-сарфта ұшырайтын әр нәрсе қазақша аталып, қазақ тілінің табиғаты сақталып, тура мағынасы өзгерілмей өз атымен аталған. Сөз таба алмай қиналып, мағынасы дөп келмейтін еш нәрсе алынбаған. Мұнда қолданған сөздер алғашқы кезде біраз жат көрінуін көрінер: әрбір жаңа нәрсе басында солай болуы белгілі. Бірақ түсіне, жаттыға, құлақ ауыр бола келе жаттығы болмаса керек.

Қазақ тілін сақтаймыз, балаларымызды қазақша шыққан кітаптарымен оқытамыз һәм әдебиетіміз шын қазақша болсын дегенде, бұлардың бәрінің негізі «Тіл – құрал» (наху-сарф) екенін ұмытпасқа керек. Бұл біздің оқу құралдарымыздың ең қиын, ең керекті мүшесі еді. Міне, бұ да көңілдегідей болып шықты.

«Тіл – құралды» қолданып, іске асыратын, көбінесе, мұғалімдер. Олардың көбі мұны өздері шала түсінсе иа балаларды үйретуге шорқақтық қылса, ғажап емес. Бірақ бұған шығарушы айыпты емес. Қазақтан оқыту жолында жөн-жосық көрген мұғалімдеріміздің кемдігінен. Бұл екінші мәселе.

**М. Д.**

*Қазақ, 1915, № 93.*

## № 149
## Ашық хат

Міне «Қазақ» жеті сайын екі рет шықты. Газета тілегі орнына баруына екі түрлі шарт керек. Мұның бірі қазына, бірі мақала жазатын қалам. Газетаны оқушы көп болса, қазына болғаны. Бұл әліппе сияқты, балаға таныс сөз, мұны қысқартайық. Мұның тетігі газетаның өз мойнында: мақаласы көр-жер болса, бұл газетаны жұрт алмайды. Маңызды, ғұмыр тілегіне тұратын, кестелі сөзді газета баспаса, бұл газетаны ақша шығарып алмаңдар, жоқты оқып арам тер болмаңдар. Бұл түрлі газета болса, адам мұны алмаса, өз обалы өзіне.

Европа газеталарының тарихына көз салсақ, көрінеді: жұрт надан, газета оқушы жоқ болса, бұған Шекспир, Толстой да түк амал қыла алмайды. Бірақ газета шығарудың шарты - оқушының барлығы. Осы күні біздің қазақта оқушы бар десек, газетаның бай-кедейлігі, қазынасы бар-жоғы өз мойнына ауады. Біз газетаға кіріскенде осыны мойынға ала кірістік. Жалынғанда, қазақ аяп алған газета ғұмыры жазғытұрым алашамен жауып қорғаған қар ғұмыры. Бұл қар өзінен-өзі астынан еріп құрымай қоя ма? Газетаның бір түрлі газета жолы осымен тұра тұрсын, енді қаламға келелік.

Қазына газетаның сырты, жабуы, қалам, мақала – жаны. Адам шеберлігі араласып іс қылмаса, таудай алтын бір өлі қазына. Миллион иесі надан, қаламға шорқақ болса, мұның өлі миллионынан газета жүрмейді. Газетаны күйлеп, жаратып, бәйгеге қосуға өз алдына шебер, білгіш, жүйрік керек. Бұл ғұмыр тойына шақырылған көп өз өнеріне тиісті орын алған жоқ. Газетаға басшы болу кім болса соның қолынан келмейді. Газета ісі үй ағаш болса, басқармасы мұның тез болады. Басқармаға басылам деп, тіленіп келген мақала тез басына әкеліп тастаған ағаш. Ағаш бұтақсыз сондай, бесбелден болса, тезші рахаттанып басады, бұтақты қисық ағашты тезге салса, шытырлап жарылып ұзынынан сынатын, тезші сол иінінен асырып лақтыратын. Орынсыз, кестесіз жазылған мақала басқармаға... Тезші ісі жақсы болсын десең, сұлу ағаш әкел, басқарма ісі көркейсің десең көп қылып, басқармаға жақсы жазған мақала жібер. Біз басқармамыз айтулы жақсы деп мақтанбалық, сөйтсе де сабасына қарай піспегі, мінсіз жалғыз құдай, секпілсіз жалғыз күн. Басқарма жайын оқушылар сынар. Үйші қанша шебер болса да, үй ағаш тез қасында болмаса, ісі ойынан шықпас. Басқарма өз әлінше қанша жақсы қызмет қылса, мақала келуі сараң болса, басқарманың діңкесі құрыр.

Газета жазушыға құмар. Тілші, хабаршы газета отыны. Мақала жазу кез-келгеннің қолынан келмейді, бұған үйренген көнбіс шеберлік керек. Мұны газета оқушыларының бәрінен тілемейді. Мақаланы қалам өзі тілегенде жазса, сөз кестелі болады. Бұл басқарма һәм басқармаға жапсарлас газета кісілерінің міндеті. «Керуенге ермек едің көшіп бақ» деген. Газета шығаратын болған соң мақаланы жазып бақ.

Басқрама, мақала жазушы осымен жата тұрсын. Газетаға хабаршы, тілші қайдан болмақ?

Газетаны шығарған Европа, газетаны гүлдендірген Европа. Европада кестелі сөз арасында газета күші ұлық патшалықтың бірі деп сөйлейді. Бұл сипат газетаға қалай біткен? Европада газета – ғұмыр айнасы. Ғұмырда не болса, бәрі газетада көрініп тұрады. Газетаны оқып жұрт өзін-өзі көреді, өзін-өзі біледі. Білім артығы орын тепкен әдіс-тәсіл, бұлар ғұмыр жүзінде талас-тартыс сипаты. Газетаға Европа ғұмырда болғанды жазады, не болғанды әр адам, әр саясат партиясы газетадан көріп, қарсы жақтың амалына қарап әдіс қылады. Біз Европаның газетасын алып, бұған қазақ ғұмырынан не түк жазбадық, не қарымбайдан тілге, хабарға сараң

болдық. Мұнымыз балықты жағаға шығарып, енді жүз деген емес пе! Қырда ел ішінде жүрген хат білетін қазақ біздің газетаға тілші-хабаршы болмаса, кім болады? «Қазақ» газетасы қазақ ғұмырына айна болмаса, қазақ өзін-өзі қалай таниды? Ғұмыр жүзінде газетаны қалайша пайдаланады? «Қуандым түнде жүріп күн шығар деп, болса да бұлт бүркеу жел қуар деп» Нарманбет айтқаны қайда? «Қазаққа» тілші-хабаршы болатын азаматтар бармысың, жоқпысың? Газетаның қашса құтылмайтын бір ісі саясат жолы. Мұнымыз үкімет пен жұрт арасы. Жұрт үкіметпен қасынаспай, арбаспай ғұмыр сүрмес. Бізде жұрт жоқ па, үкімет жоқ па? Қырда болған саясат ісіне біздің «Қазақ» тіпті сараң. Бізде хабаршы жоқ! Бұ қалай, біздің қырда хат білетін кісі жоқ па?

Тоғыз облыс, бір губерния қазақ жайлау қылған жерде неше областной мекеме, неше мировой судья, неше крестьянский, уездний начальник мекемелері бар, осының әрқайсысында тым болмаса бір қазақ переводчик бар, окружной сот переводчиктері ғұмыр бойыр қазақты аралайды. Газетаға - ғұмыр айнасына, әсіресе, керек сот отчеті. Сотта ғұмыр ісі бояусыз көрінеді. Толстойдың сот отчетін зерттеп алып роман жазатыны осы... Қырда қанша учитель, мұғалім, болыс тілмашы бар. Тағы қырда адам, мал дәрігері, фельдшерлер бар. Хат білетін қазақ қанша! Осылар хабаршы-тілші болса, мен мұны жазамын ба?

Сипалап айналама қол сермедім,
Жастардан еріншекті мен көрмедім!
«Қазаққа» бар білгенін жазып тұрса,
Еріншек біздің жастар мен дер ме едім?

**Қыр баласы.**

*Қазақ, 1915, № 94.*

## № 150
## Қазанда қазақ студенттер

Қазан университетінде алты қазақ студенті бар, бұлардың төртеуі юридический факултетте: 1) Әбубәкір Иманбаев – Торғай обл. Қостанай у. – өз күшімен оқиды; 2) Мұқыш Боштаев – Семей обл. Павлодар у. – өз күшімен оқиды; 3) Базарбай Мәметов – Жетісу обл. Лепсі у. – сол уйездің қазақтары 1913 ж. жасаған приговоры бойынша бекітілген земски стипендиа алады; 4) Шафхат Бекмұхамедов – Астрахан губ., екінші округтан, әзір өз күшімен оқиды, келер жыл патша хазреттері таққа мінген құрметіне ашылған қазақ стипендиасын алуына үміттеніп жүр.

Екі студент медицински факултетте оқиды: 1) Ғайса Қашқынбаев – Орал обл. Ілбішін у. – областной қазақ стипендиасын алады (Орал обл. стипендиа жетеу, оқушы студент он еді, екеуі биыл зауриад-враш болып шықты); 2) Ғайса Қисықов – Торғай обл. Ырғыз у. – Крижановски атына ашылған стипендианың біреуін алады.

Бұлардан басқа қазақтағы ветеринарны институтта Орал обл. Ілбішін у. Бижанғали Жанқадамов оқушы еді, қаражаты жоқтықтан оқудан тоқталып қалды.

**Студент Ғайса Қашқынбаев**

*Қазақ, 1915, № 100*

## № 151
## Студентке жәрдем

Томскіде Технологический институтта оқушы студент Әлімхан Әбуұғлы Ермековке мына кісілер жәрдем берді: Жақып Ақбаев – 10 сом, Нұрыш Орнықаев – 10 сом, Әміре Аспанов – 5 сом, А. Аяғанов – 3 сом, Ш. Мұсатов – 3 сом, Әбубәкір Құрманов – 3 сом, К. Қосыбаев – 3 сом, А. Адамбаев – 5 сом, А. Тұрсынов – 5 сом, Ш. Ахмедов – 3 сом, А. Аманбаев – 5 сом, Хайырберлі Оспанов – 1 сом, Т. Тойсарин – 5 сом, Р. Сарбасов – 3 сом, С. Шалымбеков – 5 сом, С. Тұтқышов – 3 сом, Төлеубай Шонтин – 2 сом, Исмағұл Мөнеков – 1 сом, Мұқсин Бекметов – 3 сом, А. Белгібаев – 5 сом, И. Асанус – 3 сом, М. Есебаев – 2 сом, С. Конов – 3 сом, Ж. Байжігітов – 3 сом, Б. Нарбаев – 1 сом 50 тиын, Ғабас Тоқсантаев – 3 сом, Қасым Сәнекин – 5 сом, А. Теміржанов – 2 сом, А. Ақбергенов – 50 тиын, А. Шегіров – 3 сом.

Барлығы 109 сом, 70 тиын пошта расходтарына жұмсалып, бұл ақша студент Ермековке жіберілді.

**И. А.**

*Қазақ, 1915, № 100.*

## № 152
## Тәңір жарылқасын

Өткен жаз елге қайтпай, Сібір жағында мұғалім болып, осы қыс тағы да Уфадағы медресе Ғалияға келіп, оқып жатқанымда 12-ші январда атамның опат хабары келіп, үйге қайтып едім. Елге қайтуға қаражатым кем болып тұрғанда серіктерім, қазақ шәкірттері өз араларынан жолдық ақша жинап берді.

Енді медресеге қайта барудан үміт үзіп тұрғанымда «Қазақ» басқармасынан 25 сом барғанын көріп, баруға жігер еткенімде Лақман Көжеков, Әжікей Жакеев секілді құрбылар Уфаға жетерлік жолдық расходын жинап беріп, тағы қайта бара жатырмын. Бұлардың әрқайсысына тәңір жарылқасын айтамын.

**Ахмет Мәметов**

*Басқарма:* Ахмет Мәметов еліне қайтып кеткен хабары келген соң оған арналған 25 сом 44 тиынды медресе Ғалиядағы мұқтаж үш қазақ шәкірті Жұмағали Бейсенбаев, Садық Төкебаев һәм Ғали Бимұхамедовке бөліп берген едік. Енді Ахмет Мәметов басқарманың жіберген ақшасына сеніп, медресеге қайта келгендігі білінді, соның үшін біз оған басқармада мұқтаж оқушыларға деп жиылған ақшаның қалдығы 20 сом 11 тиынды (осы нөмірде есебі басылған) жібердік.

*Қазақ, 1915, № 103.*

## № 153
## Мұқтаж оқушыларға жәрдем

### I

Зарешни Слободкадан мұғалім Мұстақым Малдыбаев арқылы мұқтаж оқушыларға жәрдем берушілер:

Медеу Оразбаев – 5 сом, ушител Кәрім Дүйсебаев, Ж. Жоленбаев, Айқымбай Тәтібаев, Тоқар Бегімбетов –1 сомнан, Камаладин Оразаев – 50 тиын, және үш кісі берді 50 тиын.

Мұстақым оқытатын мектеп шәкірттері: Ғариф Бұрнашев – 3 сом, Салықбай

Исабек баласы – 70 тиын, Ахмед Иусупов, Тұрсын Ғайса Байзақов, Яқұп Шәкіржанов – 50 тиыннан. Өзге балалардан он тиын-бес тиындап 4 сом 91 тиын, барлығы 20 сом 11 тиын. Бұл ақша «Қазақ» басқармасына тапсырылды.

### III
### Студентке жәрдем

Воронеж С.Х. институтында оқушы студент Кәрім Жәленовке Орал облысынан мына кісілер жәрдем берді: Молдағали Жолдыбаев 5 сом, Ғабдырашид Өтеулин 3 сом, Айтбай Тәуенов, Өтеш Баймұқашев, Рахметжан Сәрсенбеков, Ғабидолла Қазиев, Рақыш мырза Беков 1 сомнан, Әлібек Дүйсалиев, Ақдәулет Шыңғырбаев, Алмақ Қатжанов, Аунашов, Әміре һәм Мұқаш Сидалиновтар, Құрманғали Махмұдов, Алдаберген Иақұпов, Тален Есполатов, Ғали Жантаев, Иманали Елешов һәм Ықылас Мұхамедов 50 тиыннан. Барлығы – 19 сом.

**Ғ.А.**

*Басқарма:* Студент Кәрім Жәленовке бұл 19 сом жіберілді.

*Қазақ, 1915, № 103.*

## № 154
## Жәрдем комитеті

Карс облысында шабыншылыққа ұшырап, ішерге тамағы, киерге киімі, паналарға үйі жоқ – күйсіз хәлға түсіп тұрған мұсылмандардың жәрдемге өте мұқтаж болып жатқаны һәм оларға көмек ету үшін һәр жерде мұсылман жамиғиаттары ашылып, жәрдем беріліп жатқаны «Қазақтың» 103-ші нөмірінде жазылып еді.

Оренбург мұсылмандары да губернатордан рұқсат алып, осы февралдың 21-ші күні жәрдем комитетін ашып, тәртібін түзеп, басқарушыларын сайлап, жұрттан жәрдем жиуға ағзалар арнады. Қазақтан ағзалыққа мен ұйғарылдым.

Басқа мұсылмандар жаны ашып, жәрдем етіп жатқанда, үйі күйгенді жылулайтын, малы өлгенге қызыл көтеретін, тоналғанға киім беріп, ат мінгізетін ағайыншылық жүзінде қайырымы көп біздің қазақ, бұл турада да салтын істемей қарап тұрмас деп, ағзалықты қабыл еттім.

Таланып, шабылып, бар мүлкінен айырылып, аш, жалаңаш отырғандар жері жырақ болғанмен қаны жақын, діні бір қарындастарың. Әлде қайдағыны айтып, айаушылық етіп отыр демеңдер. Аз-көп демей, жәрдем ету, әуелі, адамшылық, екінші, ағайыншылық міндеттерің. Біреуіңіздің берген 5-10 тиыныңыз бір адамды бір күнгі аштықтан құтқармақшы.

Қалай жіберу ретін білмегендер «Қазақ» басқармасына жіберсе, тиісті орнына тапсыруға, көп-көп алғыс айтылып, қабыл етіледі.

**А. Байтұрсынов**

*Қазақ, 1915, № 107.*

## № 155
## Киевте қазақ студенттері

Біздің Киевтен алған хабарымызша, онда қазақтан 4 студент бар.

*Университетте:*

1) Юридишески факултетте Хамза Нұржанұғлы – Сырдария обл. Әулиеата у. қазағы, өз күшімен оқиды. Бұ күнде университет курсын бітіріп, государственни экзаменға қамданып жатыр.

2) Медицински факултетте Юсуфбек Жақыпбайұғлы – Жетісу обл. Үлкен Алматы елінің қазағы. Земски стипендиа алады, жылға 360 сом.

*Политехнишески институтта:*

3-4) агрономишески бөлімінде Орал облысынан қазақ бар, екеуі де земски стипендиа алады, біреуі Шүленбай Оралбайұғлы, екіншісінің өз атын һәм аты жөнін біле алмай тұрмыз, қосымша хабар алсақ, білдірерміз.

**Студент С.С.**

*Қазақ, 1915, № 107.*

## № 156
## Студентке жәрдем

Марқұм Әбілхайыр Жұмашұғлының құрметіне мұқтаж оқушыларға шығарылған 60 сомнан басқармада аманат 39 сом 85 тиын қалып еді[1*]. Бұл ақша Жұмаш отағасының тапсыруы бойынша, жоғарғы һәм орта дәреже мектептерде оқушыларға берілмек еді. Бұл кезде орта мектептерде біздің қазақ балалары бірен-саран болмаса, қазына күшімен оқиды, сондықтан бұларға керек, бұл күнге шейін олардан мұқтаждығын білдіруші болмады, өздігімізден де біле алмадық. Сол себепті Жұмаш отағасынан рұқсат сұрап, әлгі 39 сом 85 тиын ақшаны Воронеж с.-х. институтында оқушы студент Кәрім Жәленовқа беруге қаулы қылдық һәм жібердік.

**Басқарма**

*Қазақ, 1915, № 107.*

## № 157
## Николай Лукич Скалозубов

20-ншы февральда шыққан «Речь» газетасының 49-ншы нөмірінде Қорғанда Николай Лукич Скалозубов опат болғанын оқыдым. Скалозубов Мәскеудегі бұл күнде селькохозяйственный институт болған Петровский-Разумовский академияны бітірген агроном. Орыста аты шулы, ғылымы асқан талай кітап жазған агрономның бірі еді. 1914-нші жылы Тоболға келіп, Сібір мұжықтарының шаруасын ізденіп, тесе қарап оқып, жұртқа пайдалы үлгі-өнеге шашып, кітап шығарып, Сібір мұжығының шаруасын мәдени жолға түсірген Скалозубов болатын. Машинамен сары май алып, оны Лондонға апарып сататын Сібір мұжықтарының игілік ісі Скалозубовтың бастауымен, үйретуімен көгеріп, көркейген іс. Мұндай Сібір шаруасын жақсы білетін һәм жұрт шаруасы ілгері басуға өнегелі, өнерлі іс қылған адам жоқ. Сібір мұжықтарына бірлесіп іс қылуды үйретті. Талай жиып сиез де жасатты.

[1*] «Қазақ» – нөмір 96.

1906-шы жылдың қысында «Сен мұжыққа бас болдың» деп Скалозубовты абақтыға жапты. Сол жылы жазғытұрым мұзы ерімейтін мұхит маңындағы Березов қаласына жер аударды. Тобол мұжықтары екінші һәм үшінші думаға Скалозубовты депутат сайлады. Топта сөйлеуге шешендігі кең, дәлелге мықты білімі көп, кіріскен ісін аударып алатын Скалозубов думаның жалпы мәжілісінде анда-санда ғана шығып сөйлейтін. Істің көбін комиссияда орындайтын. Скалозубов кіріспеген дума комиссиясы жоқ. Сөзі негізді дәлелді болған соң комиссияда мұны тыңдамасқа болмайды.

Үшінші думада қазақ жері үшін қазақтың өз депутатындай қызмет атқарды. Бюджет мәжілісі болғанда қазақты қорғап, сөйлемей қоймайтын. Комиссияда қазақ шаруасы, қазақ халі туралы істеген ісін кітап қылып шығарды. Қазақ жайынан сөйлеген сөздері дума комиссиясының 1909-ншы жылғы отчетында бар. Қазақ 15-тен жер алғанмен аз уақытта егінші бола ма? Мал шаруасы егін шаруасына қанша уақытта аяңдап айналмақшы. Қазақ жерінде мұжық та мал бағуға құл. Жердің түріне қараған Сібір мұжығы да малды көп ұстайды. Жұрт шаруасын саясат ісіне көгендеп, жәбір қылып отырсыңдар дейтін.

Төртінші думаға өзі сайланбады. Аз кісі Г.Думада бүктемеде қалып құр әуре болады. Мұнан да жұрт ішінде тұрып қылған қызмет артық деп. Сонда да еті қызып «Речьте» саясат ісін жиі жазатын.

Және де Скалозубов айтатын бір пікір мынау еді: қазақ жайын орыс обществосы білмейді; қазақ ісі, қазақ шаруасы біздің жұртқа басшы саясат жолындағы кісілерімізге қараңғы. Думада жетекшіл көп депутат бәрі қара көңіл жәбіршіл, біле тұра қазаққа жәбір істі қуаттайды деп айтуға ауыз бармайды, білмеген соң басқаның адастыруымен қазаққа зарарлы іске қол қойып отыр. Сондықтан қазақ тұрмысы, қазақ салты, шаруасы турасынан орыс тілінде кітап шығарып, газета, журналдарға жазып орыс жұртының саясаттағы адамдарының көзін ашу зор мақсұт іс дейтін.

Былтыр «Қазаққа» жазылған Өскемен уезі Қошанай жерін мұжықтан айырып, қазаққа қалдырған Скалозубов болатын. Осында талай қазаққа үшінші думаға депутат болған кезінде Скалозубовтың пайдасы тиген. Қазақ жері үшін байлар апармаса бармайтын жерлерге барып, көрмейтін есіктерді көрген.

Бірігіп іс қылған есіл ер Николай Лукич кезегің мезгілсіз келіп кеткенің да! Сен кеткен соң қазақ ісінің көбі жесірсірер! Қош, Николай Лукич! дегеннен басқа қолымыздан келер жоқ.

**Ғалихан**

*Қазақ, 1915, № 109.*

## № 158
## Карс мұсылмандарына жәрдем

«Қазақ» басқармасына Ж. Жәнібеков арқылы Оренбургтағы мұсылман комитетіне тапсыру үшін жәрдем берушілер: Ж. Жәнібеков – 3 сом, Х. Досмұхамедов – 1 сом, Ғабдолхамид Алмуснлами – 1 сом 50 тиыннан, барлығы – 6 сом 50 тиын.

*Қазақ, 1915, № 109.*

## № 159
## Н.Л. Сколозубов

Екінші Г. Думада Сібір депутаттары өз алдына саясат қауымы жасады. Осы Сібір депутаттары бірлігін жарыққа шығарып іс қылған аз депутаттың бірі Н.Л. болатын. Петроградта оқу оқып жүрген жастарды біріктіріп, «жаз Сібірге қайтқанда қарап жүріп ғұмыр өткізбеңдер» деп, әрқайсысының өзінің сүйген ғылым жолымен Сібірді ізденіп, оқып, рухани міндет жолына тартыңдар деп, лексия оқып, программа жазып беріп, жастарға жоғалмас жол көрсетті. 1911-нші жылы академияның зор залында Сібір студенттері, курсисткалары жұртқа Сібірден алып келген заттарды көрсетіп, ғылым жолымен доклад қылды. Бір жылда жастар жиған нәрсе 800 екен. Осы жастар жиған нәрселер сондай толымды болып, академия бір бөлмесін босатып беріп, Сібір музейі басталды. Н.Л. сонда доклад оқып, осы доклад та кітап болып басылып шықты.

1910-ншы жылы біздің Қарқаралыдан Хасен, Ыбырай, Смахан, Бұдаубек, Ахмет Райымбек баласы, Сүлеймен екі жылға жер аударылды. Жазықтары: бірі менімен бір туысқан, бірі Жақыппен бір туысқан, бірі Ахмет Байтұрсынұлының өлеңін айтқан, өзгелері осылармен таныс. Осы жігіттер күні толмай үйлеріне қайтты. Столыпинге неше қайтара барып, байды сөзге түсіріп, осы алты жігіттің қайтуына көп қызметін өткізген Г. Совет шлені Л.Н. Толстой досты, Михайл Александревиш пен Н.Л. Сколозубов болатын. Осындай қызмет қаруы жұртқа, жұрт азаматына тиген асыл ер Н.Л-ді біздің «Қазақ» жоқтамасқа бола ма?

**Ғалихан**

*Қазақ, 1915, № 111*

## № 160
## Әдебиет кеші

*(Томскіден)*

Өткен февралдің 19-да Томда «Таркиун ислам» жамғиаты[1*] әдебиет кеші жасады. Әуелгі бөлімі қазақ тұрмысынан алынған: қазақ үйінің іші, адамдарының келбеті, киім реті, қазақ салтанаты. Төр алдында қонақтар малдас құрып, қымыз үстінде үй отағасымен қызық әңгімеге кіріп, дуласып отырғаны. Ақ жаулықты, келбетті, жүріс-тұрысы маңызды бәйбішесі сары тегенедей сары айақпен қымыз құйып беріп отыр. Төсек алдында жаңа түскен жас келіншек, сәукелесі басында, қайын сіңілісі қасында. Ұзындығы кез сәукеле, етегінен төгілген маржандар алтын-күміс жарқыраған теңгелер, қатар-қатар ойу салып тізген меруерттер қызылды-жасылды болып алыстан қараған кісінің көзіне шағылысын таңырқарлық тамаша көрінді. Қонақтың қасындағы ақыны домбыра шертіп, күй тартып сүйсініп тыңдайтын қазақтың белгілі әндерін шырқап салды. Мұның артынан төрт жігіт скрипка, гитара, мандалинаға қосылып ән салды, қазақша салынған өлең-әндер: «Мақпал, Балқадиша, Әлди бөпем», күйлер: «Шырмаулат, Жайау Мұса» болды.

Бұл көріністер таңырқарлық тамаша демесең де, шамалы көңілдегідей өтті.

Ойынның екінші һәм үшінші бөлімдерінде біздің қазақ тұрмысынан алған секілді, башқұрт, шеркеш жұрттарының тұрмысынан үлгі көрсетеді. Ноғай тілінде камедиа ойналды – «Күйеу іздеу» деген. Ноғайша жалғыз шығып, өлең айтқан ақын да болды, қосылып та әнге салысты.

[1*] Бұл жамиғиаты жаңада хүкімет жапкалы газеталардан көрінді. Бес-алты жылдан бері халыққа һәр жаһаттан пайдалы болып тұрған бір игілік қауымы еді. **Басқарма.**

Жиылған халықтың көбі ноғай: еркек, әйел аралас. Бар түсімнің 20% Карс мұсылмандары пайдасына беріліп, өзгесі жамиғат тәрбиесіндегі русша-мұсылманша мектеп пайдасына қалды. Расходын шығарғанда таза пайда 317 сом 38 тиын болды. Әдебиет кешінің бұл көргеннен өзге қанша пайдасы барлығын ойланған адам білер.

Осыларды көріп отырып, бізде неге жоқ деп арман қыласың.

**Студент Ғ.А.**

*Қазақ, 1915, № 112.*

## № 161
## Карс мұсылмандарына жәрдем

Соғыс әлегінен шабылған Русияға қараған Карс мұсылмандарына «Қазақ» арқылы жәрдем берген адамдар: Қосыбаев 50 тиын, Сарыбаев 50 тиын, Айдарбек 50 тиын, Есмұхамед Оразбаев 1 сом, Елжан Оразбаев 3 сом, Бәдрисафа Байтұрсынова 3 сом, барлығы 8 сом 50 тиын.

**II**

Карс мұсылмандары пайдасына тағы да мына кісілерден басқармаға тапсырылған ақша: Елтай Қаналыұғлы һәм А. ұғлы 5 сомнан, Сейітмұхамет Құлыншақ баласы 3 сом, Айсұлтан Досмұхамедұғлы һәм Мұхамедғали Нәренұғлы 2 сомнан, Нұрмұхамед Қалменұғлы 1 сом 25 тиын. Мұхамедғали Баймаған ұғлы, Сұлтанкерей Күшікұғлы, Күзенбай Ақиықұғлы, Ишан Ордабайұғлы, Бірім Түркенұғлы, Сәрсембі Сейсембіұғлы, Құрманиаз Көтібасұғлы, Мұңайтпас Дүйсенбіұғлы, Елібай Жұмықұғлы, Бүркіт Өтегенұғлы, Алдамейір Кеншауғарұғлы, Хасенғали Андабайұғлы, Тыныш Жолбатыр-қызы, Әлипа Тұпарқызы, Әндіжан Мұрғам-Сейітұғлы, Құлриза Доржанұғлы, Ізбасар Қожабайұғлы, Дәулетғали Жәнікейұғлы, Нұрғазы Шақанұғлы һәм Жанысбай Жаршыұғлы 1 сомнан, Ермұхан Топайұғлы 70 тиын, Ақбай Тәңірбергенұғлы, Мұхамед Мамайұғлы, Замандин Имансейітұғлы, Аташ Сәкенұғлы, Алла Нуатова, Қартжан Қойшекенұғлы, Ғабдолла Таутенұғлы, Тәжібек Боранбайұғлы, Түзелбай Қалбаұғлы 50 тиыннан, Бәсен Сәнкібайұғлы 35 тиын, Жаңылша Досмұхамедова 34 тиын, Ақзер һәм Нұржамал Досмұхамедова 33 тиыннан, Ғабдолла Топайұғлы 30 тиын, Сапарбай, Сафа, Салжан, Ізбасар Ишан Жаманша балалары 1 сом, Бибі Қамартопаева, Шаймұрат Жұбайұғлы, Жәркейқызы, Тастемір Дилманұғлы, Айтжан Ишманұғлы, Қалдыбай Артынтайұғлы, Жұмағали Сүлейменұғлы, Бирай Батаниазұғлы, Исен Айтуаруғлы 20 тиыннан. Барлығы (25 тиын расходын шегергенде) 49 сом 65 тиын.

*Басқарма:* Шабылған Карс мұсылмандарының пайдасына деген ақша басқармада. Осымен барлығы 64 сом 65 тиын болып еді, комитетке тапсырдық, мұнан кейін келгендері де осылай кезінде тапсырылып тұрады.

*Қазақ, 1915, № 112.*

## № 162
## Жаңа кітаптар

Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского Отдела Императорского Русского Географического Общества. Выпуск VIII, 1914 г. цена 1 руб.

Бұл кітап Евгений Петрович Михайлеске аталған. Михайлес Абай ұстазы. Мұны 44-нші нөмір «Қазақ»-тан қара. Михайлес 1871 ж. 1913 ж. шейін біздің қазақ жерінде тұрып, қазақ жерімен, суымен, мұны жайлаған аңмен, өзге жануармен Европа ғылымын таныстырған. Қазақ үшін көп аралап, қазақ ресім-жолын ізденіп жиып, қазақ билігі атты кітап жазған кісіні байытқан[1*]. Мұнда біздің Абай Михайлеске айтқан көп сөзі болуға лайық. Михайлес тәржіма халін жазған Г.Б. «Қырда жоғалатын қазақ алтыны Абайды тапқан Михайлес» дейді. Ол рас қой. Михайлес болмаса, бұған Абай шимайлы ғұмыр жолында жолықпаса, Абай ана Қозы Көрпеш, Баянды, Тарғынды, Қышпақ Қобыланды батырды, Едігені шығарған ақындар айағын құшар еді. Неше жыл Михайлес Семейде тұрғанда Абай әрқашан декабрден мартқа шейін қалада жатып, кеш сайын Михайлеспен көріседі екен. Сонда Абайды Михайлес Пушкин, Лермантов, Толстой өнері жолына сілтеген. Мұны біліп, қымбат бағалап, Абайды Михайлеске өлгенше риза болып кетті. Қазақта Михайлес жоқтады деп Михайлес тәжірибе халын жазған Г.Б. «Қазақты» көрсеткен.

Мұндай жүйрік топта бел көрсетпей жоғалама. Михайлес әуел баста жұртқа көз, көсем болуға туған. Айдалып Сібір кетпесе, ғылым жолында Михайлис екінші Менделеев болар еді. (Д.И. Менделеев жұрт оған дүниаға орыс атын жайған, химиа ғылымында Л.Н. Толстой). Бұл көпірткен емес, Михайлис өнері осы. Амал бар ма, алмас Михайлис ұстайтын қол таппады. Мұхит жүзетін зор кеме қазақ шөлінде қайрандады» деді Г.Б.

Біздің қазақ алмасы Абайды Михайлеске кез келтірген құдырет бізді де бос қалдырмайын дегені.

Бұл жоғарғы жазылған кітапты Михайлес хаттары, жазған мақалалары бар. Бәрінде біздің қазақ жері, суы, жануары, Алтай, Тарбағатай тауларының ғұмырлары туралы ғылым жолы жазылған. Бұл кітапты біздің талапкер жастар алып оқу дұрыс. Бұл кітаптан білімнен бөлек, ғылым сүрінді жолын байқауға болады. Қай түрмен, не қызметпен жер, су, мұның жануары ғылымға кірісетіні көріледі.

Уай, жаным! Сен денеде аз күн қонақ,
Заман жоқ көп тұруға, өмір шолақ.
Жас мезгіл екі айналмас, мойнын бұрмас,
Жұмыс ет оқтай зырлап, қардай борап[2*].

**Қыр баласы**

*Қазақ, 1915, № 112.*

---

[1*]Юридические обычаи киргиз П.Е. Маковецкого. [Электронный ресурс]. Режим доступа: Маковецкий П.Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Материальное право. Публикация 1888 года — История Актюбинской области (myaktobe.kz) (дата обращения 31.07.2022).

[2*]Сәбит, «Қазақ» нөмір 103.

## № 163
## Потанин тарихы хақында

Императорски географишески обшестваның Сібір бөлімі 21 сентиабр 1915 ж. Григорий Николаевиш Потаниннің 80-ге толған күнінде істеген қызметтерін құрметтеп той қылмақшы. Онда докладтар оқылмақшы һәм бөлімнің кезекті бір кітабын («Хабарлар» атты) Потанинге бағыстамақшы.

Бұл құрмет-тойға кірісемін дегендер һәм әлгі шығатын кітапқа Сібір жайынан, халықтың тұрмыс, ғұрып, ғадеті туралы мақала жазуда талабы барлар мынау адрес бойынша хабарлассын:

Омскъ, здание Географического Музея, правителю делъ Отдела В.П. Балиеву.

Бөлім бастығы генерал-майор Н.Д. Павлов.

Іс басқарушы: В.П. Балиев.

*Қазақ, 1915, № 141.*

## № 164
## Г. Дума һәм солдаттық мәселесі

Бүгін 9 февральда Г. Дума ашылады. Думаның ашылуы көптен күтілсе де, түскен бас министр Горемыкин ұзын-сонарға салып, кешіктіріп келіп еді.

Думаның қаншаға созылуы әлі белгісіз. Сүйтсе де, бұрын ойлағандай, жалғыз бюджетті ғана қарап тарқамай, соғысқа қатысты бар мәселелерді һәм ішкі саясат істерін де тексеріп, закон шығарумен де шұғылданар деп жорылады. Бұлай болу-болмау тетігі хүкіметпен дума көпшілігінің келісуінде. Келісуге бола ма, жоқ па? – қазір білінбейді. Дума ашылуы жария болғаннан бері түрлі партиялар өзара кеңесіп, думада қандай ереже қолдануды сөз қылысты. Партия көсемдері һәм депутат ақсақалдарының қара жарысында сол жақ партиялардың ережесі, қорытып айтқанда мыналар:

1) Земство, 2) Кооперация, 3) 1890 жылғы земский положениені өзгерту, 4) Арақ ішуді түпкілікті жоғалту, 5) Земство һәм шаһар ұйымдарының сиезі, 6) бұратана жұрттардың правосын теңгеру, 7) 1907 жылы 3 июнь законы бойынша депутаттықтан махұрм етілген жұрттардан депутат алу, 8) түрлі бостандықтар, 9) саяси айыпкерлерге азаттық, 10) мәтбуғатқа бостандық, 11) жиылыстар, қауымдар жасауға еркіншілік, 12) Финляндия конститутциясын қайтару, 13) жер билігі мәселесін әділшілікке тура шешіп, 9 ноябрь законын өзгерту, 14) дінде еркіншілік, 15) Г. Думаның хүкіметке запрос жасау хұқығын күшейту... һәм басқалар.

Бұл жобалар түгелімен думада қарала ма, жоқ па, күн бұрын тамақ ісірмей, кезінде көретін нәрсе. Думадан ойлағандай пайда күту жалғыз хүкімет бастығының аты өзгеруде ғана емес, хүкімет саясаты халық тілегіне муафиқ түрде өзгеруде. Қазір кісі аты өзгергенмен, саясат өзгерген белгісі көрінбейді.

Хүкімет думаның бұл мәжілістеріне соғысқа қатысы бар бірсыпыра закон жобасын кіргізбекші. Бұлардың ішінде қазақтан солдат алу жобасы болуы да ықтимал.

«Қазақтан солдат алады» деген сыбыс күзден бері естіліп келеді. Қазақтан қазір, осы соғыс үстінде солдат алу мүмкін еместігі, қазақ халқы қамсыз жатқандығы, анық жасын білерлік метірке жоқтығы һәм басқа себептері де газетімізде кезінде жазылған еді. Думада өзімізден депутат жоқтығы, солдаттық мәселесі секілді зор мәселені қатесіз шешетін қазақ жайын білетін депутаттардың кемдігі де айтылған еді. Бірақ газет жүзінде ғана жазылған сөз, айтылған тілек тиісті орындарға

өздігінен жетпейтіндігі белгілі. Бұл тілектерге ие болып, жалпы жұрт қара көрсетіп, қам қылғандығы білінбейді: тағдырға тапсырылып жай жатқан түрі бар. Солдаттық туралы қазақ халқының пікірін, тілегін хүкіметке, думаға жеткізу үшін олармен сөйлесіп, жәй-жапсарды түсіндіру үшін әр облыстан бірер өкіл бару тиіс еді. Бұл істі қалың қазақтан күту, қашпаған қашардың аузына қарағандай болатын болған соң, дума ашылуға қарсы Самардан Әлихан Бөкейханов, Орынбордан Ахмет Байтұрсынов, Ақтөбе үйезінен Нысанғали Бегімбетов 3 февральда Петроградқа жүріп кетті.

Солдаттық мәселесі туралы қазақ даласының әр тұсынан жиналған пікір, тілек бір ізден шығып тұр. Мысалы:

1) Қазақтан осы соғыс үстінде солдат алынбау.

2) Солдат алудан бұрын метірке түзеу үшін муфтилікке қарау.

3) Лажысыздан алынатын болғанда, жаяу солдат болмай, атты әскер болу, казак-орыспен жер-су һәм правада теңгерілу.

Қазақ атынан сөйленетін тілек, берілетін докладтың негізді дәлелдері осыларға құрылып, баяндалмақшы.

**М.Д.**

*Қазақ, 1916, № 168.*

## № 165
## Газеттерден. «Қазақ» ісі Сенатта

«Б.У» газеті жазады:

«Сенаттың бірінші департаментінің соңғы жиылысында «Қазақ» газетінің бір ісі қаралды. Істің жайы бұлайша:

Орынборда шығатын «Қазақ» газетінде хүкіметтің қазақ жері туралы бір закон жобасы көшірілген һәм ол туралы жазылған Сенатта: «Егер хүкімет жалғыз қазақ пайдасын ғана ескерсе, оларға «өздерің жоба түзеп, закон шығаратын мекемелерге тапсырыңыз» дер еді. Хүкімет олай етпеді, қазақ керегінен бұрын өз мақсатын көздеді» делінген еді.

Орынбор губернаторы, генерал-лейтенант Сухомлинов: «Бұл мақала мен газет қазақ халқын көрінеу хүкіметке қарсы дұшпандыққа үндемекші» деп, төтенше жарлығы бойынша газет шағарушы Ахмет Байтұрсыновқа 1500 сом штраф салған. Төлемесе, үш ай абақты бұйырған. Байтұрсынов бұған риза болмай, Сенатқа шаққан, арызында: «Біздің ниетіміз халықты құтырту емес, сынау, бұл мақаланы әскери цензура да қарап өткерген», – деп жоғарғы хүкімді бұзуын өтінген. Сенат бұл арызды һәм губернатордың рапортын тексеріп, жазушының «хүкімет мақсаттарына қазақ халқының тілектері жанаспайды» деген пікірі хүкіметке қарсы дұшпандыққа бару деп түсіну теріс деп тапты һәм губернатордың хүкімін дәлелсіз тауып, бұзбақ болды».

«Қазақ» – біз Сенатқа арыз бергелі 15 ай өтсе де, бұл күнге шейін іс қаралмай, кешігіп келіп еді. Әлі де Сенаттың не үшін хүкім еткендігі бізге естіртілген жоқ. «Б.У»-дың мынау хабары дұрыс-терісі тез арада көрілер.

*Қазақ, 1916, №168*

## № 166
## Петроград хаты

### Тағы не істеуге?

Россияда мәдениеттің қырқасында тұрған түрлі жұрттар бар. Солардың біреулері Саясат жағынан көзі ашылып жетілген жұрттар. Екіншілері көзін жаңа ғана тырнап ашып келе жатқан жұрттар. Үшіншілері саясат сәулесі кірмеген, ол жағынан әлі қараңғы жұрттар. Саяси көзі ашылған жұрттардың істеп отырған істерінің жетілмеген жұрттардың ісінен басқалығы думаның тысында да, ішінде де көрініп тұр. Олардың думадағы депутаттары топтан озған шешен, көргені көп көсемдер, білгіштер бола тұрса да, оған да қанағат етпей, сан адамды думаның сыртынан ұстап отыр. Олай айтуының мәнісі мынау: «Білімнің нұры толып жатыр, біреу білімнің бір түріне жетік болса, екінші біреу екінші түріне жетік болмақ. Білімнің әр түріне бірдей жетік адам дүниеде табылмайды, иә болса да аз болады. Думаға барған депутаттар да солай. Біреу жер мәселесіне жетік болса, екінші біреуі заң мәселесіне жетік, үшінші біреу ол екеуінен де басқа бір мәселеге жетік. Сондай мәселелердің бәрін бірдей жақсы білетін депутаттар болмаған соң, әр мәселенің өз білгіші депутат араларынан табыла қоймайды.

Ондай адамдардың бірі бір себеппен, екіншісі екінші түрлі себеппен думаға бара алмай қалады. Дума закон шығаратын орын. Закон халық үшін салынатын жол. Жол жақсы болса, халыққа тыныштық болады. Жақсы жол салуға жақсы білім керек. Ал білгіштердің көбі түрлі себептермен депутат болмай қалғанда, ондай адамдардың білімдерін депутаттар думаның тысында алып, ішінде пайдаланады. Сол үшін саясат жағынан көзі ашық жұрттар думаның ішіндегі депутаттарының үстіне думаның тысында да білгіштерін ұстап отыр.

Думада әр мәселе қаралар алдында әр халықтың, әр партияның депутаттары өзді-өзі болып, кеңес құрады. Сол кеңесте әлгі білгіштер де болады. Олардың әрқайсысы өзінің жақсы білетін мәселесі туралы пікірін айтады. Керек мағлуматтарды береді. Думада сөйлейтін депутат думаның тысында естіген пікірлерін, мағлуматтарын думаның ішінде сөйлейді. Сөйтіп көзі ашық жұрттардың депутаттарының думада сөйлейтін сөздері білімдінің басынан, шешендердің тілінен шыққан, данышпандардың сынынан сымқан сымнан өткендей мінсіз болып барып думада сөйленеді. Орыстың тәуір партияларының көбі осыны істеп отыр. Поляк, еврей, армен сияқты жұрттардың да көбі осыны істеп отыр. Ішіндегі депутаттарға білімімен көмек берушілердің басы құралған орнын еуропа тілінде «бюро» дейді.

Осындай «бюро» мұсылман фракциясының қасында да болса екен деген мақсат мұсылмандардың көңілінде көптен бар. 3-інші думаның тұсында Әлімардан бек әпенді Тойшыбаевты мұсылман мұсылман фракциясының жанында секретар есебінде бір-екі жыл ұстап, онан әрі ұстауға ақша табылмай, Тойшыбаев еліне кеткен. Біздің қазақтардың да осындай сөз аузында болғылап, сол сөз күйінде іске аспай қалған. Міне, саясат жағынан көзі ашық жұрт пен қараңғы жұрттың арасындағы айырмасы. 5 миллион еврейлердің, 1 миллион армендердің депутаттарының қасында бюросы бар. Жылына 50 мың, 100 мың сом расходын ауырламай, ақша тауып, талай адамды ұстау қолдарынан келіп отыр. 20 миллион мұсылманнан бір ғана Тойшыбаевты ұстауға ақша табылмаған. Бұл мұсылмандардың саясат жағынан соқырлығының сипаты емес пе?

Россияда 20 миллион мұсылман бармыз дегенде яки 6 миллион қазақпыз деп аузымызды толтырып сөйлегенде топ-толық сияқты көрінеміз. Іске келгенде

пештей болып сынып, ол толықтығымыз жоғалады. 5 миллион еврей түгіл, 1 миллион армендердің істеп отырғанын істей алмаймыз. Мұсылмандардың бюро аша алмай отырғаны санының аздығынан, ауқаты жетпей ауырлағаннан емес, саяси саңлауының жоқтығынан. «Тентекті тентек десең, бөркі қара қазандай болады» деген бар. Біз қараңғымыз, біз саңлаусызбыз деп қараңғылыққа сүйене берсек, сол қараңғылықпен қалыптасып қатып қалармыз. Қараңғылық Құдайдың арқамызға таңып қойған нәрсесі емес қой. Баяғыдан бері қараңғылық, қараңғылық деп келдік, енді жарыққа жармассақ қараңғылық өкпелей қоймас.

Міне, мұсылман фракциясының жанында бюро ашу мәселесі қозғалып, қолға алынып тұр. Татар бауырларымыздың зор-зор шаһарлары бір-бір адамнан бюроға кісі жібермек. Мәселе, Уфа шаһары ақшасын шығарып адамын жіберіп те қойды. Бюрода ең аз болса төрт кісі болмақ. Қазақстан, Түркістан халқы ол төртеуден басқа қанша адам жібереміз десе өздері біледі. Бұл өз қамын өзі жесін деген сөз болды. Біз кеңес үстінде пәлен айта қоямыз деп аузымыз бара алмады. «Аузы күйген үріп ішер» деген, арқамызды сүйеген алты миллион алашымыз әлде қалай түсінеріне көзіміз жете алмады. Сондықтан халыққа айтып көреміз дегенге ғана тіліміз келді. Сол айтып көреміз деген халқымыз сендер, сол айтамыз деген сөзіміз осы сөз. Думада депутаты бар көп жұрт та бюро ашып отыр, аз жұрт та бюро ашып отыр. Думаға ірі депутат жіберген жұрт та бюроны керек қылып отыр. Думаға ұсақ депутат жіберген жұрт та керек қылып отыр.

Думада тіпті депутаты жоқ біздің қазаққа бюро керек дейсіңдер ме, керек емес дейсіңдер ме? Біздің ойлауымызша, депутаты бар жұрттарға бюро бір есе керек болса, депутаты жоқ жұрттарға бюро екі есе керек. Думадан бізді қалдырып қойды деп үкіметке өкпелеген боламыз. Думаны шын крек қылып отырсақ, думаға депутатымыз бармаса да, сөзімізді жеткізетін жол табар едік. Есігін жауып қойса, басқа тесігінен дауысымызды естіртер едік. Еврей мен армен жұртынан депутат бармайтын қылып қойсыншы, сонда да думаға солар депутаты барған жұрттардан сөзін кем жеткізбес еді. Сондықтан олар саны аз болса да санаттан қалмай отыр. Думаның есігін жапса, басқа тесігін табатынын біліп те оларға жол беріп отыр. Біз де солардай саяси көзіміз ашық жұрт болсақ, дума есігі жабық болса да, басқа жағынан дауысымыз думада естіле берсе, есігін жапқанымен халықтың аузын жабуға болмайды екен деп, әлдеқашан есігін де ашып жіберер еді. Онда да ашық тұрған есіктен әлдеқалай кіріп қалғанымызды біліп істеп отыр ғой.

Біздің қазақта бір зор адасқандық бар. Мұсылман депутаттары дін һәм қан қарындасымыз ғой, қазаққа да қарасар, сөзімізді сөйлер депті. Олардың біздің өзімізді, жайымызды біліп отырса сөйлер, білмесе несін сөйлер. Қарасуда шарт бар. Суға кетіп бара жатқанға қол созу үшін жайын сұрап білу қажет емес. Жаяу келе жатқанды мінгестіру үшін неге жаяу келе жатқан жайын сұрап мінгестірмей ме? Жаяудың да жайын сұрап қарасатын болғанда, тұрмысымыз басқа, біздің жайымызды сұрап біліп алмақшы мұсылман депутаттары бізге қалай қарасар? Олар бізге қарасады. Суға кетіп бара жатқан сияқты кімге де түсінікті мәселелер қаралған жерлерде.

Мұсылман фракциясында қазақ жайын білетін депутат жоқ екенін көбен көрдік. Думада қай мәселе болса да айтысқа түсіп, екі жағы айтып түсіндіріп, көбінің көңілі ұйыған шақта барып үкім айтылады. Өзі білмейтін мәселе жайынан сөйлеп, өзгелерді өзіне ұйытуға болмайды. Қазақ жайына қанық, қазақ сөзін сөйлеп ұйытқандай думада депутат жоқ. Солай болған соң, біздің қазақ иә думаға қарап алаңдап, дәмелі болуын қойып, бір нәрсе болар деген үмітті үзерге көбірек, әйтпесе думаның тұсында отырып, ішіне қазақ үнін жеткізіп отыруға мұсылман фракциясының жанында ашылатын бұйыруға адам жіберуі керек.

Онда барған адам думаға тас салуға бармайды. Сондықтан бұйыруға жіберетін адамдардың құр қара көбейтуге жарайтын ғана адамдар болмай, іс істей білетін, қазақтың қай жайына болса да қанық һәм депутаттарды қазақ жайына қандырарлық адам боларға керек. Қазақтың қай жағынан да болса депутаттардың керек қылған мағлұматтарын тауып бере алатын адамдар барарға керек. Міне, қазақтың осы күнгі істейтін ісінің бір зоры осы. Бұйыруға баратын адамдарыңды, расходына жарайтын ақшаларыңды шығару. Онда барған адамның алатыны депутат жалуениясы – күніне 10 сомнан, жылына 3600 сом пәтер һәм канцелярия 8-7 жүз сом, барлығы 4 мың 500 сомдай ақша керек. Бұл бір адамға. Екі адамға екі есе көбірек керек, шығыны 9 мың сом. Қазіргі қымбатшылықта Петроградта күніне 10 сомнан кем ақшамен тұруға мүмкін емес. Кісі басына алып барғанымыз 200 сом еді. Сол 200 сом 20 күнге шақ жетті. Екеу-үшеу жіберуді ауырсынсаңдар, барша қазақ болып, бір адам жіберіңдер. Жолда ұстап тұруға жарамаймыз дейсіңдер тым болмаса, биылғы сияқты қылыштың қырында тұрған шақта дума маңайында бір адам ұстау керек. Онан арғысын тағы күнінде көрерміз. Петроградқа барып, бұйыру керектігін көзімен көріп қайтқан Оразайовтар 2 мың тауып береміз деп отыр. Басқада басшылық қылатын адамдар шықса, облыс басына бір адамнан жіберу халыққа ауыр іс емес. Ең болмағанда бүкіл қазақ болып бір адам жібере алмауымыз масқаралық болар. Мұны істеуге жарамай, мұсылман депутаттарына болсын, басқа депутаттарға болсын, біз үшін пәлен істе дегенімізден һеш нәрсе өнбейді, құр бас ауырту болады. Қазақ жайына қандырмайынша, сөзіңді сөйлеп думаға жеткізе алатын депутат жоқ деп біліңдер.

*Қазақ, 1916, № 173.*

## № 167
## Қазаққа ашық хат
## (мал есебі туралы)

4-мартта Министрлер кеңесі келер 1-майға шейін патша қол астындағы елдердің малы жазылсын деп қаулы қылып, мұның шығынына 1 миллион 760 мың сом ақша шығарылсын деді.

Мына 20 ай созылған дүние соғысы көп етті жем қылды. Бұрын ел аман, жұрт тыныштa бір мұжық бір жылда 50 қадақ ет жейтін еді. Соғысқа барған салдат күніне бір қадақ ет жейтін болды. Әскер, қасына ерген қосшы-қолаңымен 20 миллионнан артса керек. Күннен-күнге бұлардың саны артып барады. Мал бүйтіп жылдам өспейді. Біздің патшалықта қаладағы жұрт 15%, яғни әр бір жүзден 15 еді; соғыстан бұрын біздің патшалық жұрты 160 миллионнан астам болатын. Қала адамы бұрынғы ет сыбағасын жеп отыр. Арақ тоқталғаннан соң, мұжық қалтасында жылына 700 мың сом ақша аққұла қалды. Қалтада ақша болған соң, мұжық та күнде ет жейтін болды. Қолымда ақша бар деп мұжық қалаға мал салуын сараңдатты. Базарға салатын мал елде әскерге алынатын болды. Қала базары сататын малсыз қалды. Осы себептермен қалада ет, май 2, 3, 4 есе қымбаттады. Қала адамының кедейі еттен қалатын болды. Ет туралы бізбен соғысып жатқан неміс көргені бізден неше қайтара қиыншылық. Онда жыл асты, жетіде екі күн жұрт етке тегіс ораза. Енді бір жетіде 4 күн ораза қылады неміс деген қауесет бар. Бірер күн етке ораза болады деген бізде де естіледі. Мұнан басқа жас малды союдан тиятын закон шықпақ дегенде еміс-еміс естіледі. Осымен біздің патшалықтағы мал есебін білмек. Бұлай болған соң, біздің қазақ малы да жазылады. Мал жазғанда қашаннан біздің қазақ малын жасыруды үйреніс қылған. Жаңа заман

тарқи заманы, бұл кезде ұрланып жүріп 5 миллион жұрт күн көрмейді. Ұрлық түбі – қорлық. 240 миллион десиетина жерде 5 миллион жұрт отырып құп-ку болса, «жер пайда қыла білетін ерге берілсін» деген де сөз болмай қалмайды. Келешек уақыт қатын, бала, тұқым қамын саясат жолында қазақ жұрты іске алса, мына жазған малды жасырмасын!

Ауылдағы абирсыз жаяу жамандық, арамзалықты тоқтатыңдар! Қазақта бар малы жазылса, біздің патшалық байлығы қуатты болып көруіне себеп болады. Бұл да жауға бел көрсеткеннің белгісі, бұл да көмек болады.

**Қыр баласы**
**Ахмет, Мирақұп**

*Қазақ, 1916, № 174.*

## № 168
## Алаштың азаматына

Міне, дүние жүзіндегі халықтардың көбі соғысқа кірісіп, қанға боялып, шаруасы күйзелгеніне екі жыл толып, үшіншіге айналды. Бұл сұрапыл соғыстың жуан ортасында, өзіміз қараған Россия мемлекеті тұрғандығын білесіңдер. Россияда әскерлік қызметін өтейтін халықтардың үй басы неше адамнан майданда қару ұстап, қан төгіп, біреу жалғызынан, біреу аяулысынан айырылып, шаруа болса күйзеліп, қатын-бала, кемпір-шалдың көз жасы көлдей болып отыр. Бірақ «Жаудан жеңілсек, көретін күніміз онан да қараң» деп, Отанын қорғауға амалсыз көніп отыр. Сол екі жылдан бері біздің халық мал шығыны болмаса, бас шығынын көрген жоқ еді. Бірақ бір шырпыдан тұтанған от өртке айналып, маңайын шарпып, шалығын бізге де тигізді. Отан қорғау ісіне көмегі тиер деп бізді жұмысқа шақырған жарлық шықты. Бұл соғыстың лаңын ешкім тілеп алмаған шығар, біздің де көрейік деген күніміз бұл емес еді. Бірақ, «басқа келген пәледен бастан құлақ садақа», елден ала бөтен аман қаламыз деуге бола ма?! Отандастарымыз орыс халқы, діндес-қандастарымыз, ноғай халқы һәм сондай сыбайлас жұрттар отына күйіп жатқанда, жалынына біздің шарпылмай қалуымыз қиын көрінеді. Біз бас аман қыламыз десек, «Сенің жаның кімнен аяулы еді, мемлекет басына келген жақсылық-жамандық бәрімізге бірдей ортақ емес пе?» – деп басқалар айтпай ма? Бұған біз не дейміз, мұнан біз қайтып құтыламыз?

Ал ойламаған жерден жұрт басына мұндай іс, мұндай ауырмалдық түсті. Мұны қалай қыламыз, қалай атқарамыз, ендігі ойлайтын нәрсе осы.

Біздің жұртқа айтатынымыз: бұған көнбеске болмайды, мұны бұрын да сан рет айттық. Көнбейміз деушінің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық: көнгенде жұрт қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар? Көнгенде шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қысаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас. (Қысаға ұшырар деп, ауру-сырқаудан болған қысаны айтамыз, әйтпесе солдат қылып алмайды, соғыстан өлмейді). Көнбегенде көретін ауырлық: бағынып тұрған хүкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесең, хүкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законға сүйеніп істер. Мұндай мысалдар болып тұрған жоқ па: бірлі-жарым болыс, писірлері өлген елдерге әскер шығарылды, басшы кісілері абақтыға жабылды, сотқа байланды. Мысалы, Торғай, Орал облыстарында. Арыз айтқан адамдар таяқ жеді, тұтқын болды, қорлық көрді. Мысалы, Ақмола, Жетісу облысында. Хәкімдер қайда қарсылық қылды деген

елдердің адамдарын атты қазақ айбынымен қорқытып ала бастады. Мысалы, Қостанай үйезінде. Қазақ шын қарсылық қылатын болса, ел-елге отряд шығады. Отряд шықса, елдің берекесі кетеді, бас пен малға әлегі бірдей тиеді, елдің іргесі бұзылады. «Айтқанға тез көне қоймадың, қарсылық қылдың» деп, Түркістан уәллаятына военное положение иғлан (хабар) етілді. Военное положениені жұртқа келген бір апат деп білу керек. Военное положение иғлан (тізім) етілген жерде түймедей жазыққа түйедей жаза болады. Қарсылық белгісін көрсетсек, Түркістанға болған военное положение өзге елге де болмай қалмайды.

Міне, біздің екі ауырлық дейтініміз осы. Бірі барса, шаруаға кемшілік келіп, алынған жігіттер аз қысаға, бейнетке ұшырағаны. Екіншісі «бармаймын» деп қарсылық қылса, елге келетін зор бүліншілік. Осы екі ауырлықтың жұрт қай жеңілін таңдау керек. Біздің білуімізше жеңілі – көнген.

Ал ел көнді, көнгенде не істеу керек? Ел басшысы адамдар әділдікпен списокты өздері түзеп беру керек. «Мынау жақсы, мынау жаман, мынау бай, мынау кедей» деп бұрылмай, сатылмай, дұрыстықпен іс қылу керек. Бұл іске қулық-сұмдық кіргізу, алалықты, партиялықты қосу зияннан басқа түк пайда бермейді. Ерікті өздеріңе бергенде дұрыстап іс қыла алмасаңдар, хүкіметке соңынан өкпелеуге болмайды. Список шатақ екеніне көзі жетіп отырған хәкімдер, қазақ өзі дұрыстықпен список түзеп тапсырамын десе, рұқсат берер.

Екінші істейтін нәрсе, көніп отырып сұрайтын кеңшілік, льгота. Бұларды толымды, сенімді дәлелмен хүкіметтен сұрау керек. Бірақ мұндайда біздің қазақ петербуршыл болатын әдеті. Бұл іс туралы Петерборға шабудан пайда жоқ, онда барып сөз тыңдату қиын. «Бүлінген елден бүлдіргі алма» деген. Ел басына мұндай ауыр іс түскенде, кімде-кім жырым-жегендік қылмау керек, өз пайдасын қою керек. Бұл іске ақшаның, адвокаттың түк пайдасы жоқ.

Біз естиміз, «елдің көбі бұл істің жаласын ауылнай, болыстарға аударып, список бермей отыр» дейді, бұлары қата. Болыс пен ауылнайда ерік жоқ: бұйырды, орындады. Бірақ болыс, ауылнайларда орынсыз басып, жаншып кетем демей, халықты шиелендірмей, ақша алып біреуді құтқарам, біреуді жіберем демей, дұрыстықпен қызмет атқару керек. Бұл жұмыстан ақшамен сатылып қаламын деушілер де болмасын, жұрттың бәрі ақшамен қалуға болмайды, бұл елге жақсы үлгі емес, не көрсе де елмен бірдей көру лайық.

Міне, жұртқа тегіс кеңшілік берілді: 15 сентябрьге дейін қазақтан кісі алынбайтын болды. Енді жұрт шошынбай, желікпей, шаруаға қайтып, егін-пішенін, басқа тіршілік жабдығын үлгіртіп алу керек. Ат үстінде сенделіп жүргеннен пайда жоқ. Қатын, баланың да қамын ойлаңдар.

Ал енді дүние бұл күйде тұрмас, бұл соғыс та бітер. Сол кезде әркім қызметін бағалар. Сонда еккен де жоқ, сепкен де жоқтар сыбағаға ортақ бола алмас. Теңдікке, хақыға ортақ болайық десек, осы бастан түбін ойлауымыз керек. Алмақтың да салмағы бар.

**Әлихан, Ахмет, Міржақып**

*Қазақ, 1916, № 192.*

## № 169
## Қазақ жұртына

Біз естідік, «Мына қазақтан соғыс майданына жұмыскер алады» деген хабар шыққаннан бері ел арасында кейбіреулер біздің атымызды сатып, «Ахмет, Әлихан, Міржақып хат жазыпты, солар соғысқа кісі берме дейді» деп, жұртқа сөз таратып жүр дейді. Бұл бекер. Біз ешкімге ондай хат жазғанымыз жоқ. Осындай өсектің барлығынан болса керек, 30 июльде жандармский управлениянің бұйрығы бойынша Міржақыптың пәтерінде һәм «Қазақ» басқармасында тінту болды, хаттар, телеграмдар алынды. Жоқ нәрсе бар болмайды, істемеген ісіміз істелген болып шықпайды. Жазбаған хат жазылған болып табылмайды, шын орнын таппай қоймайды. Бірақ өтіріктен қазаққа келер пайда жоқ. Қазаққа бұл туралы не қылу керектігін 8 июльде шыққан «Қазақтың» 188-нөмірінде жазғанбыз һәм сонан бері, патша жарлығына қарсылық қылмай, орнына келтіру керектігін газетіміз арқылы алты алашқа жариялау жолындамыз. Біздің мұнан басқа бүгіп отырған сырымыз, ақылымыз жоқ. Хатпен кісі пікірін жұртқа тегіс жая алмайды. Жұртқа тарайтын, неше мың болып жұмасына басылып шығатын газеттегі сөз ендігі әркімге таныс болған шығар. Сондықтан газеттегіден басқаға сенбеңдер һәм көнбе деп біз жазды деген хатқа екі бастан сенбеңдер. Біз ондай сөзді айтпаймыз.

**Ахмет, Әлихан, Міржақып**

*Қазақ, 1916, № 192.*

## № 170
## Запрос

25 июнь жарлығы тақырыпты хәкімдер жағынан қандай жолсыздықтар болғанын айтып, Г. Дума ағзаларынан 30 кісі қол қойып Думаның 19 ноябрь мәжілісіне мынадай запрос кіргізді.

«Бұратана жұрттардың еркектерінен соғыс жұмыстарына жұмысшылар алу туралы шыққан 25 июнь жарлығын военный министр «закон собраниесінің» 182-нөмірінде 6 июльде иғлан еткен.

Дала уаллаятының генерал-губернаторы Сухомлинов 25 июнь жарлығын Омбы шаһарында халыққа 30 июньде естірткен. Яғни, «Закон собраниесіне» басылып шығудан 5 күн бұрын иғлан еткен. Петроградта 6 июльде шыққан «Закон собраниесінің» 182-нөмірі 30 июньде Омбыда бола алмағандығы шексіз.

Дала уаллаятының генерал-губернаторы да, басқа облыстардың бастықтары да 25 июнь жарлығын һәм кей жерде 19–43 жастағылар, кей жерде 19–31 жастағылар жұмысқа еріксіз тығыз шақырылсын деген бас министрдің бұйрығын телеграф арқылы алған.

Патша жарлығындағы сөз айырылып екі бөлім болып айтылған: бірінде бұратана жұрттардан жұмысшылар алынатындығын айтқан, екіншісінде «соғыс министрі мен ішкі іс министрі екеуі бірлесіп, қай жастағыларды алу мәселесін ашсын һәм 1914 жылы 3 августте патша бекіткен военный совет положениесіне үйлестіріп, жұмысшыларды қалай алу турасында тәртіптер түзеп шығарсын» деген.

Бұл сөздерден патша жарлығының нақ өзінде хүкімет жұмысқа алынатын адамдардың жасын тағайындасын, 19–43 жастағылар кешікпей тығыз шақырылсын демегендігі, және әуелі алу тәртібін жасап алып, сонан соң сол тәртіп бойынша жұмысшылар алынсын дегендігі көрінеді.

Оның бірін де қылмай, бас министр мен ішкі іс министрі жұмысшыларды тығыздап ала бастау бұйрығын өздері шығарған һәм 25 июнь жарлығында алудан бұрын тәртіп жасау керектігін айтып тұрса да, жол, тәртіп дегеннен еш нәрсе шығармай, құр елге таяу хәкімдерге тапсырып қарап отырған.

Негізгі законның 71-статьясында: «Россия қол астындағы жұрттар закон бойынша түскен салық һәм зекеттерді закон бойынша атқаруға міндетті» деген.

Сол законның 86-статьясында: «Г. Совет пен Г. Дума ұнатпайынша һәм патша бекітпейінше, ешбір жаңа закон заң қуатына кірмейді» деген.

Және де сол законның 96-статьясында: «Әскер құралы һәм басқа соғыс жабдықтары турасында жасалған ережелер, положениелер, соғыс һәм теңіз министерствосының қарамағындағы мекемелерге, қызмет басындағы адамдарға берген наказдар әуелі, өз министерстволарында қаралып, егер де сол жасалған ережелер, положениелер һәм наказдар жалпы законға қатыспайтын болып, өз мекемелері үшін ғана жасалған болса, сонда ғана тұп-тура патша қарауына беріледі» деген.

«Закон собраниесінің» жоғарыда айтылған 182-нөмірінен көрінеді: 25 июнь жарлығы военный министрдің сұрауымен шыққан. Мұнысымен военный министр негізгі законның жоғарыда айтылған статьяларындағы жолдарын бұзып отыр.

Сүйткені емей не, 25 июнь жарлығы жұмыскер беруді бұратана жұрттардың мойнына міндет етті. Негізгі законның 71-статьясы: «Россия қол астындағы жұрттардың мойнына салынған міндеттер закон бойынша атқарылады» дейді. Және де жалпы законға тиісті істер туралы 96-статья бойынша военный закон ретімен тадбир айту жолсыз болмақ.

25 июнь жарлығы тәртіп жасап барып алсын дегеніне қарамай, бас министр мен ішкі іс министрі, соғыс министрі бірлесіп, тәртіп жасамайынша, өз беттерінен бұратаналарды жұмысқа тығыз алу туралы тадбир етіп, парасаттарынан асыра іс қылып отыр.

Негізгі законның жолын бұзып жазып шығарған бұйрық болса, жарлықтағы жолдарға қарамастан орнына келтірмек болған болса, нағып тып-тыныш орнына келе қоймады деп таң қаларлық па? Іске асырам деген жерде шикі бұйрық шикілігін қылып, көп былапыттық шығарды. Түрлі қиянаттар жүргізіп, халық пен хәкімдер арасын жауластырды, талай көңілсіз оқиғалар туғызды, әскерлер шығартып, халықты жерлеп, асқызып, атқызып, жатқызып, сотқа бергізіп, жұртты лаңға салды, сергелдең қылды. Алыс аламайымызда жатқан жұрттарға қадірімізді кемітті. Сібір, Түркістан, Кавказ, Дала болыстарындағы һәм Астрахань губерниясындағы бұратаналар арасында орыс атымыздың да абыройына шілтелік келтірді.

Осы айтылғандар тақырыпты бас министрге, военный министрге һәм ішкі іс министріне мынау запрос жасалса екен:

«Негізгі законның бұзылған жолдарын түзетуге нендей жабдық етіліп жатыр, яғни, жолсыз, законнан шыға жайылып, істелген істерді түзету үшін еткен қам бар ма? 25 июнь жарлығын орнына келтіру жолында парасатынан асыра іс қылғандар туралы не істеліп жатыр. Запроска қол қоюшылар осының тез сұралуын өтінеміз» деген.

Запрос мұсылман фракциясы һәм кадет партиясы атынан кірген.

*Қазақ, 1916, № 209.*

## № 171
## Жұмысшылар жайынан

### Мәскеу

Г. Дума ауысуына қарсы Әлихан Петроград кетіп, 25 июнь жарлығы тақырыпты қазақ арасында болған көңілсіз оқиғалар жайынан мағлұмат жинап соларды депутаттарға қорытып беріп, запрос киргізу ыждағатында жүрген еді. Бұл запросы 19 ноябрьде Г. Думаға түскендігі «Қазақтың» 209-нөмірінде жазылды. Біздің қазақ запросы Г. Думаның жабық мәжілісінде тексерілгендіктен, онда депутаттардың сөйлеген сөздерін газетке басуға болмайды. Ол жұмыстан қолы босағаннан кейін декабрь басында Әлихан Мәскеу барған еді. Ондағы мақсаты земский союз басшыларымен сөйлесіп, олардың қол астына көбірек қазақ жігітін киргізу һәм жігіттердің киім, тамақ, жай-күйін жақсылау еді. Бұл туралы қолдан келер іс істеліп жатқан көрінеді.

Әлихан басқармаға 17 декабрьде жазған хатында:

«2-3 күнде біз Әлихан, Мырзағазы, Тел, Муса, Хасен бесеуміз западный фронтқа жүреміз, онда барып қазақ жігіттерін көреміз, земский союзға көмек көрсетпек боламыз. Земский союз қазаққа не қыл десең соны орнына келтіреміз деп қуантып тұр. Өзге фронтқа да барармыз.

Әлихан.

Мұнан кейін 21 декабрьде Мәскеуден телеграм алды: «Әлихан, Тел, Муса, Мырзағазы, Хасен западный фронтқа (күнбатыс майданы) жүрдік» деген.

26 декабрьде соғыс майданына Әлихан басқармаға мынадай телеграм соқты:

«Майдандағы Қостанай, Ақтөбе жігіттерін аралап жүрміз» деген.

Жоғарғы Әлиханмен жолдас болып жүрген жігіттер: Мырзағазы Есполов, қостанайлық, учитель Тел Жаманмұрынов, Муса Сейдалин һәм Хасен Бекетаев Мәскеуде оқып жүрген Торғай облысының студенттері.

Мәскеуде жұмыс қылып жатқан жігіттерді аралап Тел, Мырзағазы, Муса үшеуі жинаған мағлұматтар:

**I**

Мәскеуде Брянский вокзалда қызмет қылатын 100 қазақ. Бұл бөкейліктен. Бұлар Мәскеуге 21 ноябрьде келген. Елден шыққанда бұлар 1 мың 170 жігіт екен. 770-і Мәскеуден 10-15 шақырым жерде қалыпты. Бұлардың адресі әзір белгісіз. Николаевский вокзалда 300 жігіт бар. Оларға әлі жолыққанымыз жоқ. Брянский вокзалдағы жігіттердің қылатын жұмыстары: жүк салып, жүк алады. Қызмет 10 сағат. Ішінде жас балалар бар. Осыларға жүк тасыған қиын болып жүрсе керек. 14 декабрьде Нарын бөлімі 5-болыс қазағы 17 жасар Нәби Әлмұхамет баласы жүктің астында қалып, ауырып жүр. Сабыр Хасен баласы 17 жаста, Халел Ғабдолла баласы 18-де, Нәбимен болыстас, жұмысқа нашар көрінеді. Бұлардың тұрған үйі, ішкен тамағы нашар. Тұрған баракторын жаңа балшықпен салуға кіріскен. Сылауға балшықты жігіттер тұрған үйде істейді. Мұнысы обал. Бұлардың киімдері тозған, етіктері жыртылған, қолғап жоқ. Іштерінде 2 тілмаш, бір молла бар. Бұлар не қызмет атқарып жүргенін білмедік. Молдекем бараста ұйқыдан кек алып жатса керек.

Жұмысқа жарамайды деп доктор мына 4 жігітке куәлік қағаз берген: Дәулетияр Сартай баласы (Соналы болысы), Қуанышбай Жүзбатыр баласы (Нарын бөлімі 5-болыс), Анас Өтепберген баласы (Нарын бөлімі 3-болыс) һәм Нығмет Қапай баласы (Нарын 5-болыс).

Бұл Брянский вокзалдағы 100 бөкейлік жайы земский союз, Мәскеу городской главасы Челноков һәм Мәскеу градоначальнигі Шиепкоға айтылды. Бұлардың бәрі бұл жігіттердің тұрмысын жақсылыққа аудармақ болды.

Мұнда земский, городской союз бұратана жігітіне болысуға мекеме жасамақ болып жатыр. Майданда болсын, темір жолда болсын, зауытта болсын, осы айтылған мекеме бола қалса, жігіттерге жақсылық көмек көрсетпек. Бұл мекемеге елден тұрып көмек көрсетпек. Қызмет көрсету - қазақ азаматының борышы. Елде киім, жылқы еті, құрт, бауырсақ жиған оң. Мұның бәрін қазына ақшаға сатып алып, біздің қазақ жігітіне береді.

**II**

Басшымыз Әлихан болып біздер 25 июнь жарлығы бойынша соғыс қызметіне алынған жігіттердің хал-жайын білуге кірістік. Бұл жігіттерге тегіс жәрдем беруге, кейінгі елдің хабарын жігіттерге, жігіттердің амандық хабарын туған-туысқандарына білдіріп тұру үшін бәріне хат жазып отыру қиын жұмыс. Сондықтан әркім бұрынғыдай салақтықты, аз нәрсені шығынсынғанды қойып, «Қазақ» газетін алдырып тұру керек. Елдің хабарын білу үшін жігіттер де газет алады.

**III**

Ақтөбе үйезінен август айында өз ықтиярымен қазынаның атын бағуға 36 жігіт жалданған екен. Бұлардың күні 1 сом 50 тиын, тамағынан 57 тиын, барлығы 2 сом 25 тиын. Бұлар земский союзға кірген. Жұмыстары: отарбамен келген аттарды бағады, асауын үйретеді, отарбаға салып жөнелтіп тұрады. Елден әкелген киім-кешек, азық-түлігі таусылып, Мәскеудің қымбатшылығында алған ақшалары жетпей тұр екен. Қазір бұлардың хал-жайын біліп, Әлихан союздың бастығына жеткізген соң, ол бұрынғы кемшіліктің бәрін де жоғалтып реттейміз деген. Іштерінде бірлі-жарым аурулары да бар екен, оларды да докторға қаратпақ болды. Қарабұтақ болысы 2-ауылдан Жұбаназар Сәрсенбай баласы ауру екен, оны доктор қарап, «жұмысқа жарамайсың» деп, елінен келген бір адаммен қайтармақ болды. Хасеналдин Құрмаш баласының бас бармағын балтамен шауып алған екен, оны да қайтарады. Бұл жігіттердің адресі:

Москва, Плющиха. Большой трубный пер. Д. Гвоздева, № 20.

**IV**

Александровский вокзалда отарба қызметінде 209 қазақ бар. Бұлар Орал үйезі, Бөрілі болысынан. Қылатын жұмыстары: отарба жолын тазарту, вагоннан жүк түсіру һәм арту. Барлық бастықтары: онбасы, елубасы. Бәрінің үстінен прапорщик қарайды екен. Мұнда келген соң бұларды 2 жүзге бөліп, араларынан 2 жүзбасы сайлаған: Әбубәкір Бапай баласын һәм Сапарғали Есқабыл баласын, бұлар орыс тілін шала біледі. Тілмаш Қазы Ысқақ баласы. Жүзбасыға айға 600 сом тамағынан басқа, тілмашқа 30 сом береді екен. Басқа жұмысшыларға айға 30 сом береді, тамақ қазынадан.

Жақсы қызмет еткендерге хақы арттырамыз деген. Күндік жұмыс 9 сағат. Бұларға беретін ет өте аз: күніне 10 мысқалдан. Нан қара, ақ нанды өздері сатып алады. Қазірге киімдері бүтін, жылы. Моншаға айына 4 рет барады. Тұратын үйлері жылы, бірақ қараңғылау. Екі жігіт сүзектен ауырыпты. Таңатар Есенғали баласының қояншық ауруы бар екен, оны жұмыстан босатыпты. Жұма күн мейрам, жұмыс қылмайды, мешітке баруға рұқсат. Бұл жігіттер жүдеу емес. бұлардың адресі:

Москва. Александровский вокзал (Брестский), барак №71, рабочая партия № 255.

*Қазақ, 1916, № 211.*

## № 172
## Адасқан жігіттер

Мен Павлодар үйезі Алтыбай болысы 4-ауыл жігіті көзім ауырып, 29 октябрьде Псков қаласындағы ауруханада қалып едім. Ауруханада жатқанымда алдағы жолдастарымның адресі келіп, жазылған соң 14 декабрьде жолдастарыма қосылдым. Псков ауруханасында менімен бірге қалған 5 жолдасымның үшеуі менен 10 күн бұрын кеткен еді. Солар мен келсем, партияға әлі келген жоқ. Бұл үшеудің екеуі Павлодар болысының қазақтары Жамалдин һәм Хамза дейтін жігіттер. Бұлар адасып жүр ме деп ойлаймыз. Себебі, партиямыздың адресі олардың қолында жоқ еді. Кімде-кім осыларға жолықса, адреспен жолға салып жіберуін өтінемін.

Действующая армия, Управления инженеров, 1-я армия, 2-я партия Біләл Маңсаұлы.

*Тағы адасқан жігіт*

Ақтөбе үйезі Томарөткел болысының жігіттері Оршаға барғанда комиссия қарап, «Шалабай Тасыбай баласын жұмысқа жарамсыз тауып, қайтарды» деп жолдастарынан хат келіп еді. Сол жігіт елге әлі келген жоқ. Осы Шалабайды көрген-білген адам болса төмендегі адреспен хабарландыруын өтінемін. Шалабайдың көзі шегір, мойны бір жағына қыңыр, жасы 20 шамасында. Біздің адресіміз: Илецкая защита, Оренб, губ. Бр. Хабибуллиевам, пер Тажману Намазбаеву.

*Темір үйезінің жігіттері*

Темір үйезінен әуелгі жөнелген 39391-нөмірлі эшелон Пензада 13 кісі науқас қалдырып, Витебск қаласына келіп 2 күн тұрдық. Мұнда 2 науқас һәм 185 жігіт мұнда қалдырдық. Қалған 900 жігіт Дно станциясына, 100 жігіт Валдай станциясына һәм 200 Петроградқа тағайын етіліп, біздер 8 декабрьде Дноға келгенімізде ішімізден науқас шығып, карантинда қамауда тұрмыз. Қанша уақыт жататынымыз белгісіз. Артымыздан келе жатқан басқа үйездің екі эшелоны Пензада қалып қойды. Олардың қандай күйде екендігінен хабарымыз жоқ.

**Басшы Ерғали Бейсенұлы**

*Бөкейлік жігіттер*

1-округтен алынған 1500 жігіттер Рязань губерниясындағы Белинский станциясында аман-есен жұмыс қылып жатыр. Жұмыстары ағаш кесу һәм жер қазу. Араларынан басшы, молла сайланды.

Адрес: Действу. армия 5-я инжен, стройт. дружина, 214 инор, раб, партия.

*Ақтөбе үйезі 2-Бөрте жігіттері*

Елден шыққан жігіттер аман-есен Минск губерниясына келіп, 22 ноябрьде жұмысқа кірістік. Арамыздан басшы, молла сайланды. Әзір қауіп-қатерден аманбыз. Бұл жақта азық-түлік орасан қымбат. Амандық хабарымызды «Қазақ» арқылы елге білдіріп тұрамыз. Ел-жұртқа бізден сәлем. Адресіміз: Действ[ующая]. армия, 219 инород, рабочая партия, 3 участок. Молла: Төлеубай Дәрібаев. Писарь: Әкімкерей Тасжанов.

*Әулие-ата үйезінің жігіттері*

30 ноябрьде Гомель шаһарына келдік, 15 декабрьде Луцкийге жөнелтілді. Гомельде 5-6 жігіт ауырып қалды. Басқамыз аманбыз. Бұл келген мың жігітті екіге бөлді. Елден сайланып келген мыңбасымызды түсіріп, 500 кісіге бір прапорщик бастық сайлады. Бұл закон дейді.

**Сыдық Абланұлы**

*Павлодар жігіттері*

Омбыда 15 күн карантин болып, жүрейін деп жатқанымызда ауруханадағы бір жолдасымыз опат болды деген хабар келді. Бұл жігіт Степь болысы 1-ауылының қазағы Тоқтай Әбділдаұлы. Тағы да сол елден екі жігіт Омбы ауруханасында қалды. Олардың хал-жайын біле алмай кеттік, таршылық деген осы.

**М. Әлібаев**

*Темірорқаш жігіттері*

Сызраньда карантинде жатқанымызды бұрын жазып едік, бұрынғы ауырғандардан 8-ауыл жігіті Есен Боқыш баласы опат болды. Мархұмның топырағы жеңіл болсын. Арамыздан жаңадан ауырып, ауруханаға тапсырылған жігіттер: Баймұхамет Үмбетұлы, Қазанғап Жамансарыұлы, Ителгі Бүркітбайұлы, Ескендір Тайтілеуұлы, Ахон Төлемісұлы, Битілеу Есмырзаұлы, Мұхаметғали Ізтілеуұлы, Жамаш Қонайұлы, Тілеумұхамет Бәдуақұлы, Құлмұхамет Мыршанұлы, Атыраубай Жездібайұлы, Ғабділрахман Елеусізұлы, Бірімжар Бөпелекұлы, Ғабдолла Меңдәліұлы, Қалқожа Жанқожаұлы, барлығы 15 жігіт. Көбі шешек.

**Басшылар: Қарасай Қодаров. Ғабдолла Беркінов. Құлмұхамет Айымбетов**

*Қазақ, 1916, № 211.*

## № 173
## Жұмысшылар жайынан.

### Мәскеу.

Г. дума ашылуына қарсы Ғалихан Астроград кетіп, 25 июнь жарлығы тақырыпты қазақ арасында болған көңілсіз уақиғалар жайынан мағлұмат жинап соларды депутаттарға қорытып беріп, заңды кіргізу ыждаһатында жүрген еді. Бұл заңды 19-ншы ноябрьда Г. думаға түскендігі «Қазақтың» 209-ншы номерінде жазылды. Біздің қазақ запросы Г. думаның жабық (құпия) мәжілісінде тексерілгендіктен онда депутаттардың сөйлеген сөздерін газетке басуға болмайды, ол жұмыстан қолы босағаннан кейін декабрь басында Ғалихан Мәскеу барған еді. Ондағы мақсаты Земскі союз басшыларымен сөйлесіп, олардың қол астына көбірек қазақ жігітін кіргізу һәм жігіттердің киім, тамақ, жай-күйін жақсылау еді. Бұл туралы қолдан келер іс істеп жатқан көрінеді. Ғалихан басқармаға 17-нші декабрьда жазған хатында: «2-3 күнде біз Ғалихан, Мырзағазы, Телі, Мұса, Хасен, бесеуіміз Западный фронтқа жүреміз, онда барып қазақ жігіттерін көреміз, Земскі союзға көмек көрсеткен боламыз. Земскі союз қазаққа неқыл десең соны орнына келтіреміз деп қуантып тұр. Өзге фронтқа да барармыз».

*Ғалихан*

Мұнан кейін 21-нші декбрьде Мәскеуден телеграм алдық: «Ғалихан, Телі, Мұса, Мырзағазы, Хасен Западный фронтқа (күнбағыс майданы) жүрдік» деген. 26-ншы декабрьде соғыс майданынан Ғалихан басқармаға мынадай телеграм соқты: «Майдандағы Қостанай, Ақтөбе жігіттерін аралап жүрміз» деген. Жоғарғы Ғалиханмен жолдас болып жүрген жігіттер: Мырзағазы Есполов Қостанайлық, учитель. Телі Жаманмұрынов, Мұса Сидалин һәм Хасен Бекетаев Мәскеуде оқып жүрген Торғай облысының студенттері.

*Қазақ, 1916, 31 декабрь. № 211.*

## № 174
## Мемлекет кеңесі

Русияға[1*] ортақ бір үкімет жасау һәм ол үкіметтің жол-жобасын түзеу туралы мемлекет кеңесі бір ауыздан төменгі қаулыны қабыл етті:

Бес кісіден директория (үкімет ұйымы) сайлансын. Үкімет тізгіні бесеуіне берілсін. Бұл бес кісі, ана партия, мына партия демей, халық алдында беделі, сенімі артқандардан болсын.

Бұл бес кісілік үкімет ұйымы январь басына шейін мемлекетті өздігінен билеп тұрсын, онан кейін құрылтай кеңесіне есеп берсін.

Құрылтай 1919-ыншы жыл, 1-нші январьда жиналсын. Кеңеске келген мүшелері 250-ге толса, құрылтай мәжілісі ашылсын. Егер 250-ге толмаса, екі айдан соң қайтадан шақырылсын, бірақ бұл жолы жиналған мүшелер 170-ке толса да, мәжіліс ашылатын болсын.

Жаңа үкіметтің қолданатын ережесі мынадай болсын.

1) Мемлекет құрылтайына мойынсұну;

2) Русияны большевиктерден құтқару;

3) Большевик үкіметі мен Германия арасында жасалған бітімді бітім демей, одақтас мемлекеттермен қосылып, өз жерімізді құтқарғанша Германиямен соғысу;

4) Тәртіпке құл, айбынды, күшті әскер жасау;

5) Автономия болатын халықтардың құқықтарын танып, Русияны ұйымдасқан бір мемлекет күйіне келтіру;

6) Мекенденген жері жоқ елдерге мәдени-ұлт автономия болуға ерік беру;

Мемлекет кеңесінде бірауыздан қабыл алынған ереженің негізі осылар.

Орыс халқының надандығынан, намыссыздығынан былтырғы февральдан бері Русия тоқсан тоғыз күйге ұшырады. Еуропа соғысы себепті толғағы жетпей тұрған бостандық Русияны көркейтудің орнына жоғалтуға таяды. Бостандық қадірін білушілер аз болды. Жұрттың көбі бостандықты өзінше түсініп кетті. Неше жүз жылдан бері ерлердің еңбегі сіңген есіл бостандық құлдыққа, қамшыға үйренген көкмиларға қор болды.

Былтырдан бері Русия халқы үкімет өзгерісінің қызығын көрді. Социалист те, капиталист те, аралас та үкіметтер болды. Ең соңында большевик үкіметі мемлекет тізгінін қолына алғанда халық қандай күйге ұшырағаны һәм ұшырап тұрғаны көз алдымызда.

Уақытша үкімет жоғалып, большевикті жұрт үкімет демей, бірнеше ай үкіметсіз тұрып едік. Не болды?

Үкімет болмаса, закон болмаса, халық бетімен жайылып, большевикше бірін-бірі талап, қырып-жойып жоқ болады.

Міне, осы хәлді ойлап Уфада 8-нші сентябрьден бері болып жатқан мемлекет кеңесі ортақ үкімет жасау тақырыпты келісіп отыр. Бұл кеңесте неше түрлі халықтың, партияның, үкіметтің уәкілдері бар. Бұлардың пікірлері де, тілектері де басқа-басқа. Сөйтсе де жыл жарымдық тәжірибе алалықтан[2*] пайда жоқтығын көрсеткен, қазіргі Русияның басына келіп тұрған ауырмалдық[3*] Русиядағы халықтардың бәріне бірдей екендігіне көздері жеткен, әр таптың[4*] өз алдына жұрт болуы үшін де осындай бірлік қажет екендігі білінген. Соның үшін мемлекет кеңесі екі-үш жұмадай толғанып бір қаулыға келіп отыр.

[1*] Русия араб сөзі, қазіргі қолданыстағы «Ресей» мағынасында.

[2*] Алауыздықтан.

[3*] Ауыртпалық.

[4*] Әр ұлт өкілінің.

Жаңа үкіметті құттықтап, жолың болсын дейміз. Бірақ үкіметтің жолы болып ойлаған мақсатына жету үшін халықтың күш-көмегі қажет. Үкіметтің соңынан еруші халық болмаса, ондай үкіметтің жолы болмақ емес. Үкіметтің жолы болмаса, халықтың да жолы болмақ емес.

**Мадияр**

Жоғарыда бес кісілік директория[4]* сайланбақ болды деген едік. Директорияға кімдер сайланғандығы туралы Ғалиханнан телеграм алынды.

Директорияға сайланғандар: Астров, Авксентьев, Чайковский, Болдырев һәм Вологодский [24].

Бұлардың кандидаттары: Виноградов, Аргунов, Зензинов, Алексеев һәм Сапожников [25].

## № 175
## Тарихи жыл

Дүние тарихында Европа соғысы адам баласы көрмеген қанды оқиға болса, біздің қазақ жұрты үшін өткен 1916-ншы жыл айрықша терең із қалдырған бір тарихи жыл екендігінде шүбә жоқ.

Қазақ халқының өткен дәуіріне айналып қарасақ түрлі тарихи зор оқиғалар, өзгерістер бастан кешіргенін көреміз:

- қазақ-қалмақтың жауласқан заманы;
- ақтабан шұбырынды;
- Россияға бағынған шағымыз;
- Кенесары заманы;
- Қоқан заманы;
- 1868-нші жылғы жаңа заңның шығуы.

Бұлардың әрқайсысы өз тұсында толқынсыз өтпеген болса да, ала бұлттай бір тап ел жаман болса, екіншісі аман болып, үш жүздің баласына шалығын тегіс тигізе алған емес. 1916-ншы жылдың оқиғасы өзгеше болды.

Айдап өзгеріп, иіріп жусатып күнелткен төрт түлік малына қатерлі он екі жылда бір айналып, көбінесе тегін кетпейтін сұм қоянды аман өткізіп, өткен жаз қазақ байдың баласы пейілі кеңіп, байға жарлы теңеліп, жайлауында жадырап, өзінше өзінен бақытты жұртты білмей рахат ғұмыр өткізіп тып-тыныш жатқанда өрттен шошынып оянғандай бір күйге ұшырады.

Бұл шошыну ойласа өңіне, ұйықтаса түсіне кірмеген, 25-нші июнь жарлығы себептік екені белгілі. О жақ, бұ жағы неше мың шақырымды белдер бір-біріне ат шаптырып, киіз туырлықты қазақ аз күннің ішінде, бастарына келген ала қайғы ма, алашқа бірдей келген апат па, соны біліп, не қыларын білмей дағдарды. Шошынған елдердің бір сыпырасы, мал-мүлкін тастап, беті ауған жаққа көшті. Аз күннің ішінде рахатта толықсыған қазақ даласы қиямет күні туғандай күңіренді. Тәтті ұйқыдан шошынып оянған, ұйқысын аша алмады. Қорқыныш бойын билеп, ақылынан билік кетті. Істеген ісі дұрыс па, теріс пе, өзіне-өзі есеп бере алмады.

- Солдат! Осы жалғыз суық сөз қазақ халқын бір уыс қылды, кең дүниесін тарылтты. Жүрегіне найзадай тиді. «Солдатқа алмайды, жұмысқа шақырады» деушілерді жау көрді, ешкімге сенбеді. «Солдатқа алмаймыз деген ақ патшамыздың уағдасы бар» дегеннен басқаны білмеді. «25-нші июнь жарлығы патшанікі емес, бер жағындағылардың қулығы» десіп шүбәланды. «Бізді сатып жүрген осылар» деп бірлі-жарымды болыстарын өлтіріп жібергендер де болды.

Ел арасына қысқа күнде қырық түрлі хабар тарады. Қорқыныш күннен-күнге

ұлғайды. Әулиеге ат айтты, қорасанға қой айтты. Сауысқан-қарға тойынды. «Солдат алмайтын болды» деп сүйінші сұрағандар олжаға батты. «Сенің де балаң алынады» дегенді естіген шал-кемпірдің жүрегі жарылып өлгендер болды.

Жұрт сеңдей соғылды. Түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айрылды. «Әне келеді, міне әкетеді» деп, өлім жазасына бұйырылған үкімнің орнына келуін күткен тұтқындай болып тұрды.

Патша жарлығы хақ. Бұл сұрапыл соғыста басына ауырлық келген жалғыз біздің қазақ халқы емес. Жұрт ұйлығып, дағдарып, ойға-қырға шабуылдап жүргенде 25-нші июнь жарлығы орындалып, жұрттың көбі ерікті-еріксіз көніп балаларын бере бастады.

Надандыққа сүйеніп көне қоймаймыз деген Түркістан уәлаятында зор оқиғалар болды, бүтін шаһар, ауылдар жермен-жексен болды. Жазықты-жазықсыз қандар төгілді. Өлгені өліп, тірі қалғандары баспанасыз, ішерге ас, киерге киім таппай, қол ұстасып тентіреп, босып кетті. Солардың ішінде Жетісуға қараған біздің қырғыз бауырларымыз көп қырғынға ұшырады. Олар да мал-мүліктен айрылды, жерлері қазынаға кетті. Қырған адамның саны белгісіз болса да, шамасы отыз мыңнан асқандығы білінеді. Осындай бүліншілік себепті Түркістан уәлаятына военная положение иғлан етіліп, көп адам военный сотқа берілді, бірсыпыралары асылды, бірсыпыралары атылды. Мұндай күйге ұшыраған Түркістан халқының бақытына қарай Куропаткин жанаблары Түркістанға генерал-губернатор болып сайланып, әділдікпен іс етіп, бүліншіліктің басылуына себепкер болды. Бұл күнде Жетісу жанжалы басылды дерлік.

Қазақ облыстарының кейбір уездерінде де, Жетісудай болмаса да, шетпұшпақтап көңілсіз оқиғалар болды. Егін-пішен орусыз, жиюсыз, мал бағусыз қалды. Ит пен құсқа жем болды. Қостанай, Орал, Өскемен елдерінде болыс өлтіру, список тартып алуда көп қазақ айыпталып, уезний сотқа тартылды, бірсыпыралары дарға асылды. Біразы айдалды. Абақтыға қазақ толмаған қала қалмады. Кейбір уездерде (Торғай, Ырғыз секілді) әлі күнге шейін тыныштық болмай, халық надандықпен өзін-өзі қорлыққа, бүліншілікке ұшыратып тұр. ...күн туған заманда айтуға ауыз бармайтын, жазуға қалам жүрмейтін нашар істер пайда болды. Бақытсыздығымызға қарай бұл жамандықты басқадан бетер, өзімізден көрдік. Жұрт бүлініп, босып, қырылып, көзінен қанды жас ағызып тұрған кезде, өзіміздің қазақтан, өртеніп жатқан үйдің жасауын ұрлағандай, өлгелі жатқан адамның киімін тонағандай, халықтың дағдаруынан пайдаланып, «кәсіпке» кірушілер болды. Бұлар, тағы да бақытсыздығымызға, қазақтың оқығандарынан, ел билеген жақсыларынан шықты.

25-нші июнь жарлығын бетке ұстап, дағдарған елді олжалану, ескі кекті қоздырып, партиялықты қолға алып, өтірік шағыммен бірін-бірі жаптыру, тініттіру, әр елде, әр жерде болды. Мұны істеушілер қарапайым адамдар емес «бас адамдарымыздан» болуы қазақ халқының жаман жағын көрсеткендей сүйегімізден кетпес қара таңба болды. Ғұмырында халықтың басына келмеген апаттың кезінде «жақсы» дегендерімізден мұндай хайуандық табиғи көрінуі һәм жиі көрінуі жұрт қатарына біздің қосылсақ та барып-барып қосыларымызды көрсетеді. Бұл жаман белгі. Алла қайырымын берсін!

Ізденушілердің бәрі болмаса да көбі таза ниетпен емес, хайуани нәпсімен шабуылдады. Бұл сырлары бұл күнде халыққа анық білінді. Олардың қандай «қамқор» екенін көңілінде сәулесі бар қазақ сезді.

Екінші, халықтың берекесін кетіргендер прием уақытында «алып қаламын, құтқарамын» деп қамқорсыған қырда атқа мінгендер, қалада орысша оқығандар. Бұлардың олжасында есеп жоқ.

Енді соңғы кезде кеткен жігіттердің хал-жайын біліп қайтуды сылтау қылып, «кәсіпке» кіріскендер барлығы білініп тұр.

Қазақты қазақтан басқа жем қылғандарды қазір сөз қыларлық кез емес. Қазақ халқының осынша бүліншілікке ұшырауының бас себебі – надандығы. Әскерлік қызметіне, солдат болсын, жұмысшы болсын, бірте-бірте бойы үйреніп көп жылдар көндігіп барып алынбағандығы. Мұнан өзге себеп жоқ. Патшаға қарсылықтан емес, яки қазақ жайын білмейтін кейбіреулер ойлағанша, басқа халықтардың қотыр тууынан да емес.

***

Бұл күнде алынар жігіт алынды, күйзелер шаура күйзелді. Құдайдан қорықпаған, адамнан ұялмаған имансыздар қазақты тойғанынша жем қылды. Ақырында олардан халық опа көрмеді. Ұл жеп жайына, қыз жеп байына кетті. Енді жалғыз-ақ келешегімізді ойлау ғана қалды. Өткен жыл бізге ұмытпастай сабақ берді. Сырымызды ашты. Бұл күйде тұра берсек, мұнан кейінгі заманда тағы да осындай оқиғалар болмасына ешкім кепіл емес. Сондай заманға даярланып, тағы да осындай надандықтан бүліншілікке ұшырамас жағымызды ойлап, көрінгенге жем болмасына қам қылу қалды. Күні кеше бүліншілікке ұшырап, айрылуға қимаған аяулы балалардың осы күні жұмысқа алынып, орыстың тілін, ғылымын білмегеннен кемшілік көріп жүргені анау.

Ендігі істейтін іс: «ізденуші», «құтқарушы»-ларға мұнан кейін күніміз түспейтін күнге жету үшін былайғы жасты оқыту. Өткен жылдың оқиғасы оқудың керектігін енді еске түсірмесе, қазақ халқы жұрттықтан кеткені. Бұрын «біл, оқы» деген сөздер құрғақ насихат болып желге кетуіші еді. Қазақ баласы енді оянбасаң, мәңгуге шейін ұйқың ашылмай қараңғыда, құлдықта, тістегеннің аузында, ұстағаның қолында кеткенің.

**Мадияр**

*Қазақ, 1917, № 212.*

## № 176
## Алаш ұлына

*г. Петроград* *20 марта 1917 г.*

Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұ күн теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет, өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті. Жүз жылдан бері халықты теңдікке жеткізу жолында ескі үкіметпен алысып, дарға асылып, оққа ұшып, басы айдауға, малы талауға түсіп жүрген сабаздар жасымай, бірі кемісе, оны артылып, ақырында Россия қол астындағы халықтардың бәріне дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай азаттық әперді. Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты өңімізде көріп төбеміз көкке жетіп отыр. Бұл күнге жеткізген құдайға мың шүкірлік! Бұл бостаншылық кілтін ашқан ерлерге сансыз рахмет!

Сүйікті Алаштың Азаматы! Бізді бұл қуанышқа бұл бостаншылыққа жеткізген кім? Біз кімге борыштымыз? – Соны ойлалық. «Жамандықты ұмыт, жақсылықты ұмытпа» деген нақыл бар. Еккенде жоқ, сепкенде жоқ қазақ халқы бостаншылыққа ортақ болып отырмыз. Бізге осындай теңдік әперіп отырған орыс халқының ақ жүрек-адал ниетті көсемдері, орыс халқының жұмысшылары һәм әскері. Бұлар бостандықты қан төгіп, жеңіп алды. Олардың бұл жақсылығын қалай қайтарамыз?

Ескі үкімет заманында қазақ халқы Россияға өгей едік, бізге үкіметтің жаны ашымайтын еді, біздің жанымыз үкіметке ашымайтын еді, оның арын аралап, намысын намыстамайтын едік. Мұның зор белгісі былтыр көрінді. 25-нші июнь жарлығы шыққанда, қазақ халқы қандай болды! Егер ескі үкімет бізді тең ұстап отырған болса, қазақ бүлінер ме еді, қарсыласып қан төгер ме еді. Біз қазаққа «көн, қарсы келме» дегенде рақымсыз үкімет жай-күйіне қарамай, қырып-жойып жұрттың берекесін кетірерін біліп амалсыздан көн деуші едік. Біздің жоруымыз расталғанын халық көрді. Енді ол жауыз үкімет жоқ: бастығы патшасы болып, қанішер қара жүректер қазір тұтқында. Бұл күнде жұрттың бәріне туысқандай тең қарайтын, ешкімді алаламайтын жаңа үкімет сайланды. Бұл үкімет күшейсе, біздің де күшейгеніміз, бұл үкіметтің күші кемісе, біздің де тілегіміз босқа кеткені. Жаңа үкіметтің күші кеміп, халыққа беріп тұрған бостандықтан айырылуына ескі жауыз үкімет бас көтеріп, бұрыңғы таз кебімізге түсіруіне екі түрлі ықтимал бар: бірі – немістен жеңілуі, екіншісі – ішкі астыртын дұшмандардан жеңілуі. Орыс немістен жеңілсе, бұрынғы үкімет орнына қайтып, Николай қайтадан таққа мініп, жұрттың сорын бұрынғыдан жаман қайнатуында сөз жоқ. Жаңа үкіметтің ішкі дұшмандарының тілегі осы. Иншалла, бұл болмас!

Біз қазіргі әділ үкімет, азат Россиямен бір тілекте, бір кемедеміз, кемедегінің жаны бір. Россияға бұрын жанымыз ашымайтын еді, қабырғамыз қайыспатйын еді, енді орыс халқының өзімен тереземіз тең болған соң, жақсылығына сүйенеміз, жамандығына күйінеміз. Тілек бірге болған соң, тірі болсақ бір төбеде, өлсек бір шұқырда болуымыз керек. Жұрттың бәрі осылай бірігіп, тізе қосып, қайрат қылғанда ғана азат халық бола аламыз. Соның үшін жаңа үкіметке қолдан келген көмегімізді аямауымыз керек.

Соның үшін жаңа үкіметке қолдан келген көмегімізді аямауымыз керек.

25-июнь жарлығы бойынша соғыс желкесіндегі қызметке енді алынатын бұратаналарды, халықтың шаруасы күйзелмесін деп, жаңа үкімет алуды тоқтатты. Бұрынғы алынған жігіттер осы күні жұмыс қылып жатыр. Біздің қолымыздан келер көмегіміздің зоры сол бұрынғы жұмысшылар ерлік көрсетіп, аянбай жұмыс қылу. Олардың жай-күйін жаңа үкімет жеңілдетеді, қазақ та қарап тұрмауы керек. Біздің жігіттер соғыс қызметіне әуелде зорлықпен келсе де, енді орыс халқының жақсылары һәм әскері арқасында бостаншылық алған соң, соғыс біткенше аянбай қызмет етсе, алған бостаншылығымыздың қолқасын түгел қайтара алмасақ та, орыс халқының алдында ұялмас едік. Міне біздің көмегіміз осы болуы керек. Мұны жігіттер де, жұрт та ойласын!

Ескі үкіметті аударып тастадық деп, орыс әскері һәм жұмысшылары қарап отырған жоқ, бұрынғыдан артық көңілденіп ендігі қызмет өзіміз үшін, алған азаттықтан айрылып қалмалық деп, он есе қайрат көрсетіп отыр. Алмақтың да салмағы бар. Жақсылығыңа ортақпыз, жамандығыңнан аулақпыз десек құдайға қас болармыз, жұрттығымызға таңба болар. Орыс халқы бостаншылық жолында жанын құрбан қылғанда, біз терімізді қиялық. Ескі үкіметті қуаттаушы жауыз ниетті жансыздар жоқ емес. Олар халық арасына әскер арасына сөз жүргізіп, азғыру ықтималы бар. Сондайлардың сөзіне алданып, ғұмыр бойы естен кетпес өкінішке ұшыраудан сақтаныңдар. Ұйымдасып, жаңа үкіметтің күшеюіне қызмет қылалық, кешікпей ашылатын Учредительни Собраниеде һәм Г. думада бәйгеге қосылып, жүлде алып, халқымыздың бақ-берекесіне жол ашалық!

**Ғалихан, Мұстафа, Мир-Якуб**

*Қазақ, 1917, № 225.*

## № 177
## Құттықтау[1*]

Маған құтты болсын айтып телеграмма берген, хат жазған, өзі келген аға, іні, дос, жолдастарға телеграмма, хат арқылы жауап қайыра алатын емеспін, уақытым жоқ. Бауырым, қазақ баласы, сендер айтқан құтты болсынды мен ұғындым: қазақ баласы бостандық, құрдастық, туысқандық гүлін көріп, жемісін жесін, бірлік, бүтіндік, әділдік жолына түссін деген деп!

Менің бұл ұғынғаным адасқан болмасын. Аға, іні, кәрі, жас, Алаштың баласы бостандық, құрдастық, туысқандық құтты болсын!

**Ғалихан**

*Қазақ, 1917, 15 апрель.*

## № 178
## Сайлау құқығы

Сайлау турасындағы құқық екі қырлы болады. Бір құқық кісіге беретін, кісіні сайлайтын, мұны Европа «активнее право» дейді. Бұл кісіге беретін, кісіні сайлаушы құқық сипаты мынадан байқалар.

Бұрын, жоғалған саяси тұрмыста қалада өкіл-гласный, Г. Думаға депутат, қазақ ауылной, елубасы сайлағанда әйелдер өкілхат арқылы баласына, байына берген, қазақ қатыны өзі сайлауға кіріп тас салатын. Бұл турада әйелдер ерлерменен құрдас. Сайлау ақысы бір дәрежеде еді. Әйелдер өздері қала өкілі де – гласный, Г. Дума депутаты да, қазақтың ауылной елубасысы да бола алмайтын.

Осындай кісіге беретін, кісіні сайлаушы құқық саяси тілде «активнее право» дейді.

Бұрын қазақтың 25 дегі еркегі болыстыққа, 35 дегі еркегі билікке сайлануға жол бар еді. Мұны осылардың елубасылардан алатын күткен құқығы «пассивное право» болады. 25 дегі қазақ болыс болуға, 35 дегі қазақ би болуға кісіден алатын – кісіден күтетін құқы болған, бұларды сайлаған елубасыларда кісіге беретін – кісіні сайлаушы құқы болған.

Елубасы 25 де, 35 де болса, бұл екі ақыға бірдей ие болған.

Енді жұрт бостандық, құрдастық, туысқандық заманына кез болды. Мына алдымыздағы учредительное собрание сайлауында жалпы жұрт осы екі қырлы сайлау ақысын бірдей пайдаланар: әркімде кісіге беретін де, кісіден алатын да құқы болмақ. Әркімге депутат болуға да, депутат сайлауға да болады. Англияның Австралия деген колониясында әйел депутат бар, өзінде палата общинада, Г. Думасында әйел депутат жоқ. Бізде әйел депутат болмайтын болса, әйелдің кісіден алатын – кісіден күтетін құқы жоқ болғаны.

Саяси іс құрдастық тезін құрдым десе де, тұрмыс құрсауы құдайдан соңғы күшті, болмай бұрынғыменен айдап жатыр: қазақ әйел-ер болып тас алуға кірісіп, кісіге беретін, кісіні сайлаушы ақыменен пайдаланып, әйелді комитетке сайламай, кісіден алатын, кісіден күтетін құқы әйелге жоқ қылып отыр. Тұрмыс кемшілік көрмесе, әйел тілемейді. Бақыт тілегенде алған менен болады. Негіз құр құрдастықта емес, бақыт сүйіспеншілікте.

**Қыр баласы**

*Қазақ, 1917, № 229.*

[1*]Бұл арада сөз Әлекеңнің Уақытша үкіметтің Торғай облысы бойынша комиссары және Түркістан Комитетінің мүшесі болып бекітілуіне байланысты қазақ қоғамынан «Қазақ» газеті редакциясына келіп түскен құттықтаулар нөпірі жөнінде болып отыр.

## № 179
## Майданнан хат

Бұратана жұмысшылары келісімен военное ведомство бұратана мекемесін ашқан. Бұратана жігіттерінің бар жұмысы сол мекемеге берілген. Жұмыс қылатындар сол мекемеден алған. Енді жігіттерді қайтару реті де сол мекемеде. Земгордың қарауындағы бұратана жігіттерін қайтаруы жөнін бізден сұрап, толық мағлұмат алды. Біз өзіміз майданның әр жерінде, әр қалаларда, теміржол бойларында жүрген жігіттерді аралап, есебін біліп, қайтаруға жеңіл болуы жағын көздеп, әр қайсымыз әр жаққа барып келіп шабуылдап жатырмыз.

Қолымызға ставкадан жігіттерді қайтару туралы жасалған план тиді. Ол план бойынша күнбатыс майдандағы жігіттер бәрі 35 эшалон болып қайтарылмақшы. Қайтатын жолы екі: бірі оңтүстік Текеге (Уралскіге) һәм Ішкі Ордаға баратындар жолы; екінші – Вязьма – Сызран, Самарлатып жүретіндер жолы. Күніне әр жолға бір эшалоннан шықпақшы, мүмкін болса екі эшалон да жүргізілмекші; қалай қайтарса да бір айсыз бітетін көрінбейді. Уралскіге, Астраханға баратындар 5-6-ақ эшалон. Қалғандары Самар арқылы қайтады.

Алдымен сарттарды жүргізбекші болған себебі: елге қайтарады деген хабар келгеннен бері майдандағы сарттар жұмысты тастап, «арба бер» деп қиғылық салған. Онымен қоймай өзді-өзі жанжалдасып, байыздасып өлгендері де аз болмаған. Өйткенмен оларды дереу қайыра қойған жоқ һәм мүмкін де емес. Басқа бұратаналар, әсіресе, біздің қазақ, бұл күнге шейін тыныш, дүрліккен жоқ, ақылмен аңдап, жұмысты тоқтатқан жоқ. Бірен-саран тентегі болса, жүйелі сөзге түсініп, сартшылаған жоқ.

**Елдес, Мырзағазы**

*Қазақ, 1917, 19 май. № 230.*

## № 180
## Көңілсіз күй

Ерік жұрттың өзіне тиген соң, жұрт өз ісін өзі меңгеріп, өзі басқарып алып жүрмек. Өз ісін өзі алып жүргізе білген жұрт, жұрттыққа жеткендігін көрсетпек; жүргізе алмаған жұрт балиғалыққа жетпеген, балалығын көрсетпек.

1. Бұрын не берсе хакім береді, не істесе хакім істетеді деп хакімге қарап өз бетінен еш нәрсе істей алмай жаман үйреніп қалған жұрт, ерік өзіне тигенде ақырайып адасқан сияқты не істерін біле алмай дал болып дағдарып ия жоғарыдан жөн көрсетуін күтіп, ия болмаса бұрынғы ескі үкіметтің жүрген ізі бойынша тартты. Сөйтіп, бостандық жұртқа ұмытқан есебінде болып, өз ісін өзі меңгеріп, өз ісін өзі басқарып алып жүруге кім жетіп, кім жетпегендігін көзге көрсетті.

Бостандық болған бір сыпыра заман өтті. Сонан бері істеліп жатқан істерге көз салып шолып қарасақ, жетілген жұрттар бостандық болысымен комитеттерін сайлап алып, өз ісін өзі басқарып жатыр. Жетілмеген жұрттар сонан бері ауылни һәм волосной комитеттерін жөндеп сайлап шығара алмай арам тер болып босқа бүлініп жатыр, ия болмаса ескі үкіметтің исі мұрнынан кетпесін дегендей старшын, болыс, стражник, урядник, становой пристав, крестьянский начальниктердің орындарын жоғалтпай орналастырумен болып жатыр.

Урядник пристав, крестьянский начальниктер халыққа керегі бар хакімдер ме еді? Халық керек қылған соң қойылған хакімдер ме еді, болмаса бұрынғы үкімет

керек қылып қойған хакімдер ме еді? Енді ескі үкіметтің қарасы өшкен соң оның тұсында болған әкімшілік орындардың қайсысы халыққа керек, қайсысы керек емес, ол жағын ойлауы тиіс еді. Өзгерістің мағнасы істің атын емес, асылын да өзгерту емес пе еді. Олай болса бұрынғы үкімет тұсындағы әкімшілік орындардың халыққа керектісін сақтап, керексізінің қарасын өшіруге тиіс. Урядник, пристав, крестьянский начальник – бұлар қазаққа қанша керегі бар хакімдер? Ұрысып, ұрып, сөккенін жұрт өгейсімесе, жұрт қимастай олардың не қызметі бар еді?

Семей облысы жағынан алған хабарларға қарағанда, ол жақта ескі үкіметтен босаған орындарды халыққа керек-керек емесіне қарамай қалдырмастан үлесіп орындасып жатқан көрінеді. Жұртқа қызмет қылғысы келген азаматтарға өнер-білімін жұмсарлық орын керек-ақ шығар, бірақ ол орынның жұртқа керегі бар, жоқ жағын да ойлау керек шығар дейміз. Ескі үкіметтен босаған орындардың жұртқа көріне керек еместері бар. Соларды бұрынғы үкімет керек қылған екен деп енді де керек қылудың жөні болар ма? Мысалы, жандармский (охранное отделение) сияқты орындарға босаған екен деп жалп етіп отыра қалса, жөн болар ма? Жұртқа қызмет етемін деген адамдарға жұртқа түк керегі жоқ орындардан басқа да қызмет етерлік орын табылғандай ғой. Істерлік адам жетсе іс жетерлік.

Неғұрлым хакімдерді көп қойып, ел ішінде хакімдер көзін көбейтіп, жұртты хакімшілік күшімен билеу ол ескі жол. Бұ күнгі жол неғұрлым хакімдерді азайтып, халықтың өз ісін өзіне меңгертіп, өз жұмысын өзіне атқарту, халық азаматтары жұртқа қызмет ету ниеті шын болса, жұрттың өзі істейтін істерін басшылық қылып, дұрыстап алып жүргізсе, хакімдер керек болатын орын аз қалмақ. Қазір осы жөн, осы бағдармен жұрт азаматтары іс қылу керек. Семей жағының хабарлары ол жақта хакімдер бұрынғыдан көбеймесе, азаймағандығын көрсетеді.

Ол жақ ондай болса, бұл жақтағы қазақтардың істеп отырғандарында да көңіл сүйінерлік көзге түспей тұр. Бостандық толғалы үш айға таятып келеді. Комитет сайлауына талас шығарып, әуреленіп ауылни, волосной комитеттерін де жұрт жасай алмай жатыр. Біреу барып жасамаса, өздігінен дұрыстап жасар дерлік үміт күннен-күнге жоғалып бара жатыр. Өмірі бірнеше айлық, көп болса бір жылдық уақытша комитеттердің сайлауына мұнша уақыт кетіріп, мұнша арам тер болғанда, басқа жұмыстарды қалай басқарып, қалай атқаратынын біле алмай тұрмыз.

Ауылни комитет сайланбай волосной комитет сайлануы жоқ, волосной комитет сайланбай уезни комитет сайлануы жоқ. Талас алаңы мен қазақ жерінде әлі ауылни комитет сайланып болмаған жерлер көп. Май өтіп июнь туған соң мұжықтар пішен жұмысына кірісе бастайды. Онан әрі егін жұмысы келеді. Пішен мен егін кезінде мұжықтар мойнына арқан салып сүйретсең де жұмысын тастап сайлауға келмейді. Солай болған соң уезни комитет сайлауы июнь болмай істеліп қалмаса, күзге қалмақ. Күзге дейін уезни комитетсіз тұру көп іске кемшілік келтірмек, сондықтан уезни комитет сайлауын пішен жұмысынан бұрын істемей болмайды.

Әлі күнге дейін ауылни комитеттерін сайлай алмай отырған қазақтар, оған дейін волосной комитеттерін сайлап, уезни комитет сайлауына ағзаларын тегіс жетістіре алады деп айтуға үміт жоқ. Мұжықтар да талас жоқ болған себепті комитеттері жасалып дайын болатыны шексіз. Сөйтіп, уезни комитет сайлауына мұжық түгел келіп, қазақ кем келетін түрі бар. Уезни комитет ел жұмысы жиі түсіп тұратын комитет. Екі жақтың ағзасы тең болса, жұмыс теңдікпен істелмек, бұл жағын қазақ ескеруі керек.

Және де жер министрі жер комитеттерін жасау керек деген телеграм жіберіп отыр. Ол уезни жер комитетіне волосной гражданский комиттерден бір-бір ағза керек. Қазақ комитеттерінің жасалып бітпегендігі бұған да кенжелік қылмақ. Басқадан кейін қалу, шаңына ере алмау деген осы болады.

Қазақтан мұжықтың мәдениеті жоғары дегенде, осы мұжықтың қазақтан қай жері артық деуші едік. Онымыз қата екен. Қатар жіберген жерде мұжық қазақтан оқ бойы оздық кететіндігін көзге көрсетіп отыр. Қазақтар комитеттерін сайлай алмай таласып, қалаға-далаға шабуылдап, Орынборға үсті-үстіне телеграм жаудырып, арам тер болып әуреленіп жүргенде, мұжықтар үн-түн жоқ комитеттерін жасап, шаруасын істеп тып-тыныш отыр. Оларда талас болмайтын себебі тұтқан жолдары сара: рулас-аталасым, құда-құрмаласым демейді, жұртқа пайда келтірерлік адам кім болса, соны сайлайды. Тұтқан жолы сара болған соң, сайлау да сара, даусыз болады. Біздің қазақта ондай саралық жоқ. Саралық болмаған соң талас дауының шыны-шеті жоқ. Мұжықтың артық жері кім болса, ол болсын, елге пайда келтіретін адам болсын дегені. Халық ол қалға жетуге көп тәрбие керек. Қазақ ол дәрежеге жеткенше көп заман өтпек. Біздің мұжықтан кейін қалғандығымызды көрсететін сипаттың бірі осы.

Қазақ мұндай мұжықтан кем болып шыққаны қайғылы ойлар туғызады: қазақ пен мұжық сыбайлас отырған екі жұрт. Қайсысы артық болса, артықтығын, қайсысы оздық болса, оздықтығын әр іс жүзінде де көрсетіп отырмақ. Мұжық оздық жүріп дүниенің төрінен орын алғанда, қазақ ере алмай есіктен орын алып, аяқ астында қалмақ. Елдің сана-саңлауы бар адамдары ел пайдасын шын көздеп, шын жаны ашитын адамдар комитет сайлауына таласып бірін-бірі жеңіп шығуын әлде қандай мақсат көрмей, онан көрі зорырақ, онан көрі негіздірек мақсаттарды көздерлік заман емес пе?

Комитет жасаудағы мақсат Асанды ия Досанды қуу емес, жұртқа пайдалы іс қылу, пайдалы іс қылырлық адамдарды қою. Елді екі бөліп, бүлдіріп жатқан адамдар ел пайдасын шын көздеп, елге пайдалы іс қылайын деген адамдар деп айтуға болар ма? Елдің бірлігін кетіріп, берекесін алып жүрген адамдар елдің досы емес, қасы. Ел-ел болып, өз ісін өзі игілігіне істейін десе, жұрттың бірлігін кетіріп, берекесін алып жүрген адамдарды жұрт жұмысына жолатпасқа керек. Сайлау ісін анау мұжықтың істеп отырған сара жолға салмасаң, қай орында да болса, кеш қалу, кенжелеуден құтылмайсың.

**«Қазақтың» бас мақаласы есебінде**

*Қазақ, 1917, 19 май. № 230.*

## № 181
## Тәңір жарылқасын айту

Сіздерге барша Қарқаралы жігіттерінен кішілік сәлем. Еткен істеріңіз баянды болсын, жұрт жемісін жесін деп тілейміз.

Қазақ жұрты! Жұмысқа алғанда «Қазақ» газетінің айтқанын істегендердің пайдасы ұмытпастай болды. Алып шық деген киім кешек аса жайлы болды. Бұрын аралап, мәнісін біліп қойғандай-ақ қылып сақтандырды.

Барша қазақ жігіттері үшін Минскі келіп, мекеме ашып, күн-түні демей ұйқыдан безіп, көлік таппаған жерде жаяу да жүріп, қазақтың қамын іздеп, оттан-судан қорықпай, аз-көп демей, таудай талап пен газет басып отырған ағаларының жолдастарының тілін алып, елдің шеті, жаудың беті жерге қазақ бауырлары үшін жанын қиып, жат жерде қыстай бағып-қағып, қорлық, зорлық көрсетпей, жөн танытып, жол көрсеткен жас студенттерге, учительдерге қайта-қайта бас иіп, тәңір жарылқасын айтамыз.

Оқыған жас қазақтарға ұран шақырып, жұмысқа алынған бауырларына бас-көз болуға басшы болған Ғалихан мырзаның атына бір белгі қалдыруға жәрдем жиып, бір сенімді кісінің қолына тапсырып жатырмыз. Жасасын Ғалихан! Жасасын қазақ жастары! Жасасын қазақ халқы!

Қарқаралы жігіттері атынан қол қоюшы: Азанбай Сәбекұлы.

*Қазақ, 1917, 3 июнь. № 232.*

## № 182
## Алаштың талапты азаматына!

1-нші июльден басталып адам-мал, егін һәм шаруаның есебі алынады.

Бұл есеп біздің Россияның қол астындағы тамам жұртқа болады.

Есепті атқаратын қызметші үш дәрежеде болады: регистратор – хатшы, мұның алатыны 150 сом хатшылардың жөндеушісі – инструктор, мұның хақысы 200 сом; бұларды өндеуші бастық хақысы 300 сом.

Болып тұрған бостандық, теңдік, туысқандық, біздің қазақ баласына жоқ жерден аспаннан түсті. Бұл жақсылыққа бізді кездестірген біздің мемлекеттің тұрмыс тарихы, орыс жұртының ерлерінің жүз жылғы сарф еткен қызметі.

Надан біз түгіл, жалпы орыстың көп жұрты мұжыққа да аспаннан түскен, ойда жоқ жақсылық. Мұжық болсын, татар болсын, қазақ болсын жақсылық қадірін біліп жатқан жоқ.

Сабасына қарай піспегі болмады. Жұртқа бостандық, теңдік, туысқандық болған соң, жұрт бостандықты бұлданып, өз тізгінін өзі алып, қағушы, соғушы, күзетуші енді өлді деп күшеюі керек еді; жұрт теңдікті бұлданып, ер-әйел, бай-кедей, мырза-бұқара, төре-қара, ақсақал-жас деп бөлмей бәрін тең ұстау керек еді; жұрт туысқандықты бұлданып, бір туған ағайын, құда-тамыр, деп қарындас, көрші демей барша адам баласы мен ағайындық, туысқандық жолына тарту керек еді.

Бостандық, теңдік, туысқандық 18-нші ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртының саяси ерлері осы үш түрдің бәрі біздің шариғаттан, инжилиден, будда оқуынан, Лев Николаич Толстой философиясынан табылады, көзі ашық талапты ер іздесе.

Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ. Бұл жолдан шыға жайылған хайуандыққа қайтқан болады.

Бірін бірі жеген, бірін бірі алдаған, бірін бірі аңдыған, бірінен бірі кек алған хайуан тұрмыс салты. Қағушы, соғушы, күзетші хайуандық жолда адасқан адам баласына ғана керек.

Бостандық, теңдік, туысқандық қазақ баласына олжа болды. Қазақ баласының істеп отырған ісіне қарасақ, бүркітті қоянға, сұңқарды торғайға салған көрінеді. Қазақты бастаған ақсақал, мырза, хазреті бұрынғы ескі ауруға салып бетпақ аяғын астауға салған құлын болып жүр. Жалпы жұрт надан болады, бұзық болмайды, жұрт тұрмысында әділ жоқ болса, жұрт болмақ емес. Бір қора қойды жалғыз қотыр лақ былғайды. Жалпы жұртты қатар қылатын жалғыз-жарым адасқан атқа мінген бүкірді көр түзетеді. Бұлар түзеліп бостандық, теңдік, туысқандық жолына түспес, бұларға Николай өшсе, мұның көлеңкесі ферзы ғой.

Мұның комитетін сайлап алды. Бізге ерік болса, біз жұртқа пайдалы кісіні сайлаймыз деп, партиясыз, талассыз істі бітіріп, шаруасын жүргізіп жатыр.

Көрші қазақ бұрынғы партия – таласқа салып, шабуылда жүр. Бостандық деп ұрлықты қоздатты. Қазақ жеріне земства болғалы тұр, алдымызда учредителни собрание сайлауы бар.

Біздің адасқан надан жұртқа мұрындық болып, көз болып, бостандық, теңдік, туысқандық жолын ұғындыру зор борыш.

Ал, қазақтың бастары, талапкер азаматтары, мына есепке кірісіп, қазақ жерін аралап, жұртқа үгіт айтыңдар!

Орыстың саяси партияларының ақшасы бар, жұртқа қызмет қылатын кісісі бар, мұжыққа үгіт айтуға әдейі арнап кісі шығарып жатыр.

Бізде ақша жоқ, бізде кісі аз.

Есепті жамылып жүріп, жұрт ісін істеп қалған оң. Июнде майданға барған жігіттер қайтып болады. Бұратана бөлімінде жігіттерге қызмет қылып жүрген жастар босайды. Бұлар тағы қызметін жұрт үшін сарп етер. Бұларға енді елдегі учитлдер, мұғалімдер, өзге жастар қосылар деген үміт көп.

Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық саяси ісін ұғынбаса, тезек теріп тарқы жолында артта қалады. Бақыт, махаббаттан тысқары болады.

Бұл екеуі жоқ жұртқа тіршілік неге керек?!

**Қыр баласы**

*Қазақ, 1917, № 234.*

## № 183
## Алаш партиясының негіздері туралы

«Россияда осы күнде түрлі саяси партиялар бар. Олардың көздеген мақсаттары программасында жазылған. Оны білетін адамдарға мағлұм: қай партияның болса да программасы түй-түгел қазақ мақсаттарына үйлеспейді. Сондықтан, біздің қазақ мақсаттарын түгел көздейтін, өз алдына партия жасамайынша болмайды».

**М. Дулатов**
**Бас мақала**

*Қазақ, 1917, 24 июнь. № 234.*

## № 184
## Қазақ депутаттары

Мұнан бұрын «Қазаққа» жазылған еді: Учредительное собрание Құдайдан соңғы күшті, мұның ісін бұзатын мәжіліс, үкімет жоқ деп. Бұл барша Россия мемлекетінің законын басқарады деп, мұнда барша қазақтың ісі қаралады деп.

Біздің алаштың баласы Уч. Собр. партия жасамай, барша алаштың шешенін, білгішін, таза пікірлісін сайлағаны алаштың пайдасы болады. Осы ақыл жұрт пайдасы ау деп, біз Жалпы қазақ сиезінің бюросы қазақ жұртынан депутат болатын жігіттердің атын атамақ болдық. Бұл жігіттер Жалпы қазақ сиезіне салынады. Сиез ұнатқан жігіттерді тамам қазақ болып алып сайлайды. Енді депутат сайлауға облыс, уез, волос, туған жер арасы жоқ. Мысалы: Торғай уезі, Торғай облысының қазағы Ахмет Байтұрсын баласын, Мир Якуб Дулат баласын Семей, Орал, Жетісу һәм өзге қазақ облыстары сайласа ерік.

Енді біздің Алаш баласынан қанша депутат сайланатынына келелік. Депутат саны адам санына байлаулы: екі жүз мыңнан бір депутат сайланбақ.

1897-нші жылғы есепте қазақ тілін ана тілім деген адам 4 миллион 84 мың еді. Бір жылдағы адам баласының таза өсімі екі жүзге 3 адам болады. Осы есепке салса, біздің 9 облыс, бір губерниядағы қазақ биыл 5 миллион 400 мың болса керек. Бұлай болса, біздің жұрт бір жерде иін тіресіп отырған болса, қазақ депутаты 27 болмақ. Бұларға 13–14 кандидат сайланбақ. Сонда біздің бар депутатымыз 40–41 болмақ.

Бұл ұзын ғылым есебі. Тұрмысымыз тегі басқа жұрттармен аралас. Жұрт саны әр облыста әр түрлі. Әр облыста қазақтан сайланатын депутат ана ғылым жолына тура келмейді.

Бұл мынадан көрініп тұр:

| Облыс | қазағы | депутаты |
|---|---|---|
| Семей | 754 мың | 3-4 |
| Ақмола | 557 - // - | 2-3 |
| Торғай | 486 - // - | 2-2½ |
| Орал | 536 - // - | 2-3 |
| Закаспи | 82 - // - | ½ |
| Сырдария | 1021 - // - | 5 – |
| Жетісу | 971 - // - | 4-5 |
| Ферғана | 431 - // - | 2 – |
| Самарқанд | 91 - // - | ½ |
| Астрахан | 320 - // - | 1-2 |
| | 5,249 - // - | 22-26 |

Бұған қарағанда, көптен көпше, аздан азша болса, қазақ жұртының депутаты һәм кандидаты 33–40 болады.

Біздің бюроның лайықтаған депутаттары мыналар: Ахмет Байтұрсын боласы, Мир Якуб Дулат баласы, Сейдазым Кәдірбай баласы, Омар Алмас баласы, Ахмед Бірімжан баласы, Ғалихан Бөкейхан, Уалидхан Танаш баласы, Халел Досмұхамед баласы, Ғаиса Қашқымбай баласы, Ғабидолла Әлібек баласы, Асфандияр Кенже баласы, Молдағали Жолдыбай баласы, Айдархан Тұрлыбай баласы, Сейілбек Жанайдар баласы, Ережеп Итбай баласы, Асылбек Сеиіт баласы, Сұлтанмұхамед Аблай баласы, Жұмағали Тілеулі баласы, Мағжан Жұмабай баласы, Жақып Ақбай баласы, Райымжан Марсек баласы, Мұқыш Божтай баласы, Ғабдолла Темір баласы, Халел Ғаббас баласы, Тұрағұл Құнанбай баласы, Отыншы Әлжан баласы, Биахмед Сәрсен баласы, Мұхамеджан Тынышбай баласы, Мырзахан Төлебай баласы, Сатылған Сабатай баласы, Ибраһим Жайнақ баласы, Мұстафа Шоқай баласы, Серікбай Ақай баласы, Садық Өтеген баласы, Нәзір Төреқұл баласы, Әлімхан Ермек баласы, Ахметжан Қозыбағар баласы, Шангерей Бөкей баласы, Санжар Асфандияр баласы, Әбубәкір Алдияр баласы, Нұрғали Бимұхамед баласы, Есенғали Қасаболат баласы, Халид Шолтыров.

Жалпы қазақ сиезіне келетін өкілдер мына жоғарыда көрсетілген депутаттардың қайсысын қай облыс сайлауға ұйғарды, жерінде жұрт мәжілісіне салып, біз мыналарды сайламақ болып келдік десе, жақсы болар еді. Біз білмеген депутат болатын адамдар көрсетілмеген болса, бұларды күні бұрын жұртқа жария қылып, ашқан оң.

Біз осы қазақ жұртына депутат болатын жігіттердің мұнан бұрын не қылғанын, қай жолда жүргенін, «Қазаққа» басып оқушыларды таныстырамыз. Бұлар өздері де сайлау алдында ел аралап, пікірлерімен жұртты таныстырар, ошақ майлар қара жарыста озғанды жұрт қалап бәйгеге қосар. Біздің іздегеніміз Алашқа аты бәйгеден келгені.

Тірі болсақ, алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар.

Бұл болып тұрған заман Алаштың азаматына зор жүк. Бізде бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бақыт – махаббат жолына түсті. Кейінгі үрім-бұтақ не алғыс, не қарғыс бере-бере жүретін алдымызда зор шарттар бар! Осыны аңғар, жұртым қазақ!

**Қыр баласы**

*Қазақ, 1917, 4 июль. № 235.*

## № 185
## Сана қайда? (Қысқартылған нұсқасы)

...Болыстық қалып еді. Жақсыларымыз болыстықтың тонын Комитетке кигізді. Комитетке председатель, ағза болу бұрынғыдай болыс, би болып, «ел билеу», момынға тізе көрсету екен деп адасты. Комитет ашу – бостандықты күшейту жолында халыққа қызмет ету екенін ойламады. Ойласа да, дерт кернеп шыдатпады. Ауру қалса да, әдет қалмайды. Бостандық туғалы төрт айдан асты, қазақ арасында комитеттен де өзге зор істер бар екенінен хабары жоқ.

– Енді біз қашан жұрт боламыз?

– Адасуды әлі де қоймасақ істің түбі неге соғар?

Алаштың азаматы осыны ойламақ!

...Ауылнай комиттерге таласып төрт айда жұмыстың төрттен бірін бітіре алмағанда, дүниені қанға бояған соғыс мынау!

...Мынау әлі бұғанасы бекімеген, буыны қатпаған бостандық!

Мұның бәрін ойлаған адам ішкен асын жерге қояды, шырт ұйқыдан шошып оянады.

...Бұл бостандықтан айрылсақ, көрген күніміз не болар?! Сана қайда!?! Ардақты ақсақалдар! Атқа мінген ағалар! Ел билеген жақсылар!

– Талас-тартысты енді қойыңдар!

– Мынау болғалы тұрған зор істерге қамданыңдар!

(Учредительное Собрание, Земство сайлауы).

– Ынсафқа қайтыңдар!

– Құдайдан қорқыңдар!

– Жұртты ойлаңдар!...

**Мадияр**

*Қазақ, 1917, 17 июль. № 236.*

## № 186
## Мемлекет халі

25-нші февральда бұрынғы үкіметті аударғанда саяси партиялар, Г. дума сүйенгені Петроград әскері еді. Уақытша үкімет Г. дума комитеті қойғанымен, әскер һәм қызметшілер мәжілісінен бата алған еді. Министрлердің көбі һәм аға министр кадет партиясынан сайланған еді. Бұл партияда саясат ісіне шебер, жүйрік көп.

Бостандық жалпы жұртқа сыбаға болды. Әскер һәм жұмысшылар бірігіп қауым жасады. Петроградтағы бұлардың бас мәжілісі күннен күнге күшейеді.

Жаңа уақытша үкімет 27-нші мартта жұртқа жария қылды: біздің Россия соғыс туралы одақтас мемлекеттер мен бір өліп, бір тұрамыз деп. Мұның мағнасы: жауды

жықпай соғысты қоймаймыз, еді. Әскер һәм жұмысшы мәжілісі уақытша үкіметтің бұл пікіріне қарсы келді.

Бұлардың бәрі саяси тілде кеше түрлі социалист партиясы. Бұл партиялардың түпкілік пікірі жер болсын, үй болсын һәм өзге қазна болсын, менікі-сенікі жоқ, тамам-жалпы жұрттікі болсын.

Мұжықты шырғаға шақырсаң текке жер берем деп, жұмысшыны баймен теңгерем деп.

Қараңғы, надан жұрт бұл беремнің тұрмыста қалай іске айналатынын тесе қарап тексереме, беремге еріп әскер һәм жұмысшы мәжілісі, мұжық қауымы зор еді. Бұлардың бастаушысы соғысты тоқтатпақ болды.

Уақытша үкімет соғысам деп, әскер һәм жұмысшы мәжілісі соғысты тоқтатам деп, біздің мемлекетті басқарған екі мәжіліс тартысты.

Бұл зор соғысқа жер үстіндегі бар мемлекет кіріскені біздің оқушыларға белгілі. Әскер һәм жұмысшы мәжілісі жер үстіндегі жұртқа деп қаулы баян етті: соғыс қойылсын, біздің шартымыз еш жұрттан бір сүйем жер алынбайды, ешкім жығылған жоқ бір тиын төлемейді, әр жұрттың өз тізгіні өзінде болсын, деп.

Бұған жалпы жер үстіндегі соғысқа кіріскен жұрт қосыла алса, соғыс бітімге айналатыны шексіз. Бұл болатын іс емес, бұл болмайды. Біз Николайды жыққанмен, өзге жұрттың Николайы қаз қалпында. Біздің социалистердің сенгені Германиядағы социалист пікіріндегі партиялар еді. Бұлар өз Николайы Вильгельм уысынан шықпады.

20-ншы апрельде қару-жарағын асынып, неше бөлім әскер Маринскі дворецке келді, Милюков, Гучков, бірі тысқы іс, бірі әскер министрі, жоғалсын, деп, ұран шақырып, осы екеуі соғыс жақта деп.

Май басында бұл екеуі түсіп, уақытша үкімет жаңарып, кадет партиясы жаққа ауған жүк басылып, социалист министрлерден қолағаш байланып, көш тағы біраз уақытқа жүріп кетті.

Құдайдан соңғы күшті ғұмыр-тұрмыс ісі. Жұмысшылар һәм әскер мәжілісі қойған министрлер ішінде жаңа түзелген үкімет соғысты қоздыруға кірісті. Жазған ер Керенский майданды аралап әскерге үгіт айтып, 18-нші июльде біздің қыбладағы әскер жауға шауып, қырып-жойып қанша жер алды.

Англия, Франция, Америка сен орыс жаңа адам болдық деп, көп шаттанды.

Бұл қуаныш көпке бармады. Бұл басынан бері жау біздің қыбладан әскерді қуып келеді, біз бекіткен қорғанды, қару-жарақты, азықты тастап, қашып келеміз.

Біздің бостандық, теңдік, туысқандық соғыс қалай бітуіне байлаулы. Бізді неміс жықса, бізге Николай қайтпақ, бұл шексіз.

